



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
МӘДЕНИЕТ ИНСТИТУТЫ

КАЗАХСКИЙ НАУЧНО-
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ
ИНСТИТУТ КУЛЬТУРЫ
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

KAZAKH RESEARCH
INSTITUTE OF CULTURE
MINISTRY OF CULTURE AND SPORTS
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің
Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты

МӘДЕНИ МҰРА БОЙЫНША ДЕРЕКТЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Басылым 2012 жылдан бастап шығарылуда

X ТОМ

Жалпы редакциясын басқарушы
З. САМАШЕВ

Редакциялық кеңес:

БАХТЫБАЕВ М., ЖҰМАТАЕВ Р., ҚҰРМАНҚҰЛОВ Ж.,
МҰРҒАБАЕВ С., ОҢҒАР А., САМАШЕВ З. (төраға),
ТОҚТАБАЕВ А., ТӨЛЕУБАЕВ А., ХАЗБУЛАТОВ А.



Астана 2017

Kazakh research institute of culture
Ministry of culture and sports of the Republic of Kazakhstan

CULTURAL HERITAGE: MATERIALS AND RESEARCHES

The edition is based in 2012

VOLUME X

Under the general edition of
Z. SAMASHEV

Editorial Council:

BAHTYBAEV M., ZHUMATAEV R., KURMANKULOV ZH.,
MURGABAEV S., ONGAR A., SAMASHEV Z. (chairman),
TOKTABAEV A., TOLEUBAEV A., HAZBULATOV A.



Astana 2017

Казахский научно-исследовательский институт культуры
Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

МАТЕРИАЛЫ И ИССЛЕДОВАНИЯ ПО КУЛЬТУРНОМУ НАСЛЕДИЮ

Издание основано в 2012 г.

ТОМ X

Под общей редакцией
З. САМАСHEBA

Редакционный совет:

БАХТЫБАЕВ М., ЖУМАТАЕВ Р., КУРМАНКУЛОВ Ж.,
МУРГАБАЕВ С., ОНГАР А., САМАСHEB З. (председатель),
ТОКТАБАЕВ А., ТОЛЕУБАЕВ А., ХАЗБУЛАТОВ А.



Астана 2017

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің
Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты

Сайден Жолдасбаев

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ XV-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҰРАҚТЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ



Астана 2017

Kazakh research institute of culture
Ministry of culture and sports of the Republic of Kazakhstan

Saiden Zholdasbaev

SETTLEMENTS OF THE KAZAKHS OF XV–XVIII CENTURIES



Astana 2017

Казахский научно-исследовательский институт культуры
Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

Сайден Жолдасбаев

ОСЕДЛЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ КАЗАХОВ В XV–XVIII ВВ



Астана 2017

УДК
ББК
Т

Ж Жолдасбаев С.

Қазақ елінің XV–XVIII ғасырлардағы тұрақты мекенжайлары= Settlements of the Kazakhs of XV–XVIII centuries=Оседлые поселения казахов в XV–XVIII вв: / С. Жолдасбаев – Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2017. – 304 б. – Қазақша, ағылшынша, орысша

ISBN
T.VIII – б.
ISBN

С. Жолдасбаевтың «Қазақ елінің XV–XVIII ғасырлардағы тұрақты мекенжайлары» кітабында аталмыш кезеңнің тұрақты мекен жайларының типтері қарастырылады, оларға тарихи-топографиялық сипаттама беріледі және ол жерлерде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының барысы суреттеледі. Басылым, қазақ тарихындағы ең бір маңызды кезеңдегі, яғни біртұтас халыққа айналып, қазақ мемлекеттілігін құру уақытындағы халықтың материалдық мәдениеті мен тұрмысын зерделеуге арналған тарихи-археологиялық зерттеу жұмысы болып табылады.

В книге Жолдасбаева С. «Оседлые поселения казахов в XV–XVIII вв» рассматриваются типы оседлых поселений указанного периода, дается их историко-типологическая характеристика и приводится описание археологических работ, проведенных на них. Издание представляет собой историко-археологическое исследование, посвященное изучению материальной культуры и быта казахского народа в наиболее важный этап его развития – в период консолидации казахов в единую народность и образования казахской государственности.

Книга адресована историкам, археологам, студентам исторических факультетов вузов, а также тем, кто интересуется древней историей.

In S. Zholdasbaev's book «Settlements of the Kazakhs of XV–XVIII centuries» (in Kazakh) types of sedentary settlements of the specified period are considered, their historical and typographical characteristics are given and a description of the archaeological works carried out on them is given. The present publication is a historical and archaeological study devoted to the studies of the material culture and life of the Kazakh people during the most important period of its development, during the consolidation of the Kazakhs into a single nationality, during the establishment of the Kazakh statehood. The book is designed for archaeologists, teachers and university students, as well as for everyone interested in ancient history.


ISBN – (T.VIII)
ISBN

УДК
ББК

© Жолдасбаев С., 2017
© Автор проекта Самашев З., 2017
© Казахский научно-исследовательский
Институт культуры, 2017
© Дизайн и верстка Исмаилова А., 2017



Сайден Жолдасбаев



ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ
XV—XVIII
ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ТҰРАҚТЫ
МЕКЕНЖАЙЛАРЫ

SETTLEMENTS OF THE
KAZAKHS OF XV—
XVIII CENTURIES


ОСЕДЛЫЕ
ПОСЕЛЕНИЯ
КАЗАХОВ В XV—
XVIII ВВ.



Мазмұны

КІРІСПЕ.....	14
І ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XV-XVIII ҒҒ. МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕРГЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ (жазба, археология, этнология және ауыз әдебиеті).....	19
II ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XV-XVIII ҒҒ. ТҰРАҚТЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ. ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН.....	29
Әулиеата уезіндегі қазақтардың тұрақты елді-мекендері. Хантау баурайындағы қыстаулардағы тұрақ жайлар.....	30
Верный уезіндегі елді-мекендердегі тұрақ жайлар Аңырақай баурайындағы қыстаулардағы тұрақ жайлар туралы.....	34
Жаркент уезінің Бартоғай, Сартау, Торайғыр, Бұғыты тауларының койнауларындағы тұрақты мекен жайлар.....	36
Қапал уезіндегі елді-мекендер.....	40
Қаратау баурайындағы тұрақты мекен жайлар.....	52
Сырдария бойындағы тұрақты мекен жайлар.....	62
III ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ.....	71
Бекіністер.....	74
Нөгербек бекінісі.....	74
Орда бекінісі.....	74
Шотқара бекінісі.....	75
Ұлытау баурайындағы қыстаулар.....	75
Өмірдің қыстауы.....	75
Жансейіт, Құлсейіт, Тоқсейіттің қыстаулары.....	76
Қаракеңгір өзенінің бойындағы қыстаулар.....	76

Бейсенбай, Сегізбай қыстаулары.....	77
Қыстақтар.....	77
IV ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XV-XVIII ҒҒ. МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Жетісу, Оңтүстік және Орталық Қазақстан) ЖӘНЕ ҚЫСТАУЛАРДА ШАРУАШЫЛЫҚТЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ.....	80
Тұрғын үй және қора-қопсы салу тәсілдері.....	82
Тағам және ыдыс-аяқтар.....	86
Қару-жарақ және құрал-саймандар.....	92
Киім-кешек және әшекей заттар.....	95
Қолөнер бұйымдары мен кәсіптік құрал-саймандары.....	99
Мал шаруашылығы, қорық, қора-жай салудың құрылысжүйелері.....	106
Егін шаруашылығы.....	112
ҚОРЫТЫНДЫ.....	120
SETTLEMENTS OF THE KAZAKHS OF XV-XVIII CENTURIES.....	125
МАТЕРИАЛЬНАЯ КУЛЬТУРА КАЗАХОВ XV-XVIII ВВ. (по археологическим данным).....	141
ӘДЕБИЕТ.....	157
ҚЫСҚАРТУЛАР.....	163
ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР.....	165





КІРІСПЕ

Қазақстан тарихында XV–XVIII ғғ. тарихи оқиғаларға бай кезеңдердің бірі болып саналады. Хронологиялық мерзімінің ұзақтығын айтпаған күннің өзінде, қазақ халқы өзінің «Қазақ» деген атына ие болса, екінші жағынан қазақ хандығы құрылып – тарихтың жаңа беті ашылған мезгіл.

Міне осы дәуірден бастап өз алдына халық болып, қалыптасқан қазақ халқының материалдық мәдениеті, жеке тақырып ретінде зерттелуі қажетті проблеманың бірі еді. Әрине бұл мәселе археологиялық жағынан жеке тақырып болып зерттелмегенімен, халқымыздың тарихын зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде этнографиялық жағынан сөз болып келген. Алайда тарихшы В.Ф. Шахматовтың, экономист С.Е. Толыбековтың, этнографтар И.В. Захарова мен В.В. Востровтардың ғылыми еңбектерінде, XIX ғ. екінші жартысына дейінгі қазақ халқы тек көшпелі өмірмен айналысқан ел еді деген қате пікірлер орын алған. Ал жалпы этнографиялық зерттеушілерге шолу жасап қарасақ, XV–XVIII ғғ. қазақ халқының материалдық мәдениетінің басты бір саласы болып табылатын, жартылай отырықшылық өмірді көрсететін, тұрақты мекен жайлар туралы еш бір сөз болмаған. Егер біз, бүгінгі қазақ халқын, Қазақстан жерін мекендеген ертедегі тайпалардың тікелей жалғасы деп білсек, ал олардың жартылай отырықшылықпен өмір сүргендігін археологиялық зерттеулерден жақсы білеміз. Ендеше олардың жалғасы болып отырған бүгінгі қазақ халқында XV–XVIII ғғ. жартылай отырықшылық өмірмен айналысқан. Олай болса жоғарыда айтылған авторлардың пікірі орынсыз қате пікірлер екендігін көреміз. Қандай халықтың бол-

масын материалдық мәдениетінің барлық саласын жан-жақты қамтып орынды зерттеу олардың өткен дәуірдегі өмірінен толық суреттеме алу мүмкін емес. Ал олардың өмірінен толық суреттеме ала-алмау, сол халықтың қалыптасу жолындағы өзіндік сипаттарды дұрыс түсінбеуге әкеліп соғады. Тақырыптың екінші бір құндылығы, ол тек қазақ халқының өмір тіршілігінің, салт-сана, әдет-ғұрыпының көрсеткіші болып қоймай, қазақ халқының этникалық құрамын зерттеуде де басты орын алады. Сондықтан да, біздің алға қойған мақсатымыз, сол бір жеке тақырып болып зерттелмеген XV–XVIII ғғ. халқымыздың материалдық мәдениетін археологиялық және этнографиялық деректерге сүйене отырып зерттеу. Зерттеу жұмысымыздың мазмұны төрт тараудан тұрады. Бірінші тарауда қазақ халқының материалдық мәдениетінен хабар беретін басты деректерге тоқталдық. Олардың өзі негізінен төрт бөліктен тұрады: археологиялық зерттеу жұмыстары, араб, парсы, түрік тіліндегі жазба деректердің аудармалары, XVI–XVIII ғғ. қазақ жерінде болған орыс ғалымдары мен саяхатшылардың қазақ халқының өмірі жайлы жазған тарихи-әдеби шығармалары және қазақ халқының ауыз әдебиеті. Деректердің ішінде, біз халқымыздың XV–XVIII ғғ. материалдық мәдениетін зерттеуде археологиялық материалдарды көбірек пайдаландық. Көне дәуірлердің деректерін пайдаланғанда, тек XV–XVIII ғғ. халқымыздың тұрақты мекен жайларынан өзіміз жинастырған материалдарды ғана пайдаланып қоймай, Қазақстан жерін мекендеген ертедегі тайпалардың тұрақты мекен жайларымен обаларына жүргізілген жұмыстардың нәтижелеріне де көңіл бөліп отырдық, оларды өзіміздің жазба жұмысымыздан алған материалдар-

мен салыстыра отырып зерттедік. Екінші басты бір тақырып араб, парсы, түрік тіліндегі жазба деректер. Бұның құндылығы оны жазған авторлардың, сол дәуірлерде өмір сүруі, олар өздерінің көргендерін жазып қалдырды. Сондықтанда олардың қазақ халқының өмірі туралы жазған мағлұматтары шындыққа жақын. Мәселен, Мұхамед Хайдар Қасым ханың қыстауға қарай көшкендігін, қыс қамын ойластыру керек деген хабары және Рузбиханның қазақтардың Сырдария бойындағы қыстақтары үш жүз фарсақтан асады деп хабарлауларының өзінен-ақ, ол кездегі қазақ қауымының жартылай отырықшылықпен айналысқандығын көреміз. Рузбихан хабарларында қазақ халқының қолөнер кәсібімен де шұғылданғандығын байқауға болды. Дегенмен де жазба деректерді бір жақты қарамай, оларды басқа деректермен салыстыра отырып пайдаландық.

Халқымыздың XVI–XVIII ғғ. материалдық мәдениеті жайлы мағлұматтарды, Батыс Еуропа ғалымдары Иовий, Дженикинсон, Герберштейн еңбектерінен де кездестіреміз. Әсіресе, қазақ жерін аралап олармен дәмдес-тұздас болған, олардың өмір тіршілігінен алуан түрлі мәліметтер қалдырған орыстың көрнекті ғалымдары П.С. Палластың, И.Г. Георгидің, И.П. Фальктың, Н.П. Рычковтың, И.Г. Андреевтың, А.И. Левшиннің т.б. көптеген орыс саяхатшыларымен шенеуніктерінің еңбектері аса құнды деректер екендігі тарауда баяндалады. Олардан қалған мағлұматтардың құндылығы сонда, ол Қазақстанның барлық облыстарын қамтиды.

Халқымыздың материалдық мәдениетін зерттеуде басты бір дерек ретінде біздің алғаш пайдаланғанымыз – қазақ халқының ауыз әдебиеті. Ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп, осы уақытқа дейін

өзінің мәнін жоймай келе жатқан халықтың осы бір асыл мұрасы (мақал-мәтелдер, жұмбақ, ертегілер, жаңылтпаштар, батырлар жыры т.б.) қай уақытта пайда бола бастағандығын дәл айту қиын. Бірақта оның қай саласын алып қарасаңызда, оның халықтың күнделікті өмір тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы т.б. айтылып отырған. Алайда ауыз әдебиетіндегі бір өзгешелік жаңа жағдайға, жаңа өзгерістерге байланысты, жаңа туындылармен жаңарып байып отырады. Сондықтанда, оларда жаңа дәуірге байланысты жаңа терминдер пайда болады. Мәселен, «Батырлар жырындағы» халықтың материалдық мәдениетін көрсететін заттық атауларға, діни сенімдерге, әдет-ғұрып, салт-санаға қарағанда олардың алуан түрлігін байқаймыз. Мұның өзі ауыз әдебиеті, әсіресе батырлар жырын пайдаланғанда оның ұжымдасып жатқан қат-қабатындағы әр дәуірдің үлгілерін ажырата отырып пайдалануды қажет етеді. Бұл жағынан алып қарағанда, ауыз әдебиетінің әр дәуірді қамтитын көп қабаттылығы, археологиялық деректермен бірдей. Олай болса ауыз әдебиеті қазақ халқының тек рухани ғана байлығы болып қоймай, ол халқымыздың өткен дәуірлеріндегі материалдық мәдениетін зерттеуде айтарлықтай мағлұматтар береді. Келтірілген деректер халқымыздың материалдық мәдениетін зерттеуде өте құнды материалдар береді. Өйткені егер археологиялық деректер тікелей тұрақты мекен жайларынан хабар берсе, ал жазба деректер әдет ғұрып, салт-сана, өмір тіршілігінен мағлұмат береді. Сондықтан да XV–XVIII ғғ. халқымыздың материалдық мәдениетінен толық суреттеме алу үшін ол деректерді бір-бірімен салыстыра зерттеу нәтижелі болды. Еңбектің екінші тарауы, XV–XVIII ғғ. Қазақ хандығының саяси-экономикалық





жағдайына арналған. Бұл мәселе Қазақстанның Қазан төңкерісіне дейінгі тарихын зерттеуші Е.Б. Бекмаханов, Н.Г. Апполова, В.Я. Басин, А. Сабырханов т.б. ғалымдарымыздың еңбектерінде біршама жақсы зерттелген. Біз оларға тоқталып жатпаймыз, тек тақырыбымызға байланысты соңғы кезеңдегі жарық көрген араб, парсы, түрік тіліндегі аудармалардағы XV–XVIII ғғ. Қазақ хандығы жайлы жазылған жазба деректерге сүйене отырып, кейбір басты мәселелердің төңірегінде сөз етуге тырыстық. Біріншіден, XV ғ. 60 жылдарында пайда болған қазақ хандығының жаулап алу саясатында емес, керісінше жергілікті экономикалық, этникалық негізінде құрылғандығы, ондағы халықтың алғашқы кезде «қазақ-өзбек», «өзбек-қазақ» деп аталуының өзі, қазақ пен өзбек халқының ата-тегінің бір екендігін көрсетеді. Екіншіден, тарихи жазба деректердегі қазақ хандығының бастапқы орын тепкен жері «Қозыбасы», «Шу» деп табылып жүрсе, ол Оңтүстік Қазақстанның солтүстік-шығыс жағы екендігі, археологиялық зерттеу жұмыстарының қорытындыларына қарағанда шындығында дұрыс екендігі дәлелдене түсуде. Үшіншіден, XVI ғ. екінші жартысынан бастап қазақ хандығының күшейе бастауы, олардың Оңтүстік Қазақстан жеріндегі қолөнер кәсібімен егіншіліктің орталықтары болып табылған Түркістан, Сауран, Отырар, Сығанақ, Созақ, Сайрам сияқты қалаларды және олардың аймағындағы қыстақ, кенттерді өздерінің қол астына қаратуы және ол үшін қазақ ханы Шайбани және олардың ұрпақтарының үздік-

сіз ұрыстары, төртіншіден, қазақ хандығының өзімен көршілес жатқан Орта Азия хандықтарымен және орыс елімен жүргізген экономикалық сауда қарым-қатынастары. Тіпті кейбір деректерге қарағанда, сауда-саттық соғыс кезінде де жүргізіле берген. Сонымен қатар кітапта Қазақ хандығының өз тәуелсіздігін сақтап қалу жолында шет ел басқыншыларына қарсы жүргізген күрестері және олардың орыс патшалығының қоластына кіру үшін жүргізген келісімдері туралы да аз-маз тоқталдық.

Бұл еңбекте негізінен XV–XVIII ғғ. қазақ халқының тұрақты мекен жайлары туралы сөз болады (1,2 сур.). Оған 1969 жылдан бастап автордың басқаруымен Оңтүстік және Орталық Қазақстан жерлерінен табылған XV–XVIII ғғ. қазақ халқының тұрақты мекен жайларына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың материалдары енгізілген.

Табылған тұрақты мекен жайлардың орындары, археологиялық жағынан алып қарағанда қыстау, қыстақ (мәлі), кент (қала), уақытылы (мезгілді) қорғандар болып, төрт түрлі топқа бөлініп берілді. Тұрақты қоныстардың сыртқы көріністерінің әртүрлі болуының өзі сол мезгілдердегі қазақ халқының да әр түрлі болғандығына айғақ. Екіншіден, тұрақты қоныстарының сыртқы көрінісі мен құрылыс материалдары, олардың салынған (орналасқан) жерінің географиялық жағдайына байланысты әрқалай болған. Егер ірі өзен бойларындағы (Шу, Сырдария, Арыс т.б.) қыстаулардың орыны (жар үйлер) екі үш бөлмелі, қазаншұңқыр болып кездессе, ал таулы

жерлердегі қыстаулардың орындары жер үстінен тастан салынған үйлердің қалдығы. Ал қыстақтар мен кенттердің сыртқы құрылысы әртүрлі пішіндегі төбешіктер болып келсе, уақытылы қорғандар ортасы ойыс болып құлаған дуалды жал болып жатады. Тұрақты қоныстардағы бір көңіл бөлінген мәселе, қыстау мен қыстақтың, қыстақ пен кенттің арасындағы айырмашылықтарды ашып көрсетуге тырыстық. Тұрақты қоныстардың ішінде уақытылы қорғандар өсіресе Орталық Қазақстанда жиі кездесуіне қарағанда жаз айларында пайдаланғандығын көрсетсе, екіншіден олардың жаугершілік жағдайға байланысты салынғандығы байқалады. Негізінен алып қарағанда, еңбекте қарастырылып отырған XVIII–XX ғғ. халқымыздың тұрақты мекен жайлары В.Ф. Шахматовтың, С.Е. Толыбековтың, И.В. Захарованың, В.В. Востровтың қазақ халқын XIX ғ. екінші жартысына дейін тек көшпелі өмірмен айналысқан ел деген бір жақты пікірлерінің мүлде дұрыс емес, қате пікірлер екендігін дәлелдейді. Көптеген зерттеушілердің көрсетуі бойынша тек бірыңғай көшпелі өмірмен айналысатын халықтың болмайтындығын білсек, ал мына табылып отырған қазақтың тұрақты мекен жайлары қазақ халқының жартылай отырықшылықпен айналысқандығына дәлел.

Сонымен бірге еңбекте халқымыздың аталған кезеңге қатысты материалдық-мәдениеті туралы барша деректерді жинақтап, археологиялық қазба жұмыстардан алынған материалдарды жазба деректердегі мағлұматтармен салыстыра оты-

рып талдадық. Онда тұрақты үй құрылысы, оның құрылыс материалдары, салыну жүйесі, үй іші, отбасы, ошақтардың салыну тәсілдері сөз болады. Одан бөлек тұрақты қоныстардан табылған құмыралардың үлгілері, XIX–XX ғ. ағаш ыдыстардың үлгілерімен ұқсастығы салыстырыла отырып, олардың тұрмыстағы орны қарастырылған. Сонымен қатар құмыралардың сыртындағы үлгі-өрнектерге, таңбаларға да көңіл бөлінген. Соңғы бөлімдерде қазба жұмыстар кезінде табылған құрал саймандар, қару-жарақ, киім-кешек, әшекей бұйымдар қарастырылған. Жұмысымызды жазуда, этнограф ғалымдардың зерттеулерін пайдалана отырып, Алматы, Жамбыл, Шымкент қалаларының мұражайларында бұрыннан сақталып келе жатқан, «ескінің көзі жаңаның жұрнағы» болып табылатын халқымыздың тұтыну заттары мен әшекей бұйымдарын археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған материалдармен салыстыра зерттеу негізінде жазылды. Сонымен қатар, археологиялық барлау кезінде, қазба жұмыстары жүргізілген жерлерге жақын ауылдардағы жасы 60 пен 80-нің арасындағы отыздан астам қариялармен әңгімелестік. Әңгіменің негізі желісі, олардың ата-бабаларының мекен жайлары қандай жерлер болғандығын, шаруашылықтың қандай түрімен айналысқандығы және таңбалар туралы болып отырды. Бұрынан келе жатқан аңыз әңгімелерді де жинастырып оларға тарихи жағынан талдау жасай отырып, жұмысымызға қосымша дерек еттік.





I ТАРАУ

**I ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XV-XVIII ҒҒ.
МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ
ЖАЙЛЫ ДЕРЕКТЕРГЕ
ТАЛДАУ ЖАСАУ
(ЖАЗБА, АРХЕОЛОГИЯ,
ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ
АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ)**



Халқымыздың XV–XVIII ғғ. материалдық мәдениетінің зерттелуі, жерімізде жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеу жұмыстарына да тікелей байланысты.

Қазақстандағы археологиялық жұмыстар негізінен екі бағытта жүргізілуде. Біріншіден, б.з.д. тас дәуірінен б.з.VI–XIII ғғ. арасындағы обалар зерттеліп жүрсе, екіншіден біздің заманымыздың VI–XVIII ғғ. арасындағы отырықшы, жер жыртып, астық өсіру кәсібімен айналысқан тайпалардағы тұрақты қоныстар зерттелуде. Хронологиялық жағынан алып қарағанда бұлортасырлардың ертедегі кезі (VI–XII ғғ.) мен соңғы мерзімі (XII–XVIII ғғ.). Осы екі бағыттың біріншісі біршама толық зерттелсе, екінші бағыттың соңғы мерзімі (XII–XVIII ғғ.) Қазақстан археологиясында соңғы кезде ғана зерттеле бастады. Ал XV–XVIII ғғ. қазақ халқының материалдық мәдениеті археологиялық жағынан осы уақытқа дейін сөз болып көрмеген. Сондықтан да, халқымыздың материалдық мәдениетін зерттеуде археологиялық деректердің басты бір орын алатындығын қарастырмақпыз. Қазақстан археологтарының ішінде, ертедегі тайпалардың тұрақты мекен жайларының тарихын зерттеуде А.Х.Марғұланның еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Ғалым өзінің «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана», «Ерте дәуірлердің архитектурасы» атты еңбектерінде, сонау қола дәуірінен бастап XVIII ғ. қазақ даласында өмір сүрген тайпалардың тұрақты жайларының салыну тәсілдеріне, олардың құрылыс материалдарына, салынған жерінің географиялық жағдайына тоқталған (Марғұлан, 1950; 1959, 9–84 бб.).

Көне ескерткіштерді зерттеуде ғалымның, ғылымға қосқан үлкен үлесі, ол Оңтүстік Қазақстан жеріндегі отырықшылықты айтпаған күннің өзінде, Орталық Қазақстанда жартылай отырықшылықтың болғандығын ашуы. Бірақ Ә.Х.Марғұлан XV–XVIII ғғ. қазақ халқының тұрақты мекен жайлары туралы ашып еш нәрсе айтпаған. Оңтүстік Қазақстандағы тұрақты мекен жайларды зерттеуде А.Н.Бернштам, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевичтердің де еңбектері біршама құнды болып табылады. Ғалымдар өздерінің еңбектерінде қыстақ, кенттердің топографиясын зерттей келіп, оларды сырттан (жаулап алуға) келген тайпалардың әрекетіне қарсы салынған деген пікірлердің теріс екендігін, ал қоныстардың ертеден келе жатқан жергілікті тайпалар жартылай отырықшылықпен айналысу нәтижесінде пайда болғандығын, олардан біртіндеп ірі қалалардың өскендігін көрсетеді (Бернштам, 1949, 98 б.). Қазақстан көне дәуірлерін зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, ертедегі

тайпалардың егін егу, мал өсіру сияқты шаруашылықтың екі түрімен де айналысқан (Толстов, 1948, 258 б.; Григорьев, 1948, 57 б.; Маргулан, 1950, 4 б.). Бұл пікірлер, ертеде өмір сүрген тайпалар туралы айтылғанымен, шаруашылықтың ол екі саласы ғасырлар бойы айтарлықтай өзгеріске түспей, өзінің сол бұрынғы қалпымен соңғы кезге дейін қатар өмір сүргенін көруге болады. Мәселен, XVII–XIX ғғ. қазақ халқының қыстауларымен, қыстақтарының орны үйсін (Акишев, 1969), қаңлы (Бернштам, 1950, 90–98 бб.), оғыз (Толстов, 1947; 1948, 247, 270 бб.) тайпаларының тұрақты қоныстарының негізіне салынуы, не олардың жанынан табылуының өзі-ақ өмір сүруге қажетті жерлерінің сонау ертедегі көшпелілердің (б.з.д. VII–IV ғғ.) кезінде-ақ бөлініп қойғандығын байқау қиын емес (Акишев, 1972, 32–33 бб.).

Отырар экспедициясы 1969–1970 жж. Оңтүстік Қазақстандағы ғылыми барлау жұмысын жүргізіп, Қазақстан археологиясында белгісіз болып келген, 80-нен астам қалалар мен қыстақтардың орнын тапты. Олардың көпшілігі XV–XVIII ғғ. Қазақ хандығының кезінде тіршіліктің болғандығын дәлелдеді (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1969, 5–43 бб.). Сөйтіп, екі жыл бойы жүргізілген археологиялық барлау жұмысының нәтижесі «Древний Отрар» атты кітап болып шықты. Бұл жұмыстың қорытындысы Қазақ ССР Ғалым Академиясының президиум мәжілісінде қаралып, қазақ халқының тарихындағы орта ғасырларға жататын қыстақ, кенттерді зерттеудің тарихи маңызы зор екендігі сөз болып, оның ғылыми жағынан зерттеу қажет деп табылды. Міне мұның өзі, XV–XVIII ғғ. қазақ тарихын зерттеудің маңызы өте зор екендігін көрсетті.

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (ОҚКЭ) 1971 ж. бастап орта ғасырларға жататын қалаларға зерттеу жұмысын жүргізуде. Экспедицияның бастапқы жұмысы Отырар қаласынан басталған еді. Зерттеу жұмысының алғашқы қорытындысында, Оңтүстік Қазақстандағы қала тұрғындардың осы уақытқа дейін белгісіз болып келген қалалық тұрмысынан, мәдениетінен, басқа қалалармен жасаған экономикалық байланыстарынан көптеген құнды материалдар берді. Сонымен қатар, ОҚКЭ құрамындағы палеозоографиялық отряд автордың басқаруымен 1969–1970 жж. ішінде Отырар аймағына және Сырдарияның орталық ағысына зерттеу жұмыс жүргізіп, XV–XVIII ғғ. қазақ халқының көптеген қыстық кенттердің орынын тапты (Жолдасбаев, 1969–1970, 1972).

Сырдария бойындағы қазақтардың тұрақты қоныстарының, үш жүз фарсақтан (бір фарсах–7–8 шақырымға тең) асатындығын Рузбихан-

да хабарлағанын жоғарыда атап өттік. Оның хабарына қарағанда тұрақты қоныстардың бір шеті Қарақұмда жатса, екінші шеті Түркістан аймағындағы ірі қалалар мен араласа орналасқандығын хабарлайды (Ибрагимов, 1960, 145 б.). Алайда Рузбихан деректерінде аудармашылар тұрақты қоныстарды бірде «қыстақ» деп аударса, бірде қыстаулар деп аударған. Рузбихан деректеріндегі және де ескертетін бір жағдай, ондағы тарихи тұрғындарды бірде «қазақ» десе, енді бірде «өзбек» деп атаған (Пищулина, 1969, 13–14 бб.). Бұдан XV–XVIII ғғ. отырықшылықпен айналысқан өзбек пен қазақ халқының арасында материалдық мәдениеті жағынан айтарлықтай айырмашылықтар болмағандығын көреміз. Қазақ халқының XV–XVIII ғғ. саяси-экономикалық тарихын зерттеушілерде, осындай пікірлерді тұжырымдайды (Султанов, 1971, 5 б.). Ал бұл кезде кімді қазақ, кімді өзбек деп айтудың өзі қиын кез еді. Бұл мәселе бүгінгі күнге дейін, өзінің дұрыс шешімін таппай отыр. Дегенмен, Сырдария бойындағы қалалардың аймағындағы қыстақтарда қазақтардың тұрғандығына ешбір күмән жоқ. Оған тағы бір дәлел 1695 жылы Түркістан қаласында болып қайтқан Ф.Скибин мен М.Трошиндер де өздерінің патша өкіметінің өкімдерінің алдында берген жауаптарында «Түркістан және оның аймағындағы қалаларда қазақтарда тұрады» (Материалы по истории Узбекской..., 1933, 267–269 бб.) деп хабарлаған еді. Хорезм экспедициясының құрамындағы жүргізілген этнографиялық зерттеулер нәтижесінде Сырдария мен Амудария төменгі ағысы мен Арал теңізі аймағынан XV–XVIII ғғ. жататын қазақ халқының тұрақты мекен жайларының орны табылған (Шалекенов, 1966, 89–91 бб.). Табылған тұрақты қоныстардың құрылыс материалдары мен салыну жобаларына қарағанда, Сырдария орталық ағысындағы өзіміз тауып отырған тұрақты қоныс жайлардың құрылыс жүйелерімен салынуы жобаларынан ешбір айырмашылық жоқ екендігін көрсетеді. Мұның өзі көрсетіліп отырған аймақтарда өмір сүрген қазақ халқының жер жыртып, егін егіп, тұрақты жай салып отырықшылықпен айналысқандығына айғақ. Ендеше бұл жерлерде, келешекте жүргізілетін археологиялық зерттеулер XV–XVIII ғғ. қазақ халқының тұрақты жайларын тауып, олар туралы беретін өзінің ғылыми пікірлерін күтуде.

Археологиялық зерттеу жұмыстар Оңтүстік Қазақстанның әйгілі Тараз, (Сингирова, 1972, 201–203, 206 бб.), Созақ (Ерзакович, 1966, 66–69 бб.) қалаларында жүргізілген. Зерттеушілер өздерінің пікірлерінде, бұл қалаларда өмір өзегінің XIX ғ. дейін болғандығын дәлелдейді. Әсіресе,

Қаратаудың солтүстігімен Талас, Шу өзендерінің аңғарындағы отырықшылықты көрсететін қалаларға (Құмкент, Саудакент, Аспара, Шолақорған, Ақсүмбе) жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстардың қорытындысы (Ерзакович, 1966, 4–14 бб.), ондағы отырықшылықпен айналысқан халықтың XV–XVIII ғғ. Қазақ хандығымен тікелей байланысты болғанын дәлелдеп отыр. Мәселен, табылған ыдыстардың түбіне салынған таңбаларға қарап, зерттеушілер ол таңбалардың қазақ шеберлерінің қолынан шыққандығын, не сол ыдыстарды жасап шығарған құмыра жасайтын шеберханалардың қазақ феодалдарының қарамағына жатқандығын болжайды (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, 200 бб.).

Палеозоографиялық топавтордың басшылығымен 1971 ж. бастап Қаратаудың солтүстігінде Күлтөбе, Ран қалаларында қазба жұмысын жүргізуде. Алынған қыш ыдыстардың үлгілеріне қарасақ, XIX–XX ғғ. қазақ халқының ағаштан жасаған ыдыстарынан ешбір айырмашылығының жоқтығын байқаймыз. Мәселен, ағаш шөмішпен және ағаш тостағаның пішінін беретін қыштан жасалған ыдыстар көп кездеседі. Олардың жасалуы қарапайым, сырланбаған. Ал сырланған ыдыстардың анатологиясын Сырдария және Қаратаудың солтүстігіндегі басқа қалалардан табылған ыдыстарға дәл келетіндігін байқаймыз (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1966, 80–81 бб.).

Күлтөбе қаласын жазба деректерден де кездестіреміз. Мәселен, Созақ және Сауран қаласының арасында Суындық асуының ауысында, Созақтан онша қашық емес жерде өте мықты салынған «Иилан-қараул» (Жыланқарауыл – Ж.С.) бекінісін Ибаддаллах сұлтаның талан-таражға салып, бекіністі мүлде бүлдіріп кеткендігі жайлы хабар бар (Материалы по истории казахов..., 1969, 293 бб.). Бекіністің орналасқан жеріне қарасақ, дерек тура келеді, өйткені бұл маңда Созақ қаласына ондай жақын орналасқан бекініс жоқ. Ран қаласы Күлтөбе қаласының батыс жағында 20 шақырым жерде таудың ішіне салынған. Екі қалада таудың етегінен алынған жалпақ тастармен салынған, екеуінің құрылыс жүйесі бірдей және тарихи тұрғындардың тұтыну заттарының қалдықтары да ұқсас.

Ран қаласынан табылған күміс теңгелерден, қала тұрғындарының XV–XVII ғғ. (теңгелерді хронологиялық жағын оқыған көне дәуірлер теңгелерінің маманы тарих ғылымының кандидаты Р.З. Бурнашева) өмір сүргендігінен білсек, екіншіден олардың ірі қалалар мен сауда жұмысына араласқандығын көреміз. Мыстан жасалған





ақшалардың қалдықтары Күлтөбе, Жалғызтам, Шығырлы(Бурнашева, 1973, 85 бб.) қоныстарынан кездеседі.

Жалпы, Қазақстандағы археологиялық жұмыстардан табылып жүргентеңгелер және Түркістан, Отырар сияқты қалалардан теңге қоймаларының ашылуы(Бурнашева, 1969, 58–68 бб.; 1974, 158–173 бб.) XV–XVIIIғғ. Қазақ хандығының ақша шығарғандығын көрсетсе, екінші жағынан олардың Орта Азия хандықтары мен экономикалық жағынан тікелей қарым-қатынаста болғандығына дәлел. Сондықтан да, Қазақстанда ақша жүйесінің бұданбылайғы жемісті зерттелуі, XV–XVIIIғғ. қазақ халқының тұрмыстық сауда жұмысының кең түрде жүре бастағандығын көрсетеді. Саудажұмыстарының Оңтүстік Қазақстандағы қалаларда XV–XVIII ғғ. кең түрде жүргізілгендігін жазба деректерде хабарлайды (Ибрагимов, 1960, 156–157 бб.; Пищулина, 1969, 27–28 бб.). Олар туралы біз төменде кеңірек тоқталамыз.

Халқымыздың материалдық мәдениетін сөз еткенде, біз тек Оңтүстік Қазақстан жеріндегі әйгілі қалаларға және қыстақ, кенттерге жүргізілген жұмыстармен ғана қанағаттанып қоймай, Қазақстан территориясындағы басқа зерттеулер жүргізіліп жатқан, көне дәуірлерге зер салдық. Өйткені, қазақ халқы бір ғасырдың ішінде пайдаланған халық емес, оның ата-тегі, қазақ жерінде өте ерте кезден бастап пайда болған андрон, сақ, үйсін, қаңлы, түрік, қыпшақ тайпаларында. Олай болса оның материалдық мәдениетінің бастапқы кезі соларда жақындығын ескермей тек, XV–XVIIIғғ. қазақ халқының материалдық мәдениетін жеке өз алдына бөліп қарау жемісті нәтиже бермеген болар еді.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда, андрон тайпаларының қыштан жасалғандықтарының сыртындағы үлгі-өрнектер, әсіресе қошқар мүйіз тектес өрнектер(Маргулан, Акишев и др....1966, 62 б.) бүгінгі қазақ халқының түскі киіз, текемет, сырмақ, кілем сияқты заттардағы үлгі өрнектермен ұқсастығын көрсетсе, екіншіден олардың жерден қазып жасаған үй құрылыстары да қазақтардың жер үйлермен бірдей(Оразбаев, 1970, 142–145 бб.; Акишев, 1974, 69б.). Ал сақ тайпаларының кезіндегі тұрмысқа қажетті кейбір заттардың XV–XIXғғ. қазақ халқының тұрмыста пайдаланған тұтыну бұйымдарынан ешбір өзгешелік жоқ. Мәселен, Есік ауылының түбінен табылған алтын киімді адамның жанына қойылған ағаш астаулар мен ағаш шөміштің көрінісі қазақ халқының ағаш ыдыстармен бірдей болса, қыш ыдыстардың пішіндері ағаш тостағандар мен ірі қара малдың қарынынан жасаған дүңгіршектердің пішіндеріне ұқсас. Сол

сияқты одан кейінгі түрік, қыпшақ дәуірлеріне жататын молалардың зерттелуі олардан табылып жүрген заттық ескерткіштер, ер-тұрманға қажетті заттар, сәндікәшекей бұйымдар, баскиімдер, қару-жарақ, құрал-саймандар, халқымыздың соңғы кезге дейін тұрмыста пайдаланып жүрген заттарынан ешбір айырмашылығы жоқ. Мұндай ұқсастықтарды жай ғана үрдіс деп қарамай, олардың арасындағы ертеден үзілмей келе жатқан этникалық байланыстың әсерінен деп ұғыну орынды болар деп ойлаймыз. Сондықтан да, жеріміздегі археологиялық зерттеулер XV–XVIIIғғ. қазақ халқының материалдық мәдениетін зерттеуде басты дерек болатындығын ескере отырып, тақырыпты жан-жақты зерттеуде оған басымырақ көңіл бөлеміз. Халқымыздың XV–XVIIIғғ. материалдық мәдениетін зерттеуде негізгі деректер араб, парсы, түрік, тәжік тілдерінде жазылғаны тарихшыларға белгілі. Олар В.В. Вельяминов-Зерновтың(Вельяминов-Зернов, 1864), Ш.Уәлихановтың(Уәлиханов, 1961, 32 б.) С.Д.Асфендияровтың(Асфендияров, 1935) аударған үзінділерімен таныс. Дегенмен олардың өзі біріншіден халқымыздың тарихын зерттеудегі өскелең талапқа жауап беруде қанағаттандырылғысыз болып отырса, екіншіден, оларды табудың өзі де қиынға айналған. Соңғы кездегі қуанарлық жай осы араб, парсы, түрік, тәжік тіліндегі шығармалар толық болмаса да аударып, зерттеулерге де, өз халқының жеріндегі тарихын сүйіп оқитын оқырман қауымға да мүмкіндік туа бастаған(Ибрагимов, 1960, 141 б.; 1959, 75–78 бб.; 1959, 190–207 бб.; 1960, 156–159 бб.; 1958, 85–102 бб.; Волин, 1960, 72–92 бб.; Пищулина, 1969, 5–49 бб.; Султанов, 1970.). Аударылған деректердің жалпы мағынасына зер салыңыз, XV–XVIIIғғ. хандар арасындағы ұрыс-талас, дау-жанжал, хандардың тұқым ұрпағы туралы шытырман ту-талақай берекесіз «дүниенің» арасында қаласыз. Дегенмен зерттеуші өзінің іздеген мақсатына сай бұл шығармалардан негіз таба алады. Еске алатын бір жай, деректердің екі жақтылығы, біріншіден зерттеушілерге құндылығы, шығармаларды жазған авторлардың сол кезде өмір сүруі, олардың өз кездері мен көргенін жазуы, мәселен Рузбиханның қазақтардың арба үстіне жасаған киіз үйлерін көргенде таңдануы(Ибрагимов, 1959, 154 б.), екіншіден авторлар тарапынан өз хандарын жер көкке сыйғызбай мадақтау, өздерінен жеңілген халықтың ашар етіп көрсету сияқты асыра сілтеу жағы көп болады. Сондықтан бұл деректерді ұқыптап пайдалану қажет. Жоғарыда атап өткен Рузбихан сияқты авторлардың, қазақ халқының өмірі туралы айтуы, біздің сөз еткелі отырған тақырыбымызға өз кезіндегі таптырмайтын материал.

Мәселен, ол өзінің «Михман-наме Бұхара» атты шығармасында «Қазақхандары, түйе, ат қосқан арбалармен көшеді, көшкен кезде, арбалар бір-бірінің артынан жүреді, арбалардың көптігі сонша, олар тоқтағанда жүздеген метрге дейін созылады... арбалар түрлі-түсті сырмен сырланған ағаштан жасалған, үйлердің үстінде түрлі-түсті бояулармен боялған түрлі үлгі өрнектермен әшекейленген киізбен жабылған.... кедей қазақтардың үйлері де әшекейленген, олардікікішілеу, ондай үйлерді бір түйемен де тартуға болады. Мұндай үйлерді (арбаларды) хан әскерлері қолға өте көп түсірді (Рузбихан бұл жерде Шейбани ханның 1509 жылы қазақ хандығына жасаған шабуылы туралы айтып отыр). Мен бұрын мұндай арба үстіне жасаған киіз үйлерді көрмеген едім, бұл менің Яссин (Түркістан) қаласының аймағынан бірінші рет көруім. Бұл үйлердің жасалуының өзі бір тамаша, кейбір үйлердің алды-артында терезе бар... (Ибрагимов, 1960, 154 б.) деп таңданады.

Арба үстінде жасалған киіз үй туралы хабарды, екінші бір автор Сейфидінде кездестіреміз(Султанов, 1970). Сол сияқты арба үстіне жасаған киіз үй туралы, Рузбиханның жазғандай сипаттауымен XIII–XIV ғғ. Қазақстан жерінде де болған Г.Рубрук пен П.Карпини да жазған. Мәселен, Рубрук, Рузбихан сияқты суреттей жаза келіп,... олар киізбен жабушы еді десе, киіздің алыстан аппақ болып жарқырап көрінуі үшін киізге түрлі ағартатын заттарды жазушы еді, ал кейбір үйлердің үлкендігі соншалықты, ондай үйлерді тарту үшін 22 өгіз қосады, оның 11 бір қатарда, ал екінші қатарда 11 тұрады (Путешествия в восточные страны. Планно Карпини и Гильома Рубрука, 1957, 91–92 бб.). Ал Карпини, Рузбихан кіші арбаларды бір түйе тартады десе, бұл кіші арбаларды бір яболмаса арбаның үлкен кішілігіне қарай, бірнеше өгіздер тартады(Путешествия в восточные страны, Планно Карпини и Гильома Рубрука, 1957, 28б.)

Арба туралы деректі қазақтың батырлар жырынан да кездестіреміз, мәселен «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің күймесінің суреттемесі, келтіріп отырған авторларымыздың суреттемесіне сай келетінін байқаймыз.

Қажетті арба, үйдің қаңқасы, ер-тұрман, үйге қажетті сандық(абдыра, кебеже, адалбақан, ыдыс-аяқтар, шөміш, қасық, астау, тегене, өрмек тағы басқа заттарды жасау әрбір адамның қолынан келе беретін іс емес, сондықтан да сол кездегі қазақ халқының арасында қолынан іс келетін ағаш шеберлерінің болғандығына еш бір күмән болмас дейміз. Бұл жерде еске алатын бір жағдай арбаның жойылуы туралы, жеке зерттеулер болмағандықтан әзірше ешбір құнды пікірлер жоқ. Тек В.В. Бартольд

өзінің арба туралы мақаласында(Бартольд, т. IV, 406–408 бб.), қазақ халқының арасында арбаның жойылуына XVI–XVII ғғ. экономикалық құлдыраушылық, Орта Азия мен қазақ хандықтарының арасындағы соғыстардың салдарынан болған деп тұжырымдайды. Алайда арба туралы келтірілген деректерге қарағанда бұл кез (Рузбихан XV –Сейфи XVI ғ.) қазақ халқының арасында арбаның жоғала бастаған кезі емес қайта, оны жасау жағынан дамыған кезін көреміз. Ендеше арба қашан жойла бастады, оған себеп болған қандай жағдай деген сұрау әзірше жауабын күтумен қалуда.

Екінші бір ескертетін жағдай XVI–XVII ғғ. қазақ даласында орыс саяхатшылары да, елшілері де, Батыс Еуропа саяхатшылары да болған, олар арба туралы білді ме? Білсе не айтады? Батыс Еуропа саяхатшыларының бірі ағылшын Дженкинсон Қазақстан жерінде болған, ол арба туралы Рузбиханның айтқанындай сипаттаманы келтіреді(Асфендияров, 1935, 125 б.).

Ал Қазақстанда болған орыс адамдары арба туралы еш нәрсе айтпады ма, әлде айтса да кездестіре алмай жүрміз бе, ол бізге белгісіз. Алайда қазақ жерінде болмаған, ал қазақтар туралы хабарды орыстардан алған итальян әдебиетшісі Иовий өзінің «орыстар туралы» кітабында арба және арбаның үстінде тігілген киіз үй туралы Рузбиханның жазғанындай дәлелдер келтіреді (Асфендияров, 1935, 122 б.). Бұл хабарға қарағанда XVI ғасырда қазақ жерінде болған орыстар арба туралы білгендігі сөзсіз. Егер білмесе Иовий арба туралы деректі қайдан алды деген заңды сұрау туады. Ендеше ол дерек табылып қалуы да мүмкін деп сенеміз. Егер бұл дерек табылатын болса, Рузбиханның, Сейфидің және одан бұрынғы ғалымдардың айтқанымен салыстыра отырып XV–XVIIғғ. қазақ халқының көшіп-қонудағы қатынас құралдарының бірі арба болса, екіншіден оны жасауда тиісті қолөнердің дамыған кезін ашуға толық мүмкіндік алуға болар еді деп ойлаймыз.

Қазақ халқының XV–XVIII ғғ. материалдық мәдениетін сауда жұмысының кезінде ұсынған заттарынан байқауға болады.

Рузбихан өзінің сауда туралы мәліметінде «Сығанақ»(Сығанақ) қаласы қазақ халқы үшін, сауда жұмысының басты бір орыны болды... Мәселен, қаланың базарына сатылу үшін күніне 500 ден астам түйе алып келінсе, ал кешке қарай ол түйелердің бірде біреуі сатылмай қалмаушы еді», – (Асфендияров, 1935, 108 б.) дейді. Ал басқа қандай тұтынатын заттар әкелінгендігі жайында еш бір хабар бермейді. Бұл жерде Сейфи шығармасынан Орта Азия жеріне барған қазақ саудагерлерінің қандай заттар апарғандығы жайлы хабар аламыз.





«Олардың шекпендеріқой-жүнінен жасалған: олар бұл шекпендерін әр түрлібояумен бояйды, одан соң шекпен атлас шекпеніне ұқсайды. Бұл шекпенді Бұхараға апарып сатады, шекпендердің көркі және биязылығы тым жақсы болғандықтан олар атлас шапан бағасымен сатылды»,—дейді (қазақша аудармасы С.К. Ибрагимовтікі,Ибрагимов, 1960, 75–87 бб.). Бұған қосымша екінші бір зерттеушіміз, Сейфидің шығармасын одан әрі аударып мынадай мағлұмат береді,«олардың (қазақтардың) қой терісінен жасаған тақыр тондары барол тондардан жауын шашын мүлде өтпейді,оған себеп тері илеуінде қажетті шөпті пайдалана білетін еді» (Султанов,1970). Ия, қазақ шеберлерінің қолынан шыққан шекпенмен тондардың (жүнді және жүнсіз тақыр тондар) жоғары бағамен өтуінің мәні бар еді. Себебі түйе жүнінен тоқылған шекпеннің тек шебер тоқылғандығында ғана емес, оның жылылығында әрі жеңіл, мықтылығында, жұмысқа икемділігіндееді. Ал қой терісінен жасаған тонға келетін болсақ,халқымыз өзінің жартылай көшпелі өмірінебайланыстытондардың әр түрін жасаған. Қыста мал бағуғакиетін үлкен тондар малшыға жатса, бір жағы төсеніш болса біржағы жамылтқыш болды. Ондай тондар 10-15 қойдың терісінен жасалады. В.В.Зернов тонның жүні сыртына қаратып тігетін түрін келтіреді(Вельяминов-Зернов, 1864, 283 б.). Ол тондарды жауға қарсы соғысқанда киетін тондар деп ұғуға болады, өйткені, жауға қарсы шапқанда оларға қорқыныш үрей туғызу үшін кисте, екіншіден егер садақтың оғы алыстан тиген болса тонның жүніне оралып өтпей қалуы мүмкін және қылыш найзаның жүзінің денеге кіруіне торалғы болады деп жоруға болады.

Келтірілген деректерге қарағанда Қазақ хандығымен Орта Азия хандықтарының арасындағы басты сауда орындары Сыр бойындағы Сығанақ, Түркістан (Яссы), Сауран, Сайрам, Қаратаудың солтүстік жағындағы Созақ(Бурнашева, 1969, 63–64 бб.)сияқты т.б. қалалар болған. Оған дәлел Сығанақ базарына түскен 500 түйенің бір күнде түгелдей сатылуы, базарға Орта Азия саудагерлерінің көп келетіндігін байқатады, ол жайында Рузбихан«олардың (қазақтардың) киімдері Орта Азиядан әкелінген маталдардан жасалушы еді» - дейді(Пищулина, 1977, 27–29 бб.).Ендеше, қазақ шеберлерінің қолынан шыққан шекпен, тон ол тек Орта Азияға барып қоймай өздеріне жақын тұрған Сырдария бойындағы қалаларға мыңдап түскеніне еш бір күмән жоқ.

Сонымен Сырдария бойындағы қалалардағы сауданың дамуы үйдегі қолөнер кәсібінің дамыған кезін көрсетеді. Рузбиханқазақхалқыныңаңаулаумен де айналысқандығы жайлы аңның еті тамақ болса,

терісінен қыстың күндері киетін киімдер тігетін хабарлайды. Мәселен «қыстың күндері жәмшіктер қымбат бағалы аң терілерінен жасалған сәнді бұйымдармен әшекейленгенішіктер киюші еді», – дейді(Ибрагимов, 1960, 157 б.). Бұдан аң аулау кәсібінің екі түрлі мағынада болғандығын ұсынуға болады. Біріншіден, аң аулауды байлар көңіл көтеру үшін тамашаласа, екінші жағы қазақ халқының арасында аң аулау жан бағу үшін кәсіп болды. Мәселен, Сауран қаласының жанындағы 29разъездің тұрғыны 75 жастағы аңшы қария Алмурзаев Салмурза«әкемнің айтуы бойынша ата-бабаларымыз кедей болса керек, олар аң аулаумен күн көріпті, әкемнің екі жүйрік екі тазысы, бір бүркіті, жақсы аты болған еді. Ол кезде бір түлкінің құны 5-6 тоқты болса керек», – дейді. Бұдан аң аулау атадан балаға мұра болып қалып отырғанын көрсек, екіншіден жан бағуы күн көру үшін кәсіп болғандығын көреміз. Осы жерден қазақ халқының «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» мақалының жай айтылмай оның өмірі тәжірибесіненалынғандығын байқауға болады.

Қазақхалқының XVI ғ. өмірі жайлы кейбір деректердіМұхаммед Хайдардың «Тарих-и-Рашиди» атты шығармасындағы қазақ ханыҚасым мен Моғолстан ханыСейттің арасында болған әңгімеден байқауымызға болады. «Біз дала халқы Сіз сияқты құрметті қонаққа тарту етіп құрмет көрсеткендей, сирек кездестіретін қымбат заттар бізден табылмайды. Біздің басты байлығымыз мал, малдың жүні, терісі киім болса, еті мен сүті тамағымыз болды. Ал жылқы сүтінен жасалатын қымыз,біздің аса бір қасиетті сүйсініп ішетін ішімдігіміздің бірі... Ал жайылған қора-қора қой, үйір-үйір жылқы біздің тамашалап көңіл көтерер жеріміз болады» (Материалы по истории казахских ханств..., 1969, 226 б.). Біз үзіндіге бағынсақ, ол бізге қазақ халқында көшпелі мал шаруашылығының басым болғандығын ұғынуға итермелейтіндігін байқаймыз. Алайда Қасым ханның сөзіне қарап ол кездегі қазақ халқы дерліктей көшпелі болды десек, ол біздің біржақты түсінігімізді көрсетсе болар еді. Егер Қасым сияқты ірі байлар үйір-үйір жылқысымен, қора-қора қойларын тамаша етіп жаз жайлауы қыс қыстауында жүрсе, ал қолында шамалы ғана малы бар, ол малмен көшіп-қонып күн көруге қиын болатынын білетін қазақтың кедей топтары, Сырдария боындағы қыстақтар мен кенттерде тұрып егін егіп, аң аулаумен, балық ұстап күн көру сияқты кәсіптермен шұғылданғандығын археологиялық зерттеу кезінде табылған тұрақты мекен жайлардан байқау қиын емес. Олай болса Сырдария бойындағы Рузбихан хабарындағы қазақтардың 300 фарсақтан асатын қыстаулар, қыстақ кенттер ертеден келе жатқан егін шаруашылығымен айналысқандықты

көрсететін. Ескі арық-тоғандардың орны, Сыр суынан нәр алып, қайнаған өмірдің арнасы болғандығына айғақ. К.Маркс шығыс еліндегі тайпалардың бір бөлігі малмен айналысса, бір бөлігі жер шаруашылығымен айналысатындығын жазған болатын (Маркс, Энгельс. т. 28, 1962, 214 б.).Міне сол тайпалардың біріСыр бойындағы қыстақ-кенттердің иесі қазақ халқы екендігін қалай теріске шығаруға болады.

Халқымыздың материалдық мәдениеті туралы деректерді XVI–XVIII ғғ. Орыс мемлекетімен қазақ хандығының арасында болған дипломатиялық байланыстар кездескендігі құжаттардан да алуға болады. Орыс мемлекетінің шығыс сауда жолы үшін жүргізілген саясаты мен қазақтың Россияға қосылу үшін әрекет жасаған хандардың саяси мәселелері туралы бұл жерде біздің тоқтағымыз келмейді. Ол туралы тарихи зертеулерде жеткілікті айтылып жүр(Апполова, 1948; Бекмаханов, 1957; Басин 1965; Сабырханов,1965; Сабырханов,1970). Ал біздің мақсатымыз, тақырыпқа байланысты, осы бір саяси дипломатиялық науқан кезінде, қазақжеріне келген орыс елшілерінің өз үкіметінің әкімдері алдында берген жауаптарында аз да болса қазақ халқының тұрмысыжайлыхабарлауын,қосымша арқауетпекпіз. Мәселен, Түркістанда болып қайтқанВасилий Кобяков былай дейді «Қарақалпақтар мен қазақтар мылтықты Бұхара қаласынан сатып алады екен, ал оқ дәріні жасауды өздері де жақсы біледі екен, оқ дәріге қажетті металл өз жерлерінде де табылады екен...» Тәуке хандығында астық өте көп шығады олар арпа, тары ексе, бидайдың жаздық, күздік түрлерін де егеді екен(Масанов, 1966, 33 б.). Ал бұдан екі-үш жыл кейін келген Орыс елінің елшілері Ф.Скибин мен М.Трошиндер де Түркістан қаласындағы және оның маңындағы қалалардағы қазақтары туралы хабарларында «қазақтар тамақтыжылқының қиымен пісіреді, ал Сырдария бойынан әкелген ағаш отындарын, қалада сатады екен... қазақтың қалалары Түркістанға жақын тұрады, қалаларда бұхаралықтар (Бұхара қаласынан келген деген мағынада) көп тұрады, қазақтар аз тұрады... олардың астық егін егуі тым қарапайым, қойлар, жылқылары өте көп, сиыр малы аз екен, қарулары найза, садақ оқпен ататын мылтықтары аз, оқ-дәрініөздері қолдан жасайды, ал қорғасынды Карнак қаласында (Карнак қаласы Түркістанның оңтүстік батыс жағында, қазіргі Атабай совхозының жанында) ерітеді екен»(Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР..., 1933, 267-269 бб.)—дейді.

Келтірілген үзінділерге қарағанда XVI ғ.Түркістан аймағында және Сырдариябойында өмір сүрген қазақ халқының шаруашылығынан толық суреттемені көруге болады. Біріншіден, егін егумен

айналысқандығы жайлыекі елшілікте хабарлайды, егер, Ф.Скибин мен Трошин олардың егін егуі тым қарапайым десе, ал, Кобянов олар бидайдың жаздық және күздік түрлерін де егеді екен дейді. Мәселе олардың астық егумен айналысқандығында. Әрине, астық егу Қазақстан жерінде XV–XVII ғғ. басталған екен деген ойдан аулақпыз, себебі археологиялық зерттеулерге көз салсақ жерімізде астық егу мәселесінің сонау қола дәуірінен орта ғасыр дәуіріне дейін әртүрлі тәсілдермен дамығандығы белгілі(Маргулан, 1954, 81 б.; Акишев, 1970, 69-78 бб.). Ал бұл жерде біздің көңіл аударар мәселеміз XV–XVIII ғғ. болғандықтан, осы кездің өзіндегі хабардағы «қазақтардың егін егуі»дегендеректерді арқау етіп, қазақ халқының теккөшпелі мал шаруашылығымен ғана айналысып қоймай олардың арасында астық егумен де айналысқандығын айтпақпыз. Екіншіден, Сырдария бойынан әкелген ағаш отындарын қалада сатады екен дейді, бұл жағдаймен айналысатын кедейлер екені өзінен-өзі белгілі. Ал осы кедейлер өмір бақи отын сатумен күн көрмейді ғой, ендеше олар заңды түрде отырықшыланды қайда барады. Біздің жоғарыда атап өткендей Рузбиханның Сыр бойы қазақ халқының ертеден келе жатқан атамекені еді деуі, орыс елшілерінің хабарынан және көрініп отыр.

Үшіншіден, бұл деректерде қазақтардың қару-жарақтары туралы да айқын хабар береді. Төртіншіден, елшілер Түркістан маңындағы қалаларда қазақтың тұруын айқын хабарлауы, бұндай хабарды бұлардан кейінірек келген орыс елшілеріне, Әбілхайыр ханың «Сауран, Түркістан, т/б. қалаларжәне төңірегіндегі қыстақ-кенттерөз қарамағына жатады, олар бұрыннан-ақ ата-бабамныңқол астында болған еді»(Казахско-русские отношения в XV–XVIII вв., 1961,36-37 бб.) деуі, Оңтүстік Қазақстан жерінің XV–XVIII ғғ. Қазақ хандығына қарағандығын тағыда дәлелдейді. Осы елшіліктің патша үкіметінің алдында берген жауабынан халқымыздың шаруашылығы, әдет-ғұрпы, салт-санасы туралы көптеген мәлеметтерді байқауға болады (Казахско-русские отношения в XV–XVIII вв., 1961, 45-86 бб.).

Әбілқайыр ханның патша үкіметінен қала салып беру үшін жасаған өтінішіне, патша үкіметінің жіберген өкілі Гладышев өздерінің қазақ жерінде болып қайтқаны туралы жазған дәлелдемелерінде, қазақ өмірі туралы қызықты мағлұматтарды береді. Олар біріншіден, қазақтардың киім-кешегі туралы жазса(Гладышев, Муравин, 1851,68 б.), екіншіден, олардың тұрғын үйлерінің төңірегі қазылып, Ұлы Дариядан су жіберіліп қойғандығын жазады. Бұдан орта ғасырлар уақытына жататын қалалар сияқты сыртынан айналдыра канал қазып су жіберіп, ал



ішкі жағынан биік дуалдар тұрғызған қалалық әсерді байқауға болады. Бұл кез қазақ хандықтарының өзі ішінде болсын, сыртқы жаулардан болсын жаугершіліктің күшейтіп тұрған кезі еді. Сондықтан да, өзінің тұрған жерінің төңірегіне ор қазып, оған су жіберіп қою деген ол сыртқы жаудың тұтқиылдағы шабуылынан қорғануы еді. Дегенменосы хабарды өзі қазақтардыңжартылай отырықшылығын көрсететін дәлел, өйткені олар көшкен сайын отырғанжерінің төңірегіне ор қазып су жіберетін жағдай бола бермейді, оған да суы бар жайлыжер керек. Ендеше осындай жайлы жерді олар біртіндептұрақтай бастады.Гладышев, Әбілқайыр ханның өзімен бірге Арал теңізі маңынан Хиуаға барып қайту үшін, Ұлы-Дариядан өтер кезде аралдықтардың 60 жуық «қайық» дайындап, әрбір қайыққа бір ат бір адамнан мініп өткендігін хабарлайды(Казахско-русские отношения в XV–XVIII вв., 1961, 180 б.). Орысша қайық деп алынған, әрине ол кез ағаштан жасалған қайықболмағанмен қамыстан, талдан «сал» жасалуды қазақтар жақсы білген.Бұған қарағанда Арал бойындағы қазақтардың тұрақты өмір сүргендігін байқауға болады.

ХалқымыздыңXV–XVIIIғғ.материалдық мәдениетін сауда-саттық жұмыстары кезіндегі басқа елдерге ұсынған тауарларынан да білуге болады(Ибрагимов, 1958). Орыс елі жайлы жазған Батыс Еуропаның кейбір әдебиетшілерінің кітаптарында қазақтардың орыстарға сату үшін әкелген товарлары жайлы келтіреді. Мәселен италиян әдебиетшісі Иовий орыстардың оңтүстігінде тұратын татарлар (қазақтар) орыс жерінежүйрік жылқымен ақ қойдың жүнінен басылған аппақ киіз әкеліп сатады екен, ол киіздер әрі жұмсақ, әрі жеңіл,одан су өтпейді, сондықтан ондай киізден солдаттарға ... епанчи (кебенек/ плащ) тігілді, ал татарлар (қазақтар) орыстардан, матадан тігетін көйлек және күміс теңгелер алды(Прошлое Казахстана..., 125 б.) дейді. Ал екіншіденбір авторГерберштейн олардың сүйікті тамақтарының бірі жылқы еті екен... киімдері қой терісінен тігіліпті дейді(Прошлое Казахстана..., 140–145 бб.). Қазақстан жерінде XVI ғ. ортасында болғанДженкинсонда қазақтардың орыс еліне өздерінің малын және малдан алынатын шикі заттарды апарып сататындығы жайлыхабарлайды(Прошлое Казахстана..., 125–126 бб.; Панков, 1927,20–48 бб.). Ал XVI ғ. аяғында қазақтар Иван Грозныйдың әмірі бойынша орыс жерінде алымсыз сауда жүргізуге рұқсат грамотасыналады (Левшин. ч.II, 1882, 47–49 бб.). Мұның өзі қазақтарғаөздерінің артық заттарын өткізуге

мүмкіндік бермеуімен бірге, өздеріне қажетті заттарды сатып алуға азда болса мүмкіндік туғызды.

Осы мезгілден бастап Орыс мемлекеті мен қазақ хандығының арасында сауда жұмыстары кең түрде жүре бастады. Оған тағыда бір себеп, Орта Азия мен Орыс елінің арасында жатқан қазақ жері сауда жолының басты торабы еді. Тобыл қаласынан шыққан орыс саудагерлері Ертіс–Ұлы-Тау, арқылы Сырдария бойындағы қалаларды аралап Түркістан арқылы Бұхараға барса, ал Орта Азия саудагерлері керісінше қазақ жері арқылы орыс қалаларына баратын еді. Осындай сауда жолының арасында жатқан қазақ елінің материалдық мәдениетіне жаңа элементтер ене бастайды.

Халқымыздың материалдық мәдениетін зерттеуде XVIII ғ. аса бір жемісті кезең болып табылады. Бұл кезде патша үкіметі Қазақстан жерін зерттеу үшін бірнеше арнаулы экспедициялар жіберген еді. Міне, сол экспедицияның құрамында болған ғалымдар: В.Н. Татищев, Г.В. Миллер, Д.В.Гладышев,П.И. Рычков, П.С.Паллас, Н.П.Рычков, И.П.Фальк, И.Г. Георги, И.Г. Андреев және А.И.Левшиндер(Татищев, 1950; Миллер, 1774; Рычков, 1896; Паллас, 1786, 1788; Георги, 1776; Потанин,1875; Левшин, 1871), өздерініңеңбектеріндеқазақ халқының өмірі тұрмысы туралы көп жазғандар.

Бұлардың еңбектерінің құндылығы неде десек? Біріншіден, олар Қазақстан жерінің әртүрлі аудандарында болып, қазақхалқының әр жердегі аймақтарынан хабар беруі. Ол деректерді салыстыра отырып, халқымыздың XVIII ғ. өмірінен толық мәлімет алуға құнды. Екіншіден, оларөз көздерімен көріп,түсінгендерін жазады. Үшіншіден, олар тек сол өздері болғанмерзімді ғана жазып қоймай одан да ілгері уақыттарға көңіл бөлуі. Паллас, Левшин сияқты ғалымдар қазақ әйелдері мен ерлерінің киім жағынан хабар беретін, суреттерін беруі(Паллас, 1873, 575,569 бб.; Левшин, Ч.III, 1886,35,45,47 б.). Қысқасы жоғарыда аты аталған ғалымдар өздерінің еңбектерінде қазақ халқының шаруашылығы, әдет-ғұрпы, тағамы қару-жарағы, құрал-сайманы, рухани мәдениеті жайлы да барлық жағынан қамти жазған. Сондықтан да, ол материалдардың бүгінгі күні халқымыздың XVIII ғ. материалдық мәдениетін зерттеуде маңызы зор.Халқымыздың материалдық жағын зерттеуде енді бір басты деректердің бірі – Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ауыз әдебиеті болып табылады. «Ата бабаларымыз өздерінің көшпелі өміріне байланыстыЕгипеттің көкпен таласқан пирамидаларындай, грек халқының атақты храмдарындай, скульптура алып тастар мен мәрмәрдан жасалған тама-

ша ескерткіштер қалдыра алмағанымен, бізге асыл мұра етіп жыр мұрасын мирас етті»,–дейді ғұлама жазушыМ.О.Әуезов (Әуезов, 1969, 205 б.).Міне, сол мұра болып қалған тұрмыс салт жырлар, мақал мен жұмбақтар, ертегілер, батырлар жыры мен ғашықтық жырлар ұрпақтан-ұрпаққа аузша айтылып, бізге дейін жетіп, бүгінгі күнге дейін халқымыздың сүйіп оқитын жырлары болып отыр.

Қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан «тарих жағынан алғанда, халықтың ақындық рухы қызғылықты өйткені, ... әдет-ғұрыптың, мақал-мәтелдің, халық правосының жиынтығы болып табылады бұл поэмалар халықтың өткен тарихымен рухани өмірін бейнелеп, белгілі тарихы мағлұматтарды толықтыруға және шығу себебін анықтауға бізге мүмкіндік береді»(Қазақ әдебиеті тарихы...,1960, 17 б.) Біріншіден, ғалым ауыз әдебиетінде халқымыздың өмірде болған шындықты жырлағандығын көрсетсе, екіншіден бұл мұра халықтың өткендегі тарихы мен рухани өмірін зерттеуде белгілі дәрежеде тарихи мағлұмат болатындығын ашып айтып отыр.

Сол сияқты қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеуші және оны жинастырушы ғалымныңбірі академик В.В.Радлов та қазақхалқы өз шығармаларында қайдағы жоқ бір қияли нәрсені армандарды емес, қайта өздерінің күнделікті және келешектегі бақытты өмірін аңсап жырлайтындығын жазған(Радлов,1870, 8–9 бб.).

Ал соңғы кезде халқымыздың ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдарымыздың бірі Қ. Өмірәлиевқазақ әдебиетінің түп нұсқасыныңсонау XI–XIII ғғ.ауыз әдебиетінде жатқандығын меңзейді. «Біз, -дейді қазіргі қазақ халқы сонау VI–XII ғғ.халық еместігін мойындай отырғанмен, ол өз тегінсол ғасырлардағы халықтан бастайтындығын қалай терістей алмасақ, XV–XVIII ғғ. әдебиет сонау VI–XII ғғ. әдебиет еместігін мойындай отырмағанмен, оның тегі осы VI–XIII ғғ. арасындағы әдебиетте жатқанын солай теріс дей алмаймыз (Өмірәлиев, 1968, 82 б.). Одан ары ғалым XV–XVIII ғғ. халық поэзиясындағы шешендік толғаулардың, тасқа жазылған (Тоныкөк, Күлтегін) поэмаларға ұқсастығынан үзінділер келтіре отырып орынды дәлелдейді (Өмірәлиев, 1968, 93–96 бб.).

Сонымен келтіріп отырғанғылыми тұжырымдарға қарап, өзімізге неніарқау еткіміз келді деген заңды сұрақ туады. Егер осы ғылыми пікірлердің ой жүйесінен; біріншіден ауыз әдебиеті халықтың өздері шығарылғантуындылары десек, оның даму жолының ғасырлар тереңінде жатқанын көреміз, екіншіден ол шығармалардың желісі халықтың күнделікті өмір

тұрмысынан алынғанын байқауға болады.Мәселен:

Алтынды тон жүзігім, белгің болсын,
Қасына не қосады апамбілсін
Жанындағы шідер түсіп қалып,
Шідерлі деген өзен сонда қапты(Батырлар жыры, 1963, 311,319 бб.)


Қынға салса қылт еткен,
Аузынашса өңмеңі көрінеді(от)
Ерте тұрып алып ұрдым (есік)
Құрттағанқой далаға кетер,
Екі бұршақ бір сабауды ала кетер
Жаман атқа жал бітсе,
Жанына торсық байлатпас (Ертедегі әдебиет нұсқалары,1967, 67, 97 бб.).

Алтындап тігілген тон,жүзік беру қазақ халқының осы күнге дейін сақталып отырған әдет-ғұрпы. Шідер – көшпелі өмірге байланысты ат мінуге қажетті құрал, сабау – жүн сабайтын құрал.Ал торсық – халқымыздың ертеден келе жатқан, қымыз сақтау үшін жасалған ыдысының бір түрі. Бұл ыдыс қымыз сақтауда бүгінгі күнге дейін өзінің маңызын жоймай отыр.

Келтіріп отырған үзінділердің аздығына қарамай халқымыздың ертедегі әдет-ғұрыпынан, құрал-сайманынан, қару-жарағынан, шаруашылығынантолық хабар алуға болатындығын байқаймыз.Ендеше XV–XVIII ғғ. қазақ поэзиясы тек халықтың рухани байлығы болып қоймай, ол қазақ халқының материалдық мәдениетін зерттеуде бізге көмекші дерек болып табылатындығын ескертпекпіз.

Қорыта келгенде, XV–XVIII ғғ. халқымыздың материалдық мәдениетін зерттеу мәселесі өз шешімін табуы үшін келтіріліп отырған деректер жеткілікті деп айта алмаймыз, өйткені араб, парсы, түрік тіліндегі жазба деректер әліде болса толық аударылып ғылыми айналымға түсе қойған жоқ, сол сияқты археологиялық қазба жұмыстары да жеткілікті зерттелген жоқ. Сонымен қатар XVI–XVIII ғғ.орыс саяхатшыларының құжаттары да толық табылып ғылыми жолға дерліктей түскен жоқ, ал халық ауыз әдебиетіне келетін болсақ бұл шығарманың қиыншылығы, біріншіденпайда болу мерзімін айқындау қиын болса, бұл салада әлі де толық зерттеулерді талап етеді. Дегенмен, көрсетіліп отырған қиыншылықтар мен басы даулы мәселелерді есепке алар болсақ, осы күнге дейін аз зерттелген проблемалардың бірі – халқымыздың материалдық мәдениетін зерттеуде бұл деректердің маңызы зор екендігін көреміз.





II ТАРАУ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
XV–XVIII ҒҒ. ТҰРАҚТЫ
МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ.
ЖЕТІСУ ЖӘНЕ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**Әулиеата уезіндегі қазақтардың тұрақты
елді-мекендері. Хантау баурайындағы
қыстаулардағы тұрақ жайлар**

Хантау, Жетісу аймағының солтүстік батыс жағында. Шу-Іле Алатауының оңтүстік шығыс жағалауындағы сілемдері болып табылады. Солтүстік батыстан, оңтүстік шығысқа қарай 40 шақырымға дейін созылып жатыр, ені 10-15 шақырым. Таудың орташа биіктігі 600-650 м. Ең биік шоқысы 1053 м. Жергілікті халықтың айтуы бойынша, ол биік шоқыны «Сұңқар» шоқысы деп атайды. Шамасы, таудың биіктігін Сұңқар сияқты құстың аспандап биік ұшуына байланысты салыстырмалы түрде айтылған болуы керек. Хантау біртұтас емес, бірнеше бөліктерден тұрады. Таудан ағып шығатын кішігірім өзендер, тау беткейлерін сай сала, жыра-жылға етіп тілімдеген. Сондықтан да таудан ағып шыққан өзен бойларында, қойнауларында мал қыстауға қолайлы. Хантау солтүстік шығыс жағынан Жусанды даласымен шектеліп, ал солтүстік батысынан Сексеуілді далаларының ортасында орналасса да малға пайдалы өсімдікке өте бай. Өсіресе, тау етектері ақселеу, жусан, еркек шөп сияқты мал жейтін жұғымды шөптер әрі биік, әрі калың өседі. Ал тау басында және беткейлерінде саркүйік шөп жайқалып тұрады. Хантаудың қыс қыстауға және бір қолайлығы тау беткейлерінде қысқа отын болатын, тобылғы, алабұта сияқты отқа жағатын қызуды жақсы беретін бұталы өсімдіктер өссе, ал Жусанды далада сексеуіл сияқты қызуы күшті баялыш өседі. Бұл өсімдіктің қызуы сексеуілден кем емес. Сонымен бірге сексеуілде Хантаудан онша алыс емес. Тұрғындар қыс кезінде отын жағынан таршылық көрмеген. Сол себептенде Хантау жері қазақ халқының қыста тұрақты жай салып мекендеген басты жерлерінің бірі болған.

Алдымен, неге бұл таудың аты Хантау аталды деген сұрау туындайды? Халқымызда жер, тау, өзен, көл немесе басқа бір нәрселерге ат қойғанда оның белгілі бір сыртқы көріністеріне немесе, себеп-салдарына, мағынасына қарап қоятындығы ертеден-ақ белгілі. Сондықтан да бұл таудың Хантау аталуы да бекер аталмағандығы өзінен-өзі айтып тұрғандай, тауда қазақ хандарының мекендегені белгілі болып тұр. Оған қосымша, Үлкен Хантау, Бала Хантау (немесе Кіші Хантау деп те аталады) деген атаулардың кездесуі бекер еместігін байқатады. Аталған таулардың басында хан отыратын «ханның тағы» деп біздің хабаршымыз таққа ұқсас үш тасты көрсетті. Әрине бұл аңыздың шындыққа қаншалықты жанасымды екендігін дәл тауып айту қиын, дегенмен бір шындықтың түбі бар екендігіне күмән келтіруге

болмайды. Хантауда хандардың өмір сүргендігі жайлы аңыздарды дәлелдейтін басты бір айғақ, Хантаудың солтүстік шығыс жағында «Хан қорасы» деген қораның орнының сақталуы (3 сур., 1 кесте). Табиғи дөңгелек қора тәрізді жартастың ортасын қора ретінде пайдаланғандығы көрініп жатыр. Нұрқиса Мұқатаевтың айтуы бойынша бұл қорада Жәнібек хан қыстайтын болған. Қораның қазіргі көрінісіне қарағанда біздіңғасырымыздың 50-60 жылдарына дейін, одан кейін де қора есебінде пайдаланғандық көрініп жатыр. Қораның терістік жағында жартастың ортасында кеңдігі 1м30см ұзындығы 25 м жартасты қақ жарып үстіне көтерілетін саты тәрізді жерді «Хан сатысы» деп атайды(4 сур.). Шындығында жартастың арасынан жоғары қарай көтерілетін бұл өткел сатыға өте ұқсас, оны хан қолдан жасатты ма, жоқ әлде табиғи пайда болған саты ма дәл айту қиын. Шамасы хан сатымен көтеріліп төбеге шығып дем алып, бой сергітіп, жан-жаққа көз салатын болған. Сатының оңтүстік жағында қораның ішінде 30 м жерде ханның мініс аттары тұратын ат қорасының орны бар. Бұл жерде ұзындығы 10 м биіктігі 2-3 м үлкен бір тас тұр. Түбінде тастан жасалған ақыры бар. Хан қорасы осы мініс аттар тұратын жерден екі бөлікке бөлінеді. Бірінші шығыс жағындағы қораның ені 18 м, ұзындығы 24 м. Ал екінші, батыс жағындағы қораның ені 16 м, ұзындығы 20 м. Бірінші қораның оңтүстік жағында қораға кіретін екі ашық жері бар. Мал кіріп шығатын қақпасы болу керек. Егер қораның солтүстік-батыс, солтүстік және солтүстік-шығыс жақтары айналдыра табиғи биіктіктері 50-60 м кереге жар тастар қоршап жатса, ал оңтүстік жағында доғаша иілген ұзындықтары 20-30 м екі жартаспен қоршалған. Екінші қораның батыс жағынан кішкене сай өтеді. Табанында жылытырап ағып жатқан суы бар. Сай мен қораның арасы 15-20 м. Ал сайдың батыс жағынан 150-160 м жерде оңтүстіктен яғни, Шу-Іле Алатау жағынан Солтүстікке (Балқаш) қарай Хан оры өтеді. Біздің хабаршымыздың айтуына қарағанда да ор өзінің басын сол Балқаш көлі жағынан басталса, аяғы Шу-Іле Алатауына дейінгі аралықта жалғасып жатыр дейді. Шындыққа көзімізді жеткізу үшін ордың бойымен оңтүстік жағынан машинамен 20 шақырым, солтүстік жағынан 15 шақырым жүріп көрдік, ор одан әрі қарай жалғасып жүре береді. Ор бойымен қуалап жүре беруге мүмкін емес, бұта-бұтаның түбіртектері машинаның тезірек жүруіне мүмкіндік бермейді. Ал жәй жүріске күн ыстық машинаның моторы қызады. Сонымен ордың екі басына да жетуге болмады. Ордың қазіргі сақталған көрінісі әрқалай, бір жерде тереңдігі 90-100 см болса, ал кейбір жерде одан таяз, кеңдігі 1,5-2 м. Хан оры туралы әртүрлі

аңыз сақталған. Біздің хабаршымыздың айтуына қарағанда Жәнібек ханның құлан аулайтын оры болған тәрізді. Бұл ор туралы XIX ғ. ортасында бұл аймақта болған Ш.Уәлихановта(Валиханов, Т.1., 1931, 344 б.), XIX ғ. аяғында, қазақ халқының жан-са-нымен жер жағдайының экономикалық жағын есепке алу үшін отарлау саясатына байланысты есеп-қисап жүргізілген орыс деректерінде де кездеседі. Бұл екі деректе де бір-бірін қайталайды. Сондықтан да біз Ш.Уәлихановтың жазған аңызы бойынша деректі қарастырып көрелік. Ғалым орды қаздырған ханның аты Жәнібек болу керек деп жобалайды. Өйткені, оған айтушылардыңөздері бірі Жәнібекдесе, ал кейбіреулері ханның атын айтып бере алмаған. Аңызға қарағанда қырғыздардыңөздеріне хан болу үшін бір баласын беруін сұрап келген қырғыз елшілеріне Жәнібек өзінің Жошы деген баласын беріпті-мыс. Ал, шындығында Жәнібектің Жошы атты баласы болмаған. Жошының күмбезі Қаракеңгір өзенінің бойында. Міне, сол баланы қырғыздар өздеріне хан ету үшін алып бара жатқанда баланы жолда құландар өздеріне қызықтырып жолдан шығарып кетіп, бала қаза болыпты-мыс. Содан, Жәнібек хан құландарды осындай ор қаздырып қырғызыпты. Қан арығы деп аталуы содан қалған тәрізді. Ол да сол құландардың қырылуына байланысты ма деген ой туады. Бұл ор туралы Түркістан әуесқой археологтары қоғамының мүшесі Д.Жетпісбаевтың жазған хабарына қарағанда орды Ақсақтөмір қаздырған тәрізді(Джетпысбаев, 1898, 137–138 бб.). Ақсақтөмірдің бұл аймақта жорық жасап бірнеше рет болғандығы мәлім(Пищулина, 1977, 62–72 бб.). Оның мұндай құрылыс салғызуына мүмкіндік бола қойды ма деген ой туады. Ал, Жошының өліміне келсек, ол Ұлытау жерінде аңда жүргенде қаза болған (Утемиш-Хаджи, 1992, 91 б.). Сондықтан да бұл орды қаздырған Жәнібек хан болды ма деген ой беки түседі. Егер құлан аулайтын ор болса ол неге сонша ұзын болды. Ордыңұзындығы Ш.Уәлихановтың хабарына қарағанда Жоңғар алатауынан басталып Шу Алатауына дейін шамасы 600–700 км аралықты қосып жатса, орыс деректерінде де бір басы Іле бойындағы Топардан басталса, ал екінші басы Қордай тауына дейінгі аралықты алып жатыр. Құлан аулау үшін мұндай орасан ұзындықтың қажеті қанша. Екіншіден ордың қазіргі сақталған кеңдігі мен тереңдігі онша айтарлықтай емес. Ал, құландардыңұзындыққа калай секіретіндігін өлшемегенмен де шамамен 7–8 м. ұзындықты еркін алатындығынбілуге болады. Мына сақталған ордың кеңдігімен тереңдігі оған онша көңіл толтырмайды. Мәселен: ордың қазіргі сақталған жердегі кеңдігі 1,5–2 м аспаса тереңдігі өте шұңқыр деген жерлері

бір метрдей ғана. Сондықтан бұл ордың Жәнібектің құлан аулау үшін салғызды деген аңыз әзірше шындыққа онша жақындамай тұр. Сонда бұл орды кім қазғызды, не үшін салғызды. Бұл мәселе әлі де болса өзінің шешімін күтіп тұрған мәселе.

Бірақта, бұл жәй болмаған нәрсе екендігін байқатады. Мүмкін бұл Ақ ордамен, Моғол хандығының арасындағы шекарасы болған шығар деген ой туады. Әлде, бұл ор шығыстан Тараз, Баласағұн қалаларына қарай салынған жібек жолының бір бөлігі шығар. Өйткені бұл аймақтың арасы шөл, далалы болып келеді. Егер бұл жолдан керуен адасып кетсе ол Бетпақтың таусылмас даласына кез болуы мүмкін. Сондықтан жібек жолының шығыстан Баласағұн, Тараз, Сайрам жоғарыда көрсетілген қалаларын адаспай тура жүруі үшін салынды ма деген ой туады.

Хан қорасының оңтүстік батыс жағынан Бала, Орта, Үлкен хан таулардың етектерінен бес жерден қыстаулардың орындары табылды. Бұл жалпы бүкіл Хан таудың аймағынан табылған қыстаулар деп ойламау керек. Аталған таулар жалпы Хантаудың солтүстік шығыс жағында жеке тұрған Хан қорасына жақын жатқан шағын-шағын үш тау. Таулардың етегінде үш жерден суы шығып жатқан бұлақ бар. Сол табылған қыстаулардың ішіндегі жақсы сақталған қыстау(5сур.) Бала Хантаудың етегінде бір сайдың жазыққа шыға беріс жеріне аласалау келген жартастың түбіне салынған. Қыстауда үш бөлмелі бір үй-жайдың төрт қора-жайдың құрылыс жүйесі сақталған. Үш бөлмелі тұрғын үйдің құрылыс жүйесі, бір-бірімен қатар салынған. Бір бөлмесі оңтүстік шығысына екі метрдей шығара салынған. Бөлмелердің көлемі әртүрлі.

Ең үлкені 6х3 болса, орташа бөлме 4х5м, ал кішілері 4х3м, бұл бөлме асхананың қызметін атқарған тәрізді. Бөлменің кіреберіс оң жақ бұрышында тастан жасалған ошақтың бұзылған орны сақталған. Тұрғын үйдің есігі мал қораның солтүстік батыс жағында 25 м алыстау салынған(2 кесте).

Есігі күн шығысқа қаратылған. Қыстаудыңекі кішілеу келген, бір үлкен қоралары бар. Олардың арасында бір жер үйдің орны байқалады. Қоралардың арасына салынуына қарағанда қыста туған жас малға арналған күрке сияқты. Қораның үлкені жартасқа тақап салынған. Жартас жағы дуалдың қызметін атқарып тұр. Бұл қора басқа екеуіне қарағанда ең үлкені (20х16 м). Ал қалған шағын-шағын екі қора сол үлкен қораға іргелес салынған. Қоралардың қақпалары ішкі жағынан бір-бірімен байланысты. Кішілеу келген қоралардың төбесі жабылған тәрізді. Әр жерде қатарынан қойылған тіреулердің орны бар.





Тұрғын үй жағындағы қораның сол жақтағы бұрышы үйдің бұрышына іргелес жасалған. Қораларға кіретін қақпасы осы бұрышта. Жалпы қыстаудағы үй-жайлардың құрылыс жүйесі бір-бірімен байланысып жасалған. Үй-жайдың салынған жүйесіне қарағанда қоралардың дуалдары бірден жер үстінен салынса, ал тұрғын үйдің қабырғалары жерді 30-40 см қазып тереңдетіп барып қабырғалары тұрғызылған. Тұрғын үйдің қабырғасын мұндай тәсілмен салу тұрғындардың үйдің жылы болу жағын ойластырған тәрізді.

Бала Хантаудың оңтүстік жағында екі жерде зират бар. Жол көрсетуші хабаршымыздың айтуы бойынша біреуі XX ғ. бас кезіндегі тұрғындардың зираты десе, ал екіншісі шамасы ертедегі тарихи тұрғындардікі болу керек деп шамаладық. Оған басты бір дәлел тарихи тұрғындардың зираттарының сыртқы көріністері соңғы кездегі зиратқа қарағанда үстіне қойған тастары ірі және арасына тобылғы сияқты қатты бұталы өсімдіктер қалың шығып кеткен. Ал соңғы кездегі зират деп көрсеткен молалардың кейін салынғандығы бірден байқалады. Осы зираттардан 3 км жүрген соң және бір тұрғын жайдың орнына тап болдық. Хабаршымыздың айтуына қарағанда бұл жерді Ноғай құдық деп атайды екен. Бес жерде тұрғын үйдің орны бар. Тұрғын үй-жайдың соңғы кезде салынғандығын айтып едік, біздің хабаршымыз да оның растығын қолдап, бұл жайлар колхоздастыру кезінде салынғандығын, шамамен 1940 ж. бұл жерді тұрғындардың тастап кеткендігін айтты. Шындығында соғыстың басталуы, ер адамдардың соғыс ісіне тартылуы жұмыс қолын азайтып жанұялардың көбі Хантау станциясына қарай көшкен сияқты. Хабаршымыздың айтуы бойынша бұл жер бұрын төртінші бекет деп аталса керек. Бірақ та бекеттің үй-жайы сақталмаған. Ал Ноғай құдықтың құдығы деп бір құдықты көрсетті. Құдықтың іші таспен өріп шығарылған екен, қазірдің өзінде 8 м тереңдікте суы бар. Шамасы осы құдық сол бұрыннан келе жатқан бекет кезіндегі құдық болуы керек. Ал жердің ноғай аталуы, тарихи бекет кезінде татар халқының өкілдерінен бекетті күтуші адамның ұлтына байланысты сияқты. Бекеттер бір елмен екінші елдердің арасына немесе, сауда керуен жолдарының бойына салынатын жайлар. Онда суыт хабар алып жүрушілер көлік айырбастайды, ал сауда керуендері дем алып көліктерін тынықтырады. Тарихи зерттеулерге қарағанда Ұлы жібек жолының бір тармағы Іле алқабында оңтүстік батыстан, солтүстік шығысқа қарай өтетіндігі белгілі (Байпаков, Нұржанов, 1992, 14 б.). Олай болса бұл бекет Хантау бойынан шығыстан батысқа қарай, яғни атақты Тараз қаласына қарай өтетін жібек жолының үстінде

жатқан бекет. Хантау жеріндегі қыстаулардың орналасуына сол Жібек жолының бойына жақын салынғандығын байқау қиынға соқпайды. Мұндай бекеттерді Керуен сарайы деп те атайды. Бұдан кейінгі керуен сарайдың орны бұл жерден 30-40 км жерде Мұқатайдың кезеңі деген жерде салынған. Хан оры да осы керуен сарайдың жанынан батысқа қарай өтіп жатыр. Сонымен Ноғай құдықтың жері ертеден келе жатқан тарихи орын болып табылды.

Хантаудың шығыс жағында Күйелі деген жерден 11 қыстаудың елді-мекендерінің орны белгілі болды. Олардан 50-ден астам тұрғын үй және қора-жайлардың орны зерттелді.

Бұл аймақтағы елді мекендердегі үйлердің малға салынған қораларының үлкенді-кішілігі әртүрлі. Төрт-бес бөлмелі үйлер өте сирек, көбінесе кездесетін тұрғын үйлердің ішінде екі-үш бөлмелі үйлер басым болса, ал бір бөлмелі тұрғын үйлер де сирек кездеседі. Сонымен қатар қоралардың да үлкен-кішілігі әрқалай. Бұдан байқалатыны тарихи тұрғындардың әлеуметтік жағдайларының әртүрлі болғандығы, әр кезде салынуы.

Зерттелген тұрақты үй-жайлардың барлығының сипаттамасын жазу мүмкін емес, біз олардың кейбір жақсы сақталғандарының және құрылыс жүйелері қызықты тұрғын үйлердің ғана көріністерін берелік.

Күйелі екінші қыстауы. Қыстау Ақтөбе колхозының орталық қыстауының солтүстік шығыс жағында 5 км жерде орналасқан. Қыстауда екі бөлмелі тұрғын үй, бір қораның орны бар. Қора тұрғын үйдің бет алдында жартасқа тақап салынған. Жартастың қора жағы қораның артқы жағындағы дуалдың қызметін атқарып тұр. Алдыңғы жағы доғаша иілген қабырғалары бір-бірімен қосылатын жерінде мал кіретін қақпасы бар. Алдындағы екі бөлмелі тұрғын үйдің бір бөлмесі киіз үйдің пішінімен жасалған шошала. Алдыңғы бөлмесі төрт бұрышты, көлемі 1,90x1,50 м. Ал шошала тәрізді бөлменің көлемі 4x4 м. Сақталған қабырғасының биіктігі 60 см. Кейбір жерлері 90 см. Қалаған тастары өте үлкен (6 сур.). Қабырғаның қалыңдығы 60 см. Шамасы 4-5 қанатты киіз үйдің пішінін береді. Бөлменің ошағы оң жағындағы қабырғаға тақап салынған. Құрылыс материалдары шикі кірпіш. Кірпіштің көлемін алуға мүмкін болмады. Бәрі езіліп пішіндері бұзылған. Түтін шығатын жерге кірпіш тәрізді екі төртбұрышты тас қойылған. Ол суретте жақсы көрініп тұр (7 сур.). Бірақ та түтіннің сыртқа шығатын моржасын таппадық. Ал бұзылған ошақтың пішіні де бөлмеге жылу беретін не ас пісіретін ошақтарға ұқсамайды. Алдыңғы бөлменің тым кішілігіне қарап, бұл жай теміршінің ұстаханасы деген ой тудырды (8 сур., 3 кесте). Бұл ойға итермелеген басты себеп, ошақтың темір ұстасының ошағына

ұқсастығы. Біз мұндай ошақты Талдықорған обл. Кербұлақ ауданының Шолақжиде деген жеріндегі бір тұрғын жайдызерттегенімізде дәл осындай ошақ кездестірген едік. Екінші бір айғақ, бөлмеге жүргізілген қазба жұмысының кезінде темірден жасалған әртүрлі бұйымдар, қолдан жасалған мыс сымдар, темірдің шала күйген қалдықтары көптеп кездесті. Жөндеу жүргізілген шойын қазандар т.б. әртүрлі пішіндегі мыстан жасалған заттар табылды. Мұндай заттар кез-келген қыстауда кездесе бермейді. Сондықтан да бұл бөлмені біз теміршінің ұстаханасы деген пікірге тоқтадық. Бұл бөлмелердегі өздеріне тон бір ерекшелік, төртбұрышты бөлмемен киіз үй тәріздес бөлменің бір-бірімен жалғастырылып жасалуы. Халқымыздың тұрақжай салуда киіз үйдің пішініне еліктеушілігінің күшті екендігін байқатуы.

Күйелі үшінші қыстауы. (4 кесте). Қыстау, колхоздың орталық қыстауының шығыс жағында 15 км жерде орналасқан. Тұрған жері айнала жартасты төбелермен қоршалған. Қыстаудың бет алды оңтүстік жағының біраз жері ашық болса, солтүстік жағынан кішкене бір өзекше шығады. Сонда қыстаудың жан-жағы табиғи жартасты төбелермен қоршалған қазан шұңқырға орналасқан. Бұл жерде қыстау бар деп ешкім ойламайды. Қыстаудың салынған жері біріншіден қыстың боран-шашынынан қорғануды ойласа, екіншіден ұры-қарылардың және жыртқыш хайуанаттардан малды сақтау жағын ойластырған тәрізді.

Қыстауда алты жерде үй-жайдың орны бар. Олардың төртеуі (1,2,3,4) бір-бірімен байланыстырып жасалған. Бөлмелердің ішінде жақсы сақталғаны екінші бөлме. Оның көлемі 9x3 м. Сақталған қабырғаларының биіктіктері әрқалай, 20 см, 50 см, қалыңдығы 50-60 см. Бөлменің екі жағынан есігі болған тәрізді. Бірінші есік алдыңғы жағындағы жартылай сақталған, бірінші бөлме жағында. Екінші есік, үшінші бөлме жағынан шығады. Үшінші бөлменің доғаша келген қабырғасы екінші бөлмемен байланыстырылған. Есігі алдыңғы жағындағы бірінші бөлме жағынан шығады. Төртінші бөлмеде жартылай сақталған солтүстік жағындағы қабырғасы доға тәрізді иіліп, үшінші бөлменің есігі шыққан жаққа қаратылған. Алды ашық, шамасы бұл бөлмеден көрі бет алды ашық жартылай төбесі ғана жабылған, мал тұратын «лапас» қораға ұқсайды. Бесінші жай жеркепе, алтыншы жайда қабырғасы доға тәрізді иіліп екі қатар тастан жасалған. Бұл бөлмеде жартылай жасалған шошалаға ұқсайды. Үй-жайдың ішінен, не айналасынан ешбір заттың қалдықтары байқалмайды. Қыстаудағы үй-жайлардың сақталуы да өте нашар. Бөлмелердің құрылыс жүйелерінің әртүрлі болуы қыстаудың өте ертеректе жасалғандығын

көрсетеді. Әсіресе бөлмелердің архитектуралық белгілі бір құрылыс жүйесімен салынбауы, қора жай салудағы бұл қыстаудағы қазақтардың шеберліктерінің онша болмағандығын байқатады.

Қыстаудың бет алдындағы жартаста Тау ешкілерінің суреттері салынса, бір жерінде арабша жазуы да бар. Суреттердің өте ертеде (шамамен VI-V ғғ.) жасалғандығы бірден байқалса, ал жазудың кейін жазылғандығы көрініп тұр. Тұрақты қоныс жайдың жанындағы жартасқа салынған суреттерде, қазақ халқының негізін құрған ру-тайпалардың, адам мекендейтін жайлы жерлерді ежелгі дәуірлерден ақ пайдаланғандығын көрсетеді. Мұндай суреттер Күйелідегі тұрақты үй-жайлардың жанында жиі кездеседі. Мәселен он бірінші қыстаудың жанындағы жартаста түркі дәуірінің таңбалары салынған. Ол суреттердің әртүрлі дәуірлерде салынғандығын байқатады. Салынған суреттерді үш топқа бөлуге болады, бірінші темір дәуіріндегі салынған таутекелер болса, екінші түркі дәуіріндегі таңбалармен тамаша салынған арқардың суреті (9 сур.), ал қазақ дәуіріне жататын түйенің суреті, жасалуы жағынан алдыңғы екі дәуірге қарағанда өте нашар. XVII-XVIII ғғ. қазақтарда жартастардағы суреттерді көріп, өздері де сурет салуға әрекеттенген, Бірақ та шеберліктері жетпеген. Жартастағы үш дәуірдің бейнелеу өнері де біздің жоғарыда айтқан ойымызды, яғни, қыстауға лайықты жерлердің ғасырлар бойы пайдаланып келе жатқандығының айғағы. Олай болса халқымыздың жартылай көшпелі өмір сүріп, қыс кезінде тұрақты баспана салып, 5-6 ай болса да өмір сүргендерін дәлелдей түседі.

Тарақбайдың сайы. Хантаудың оңтүстік-шығыс жағындағы сайлардың бірі – Тарақбайдың сайы деп аталады. Сайдың бойында бес жерде елді-мекендердің орындарының жобасы алынды. Оларды біз Тарақбайдың атымен атадық. Сол елді мекендердің екеуінің құрылыс жүйелерінің сипаттамасын берелік. Соның бірі Тарақбайдың өз қыстауы.

Тарақбайдың қыстауы. (5 кесте). Үй-жай, сайдан ағып жатқан судың жағасына жартасқа тақап салынған. Бұл жерде төрт бөлмелі үйдің және бір қораның құрылыс жүйелері бір-бірімен байланыстырылып жасалған. Жергілікті қариялардың айтуына қарағанда Тарақбай XIX ғ. өмір сүрген. Тарақбай әрі темірші, әрі ағаш ұстасы болған сияқты. Ол жер жыртумен де айналысқан. Әсіресе көкөністе қауын, дарбыз өсіріп, малға айырбастап отырушы еді дейді, айтушылар. Оның сол егістік, бақша өсірген жері судың екінші жағында бір жағын суға тіреген екінші жағы таспен қалап қорық жасаған жері бар. Қазіргі кезде жер табанында бір қатар тасы ғана сақталған. Ұстаның екі бөлмесі бір-бірімен байланысты болса,





оның екі шетінде екі бөлме жалғастырып жасалған. Қора жағындағы «а» бөлмесі ұсақ малға жасаған күрке ме, не ат қорасы болды ма деген ой туғызады. Өйткені оның есігі қораның ішінен шығарылған. Ал, үйдің шығыс жағындағы шағындау 4x4 м жасалған бөлме ұстаныңұстаханасы болған тәрізді. Олай-ойлайтынымыз оның алдында аумағы 10–15 м² жерді алып жатқан күл-көмірдің төгіндісі. Арасында темірдің ағындылары «шлактары» аралас. Жалпы бұл қыстаудың Тарақбайдың қыстауы екендігін дәлелдейтін дәлелдер темірші еді деген хабарға байланысты біз ұстахана деп отырған бөлменің алды күл-көмірдің үйіндісі болса, екіншіден, қораның айналасында және төрт жерге күл-көмірдің төгіндісі үйілген. Бұл көріністер шындығында Тарақбай сияқты шебердің өмір сүргендігін көрсетеді.

Тарақбай сайының ішінде екінші қыстау, осы бірінші қыстаудың шығыс жағында орналасқан. Мұнда төрт құрылыс жүйесі салынған (6кесте). Бір бөлмелі тұрақ жай, қораның алдында (6x3,5 м), ал қораның бір жағы доға сияқты жасалса, артқы жағы жартасқа тақап салған «а» бөлме жағы тұзу қабырғалы. Қораның кіре беріс жері аузы киіз үйдің түріне ұқсас. Қораның аузының неге олай жасалғандығы белгісіз. Ал қораның жанындағы бір жағы жартасқа тақап жасалған «а» бөлменің (6,5x4 м) есігі шығысқа қаратылған. Есіктің бет алды күлдің үйіндісі. Қораның оңтүстік бұрышында сыртқы жағынан доға тәрізді иіп бір кішілеу күрке сияқты бөлме жасалған. Құрылыс жүйелерінің барлығы тастан қаланған. Тұрақ жайлардың төңірегіндегі күл үйінділерінің молдығына қарағанда бұл елді мекендердегі тарихи тұрғындардыңұзақ жылдар ғұмыр кешкендерін байқататын сияқты.

Сұңқар шоқысы. Бұл шоқы туралы жоғарыда жазылған. Хантаудағы ең биік жері. Осы таудың етегіндегі сайлардың іші де қазақ қыстауларына толы. Солардың ішінде біз бес қыстаудағы үй-жайлардың орындарын зерттедік. Қыстаулардың барлығы таудың оңтүстік жағындағы күн түсіп тұратын күнгейлі жерлерге салынған. Ондай әдет қазақ қыстауларының бәріне тән қасиет.

Сұңқар бірінші қыстауы мүлде бұзылған, сақталған қабырға тастарының жобасына қарағанда бес бөлмелі бір үйдің орны байқалады. Оның екі бөлмесі төртбұрышты болса, ал үш бөлмелісі жартылай және толық шошала тәрізді. Олар бір-бірімен жалғастырып жасалған. Сұңқар екінші қыстауында жеті құрылыстың жүйесі сақталған (7кесте). Бөлмелердің барлығы бір-бірімен байланыстырып жасалған. Мұнда да үш бөлмесі киіз үй тәрізді дөңгелек, оның екі бөлмесі тұрғынүй болса, үшіншісі шаруаға арналған. Алтыншысы қора, жайында жас

малға арналған күркесі бар. Сұңқар үшінші қыстауда, екі үй-жай қатар салынған(8кесте). Бұл тұрақты үй-жайдың екі қорасы бір-бірімен байланыстырып тұр. Бірінші үй-жайда екі бөлмелі және бір қорасы қатар салынған. Екінші үй-жайдың орынындаекі бөлмелі және бір бөлмелі үйлер қатар салынған. Екеуінің ауласы бір. Ал мал қоралары бөлек, қатар салынған. Қыстаудың құрылысжүйелеріне қарағанда тұрғындар бір атаның балалары немесе атадан бөлініп шыққан жас отаудың бірге салынған үй-жайлары ма деген ой туғызады. Сұңқар төртінші қыстауының салынған жері өте қолайлы жер. Әсіресе қыстауға күн ертеден кешке дейін түсіп тұратын күншуақ жерге салынған. Сондықтан да қазақта «Қыстау салсаң күнгейге сал, күн түсіп тұрсын» деген сөз бекер айтылмаған. «Қыста малға шөп болмаса да күн болсын» дейді қазақтар. Ол жер жағдайымен санасу деген сөз. Бұл қыстауда 12 құрылыс үй-жайдың орны сақталған (9кесте), оның 2 және 4 тұрғын үй болса, ал қалған құрылыс жүйелері малға және шаруаға қажетті бөлмелер. Сұңқар қыстауларындағы тұрғын үй-жайлардың едендері жәй тегістелген жер. Үстінен лай қабат жүргізілген. Құрылыс материалдарының барлығы өңделмеген тас, сабан араластырылған қалың лаймен ұастастырылған. Соңғы қыстаудағы малға және шаруаға қажетті бөлмелердің көпшілігі қырқа жағына салынғандықтан 1,5 м жерді ойып, тегістеп жеркепе сияқты салынған.

Верный уезіндегі елді-мекендердегі тұрақ жайлар. Аңырақай баурайындағы қыстаулардағы тұрғын жайлар туралы

Хантау жеріндегі қыстауларды қарастырып болған соң, тарихымызда аты белгілі «Аңырақай шайқасы»болған аймақты зерттеу біздің жоспарымызда болатын. Аңырақай да Шу-Іле өзендерінің аралығында жатқан, Хантау сияқты таулы-қыратты массив. Бұл тау Хантаудың шығыс жағында шамамен алғанда 170–180 шақырым.

Аңырақай тауына жету үшін, алдымен Аңырақай станциясына келіп, ол жердегі тұрғындардан сұрастырып тура жолмен баруға тура келді.

Аңырақайдыңұзындығы 75 шақырым, ені 5-10 шақырым. Биік жері 1050 м (ҚСЭ, т.1., 414 б.).Беткейлерінің бедері әртүрлі. Егер оңтүстік-батыс жағы жазық болып келсе, ал солтүстік-шығыс жағы құлама жар, қорым тасты биік шыңды келеді. Жері шөлейтті, далалы қиыршық тасты, қоңыр топырақты. Жазықта жусан, бетеге, ақселеу, караған, өссе, ал тау аңғарында тобылғы, бұта аралас тал өседі. Мұндай жағдай тарихи тұрғындардың қыста отыннан

тапшылық көрмейтіндігін байқатады.

Аңырақай жеріне жүргізілген барлау жұмысы бұл аймақта да қазақтардың қыс айларында тұрақты үй-жай салын, өмір сүргендіктерін көрсетті. Таудың күнгейлі беткейлерінде, тау шатқалдарында тастан жасалған жүздеген қыстаулардың орындары белгілі болды. Олардың бәріне зерттеу жұмысын жүргізуге уақыт болмағандықтан үш қыстаудың үй-жайларына ғана зерттеу жұмысы жүргізілді. Барлау жұмысының кезінде Аңырақай тауының оңтүстік жағындағы қазіргі кездегі қыстаулардың қарауылы Сәрсенбек Қабылбековпен әңгімелесіп жер жағдайын білуге тырыстық. Қарияның айтуы бойынша біз зерттеген қыстаулардың Керейқұлдың, Әйтектің және Даржының қыстаулары екені белгілі болды. Ал «Аңырақай шайқасы» туралы және шайқас болған жердің қай жер екендігі туралы ешкім білмейді. Шайқас болған жерді жазған авторларымызда шайқастың дәл қай жерде болғандығын айта алмай, «Аңырақай шайқасы» болған жер шамаменБалқаш көлінің күнгей шығыс жағындағы Итішпес көлінің маңайында, қазіргі Қордай ауданының жерінде» (Әбілдаев, 1991) деп санайды.Шайқасқа көңіл бөлудегі басты мәселе бұл аймақтағы қыстаулардың сол кезде өмір сүргендігін дәлелдеу. Егерде Аңырақай тауының аймағында малы-жаны толы тұрақты жай болмаса қайдағы қаңыраған далада шайқас болуы мүмкін бе? Сол себептен де, шайқастың салдарынан бұл маңайдан адамдар басқа жаққа ауған. Өз кезінде бұл аймақтың елді мекенге толы тұрақты отаныболғандығын Аңырақай тауының солтүстік батыс жағындағы жазықта Әйтек шоқысынан (қазіргі қыстаудың жаны) 20-25 км жерде жасалған Бибосын күмбезі жәнедәлел болады. Қыстаудың қарауылшысының айтуына қарағанда бұл күмбездің солтүстік шығыс жағында 20 шақырым жерде және Қарынбайдың күмбезі бар екендігін айтады. Алайда бұл адамдардың кімдер екендігін ешкім білмейді. Күмбездің құрылысына қарағанда XIX ғ. күмбездердің архитектуралық құрылысына ұқсамайды (Мендикулов, 1959, 148–167 бб.).Күмбез шикі кірпіштен жасалған. Іші әктелген, оның үстінен қызыл сырмен арабша жазылған жазудың белгілері байқалады. Бірақ та жазуы оқуға келмейді, мүлде бүлінген. Мұндай құрылыс жайлардың салынуы Аңырақай аймағының өз кезінде қайнаған өмірдің ортасы болғандығын дәлелдей түскендей. Оған қосымша және бір дәлел Аңырақай тауының ең биік жері «Жәмиләнің шоқысы» деп аталады. Ел аузында сақталған аңызға қарағанда Жәмилә бір байдың қызы болса керек. Бай қызын өзі сияқты әйелі өлген бір бай адамға бермек болады. Қыз әкесінің айтқанына көнбей бір түнде үйінен қашып

шығып тереңқұзға құлап өлсе керек. Содан ел арасында Жәмиләнің өлер кезінде айтқаны деп аңызға айналған екен.

Бұл дәлелдерден көрінетіні Аңырақай аймағындағы үнсіз жатқан тұрақты мекен жайлардың тарихи тұрғындарынан қалған аңыз әңгімелер екендігін және дәлелдейді.

Керейқұлдың қыстауы (10 кесте). Аңырақай тауының оңтүстік батыс жағында. Әрбір үй екі бөлмеден және қора-жайлардан тұрады. Бірінші және екінші үй жартылай жерден қазылып жасалса, ал үшінші үй жер табаннан лай-балшықтан тұрғызылған. Шамасы қалыппен құйып шыққан тәрізді. Бірінші үй жерді қазып, үстіңгі жағындағы қабырғасы таспен қаланып шыққан. Әрбір үйдің қоралары есіктің қарсы алдында үйге қарама-қарсы жасалған. Екінші үйдің жобасы жартылай жер үй, Бірақ та мұның қабырғасы тастан қаланып шыққан. Қорасы да тастан қаланған. Тек тұрғын үйдің оңтүстік шығыс жағында құйып шыққан қабырғасы жартылай доға тәрізді. Шамасы төбесі жартылай жабылып, отын немесешөп жинаған орын болуы мүмкін. Сонымен Керейқұл қыстауындағы үй-жай, қоралардың орындары тұрғындардың жергілікті табиғи материалдарды құрылысқа емін-еркін пайдалана білгендерін көрсетеді.

Әйтек бірінші қыстауы(11 кесте) шоқының шығыс жағына жазыққа орналасса, ал екінші қыстау шоқының оңтүстік батыс жағында (12 кесте) кішкене өзекеңінің ауызына орналасқан. Екі қыстаудың да сақталуы өте нашар. Бірінші қыстаудың қабырғалары үстінен қарағанда әрең байқалады. Екінші қыстаудың тастан қаланған бір қатар ғана дуалы сақталған. Бұл қыстаудағы тұрғын бір бөлмелі үй мен үлкен-үлкен тастан қаланған дөңгелек қорасының қабырғалары бірдей байқалады. Тұрғын бөлменің ішіндегі құрылыс жүйелері сақталмаған. Құрылыс жүйесінің маңында, не ішінен не сыртынан ешбір тұтынған бұйымдардың қалдықтары кездеспейді. Соған қарағанда бұл қыстау өте ертерек кезге жата ма деген ой туғызады. Бірінші қыстаудың екі бөлмелі тұрғын-жайына қазба жұмысы жүргізілді. 80 см тереңдіктен кейін бөлмелердің едені, бірінші бөлмеден ошақтың бұзылған орны табылды (13 кесте). Бөлменің оңтүстік шығыс жағындағы бұрышында шағындау келген астық сақтайтын қоймасы бар (ларь). Есіктің алдында ұзындау келген төртбұрышты бір тас жатыр, не үшін пайдаланғандығы белгісіз. Бірінші бөлменің, көлемі 4,20x3 м болса, ауызғыбөлменің көлемі 3,50x3м. Есіктің шыға беріс жеріне жер табанына қиыршық тас төселген. Шамасы адам көп жүретін болғандықтан ойылып кетпеу үшін салынды ма деген ой туғызады. Бұл бөлменің де сол жақ





шыға беріс жағында бір үлкен тас жатты. Оның да не үшін қажет болғандығы белгісіз. Тастың үстіңгі жағы жалпақ, соққының әсеріненүгітілген жерлері бар және қара қоңыр түспен былғанған тәрізді, қызған темірді соққансияқты. Үй- ішінде темір илеумен айналысқан адам болды ма деген ой туғызады.

Даржы қыстауы. Әйтек шоқысының солтүстік шығыс жағында 9-10 шақырым жерде биіктеу келген екі қыраттың арасына орналасқан. Бір жағындағы қырат тасты биік келсе, екінші қырат жай жадағай орналасқан. Біз қыстауды Бибосын күмбезін іздеп бара жатқан жолымызда кездестірдік. Жол қыстаудың жанынан өтеді. Біздің хабаршымыз Даржидың де кім екендігін білмейді. Қыстауда екі жер үй бар, есіктері бөлек, оңтүстікке қаратылған (14 кесте). Екеуінің ауласы бір. Аула екі жер үйдің шыға беріс алдында айналдыра тастан қаланған. Аула-дан кейін қора жалғастырыла жасалған. Аула мен қораның арасындағы дуалы және қораның басқа жағындағы қабырғалары лайдан құйып шыққан. Бірақ та қабырға сақталмаған, құлап жермен бірдей болып кеткен. Қабырғаның сақталмауына және бір себеп, бұл жердің топырағы сортаң, ол жауын-шашын немесе қардың, суының әсерінен біртіндеп бұзыла берген. Екі жер үйде жерден қазылып, үстіңгі жағы жер бетінен қабырғасы тастан қаланған. Қыстауға қазба жұмысы жүргізілген жоқ. Бірақ та тұрғын бөлмелердің жанынан жинап алған тұтыну бұйымдарының ішінде ерекше көзге түсетіні қытай жазуы бар шынының сынығы болды. Қытай тілінің маманы А.Ш. Ботпаевтың оқуына қарағанда шыны біздің заманымыздың XVIII ғ. бірінші жартысында жасалған. Егер бұл дерек рас болатын болса, қыстаудағы өмір отының бұл мезгілден бұрын басталғандығына ешбір күмән болуы мүмкін емес. Шынының мезгілі біріншіден қыстаудағы тарихи тұрғындардыңөмір сүрген уақытын көрсетсе, екіншіден қазақ халқы мен қытай үкіметініңарасындағы экономикалық қарым-қатынастың болғандығын анықтай түседі. Қазақстанның Ресеймен болған байланысын көрсететін ағайынды Кузнецовтардың заводтарынан шыққан шынының сынықтары да қазақ қыстауларынан жиі кездеседі. Осы күші басым мемлекеттер қазақ жерінің екі жағынан қазақ халқын жұтатындай жанталаса ысылдағаны тарихтан белгілі. Ал қыстаулардан табылып жатқан мынандай материалдық дәлелдер тарихи шындықты нақтылай түсуде.

Жаркент уезінің Бартоғай, Сартау, Торайғыр, Бұғыты тауларының қойнауларындағы тұрақты мекен жайлар

Аталған таулар Іле Алатауының солтүстік шығыс жағында Іле өзеніне қарай созылып жатқан тау массивтері. Таулар бір-бірінен аса қашық емес жақын-жақын орналасқан.

Торайғыр тауының неге олай аталатындығы туралы аңыздың барлығын осы таудың солтүстік шығыс жағында Райымбек батырдың бастауы деген бастаудың барын, оның жанында батырдың қыстауы болғандығын, Торайғыр тауы мен Бұғыты тауының аралығындағы жазығындағы Райымбек батырдың жоңғарлармен шайқасқан жері «Ойран төбе» туралы мағлұматтар жинастырдық.

Бартоғай су қоймасы, біз жұмыс жүргізгелі келгенімізде әлі бітпеген екен. Енді болмаса көптеген археологиялық ескерткіштер су қоймасының астында қалып қойғандай еді. Бартоғай табиғи қазаншұңқыр, шығыс және оңтүстік жағынан Торайғыр тауының етегімен солтүстік және батыс жағынан Бұғыты тауының басталатын оңтүстік жағымен, ал оңтүстік жағы Сартаудың солтүстік жағымен қоршалып жатқан нағыз су жинайтын табиғи қойма. Алайда жоғарыда аталып өткен тау жүйелерінен шығатын сай-салалар мен жылғалардың барлығы осы Бартоғай қазан шұңқырына келіп құяды. Қазаншұңқырдың іші қалың тоғай, ну орман. Су толтырғанға дейінгі халқымыздың ерте кездерден бастап қыс айларында малына жем-шөп қана болса, тарихи тұрғындардың, отын-суының көзі болған. Бартоғайды айналдыра келіп құятын сай-саланың ішінен 32 жерден көне қыстаулардың орындары табылды. Біз оның ішінен аты-жөні белгілі алты жердегі қыстаулардың орындарына қазба жұмыстарын жүргіздік. Жамылшы сайының аузындағы Алатай бірінші, осы сайдың екінші бір ашасы Кеңсай 1,2, Шідерлі 1,2 және Түймебайдыңқыстауларыныңқұрылыс жүйелері сызылып суретке түсірілді. Бұл жерлердегі қыстаулардың аты-жөндерінің сақталуына қарағанда, тұрғындар XX ғ. бірінші ширегіне дейін өмір сүріп, Қазан төңкерісінің әсерінен қыстауларын тастап шықты ма деген ой туғызады. Алатай қыстауы туралы, аңыз сақталған. Бір кембағалдың жалғыз ала тайы болыпты, соның өзін жоғалтып алған шал жылап-еңіреп жүріп бір жылдан кейін сол қыстаудың бір жерінен тауып алса керек. Содан ол жер Алатай атаныпты-мыс. Бартоғай жеріндегі қыстаулардың өздеріне тән бір ерекшелігі, тұрақты үй-жайлары болсын, қоралары болсын құрылыс жүйелері дөңгелек киіз үйдің шымына (пішініне)ұқсас жасалған (15 кесте) Ал тұрақты тұрғын жайлар жерден адам

бойы қазылып, бұрышсыз ұзыншақ жұмыртқа тәрізді жеркепелер жасалған. Қоралардың көлемі әртүрлі құрылыс материалдары тас. Жеркепелердің үстіңгі жағы тастан қаланған. Барлық тұрғын үйлердің ошақтары есіктің кіре берісінде оң жағына салынған. Ошақты қазан асып, тамақ пісіруге ғана пайдаланған тәрізді. Үйге жылу, бөлменің ортасынан берілгені оған дәлел, жерді аздап шұңқырлап қазған жерде жанған оттың қиын салды ма, әлде от жақты ма сар тап болып, сақталған оттың орны байқалады. Тұрғын бөлмелердің ішінде кіре беріс есіктің сол жағында сынашалар кездеседі. Ол шамасы ыдыс-аяқ қоятын орын болуы мүмкін. Ал Кеңсай бірінші тұрғынүйінің оң жағында төрге жақындау жерге еденінен 20 см, биіктеу ұзындығы 160 см, кеңдігі 60 см төсек сияқты жататын орын (лежанка) жасалған. Жеркепелерге кіретін жері шұңқыр болғандықтан түйетайлап (көлбеу) жасалса, ал Кеңсай бірінші қыстауының тұрғын жеркепенің кіреберісіне тепкішек (саты) жасалған. Жеркепелердің едендері қалың етіп лаймен сыланған. Қабырғаларының да еденге жалғасқан жеріндегі сақталған лай қабаттарына қарағанда бөлменің іші сыланған деп ойлауға болады.

Бартоғай жеріндегі қыстауларды Ш.Ш.Уәлиханов 1856ж. Ыстық көлге бара жатқан жолында көрген сияқты. Өзінің қалдырған еңбектерінде Шелек өзенінің жоғарғы ағысы қазақтардың тұрақты қыстаулары болған (Валиханов, 1961, 234–235бб.) еді десе, ал екінші бір жерінде, Шелектен Шарын өзеніне дейін, Торайғырдан, Бартоғайға дейінгі аралықтарды сипаттап жаза келіп, бұл жерлердегі қыстаулар қазақ халқының тұрақты мекен жайы деп жазады(Валиханов, 1961, 236–237 бб.).Бұдан жүз жылдан астам бұрын Ш.Ш.Уәлиханов жазған хабарлар біз үшін ең қажетті деректер емес пе? Егер Шоқан көрген кез XIX ғ. ортасы болса, олардың бұл аймақта (қазақтар) әлдеқайда бұрын өмір сүргендігін қалай жоққа шығаруға болады. Біздің мақсатымыз солардың тұрақты мекен жай салып өмір сүргендігін дәлелдеу. Ал ол жерлер өз кезінде қайнаған өмірдің бесігі болған.

Бартоғайдың оңтүстік жағында, Асы жайлауына асатын асудың шығыс жағында Сартау тау жүйесі орналасқан, оның да баурайлары қазақ қыстауларыныңөте көне дәуірлерден жалғасып келе жатқан мекен жайы болып табылады. Барлау жұмысының кезінде отыздан астам қыстаулардың орны белгілі болды, олардың жетеуінің ғана құрылыс жүйелерін түсіріп алдық.

Сартау қыстаулары. Бұл жердегі қыстаулардың да тұрғын жайларының құрылыс жүйелері киіз үйдіңқұрылымына ұқсас. Құрылыс материал-

дары тектастан жасалаған. Қыстаулардың (үй-жайлардың) барлығы дерліктей бір жағын жартасқа тіреп салынған. Екінші бір ерекшелік төртбұрышты тұрғын үй-жайдың орындары байқалмайды. Тек, бір жағдайда ғана Сартау бесінші қыстауында, ұзыншақ сүйірлеу келген екі бөлмелі үйдің орны сақталған. Ал, қыстаулардың қораларының көпшілігі тастан қаланып, шошала тәрізді жасалған. Бұл жердегі құрылыс жүйелерінде жеркепелер байқалмайды. Шамасы жер таулы тас болғандықтан, қазып үй жасауға мүмкін болмаған сияқты.

Қыстаулардың ішіндеуісін дәуіріне (б.з.д.II–I ғғ.) жататын қыстаулар да бар. Мәселен Сартау II–III (16 кесте) қыстауларындағы шошала тәрізді тастан қаланған көлемі 7–8 м, немесе 9х9 м келетін құрылыс жайлары. Бұл құрылыс жүйелерінің не ішінде, не сыртында ешбір басқа кішігірім құрылыс жүйелері байқалмайды. Бұл мекен жайлардың орнын үйсін дәуіріне дейін жатқызатын басты аргумент біріншіден құрылыс жүйелерінің не ішінен, не сыртынан тұтыну бұйымдарының қалдықтарының кездеспеуі болса, екіншіден қыстаудың солтүстік жағында үйсін дәуірінің зираттарының орны байқалады. Үшіншіден, соңғы кездегі қазақ қыстауларының көпшілік жағдайда бір жағы не беткейге не жартасқа тіреп жасалады. Ал мына қыстаулар ашық жерге жазыққа салынған. Жетісу аймағындағы үйсіндердің біздің дәуірімізге дейін-ақ өмір сүргендігін айтпаған күннің өзінде, К.А.Ақышевтің Кеген ауданының жерінде үйсіндердің тұрақты мекен жайларын ашып, алғаш рет зерттегендігі Қазақстан тарихына жаңалық болғандығы белгілі (Акишев, 1969).Біздің жазып отырған қыстауларымыз сол Кеген ауданының жерінен табылған Ақтас қыстауынан онша алыста емес. Олай болса Алатау бөктерлеріндегі қыстаулардыңсалыну тарихы солежелгі дәуірлердегі үйсіндерден басталатыны сөзсіз. Сондықтан да үйсіндердің де жартылай отырықшы ел болып, тұрақ жай салып, белгілі бір жердіқыстағандары, қыстау маңында жер өңдеумен айналысқандары археологиялық зерттеу жұмыстармен толық дәлелденіп отыр (Воеводский, Грязнов, 1938, 177–178бб.). Ендеше В.В.Бартольдтың үйсіндердің тұрақты елді-мекендерін іздеудің қажеті жоқ, олар көшпелі ел болған деген пікірінің жаңсақ айтылған пікір екендігін байқатады(Бартольд, Соч., II т., 1963, 27 бб.).Сартаулықтардың жер шаруашылығымен айналысқандығын таудан ағатын өзеннен, бөктерлерді көлбеу тартылған тоғандардың ізінен бірден байқайсыз. Ол туралы өз алдына жеке жазылады. Біздің хабаршымыздың айтуына қарағанда өзі де, әкесі деөмір бойы суармалы жер кәсібімен айналысқан. Манап ақсақал қыстық руының 16





атаға толғандығын есептеп берді. Егер әрбір ата-ны 30 жылдан есептес, 480 жыл толып олардың Сартау аймағында өмір сүруі шамамен алғанда XVI–XVII ғғ. болып табылады. Сондықтан да этнограф В.В. Востровтың Верненский, Жаркент уездерінің жеріне қазақтар XIX ғ. аяғында ғана көшіп келе бастады (Востров, 1961, 127б.) деген пікіріне қосылуға болмайды. Оған, екінші дәлел біз жоғарыда келтірген бұл жерлерде XIX ғ. 50 ж. болған Ш.Ш.Уәлихановтың Бартоғай, Сартау жерлері қазақ халқының қыста тұрақты өмір сүрген жерлері еді деген пікірінен қазақтардың бұл аймаққа В.В.Востров жазып отырған мезгілден әлдеқайда бұрын-ақ өмір сүргендерін көрсетсе керек. Востровтың пікірінің орынсыз екендігін және бір дәлелдейтін нәрсе, бұл аймақта Райымбек батырдың жоңғарларға қарсы жүргізілген күрестері (Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О. Әуезов атындағы..., 813–814 бб.). Егер, бұл аймақты қазақ халқы мекендемесе Райымбек батыр жоңғарларға қарсы кімнің жерін қорғау үшін күрес жүргізген болар еді. Сондықтан да Жаркент уезінің жеріндегі Албан елінің өмір сүрген мезгілін үйсіндермен бірге қарастырған әлдеқайда дұрыс болмақ.

Торайғыр тауының қойнауларындағы қыстаулар. Торайғыр тауы Теріскей Іле Алатауының солтүстік жағында шығыстан оңтүстік батысқа қарай созылып жатқан тау массиві. Ең биік жері – Қарағайлы тауы 2469 м. Батыстан шығысқа қарай 42 шақырым, ені 10-12 шақырым (ҚСЭ., II т., 119 б.). Тау беткейлері тек малға қажетті шалғын шөпке ғана мол болып қоймай тұрғындардың қыс кезінде тарықпай жағатын отын көзіне де мол. Сондықтан таудың етегіндегі күнгейлі шатқалдарда қазақтар қыстап тұрақты мекен жайлар салған. Біздің барлау кезімізде таудың баурайына жүргізілген жұмыс кезінде 72 жерден тұрақты үй-жайлардың орындары есепке алынып оның ішінде жетеуіне қазба жұмысы жүргізілді. Бұл аймақтарда қыстаулар туралы Ш.Ш.Уәлихановтың жазғаны туралы біз жоғарыда келтірген едік. Енді, тікелей осы Торайғыр қыстаулар жайлы әңгіме болып отырған соң, оны тереңірек айтқан артық болмас деп ойлаймыз. Себебі Ш.Ш. Уәлиханов Торайғыр тауының албандардың өте бір сүйікті мекенжай салып қыстайтын жері (Валиханов, 1961, Т. 1, 238 б.) деуі жоғарыдағы біз келтірген қыстаулардың орындары және дәлел бола алатын сияқты.

Қазіргі кездегі қыстаулардың қарауылшысы Ма-нап Байқожаевтың айтуына қарағанда Торайғыр тауында Албан тайпасының Аққыстық руларының адамдары тұрған. Бірақ та нақты ешкімнің аты-жөнін айтып бере алмады. «Ойран төбенің» жанындағы қыстаулардың сақшысы Әлібеков Кен-

же, Райымбек батырдың Жоңғар қалмақтарымен болған Ойран төбедегі шайқасы және Торайғыр етегіндегі Райымбек батырдың қасиетті бұлағы (10 сур.) туралы ел аузында сақталып жүрген тарихи әңгімелерді айтып берді (Жолдасбаев, 1992, 74–78 бб.). Ол өзінің әңгімесінде Райымбек батырдың сол қасиетті бұлақтың маңында тұрақты жай салып өмір сүргендігін де айтады. Райымбек батыр туралы жазып жүрген журналист-жазушыларымыз өздерінің еңбектерінде батырдың болған жерлері туралы, керек болса туған, қайтыс болған жылдары туралы нақты деректер келтіруге тырысқан (Қаупынбаев, 1991). Ел аузындағы сақталған аңыз-әңгімелерге қарағанда Райымбек батырдың діни жағы басым. Біздің ойымызша батырдың елін-жерін қорғаудағы іс-әрекеті басым болуға тиісті. Оның жоңғар басқыншылығына тарихи ерліктерін баса көрсетсек жастарды өз елін қиын-қыстау кездерде қорғауға тәлім-тәрбие беруге батырдың ерлігі үлгі болар еді. Батыр туралы жинаған деректерді Қабанбай батырдың 300 ж. құрметінің ғылыми-теориялық конференциясының материалдарында жариялаған едік.

Енді батырдың күрес жүргізген жеріндегі халқымыздың тұрақты мекен жайларына қысқаша тоқталып өтелік.

Райымбектің қыстауы (17 кесте) Қыстау батырдың атымен аталатын бұлақтың тау жағында 50-60 м жерде таудан шығатын өзеннің тақалмасына салынған. Екі бөлмелі жартылай жер үй. Үйі жерден қазір оның іші, қабырғалары тастан қаланыпшыққан. Үйдің қабырғасы жер бетіне шыққан соң және көтерілген. Қанша көтерілгені белгісіз, ал қазіргі жер бетіне шығып тұрған қабырғасы 20-30 см. Ішінен қаланған биіктігі 1,50 м. Ошақ ішкі бөлменің есіктен кіреберісте, оң жақтағы бұрышта, ошақтың түтін шығатын мұржасы қабырғаны қалағанда сол ошақ тұрған бұрышта қабырғаның арасынан бірге жасалып шыққан. Ол қабырғаның үстінен анық көрініп жатыр. Ошақ жақтағы қабырғаның ортасында еденнен 110 м биіктікте қабырғада тастан қалап төрт бұрышты ойық жасалған. Ойықтың үстіңгі жағындағы ыстан қарайған даққа қарағанда шырақ қоятын орын болған тәрізді. Ауызғы бөлмеде ешбір қосымша салынған құрылыс жүйелері байқалмайды. Түпкі бөлменің көлемі 3,60x3 м, ал ауызғы бөлме 3x2,50 м. Қабырғаларының ені 60-70 см. Құрылыс материалы таудың қарапайым жай тасы. Дегенмен үйді салушылар қабырғаны қалаған кезде тасқа ептеп өңдеу жүргізген. Үйдің қабырғаларының ішкі жағы сылау жүргізуге лайық тегіс әдемі қаланған. Тұрғындардың мал қорасы үйдің оң жағындағы бұрышта іргесіне тақап жасалған. Қора дөңгелек киіз

үйдің пошымына ұқсас, қабырғалары жер үстінен тастан қаланған. Қораның есігі үйдің бет алдында 10-15 м алыс. Қораның алдында доға тәрізді айландыра қабырғасы тастан қаланған қалтарыс жасалған. Қораның төбесі жабық болды ма жоқ әлде ашық болды ма, оны дәлелдейтіндей құрылыс жүйелері байқалмайды. Қораның көлемі 10-12 қанатты қазақ үйлерінің аумағына тең. Қыстаудың теріскей батыс жағында, өзенің екінші жағында 30-40 м жерде және бір дөңгелек қораның тастан қалаған орны бар. Оның көлемі де тұрғын үйдің жанындағы қораның көлемінен онша үлкен емес. Шамамен алғанда он қанатты киіз үйдің аумағындай. Алайда бұл қораның жанында ешбір құрылыс жүйелерінің материалдары байқалмайды. Біздің шамалауымызша бұл қора көктем айларында немесе күз айларының соңғы кезінде қатты суық түскенше мал тұратын қалтарыс болды ма деген ой туғызады.

Райымбек қыстауының оңтүстік батыс жағында бір кішкене өзенің тауға тірелген жерінде екінші қыстау орналасқан. Екі қыстаудың арасында жартасты қырат бар. Бұл жердегі тұрғын үй мен қораның салынуы бірге болған сияқты. Тастан қаланған бір үлкен бөлменің екі жағында доға тәрізді екі шағын бөлме байланыстырып жасалған. Екеуіне де кіретін есіктері ортадағы бөлмеден жасалған. Басты бөлменің батыс жағындағы қабырғаның ортасынан сыртқы есік жасалған. Тұрғын жайдың солтүстік батыс жағында екі жерде бастаудың орны бар. Біреуінде қазіргі күннің өзінде жылтырап суы шығып жатыр. Ал, екіншісі іші таспен өріп шыққан бірақ суы жоқ. Осы құрғап қалған бастаудан 20-30 м жерде өзенің екінші жағында және бір дөңгелек қорғанның орны бар. Көлемі 8-10 қанат киіз үйдің аумағындай. Бұл қорада Райымбек бірінші қыстауындағыдай, екі қыстаудың үй-жайы да, қоралары да ұқсас. Шамасы туыстас адамдар бір-біріне көмектесіп үй-жайларында ұқсас жасады ма деген ой туғызады. Зерттелген басқа қыстаулар Торайғыр тауының етегіндегі өзенкшелердің тауға тірелген тақалмасында немесе өзенкшелердің таудан шыға беріс аузында жасалған. Басқа да зерттелген бос қыстаудың құрылыс жүйелерінің барлығы дөңгелек киіз үйдің түріне ұқсас. Тек көлемдерінің үлкен-кішілігіндегі ғана айырмашылықтар болмаса барлығы дерліктей бірін-бірі қайталайды. Тұрғын жайдың бет алдында кішкене төбешіктің үстінде тарихи тұрғындардың бейіті (11 сур.) орналасқан. Бейіттің сыртқы түріне қарағанда үш түрлі. Біріншісі үйсін кезеңіне жатса, екіншісі төрт бұрышты үсті сатылап жасалған. Мұндай мүрделерді қазақтар XIX ғ. сала бастаған. Ал үшінші түрі мүрденің үстіне тастан оба тұрғызу бұл шамасы ертеректегі (XVII–XVIII ғғ)

қазақтардың молалары болуға тиіс. Сонымен қатар бұл бейіттің ішінде сыртын темірмен қоршаған соңғы кездегі қазақтардың да молалары кездеседі. Сонда бір жерге салынған бейіттің сыртқы көріністерінің өзінен-ақ Торайғыр тауының ежелгі үйсіндерден, соңғы кездегі үйсіндерге дейін қазақ халқының тұрақты мекендеген жерлері екендігін байқау қиын емес. Он үшінші тұрғын жай алдыңғы екі жайдың оңтүстік батыс жағында елу метрдей жерге салынған. Жанында біздің ғасырымыздың 30-40 ж. салынған қыстаудың орны сақталған. Бұл тұрғын жайдың иесі жер шаруашылығымен басым айналысты ма деген ой туғызады. Ондай ойға итермелейтін мына дәлелдер. Торайғыр тауынан екі жерден бастау шығарылып олардың суын жинайтын то-спалар (плотина) жасалған. Ал тоспаның суы арнайы егін салатын жерге арық қазылып тартылған. Мұның өзі қазақтардың қыстау маңындағы жер шаруашылығымен айналысқанына, артық дәлелді келтіруді қажет етпейтін айғақ болмақ.

Бұл жердегі тұрақты мекен жайлардың құрылыс жүйелері онша күрделі жасалмаған (18 кесте). Шошала тәрізді жасалған бөлмелердің өзі бір қатар тастан қаланған қабырғаларының негіздерінің сақталуының өзі соны көрсетеді. Қабырғалары жер беті тегістеліп бірден қаланған. Үйлердің іші-сыртынан басқа салынған ешбір құрылыс жүйелері байқалмайды.

Бұғыты тауының баурайындағы тұрақты мекен жайлар. Бұғыты тауы Іле Алатауының теріскей жағында, Іле ойысын оңтүстік жағында екіге бөліп жатқан тау массиві (ҚСЭ, 12 т., 359 б.). Қазіргі кезде Бұғыты тауы Алматы облысының Шелек, Ұйғыр аудандарының аралығын бөліп жатқан табиғи шекарасы. Бұғыты тауының батыс жағы Шелек ауданына қараса, ал шығыс жағы Ұйғыр ауданына қарайды. Таудың екі жағынан шығатын сай-салалар мен өзенкшелердің іші, ертеден қазақтардың қыстап мекен жай салған тұрақты жерлері болған. Бос жерден қыстаулардың жобаларын алып, тұрақты үй-жайлардың салынуының құрылыс жүйелеріне көңіл бөлдік. Олардың ішінде ерекше көңіл бөлетін тұрақты үй-жайлардың орындары Қызылауыз сайының ішіндегі бірінші қыстау (19 кесте) Қыстау Көкпек ауылының терістік жағында 10 км жерде. Бұл жерде үш үйдің тұрақты мекен- жайларының жұрты байқалады. Қыстаудың құрылыс жүйесіне қарағанда бір атадан тараған екі жанұя тұрған сияқты. Үш бөлмелі екі тұрғын үй өзенің оң жағына салынса, ал олардың қора-жайы өзенің екінші жағындатұрғын үйлердің бет алдына (қарсысына) салынған. Басқа жерде көп кездесе бермейтін бір жағдай киіз үйдің түріне ұқсас шошаланың екі жағынан төртбұрышты екі бөлменің салынуы бұл қыстауда бірінші рет





кездесіп отыр. Сыртқа кіріп шығатын есікте шошала тәріздес бөлмеден салынған. Ортаңғы бөлменің көлемі алты қанатты киіз үйдің аумағына ұқсас болса, ал оның екі жағындағы бөлмелердің көлемі 4,50х3,70м; 4,20х3,30 м. Екінші үйдің құрылыс жобасы төртбұрышты бір-бірімен байланыстырылып жасалған үш бөлмеден тұрады. Есігінің алдына тас төселген. Бөлмелердің көлемдері әртүрлі: 1) 3,70х3м; 2) 3,10х3м; 3) 3,50х3м. Екі жанұяның қора-жайы бір-бірімен байланыстырылып жасалған. Қоралардың да үлкен кішілігіне, құрылыс жүйесіне қарағанда шошала тәріздес салынғанекі қора жаңа бөлінген жас жанұяның қорасы болған тәрізді. Ал, беті ашық қораның түпкі жағындағы екі бөліктен тұратын кең қора, үлкен (ата) жанұясының қора-жайы болған сияқты. Екі қораның бірі мініс ат тұратын қорасы болса, бірі жас малға арналған күркеге ұқсайды. Құрылыс материалдары қарапайым тас. Тек үлкен үйдің шошаласының қабырғалары өңделген төртбұрышты 3х3х5см тастан қаланған. Құрылыс жұртының сақталған биіктіктері 40см – 1м. дейін. Қыстаудың оңтүстік батыс жағында бастау, оның суын жинайтын тастан жасалған үлкен тоспасы (плотина) бар. Тоспаның қырқа жағын ойып жер табаны сай жағымен тегістеліп, одан кейін екі қатар таспен қаланып қырқа жағымен теңелгенше биіктелген. Тоспаның құрылыс жүйесі М–Н кесіндісінде жақсы байқалады.

Қызылауыз бірінші қыстауының оң жағында, Қызылауыз екіншіқыстауы біржарым шақырым жерде. Бұл қыстауда ауқатты бір бай тұрды ма деп ойлайсыз. Қатарынан салынған төрт шағын-шағын қора жеке-жеке екі бөлме, ал қыстаудың шығыс жағында және бір шағын-шағын жасалған екі қорасы бар, бір бөлмелі қыстау орналасқан. Қызылауыз бірінші қыстауының солтүстік жағында 500м қашықтықта Қызылауыз үшінші қыстауы орналасқан. Бұл жердегі тұрғын жайлардың үй қора-жайлары тіпті жұпыны. Үйі жанұяның үй-жайларының құрылыс жүйелерінің жұрттары байқалады. Тұрғын бөлмелердің өзіне тән бір ерекшеліктері қабырғаларының артқы жағы және ортадағысы соқпа таммен тұрғызылған. Бұғыты тауыныңсолтүстік батыс жағында барлау жұмысын жүргіздік. Жұмыс кезінде Қызылауыз қыстауынан 25 км қашықтықта және оннан аса қыстаудың жобасы алынды.

Бұғыты төртінші, бесінші қыстаулары. Төртінші қыстауда бір-бірімен жалғастырылып жасалған бес құрылыс жүйесінің орны сақталған. Бірақ та олардың дәл нақты көлемдерін алу мүмкін емес. Қыстаудың айналасы іші-сыртына шеңгел шығып кеткен. Мұның өзі қыстаудың белгісіз ерте кезден-ақ адам өмір сүрмегендігін байқатады. Бесінші қыстау таудың

ішіндегі бір сайдың күңгей жағына салынған. Мұнда бар жоғы екі ұзыншақ келген бұзылған қораның орны болса, ал үй-жайдың жұрты байқалмайды. Шамасы киіз үймен отырған ба деп ойлайсың.

Сонымен Бұғыты, Сартау, Торыайғыр, Бартоғай жеріне жүргізілген археологиялық зерттеу жұмысының кезінде зерттелген қыстаулардағы тұрғынүй-жайлардың орындарына қысқаша қорытынды жасайтын болсақ мынандай тұжырымға келуге болады.

Біріншіден, тұрғын жайлардың құрылыс жүйелері киіз үйдің түріне сәйкестендіріп жасалған. Екіншіден, құрылыс материалдары ретінде жергілікті тасты пайдаланған. Тасқа өңдеу жүргізу талпынысы байқалады. Үшіншіден, құрылыс жүйелерінің жобаларынан тарихи тұрғындардың, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын бірден байқауға болады.

Қапал уезіндегі елді-мекендер

Малайсары тауының бөктеріндегі қыстаулардағы тұрақ жайлар. Малайсары тауы Жоңғар Алатауының батыс жағындағы сілімдер болып табылады. Ол, Алматы облысындағы шығыстан батысқа қарай 100 шақырым шамасында созылып жатқан тау массиві. Таудан шыққан сай-салалары Іле өзеніне қарай құйылады. Таудың ені батысында10 шақырым болса, шығысында 30 шақырым дейін барады (ҚСЭ, 7 т., 416 б.).Батырдың аты жоңғарларға қарсы күресте Бөгенбай(ҚССР ҒА-ның Орталық ғылыми кітапханасы..., 326), Олжабай (ҚССР ҒА-ның Орталық ғылыми кітапханасы..., 1171) сияқты т.б. қазақ батырларымен бірге күрес жүргізгендері үшін, ел ішінде аңыз болып тараған. Ш.Уәлихановтың деректеріне қарағанда, Абылайхан, қалмақ ханы Галданның қолына түсіп тұтқын болған кезінде, Абылайлап үш жүздің ішінде қандай атақты батырыңды айтар едің деп сұрағанда хан Бәсентин руынан Малайсарыны айтқан екен дейді (Валиханов, Т.1, 1961, 222 б.). Міне, сол Малайсары батыр, қазіргі өзінің атымен аталып жүрген таудан жоңғарларды шығысқа қарай тықсыртып айдап шықса керек (Қазақ әдебиетінің тарихы, 1961, 308 б.). Сол үшін де халықтың оған жасағанқұрметті белгісі есебінде тау аты мәңгі қалып тұр.

Аталған таудың жер жағдайы қысқы жайылымға өте қолайлы. Тау онша биік емес, қыратты, жота-жота болып бір-бірімен жалғасып жатқан тау массиві. Жоталары жадағай сай-салалы болып келеді. Жотаның беткейлері тобылғы, ырғай, алабота, ақтаспа, шеңгел, қараған сияқты бұталы өсімдікке бай. Бұл өсімдіктіңбасын мал жей береді. Ал қыста

тұрғындардың отқа жағуына өте пайдалы. Ал тау басы, сай-саласы, бөктерлері әсіресе малға пайдалы саркүйік шөпке өте бай.

Сондықтан да Малайсары тауының бөктерлері халқымыздың қыс- қыстайтын тұрақ жайы болған. Таудың батыс жағындағы сілемдері Ілеге келіп тіреледі. Іле бойындағы иірімді жерлердегі тұрақ жайлардың тұрғындары мен тау бөктеріндегі тұрақ жайлардың иелері бір-бірімен тікелей байланысты болған.

Малайсары тауының күнгейлі бөктерінен 12 жерден қыстаудағы тұрақ жайлардың орны зерттелді. Онда 25 үйдің, яғни жанұяның мекен жайы салынған. Олардың ішінде бір бөлмелі үйі бар жанұялар саны он. Ал төрт немесе бес бөлмелі үйі бар жанұялар кездеспейді. Қоралардың көпшілігі дөңгелек және жерден қазылып жасалған. Олардың төбелері екі жерден тіреу қойылып оның үстінен белағаш жатқызылып итарқа түрінде жабылған тәрізді. Ал кейбір қоралардың төбесінің алды ашық, жартылай лапас ретінде жабылған. Малайсары бесінші қыстауындағы тұрақ жайлардың құрылыс жүйелеріне қарағанда (20 кесте) тұрғын үйлер соқпа там әдісімен жасалған. Қора, күрке сияқты малға қажетті паналар жерден қазылып жасалған жеркепелер. Біздің хабаршымыз Алматы облысы, Балқаш ауданы, Қарағаш совхозының тұрғыны 71 жастағы жалайыр руының балғалы тарауынан Шүйіншалиев Қайыптың айтуына қарағанда үй салудың мұндай тәсілі кең тараған. Мен өзім де бала кезімде үй салудың ондай тәсілін көргенмін.

Жетісу қазақтарының арасында үй салудың бұл тәсілі қай кездерде басталғандығы белгісіз, жазба деректерде кездеспейді. Ал Малайсары тауының бөктерінде алғаш рет кездесіп отыр. Ал мен білетін бұл тәсіл Алматы облысының шығысында ұйғырлар тұратын жерде кең тараған. Егер біз ұйғыр халқы қазақ жеріне ХІХ ғ. 80-ж. келе бастағанын білсек (Баратова, 1988, 1–2 бб.), ал соқпа немесе құйма әдісімен олардың үй тұрғызу тәсілдерін этнографиялық зерттеулерден толық байқауға болады (Зульяров, 1994, 14 б.).

Бірақ та, егер ұйғырлар Жетісудың шығысынан ХІХ ғ. 80–ж. келе бастаса, бұл кезде Бақанас ауданының жеріне жеткен жоқ. Сондықтан дасоқпа там әдісімен тұрақ жай салу қазақ халқының өз тәсілі ме? деген ой туғызады. Бізді мұндай ойға итермелейтін екінші бір дәлел, Оңтүстік Қазақстан жерінде Сырдарияның орта ағысы бойында Сауран қаласының аймағында жүргізілген зерттеу жұмысымыздың кезінде кездестірген едік (Жолдасбаев, 1976, 47 б.).

Дегенмен Малайсары жеріндегі тұрақ жайлардың көпшілігі тастан салынған. Олардың салыну құрылыс жүйелері бірін-бірі көпшілік жағдайда қайталай береді. Бір-біріне ұқсас. Сондықтан да біз тек екі бөлмелі бір үйдің, үш бөлмелі үйлердің салыну құрылыс жүйелеріне біраз тоқталып өтелік.

Малайсары 7-ші (21 кесте), екі бөлмелі үй. Үйдің оңтүстік шығыс жағындағы бірінші бөлменің бұрышын су орып кеткен. Ол жағынан сай өтеді. Нөсер жауын жауғанда сел жүріп құлатып қабырғаның қалаған тасына дейін ағызып кеткен. Екінші бөлменің бет алдында тастан жасалған дөңгелек бөлменің де алдын су орып кеткен. Бұл бөлменің нақты қандай қызмет атқарғаны белгісіз. Қазба жұмысының кезінде ортасынан жаққан оттың орны байқалды. Ал бөлменің оң жақ іргесінде атқа немесе малға шөп салатын ақырдың орны табылды. Мал қора дейін десең, ортасына от жакқан, адам тұрған деп ойласаң ақырдың орны бар. Сондықтан да бұл бөлменің қызметі құпия күйінде қалып отыр. Бірақ суық күндері жас төлдерді кіргізіп от жағылуы да мүмкін. Бөлменің тастан қалаған қабырғасы өте әдемі, көз тартарлықтай, сақталған биіктігі 60-70 см, кендігі 65-70 см. Үйдің көлемі 8 қанат киіз үйдің аумағындай. Екі бөлмелі үйге жүргізілген қазба жұмысы, бөлмелердің ішіндегі шаруаға қажетті құрылыс жүйелерін айқындады. Бірінші түнгі бөлмеде кіре беріс жерде аяқ киім қалдыратын төртбұрышты 170х130см ойық жасалған, оның оң жағында бұрышта ошақтүтін шығатын мұржасы жасалған. Сол ошақ жақтағы бұрыштан 1,50м қашықтықта еденнен 70 см биіктікте шырақ қоятын ойық жасалған. Ойықты қабырғаны тұрғызып келе жатқанда жалпақ тастардан арнайы жасап қалдырған (12сур.) Бұл жақтағы сақталған қабырғаның биіктігі 1,50 м. Бөлменің едені жері тегістеліп лай қабаты жүргізіліп, мұқият сыланған. Еденнің үстінің қаттылығы сондай, оның үстіне кейін түскен топырақ қабаты оңай алынады. Бөлменің көлемі 4,40х3,80 м. Ауызғы немесе екінші бөлменің ішінде ешбір құрылыс жүйелері байқалмайды. Бөлменің солтүстік жағындағы қабырғадағы есік пен қора жаққа шығуға болса, ал шығыс жағындағы қабырғадан жасалған есіктен, сырттан үйге кіруге болады. Қораның солтүстік-батыс жағындағы қабырғасы сыртқы жағы қырқаға тіреп жасалғандықтан оны ойып жер табанынан бір қатар таспен қалап шыққан. Ал солтүстік жағындағы қабырғасы дөңгелек бөлмеге дейін, керек болса оның артынан өткізе барып екі қатар таспен қаланған. Сақталған биіктіктері 60–70 см. Қораның батыс жағындағы қабырғада екі жерде тастан жасалған ақыры бар.





Тұрақ жайға жүргізілген зерттеу жұмысының кезінде, өз кезінде пайдаланған қажетті заттардың, түрлі бұйымдардың сынықтары көп табылды. Олар туралы кейіннен сөз болады. Және бір ескеретін жағдай, үйдің бет алдындағы су орып кеткен жардан тарихи тұрғындардың төккен күл-көмір, тастаған түрлі қоқыр-соқыр қажетсіз заттардан пайда болған 70–80 см қалыңдықтағы мәдени қабаты бірден анық көрінеді (22 кесте). Сондықтан да бұл мекен жайда өмір отының ғасырдан астам уақыт жанғандығын байқатады.

Малайсары 10. Қыстау Малайсары тауының солтүстік-шығыс жағында бір шағын өзектің орта шеніне орналасқан (23-кесте). Мұнда екі тұрақжайдың орны бар. Әрбір жайда үш бөлмеден. Екі үйдің арасынан қора жасалған. Шамасы туыстас адамдар болуы мүмкін. Өйткені басқа жерде жеке салынған қораның орны байқалмайды. Тек бірінші үш бөлмелі үйдің «а» бөлмесінің артқы жағынан жалғастырып жасаған ұзыншақ тарлау келген қырқа жағы тегістеліп жеркепе тәрізді жасалған бір құрылыстың орны бар. Оның қандайс шаруаға қажетті болғандығы белгісіз. Ал, екі үйдің арасындағы қораның екінші үш бөлмелі үй жағындағы «г» бөлмесінің артқы жағындағы қораның төбесі жабық болған тәрізді. Жалпы қораның түп жағы жартылай лапас етіліп жабылған «в» бөлме мен қораның арасындағы бұрышта тастан атқашөп салатын ақыр жасалған. Екі тұрақ жайдың бөлмелері бір-бірімен ішкі жағындағы есіктермен байланысқан. Екі үйдің де «в», «ж» бір-бір бөлмелері шошала тәрізді киіз үйдің түріне ұқсас. Екеуі де қырға тақап салынғандықтан, сол қыр жағынан ойып жер табанға дейін тегістеліп қабырғасы тастан қаланып шыққан. Ол «ВГ», «СД» кесінділерінен анық көрінеді. Бөлмелердің дәл ортасында еденді шұңқырлап жасаған беті ашық ошақтары бар. Екі үйдің «а», «г» бөлмелері негізгі адам тұратын бөлмелер. Екеуінің тамақ жасайтын ошақтары ауызғы «б», «д» бөлмелерден кірген жерде оң жақтағы бұрышқа салынған.

Негізгі бөлмеге кіретін есіктен кіреберіс жері және ошақтың алды бөлменің басқа жерінің едендерінен 20-30 см төмен. Ауызғы бөлмелерде ешбір құрылыс жүйелері байқалмайды. Тұрақ жайдың құрылысына тек қарапайым тасты пайдаланған.

Қыстаудың тұрған жері өте қолайлы. Жан-жағынан қандай боранды жауын-шашын болса да ешбір самал соғып жел тимейді. Айналасы тау жоталарымен қыраттармен қоршалған. Бұл жағдай тұрғындардың жаудан қорғану жағын да ойластырған сияқты. Дәл осындай қыстаудың тұрақ жайы Малайсары 6 қыстауында қайталанады (24 кесте). Мұндағы бір ерекшелік үш бөлмелі екі үйдің

солтүстік-шығыс жағында бір бөлмелі үй бар. Оның жеке арнайы салған қорасы жоқ. Есігінің алдында лапас жабылған алды ашық арасы үш жерден бөлінген ауласы бар. Бұл үйдің иесі алдыңғы үш бөлмелі екі үйдің жұмыскері болды ма, жоқ әлде жеке жанұя болып бөліп қойған баласы ма? - деген ой туғызады.

Сонымен Малайсары жеріндегі қыстаулардағы тұрақ жайлардың құрылыс жүйелерінің Торыайғыр, Бұғыты, Аңырақай, Хантау қыстауларындағы тұрақ жайларға қарағанда өздеріне тән ерекшеліктері бар. Ол біріншіден, тұрақ жайлардың төртбұрышты болып келуі басым. Екіншіден, қораларының шошала тәрізді жасалуы немесе жеркепелер болуы. Үшіншіден, соқпа там тәсілімен тұрақ жай салудың болуы. Алайда барлық жағдайда тұрақ жайлардың құрылыс материалдарына негізінен қарапайым тасты пайдаланған. Төртінші бір ерекшелік, мұндағы қазақтардың тұрақ жайларының екі немесе үш бөлмелі үйлері көп жағдайда қоржын тәрізді жасалуы. Ондай қоржын тәрізді үйлер еліміздің басқа жерлерінде де белгілі. Ал, біз жоғарыда келтірген үш бөлмелі үйлердің екі бөлмесі қатар салынса, үшінші бөлме екінші бөлменің оң жақ жанынан салынған, сондай үйдің құрылысы Г тәрізді түрі де кездеседі. Мұныңөзі де жергілікті бір ерекшелік сияқты.

Шолақжиде қыстауларындағы тұрақ жайлар. Шолақжиде сайы қазіргі Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданының жерінде (Востров, 1961, 194 б.) Сай Алтынемел тауының Іле жағындағы сілемінен шығады. Шолақ өзені өзінің басын Шолақтаудан алады. Бұл тау да Алтынемел тауының жалғасы. Өзен немесе Шолақ сай Оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа Қапшағайға қарай созылып жатыр. Ұзындығы 25 шақырым. Су орып кеткен, қазіргі кезде сусыз жатқан өзеннің Қапшағайға шыға берістегі арнасына қарағанда, қар қалың, жаңбыры мен суы Ілеге (Қапшағайға) дейін құятындығы байқалады. Міне осы сайдың жан-жағынан келіп, құятын сай-салаалардың іші толған қыстаулардың орындары.

Сонымен Шолақжиде жерінен 50 астам қыстаулардың орындарын тауып, оның 16 қыстауындағы тұрақ жайларға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қыстаулардағы тұрақ жайлардағы бөлмелердің орналасуы, құрылыс жүйелері әр түрлі. Тұрақ жайлардың орналасуы жағынан мына төмендегі түрге бөлуге болады. Бір-біріне жақын орналасқан үш үйден тұратын төрт қыстау, төрт үйден бір жерге жақын орналасқан екі қыстау, екі үйден үш қыстау, бір үйден бес қыстау, бес үйден бір қыстау, алты үйден тұратын бір қыстау бар. Ал тұрақ жайлардағы бөлмелердің саны жағынан да әр түрлі. Шолақжиде 1 қыстауындағы (25 кесте) екі үй-жай төрт бөлмелі болып келсе, бір бөлмесі шо-

шала тәрізді жасалған. Ол бөлмелердің оң жағында салынған. Бөлмелер бір-біріне қатар-қатар жалғасып қоржынүй тәрізді жасалған. Ортасындағы дәлізі арқылы екі (25 кесте, 1 үй) жағындағы бөлмелерге қатынас жасаған. Осы бірінші үйдің дәлізінің артқы жағындағы қабырғасынан екінші есік арқылы үйдің артынан жалғастырып жасалған қораға шығатын болған. Бұл бөлме азық-түлік қоятын бөлме тәрізді. Мұсабек қыстауындағы бес бөлмелі үйдің сырттан кіріп шығатын есігі үш жерден жасалған (26 кесте, 1 үй) Екі есік оң жағына салынған шошалаға кіретін дәліздің екі жағынан жасалса, ал біреуі үйдің сол жағындағы екінші бөлменің алдыңғы жағындағы қабырғасынан жасалған. Үш бөлмелі үйлердегі ортадағы бөлме дәліздің қызметін атқарып, көпшілік жағдайда сыртпен қатынас жасайтын есік осы бөлмеден жасалады. Бөлмелердегі құрылыс жүйелерінің көпшілігі кіре беріс есіктің оң жағына салынған ошақтары, құрылыс материалдары жалпақ тастан жасалған. Түтін шығаратын мұржалары ошақ тұрған бұрыштағы екі қабырғаның түйіскен бойымен бөлменің төбесі арқылы сыртқа шығарылған. Бесінші бөлменің көлеміне қарағанда (4,50x1,20м) азық-түлік сақтайтын бөлме болған.

Шолақжиде қыстауларының ішіндегі аса бір көңіл бөлетін қыстау және оның тұрақ жайлары, ол Тоғанбайдың қыстауы (27 кесте). Қыстау Мұсабек қыстауының батыс жағында. Екі қыстаудың арасын солтүстік-шығыстан, оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан бір қырат бөліп жатыр. Бұл жерде үш бөлмелі бір үй, екі бөлмелі екінші және шошала тәрізді үшінші үй орналасқан. Қыстау Мұсабек қыстауынан бөліп жатқан қырқаның күнгей жеріндегі кішкене жазыққа салынған. Үш бөлмелі үй-жайдың керегелері, қора жайлары жақсы сақталған (13 сур.). Үш бөлмелі үйдің бір бөлмесі шошала, ортада дәліз арқылы сыртқа және үшінші бөлмеге қатынас жасаған. Шошаланың ортасында ошақ, жерді аздап қазан шұңқыр етіп қазған. Осы ошақтың жанында шошаланың төбесін көтеріп тұрған діңгектің орны бар. Шошаланың сол жағында дәлізге шығатын есікке 70 см жерде екі бөліктен тұратын тастан қалап жасалған шұңқыр бар. Басқа құрылыс жүйесі байқалмайды. Суретте шошаланың сыртқы көрінісі жақсы көрінеді (14 сур.) Дәліздің екінші жағында төртбұрышты (4,70x4,50 м) үшінші бөлме бар, оның сақталған қабырғаларының биіктіктері 1,30x1,40м. Қабырғаға қаланған тастарына жөндеу жүргізілген. Керегелері жақсы сақталған. Бөлменің ішінде екі жерден ошақтың орны тазаланды. Біріншісі дәлізден кірген жерде оң жақта бөлменің бұрышында болса екінші ошақ бөлменің есіктен кірген жерінде сол жақ бұрышта. Екеуінің де мұржасы ошақ тұрған бұрышта

қабырғаның бойымен төбеден сыртқа шығады. Оң жақтағы бұрышта ошақтың алдында салынған және бір құрылыстың жүйесі бар (15 сур.). Бірақ та оның қандай қызмет атқарғаны белгісіз. Ошақтың жанына салынғанына қарағанда ас дайындауға қажетті ыдыс-аяқ қоятын орын болды ма деген ой туады. Сонымен қатар бөлменің ішіндегі екі ошақтың жасалуы да түсініксіз. Оң жақтағы бұрышта ошақтың үстіңгі жағында қабырғада үш жерде ойық жасалған (16 сур.), екеуі кішілеу келген шығыс жағындағы қабырғада, үшіншісі оңтүстік жағындағы қабырғада ошақтан 1,30м биіктікте. Ойықтың кеңдігі 40 см, биіктігі 25 см, ұзындығы 70 см. Ыдыс-аяқ қоятын орын болуы мүмкін. Дәліздің көлемі 4,70x1,80 м, төр жағында шұңқырлығы 70-80 см, кеңдігі 60 см ұра, түбінде сақтаған ақсары тарының қалдығы. Тарының тек қауызы ғана сақталған, ал ішіндегі дәні шіріп кеткен. Осы ұраның жанынан дәліздің сыртқы қабырғасынан екінші тар есіктен үйдің артынан салынған жерден қазылған ұзыншақ бөлмеге кіруге болады. Бұл бөлме шаруаға қажетті азық-түлік сақтайтын бөлме сияқты.

Тоғанбай қыстауындағы керегелері жақсы сақталған тұрақ жайдың төбесі біздің байқауымызша былай жабылған сияқты. Бірінші шошала тәрізді бөлменің төбесі ортасындағы ошақтың жанындағы діңгектің сақталған орнына қарағанда күмбез (купола) тәріздес жабылған. Ғылыми зерттеулерге қарағанда, Шығыс Қазақстандағы мұндай үйлердің төбесі жақын-жақын төрт жерден қойылған діңгектің үстінен оларды өзара бір-бірімен байланыстырып жасаған 53 түрі болса кейбір жерлерде шаңғарақ та қойылған. Этнолог Баскаковтың зерттеуіне қарағанда Іле бойындағы шошалалардың төбесі де төрт діңгектің үстіңгі жағы бір-бірімен байланыстырылып төбесі күмбез тәрізді жабылатын болған (Харузин, 1896, 54–55 бб.). Бұл материалдарға қарағанда шошала тәрізді бөлмелердің төбелерінің жабылуы ұқсас. Шошаланың төбесінің күмбез тәрізді жабылуының өзі қола дәуірінен бастап белгілі болып келе жатқандығын жеріміздегі ежелгі тұрғындардың мекен жайларынан да көруге болады (Баскаков, 1971, 112 б.).

Шошаланың төбесінің күмбездегі немесе сүйірлей жабылуы қола дәуірінен бері мыңдаған жылдар бойы онша өзгеріске түспеген. Алайда қола дәуірінің кезінде шошаланы салғанда айландыра қадалар қағылып, ол тал бұтақтармен тоқылып шығарылады. Біз зерттеп отырған кезімізде қазақтардың тұрақ жайындағы шошалалардың құрылыс материалдары қарапайым тас. Соңғы кездегі зерттеулерге қарағанда қазақтарда тастан салған тұрақ жайлардың Қазақстанның батысында Үстіртте, солтүстікте Көкшетау аймағында, ал





шығыста Семей, Өскемен, Қарқаралы жерлерінде аздап кездеседі (Муканов, 1995, 134 б.). Біздің зерттеген Оңтүстік, Орталық Қазақстан, Жетісу жерлерінде қазақ қыстауларындағы тұрақ жайлардың барлығы дерліктей тастан салынған. Әсіресе, Жетісу жеріндегі қыстаулардағы тұрақ жайлар негізінен тастан тұрғызылған. Тоғанбай қыстауындағы екі бөлмелі екінші үйдің тұрақ жайлары да тастан қаланған (27 кесте, 2 үй-жай). Бұл үйдің ауыз бөлмесі шошала сияқты жасалған. Осы үйдің артқы жағынан шошала тұрғызылған. Оның есігі жеке шығарылған. Үш үйдің әрқайсысының қора-жайлары өз алдына жеке-жеке салынған.

Батырбектің қыстауы. Бұл қыстауда үй-жайы, қоралары өз алдына жеке-жеке салынған төрт тұрақ жайдың орны бар. Қоралардың қабырғалары бір-бірімен байланыстырып жасалғанына қарағанда, бір атаның ұрпақтары ма деген ой туады. Тұрақ жайдың құрылыс жүйелеріне қарағанда, екі бөлмелі екі үй, үш бөлмелі бір үй, бір бөлмелі бір үй. Бұл бөлменің қораның ішіне салынғандығына қарағанда төбесі жабық ат қора болды ма деген ой туады. Үй жайлар бір-бірінен қашық салынған. Үш бөлмелі үйдің қорасы басқа үйлердің қорасына қарағанда екі-үш есе үлкен. Есігінің алдында екі жерде құдықтың орны бар. Өз кезінде суды сол құдықтан алған болу керек. Басқа үйлердің тұрғындары да осы құдықтардан су алған сияқты, оған дәлел басқа жерде не бастау не су алатын жері байқалмайды. Бұл тұрғын жайлардың иелерінің туыстас адамдар екендігін дәлелдейтін қоралардың бір-бірімен қатынас жасайтын есіктерінің болуы.

Шолақжиде 6-қыстауы (28 кесте). Қыстау Шолақжиде сайына оңтүстік-шығыс жағынан келіп құятын бір сайдың шыға беріс аузына орналасқан, қыстаудың тұрған жерінің іші жан-жағынан жартаспен қоршалған. Тарихи алынбас бір қамал сияқты. Жартастың үстіне шығып суретін түсіргенде қыстаудың ортасындағы қорасы және тұрғын үйлердің қабырғалары толық байқалады (17сур.). Қыстауда үш үйдің тұрақ жайлары салынған. «Б» әрпімен таңбаланған үш бөлмелі бір үй, екі қорасы бар «в» әрпімен белгіленген екі бөлмелі, екі қорасы бар бір үй, «а» әрпімен таңбаланған бір бөлмелі екі қорасы бар бір үй. Соңғы бір бөлмелі үй шошала сияқты салынған (28кесте, «а»). «А» әрпімен таңбаланған шошаланың есігі, үш бөлмелі үйдің есігі шыққан жақтан жеке жасалған. Қорасының аузы бөлменің артқы жағында. Қоралары да дөңгелек шошала тәрізді бір-бірімен қатар. Түпкі қора кішілеу, шамасы төбесі жабық болған. «Б» әрпімен белгіленген үш бөлмелі үйдің, бөлмелері тік төртбұрышты. Бөлмелер қоржын үй тәрізді қатар

салынған. Ортадағы дәлізі екі жағындағы бөлмелерге қарағанда шағындау. Сырттан кіретін есігі осы дәліз арқылы кіреді. Дәліз арқылы екі жағындағы бөлмеге кіретін есіктер бір-біріне қарама-қарсы жасалған. Дәліздің сол жағындағы бөлме, бөлмелердің ішіндегі ең үлкені (4,90х4м.). Есіктен кіре берісте оң жағында бұрышта ошақ салынған. Мұржасы сол бұрыштан шығарылған. Оң жақтағы қабырғада екі жерде ойық жасалған. Біреуі шығыс жағындағы бұрышқа жақын орналасса, екіншісі ошақ жақтағы бұрышқа жақын орналасқан. Екеуінің де көлемдері бірдей 50х30 см. Ал, сол жақтағы керегенің орта шеніндегі терезе жасалған, кеңдігі 90 см. Биіктігі белгісіз, қабырғаның сақталған биіктігі 1,20 м, қалыңдығы 60 см. Бұл үйдің бірі ұзын келген қорасы, бір сүйірлеу шошала тәрізді салынған күркесі бар. Ал тұрғын үйдің шығыс жағындағы қабырғасының бойымен бойлап ұзындығы 4 м тастан қалап ақыр жасаған. Мініс және жұмыс аттарының тұрағы болған. Тұрғын үй-жайдың қора-қопсылардың салынуының мұқияттылығына, құрылыс жүйелерінің үлкендігіне қарағанда бұл үйдің тұрғындары аukatты адамдар болған сияқты. «В» әрпімен таңбаланған екі бөлмелі үй, бұл жердегі мекен жайдың шығыс жағына орналасқан бөлмелерінің қабырғалары тік төртбұрышқа жатпайды бірі ұзындау болса, бір жағы қысқалау. Дәліздің керегелері де сондай жасалған. Қоралары «б» әрпімен таңбаланған үйдің ұзын қорасының керегесіне сыртқы жағынан байланыстырылып жасалған. Құрылыс жүйесі сүйірлеу, біреуінің ұзындығы 10–12 м болса, екіншісі 7–8 м. Екеуінің аузы да бөлек. Шамасы барлық қоралардың ауыздары бөлек-бөлек жасалғандығына қарағанда малдың түрлері жеке-жеке қораланған.

Шолақжиде 10-11 қыстаулары (29–30кесте) алдыңғы жазылған Шолақжиде 6 қыстауы тұрған сайдың жоғарғы жағында (оңтүстік жағы) бір жарым шақырымдай жерде орналасқан. Ал Шолақжиде 11 қыстауы, Шолақжиде 10 қыстауынан жоғары 500–600 м жерде сайдың тауға тірелетін жағына салынған. Бұл қыстаулардың бір-біріне ұқсастықтары тұрғын бөлмелердің және қора жайларының шошала тәрізді жасалуы. Әсіресе 10–шы қыстаудағы тұрақ жайлар, қора-күркесі де шошала тәрізді салынған. Құрылыс жүйесіне қарағанда 1–2 шошала тұрғын бөлмелер. Оған дәлел бірінші шошаланың сол жағында ойық жасалған. Қатар тұрған 1–2 шошалалардың жеке-жеке жасалған есіктері бар. Екеуінің көлемдері бірдей, шамасы 6 қанат киіз үйдің кеңдігіндей. Үшінші шошала басқа шошаладан үлкен, шамасы 10 қанатты киіз үйдің көлеміндей, ал оның шығыс жағында кішкене шошаланың көлемі төрт қанатты киіз үйдің көлеміндей. Жас төл қамайтын күрке болуы ықтимал.

Төрт шошала да бір-бірімен байланыстырылып алды-артынан тастан қаланған дуалмен қоршалған (29кесте). Аулаға 1,3 шошаланың арасында қалдырылған есіктен кіреді. Сонда тұрақ жайдың ауласы барлық жағынан қоршалған, ешбір жағынан жел тимейді. Он бірінші қыстаудағы тұрақ жайларда бір-біріне жалғастырылып жасалған (30кесте) Бұл қыстаудағы тұрақ-жайлардың құрылыс жүйесіне қарағанда үш жанұя тұрған. Мұндағы тұрғындардың да қоралары да онша үлкен емес шағын-шағын жасалған. Қора-жайлар мен тұрақ жайлардың керегелері бір-бірімен байланысты. Тұрғын бөлмелердің керегелері бір жағынан бөлменің қабырғасының қызметін атқарса, екінші жағынан қораның дуалының қызметін атқарған. Қораның керегелері де керісінше солай жасалған. Екі қыстаудың (10-11) қораларының шағындау болуына қарағанда, тарихи тұрғындардың шаруашылығының орташа болғандығын байқатады. Тұрақ жай салуда да тұрғындардың құрылыс материалдарын мұқияттап бір-бірімен жалғастырып рәсуә етпей құрылыс жүйелерін ықтияттылықпен жүргізулеріне қарағанда мекен жай тұрғындарының ұқыпты адамдар екендігін аңғартады. Қыстаудың оңтүстік-батыс жағындағы бірінші жанұяның тұрақ жайы оңтүстік шығыс жағындағы жартастың үстінен қарағанда мына суреттегідей (18сур.) көрінеді. Сонымен қыстаудағы тұрақ жайлардың архитектуралық құрылыс жүйелеріне қарап, тұрғындардың туыстас адамдар екендігіне ешбір күмән келтіруге болмайды.

Екінші бір қызықты мәселе осы сайдың ішінде Шолақжиде 7 қыстауының батыс жағында 30 м қашықтықта жартаста тұрақ жайдың суреті салынған (31 кесте). Тасқа салынған тұрақ жайдың мұндай суреті бізге бірінші рет кездесіп отырғандықтан, суретті мұқият түсіріп алуға тырыстық. Жоспарда төрт бұрышты төрт бөлме. Төртеуінің де есіктері төрт жағында бір-бірімен қатынаспайды. Шыға беріс жағындағы құрылыс жүйесі бітпеген, шамасы бөлмелердің құрылысы одан ары жалғасатын сияқты. Суретші үйдің жобасын аяқтап үлгермеген тәрізді. Жобада оң жақтағы екі бөлменің алдында аяқталмай қалған шошаланың суреті салынса, ал сол жағында тұрғын бөлменің сырт жағынан бұрышқа шаруаға қажетті шағын күрке тәрізді құрылыс жүйесі салынған. Бір сөзбен айтқанда бұл тасқа салынған сурет үйдің жобасы екендігіне ешбір күмән келтіруге болмайды. Дәл осы сурет салынған жерден екі балғаның басы табылды. Балғаның екі жағында, шүйдесі мен алдыңғы жайы әбден желініп тозғандығы соншалықты сыртына қарай қабыршықтанып майысқан. Бұл сайдың ішіндегі жартастарда соңғы кезге (XVI–XIX ғғ.) жататын суреттер өте көп, мүмкін осы балғамен салынды ма деген ой

туғызады. Бірақ та неге суретші балғаларын тастап кетті? Түсініксіз. Балғаның түріне қарасаңыз екеуі екі түрлі (32 кесте, 8,9) зауыттан құйып жасаған балғаларға немесе қазақ ұсталарының пайдаланып жүрген балғаларына да ұқсамайды (Масанов, 1961, 148 б.). Шамасы ұсталар балғаларды өздері жасады ма деген ой туғызады. Тұрақ жайдың жобасын жартастарға салу, археологиялық зерттеулерге қарағанда біздің жерімізде осы уақытқа дейін белгісіз болып келсе, ал Сібір (Дэвлет, 1982, 26 б.) және қырғыз жерінде (Мартынов, Марьяшев, Абетков, 1992) қола дәуірінің тарихи тұрғындарының тасқа салған суреттерінде кездеседі. Біздің кездестіріп отырған жобамызға онша ұқсамағанмен Сібір жерінен табылған суреттерде бөлмелердің төртбұрышты жасалуына және қора салуға жасалған әрекеттер, үй-жайдың жобасын беруге жасалған ынта-жігердің болғандығын дәлелдейтін сияқты. Дегенмен де, Мартынов, Марьяшев, Абетковтардың көрсетіп отырған үй жобалары, үйдің жобасы деуге онша сенуге болмайды. Төртбұрышты етіп, бірнеше қатар сызылған, торкөз дәптердің беті сияқты ұзындығынан 9 рет, көлденеңінен 5 рет қайталануы, не ауласы, не қора-жайы жоқ тұзу сызықтың бойымен сызылған сызықшаларды, үйдің жобасы деп айту шындыққа жатпайды. Бұл кереге көзді сызықтардың сырын басқа жақтан іздеген жөн.

Теміршінің дүкені (шеберхана, 33 кесте), Шолақжиде сайының Қапшағай су қоймасына шыға беріс аузында солтүстік батыс жағында, кішкене өзектің ішінде. Дүкен екі бөлмеден жасалған. Ауызғы бөлмесінде екі жерде есігі бар. Бір есіктен адамдар кіріп шығу үшін жасалса, екінші есік ұстаның күл-көмір шығарып, отын, руда т.б. заттар кіргізуі үшін пайдаланған. Темір балқытатын ошақ ұстаның екінші бөлмесінің кіре беріс жерінде сол жағындағы бұрышта. Темір қыздыратын ошақ шикі (хам) кірпіштен жасалған. Ошақтың бұрынғы келбетін қалпына келтіру мүмкін емес. Тіпті кірпіштің көлемін толық алу мүмкіндігі болмады. Әбден бүлінген, шамамен кірпіштің көлемі 28х13х6см. Үстіңгі құлаған жерін тазалағанда, ошақтың тастан қаланған 60х65 см негізі кездесті. Ошақтың оң жағында жел үрлейтін көріктің мойны жартылай сақталған. Осы жағында көріктің жел үрлейтін шеті киізілген жері кірпішпен қаланып жасалған, тесіктің астыңғы жағы сақталған. Сол тесіктен кірген жел қаланған тастың үстіне қойылған металды қыздыруға немесе темір рудасын балқытуға көмектеседі. Ал тізілген тастарды алғанда астынан екі жерден жасалған шұңқырлары бар екендігі анықталды. Шамасы ол қорытылған металдың ағып барып жиналатын жері болса керек. Ошақтың алғашқы кезіне келтіре жазу мүмкін емес.





Дегенмен Жетісу аймағында темір ұсталарының өз алдына жеке кәсіп етіп отырған темірші дүкеннің археологиялық жағынан алғаш рет кездесіп отырғаны осы. Сондықтан да халқымыздың ішінде темір ұсталарының өз алдына жеке тіршілік жасауға талпынғандығын байқаймыз. Этнографиялық деректерде Қостанай уезінде жеке темір ұсталарының болғандығы белгілі(Масанов, 1961).Көпшілік жағдайда қазақ ұсталарының көрік ошақтары мұндай тұрақты салынбай олар, көшпелі жағдайға байланысты тез арада құрастырылып, тез арада ажыратылып жәй ошаққа ғана көрікті жалғап жұмыстарын істей берген.

Ал мына теміршінің шеберханасындағы жұмыс қанша уақыт істегендігін айту қиын. Бірақ та темірші дүкенінің аумағындағы темір шлактарыныңүйіндісіне, күл-көмірдің төгіндісіне қарағанда ғасырға жуықөмір болғандығын байқатады. Оның өзінде теміршінің белгілі бір шапқыншылықтыңәсерінен кеткендігін байқау қиын емес. Қора-жайдың түгелдей өртеніп кеткендігі 20-30 см қалыңдықтағы күлдіңкөрінісі оны бірден көрсетіп тұрғандай. Зерттеу жұмысының кезінде жинастырған тұтынубұйымдарының ішінде XVII–XVIII ғғ. қытай шынысының сынығы теміршінің тұрақ жайының қай кезде өмір сүре бастағандығынан шамамен мерзімін болжауға мүмкіндік берсе, ал ұстаның пайдаланған кейбір тұтыну бұйымдары, қоныстың XVIII ғ. орта шамасында қалдырылды ма деген ой туғызады. Анализге берілген шлак пен руданың қорытындысына қарағанда теміршінің темір рудасын балқытқандығы анықталды. (Зертханалық сараптама жасаған Археология институтының ғылыми қызметкері техника ғылымының кандидаты Э.Ф. Кузнецоваға автор рахметін айтады). Ал руданың құрамында темірдің 1,0% басым екендігі дәлелденген. Темірші руданы өзінің мекен жайының батыс жағындағы таудан алған тәрізді. Ал ұста руданы балқытатын отын есебінде өзінің тұрақ жайының айналасындағы баялыштың көмірін пайдаланған. Баялыштың жылу беру қуаттылығының сексеуілден кем түспейтіндігі жайлы біз жоғарыда айтқан едік. Ұста дүкенінің оң жағында жартылай қазылған жер үйдің еденін тазалағанда баялыштың көмірінің үйіндісіне тап болдық, үйдің алды 25–30 шаршы метр жері 30–40 см күлдің үйіндісі. Ол баялыштыөртеп көмір алған жері болу керек. Темір дүкенінің айналасынан гранит тасынан жасалған үш соққының сынығын, (34кесте, 1-3) қолдан жасалған 10 тал шеге т.б. әр түрлі темірден жасалған бұйымдар табылды.

СоныменШолақжиде сайының ішіндегі қыстаулардағы тұрақ жайдың салынуы тікелей қыс айларындағы Жетісу қазақтарының тұрақты мекен жайы болғандығын анықтайды. Мұндағы үйлердің

барлығы дерліктей тастан қаланған. Жеркепелердің өзі жерден қазылғанымен іштен таспен өріп шығарылған. Тұрақ жайлардың архитектуралық құрылыс жүйелері бір бөлмесі шошала болса, бір бөлмесі төртбұрышты, кейбір жағдайда шошала арқылы төртбұрышты бөлмеге кірсе, кейбір жағдайда керісінше. Ал кейбір жағдайда екеуінің арасында дәліз бар. Қоралардың құрылыс жүйелері де шошала тәрізді. Бөлмелердің шошала тәрізді жасалуының өзі, тұрғындардың тұрақ жай салуда киіз үйдің құрылысына еліктеушіліктерін көрсетеді.

Екіншіден мұндай еліктеушіліктіңөзі құрылыс жүйесінің де сол XVII–XVIII ғғ. басым салынғандығын байқатады.

Арасан-Қапал селосының жеріндегі тұрақ жайлар. Атақты Арасан-Қапал курортын білмейтін адамдар аз болар. Тарихи деректерге қарағанда бұл жердің шипалы суы XIX ғ. екінші жартысынан белгілі (ҚСЭ, 6 т., 459 б.). Қашқарияға кетіп бара жатқан жолында бұл жерде Ш.Уәлиханов та болған (Валиханов, Т. 1, 1961, 284 б.). Жетісу аймағына белгілі атақты Тәнеке батырмен таныс болғандығын, оның найман ішінде Матай руының болысы екендігін жазады. Қапалдың тұрған жері екі таудың ортасы. Оңтүстік жағынан Баянжүрек тауы қоршаса, солтүстік жағынан Қаракүңгей тауы қоршайды. Ал таулардыңөзен-сайларының іші қазақ қыстауларының тұрақ жайларына тұнып тұр. Қапал жерінің шаруаға қолайлылығы қазақ халқының құрамына негіз болған ру–тайпаларға ерте кездерден-ақ белгілі болған. Жергілікті қариялардың айтқан аңыз әңгімелеріне қарағанда «Жерұйықты» іздеген Асанқайғы да бұл жерге бір түнеп «Баянжүректен ешуақытта жұт болмайтын жер екен, егер бұл жерде алты жыл қатарынан жылқы қыстаса, биеден тұлпар туатын жер» депті. Ал Ш.Уәлихановтың болған кезіндегі жергілікті жыл мезгілін есептеуші қариялармен болған әңгімесіне қарағанда соңғы кезде ауа райының салқындағанын жазады. Ғалым Қапалдың тұрған жері бұрын «Жеке» деп аталатындығына көңіл бөлсе, ал екінші бір еңбегінде Бүйен өзенінің бойындағы ертеде гранит тасыныңалынған бір қамалдыңқұрылысы туралы жазады (Валиханов, Т. 3, 1963, 38 б.). Бұл деректердің өзі Қапал жерінің ертеден-ақ тұрақ жайлардың салынуына ыңғайлы жер болғандығын көрсетеді.

Баянжүрек екінші қыстауы (35кесте), Баянжүрек тауының дәл ортасынан Арасан-Қапалға қарай шығып жатқан сайдың аузында жазық жерге орналасқан. Қыстаудың оңтүстік шығыс жағынан жартасты тау келіп тіреледі. Батыс жағынан шағын ғана суы бар өзекше өтеді. Өзеннің сол жағындағы бетте зират бар. Бұл жерде екі тұрақ жай салынған. Екінші тұрақ жай бірінші тұрақ жайға қарағанда жартастың

түбіне жақын салынған. Қатар салынған екі бөлмелі үй, артқы жағында шошаласы бар. Тастың түбіндегі үңгірді қораға пайдаланған. Ол қыстаудың жобасы берілген 35кестеде жақсы көрсетілген. Қораның мал кіретін есіктері үйдің есігінен алыстау, біреуі екінші бөлменің сыртқы жағында болса, екінші қораның есігі шошаланың артқы жағынан шығарылған. Алайда қорамен шошаланың арасында байланыс бар (есік). Шошаланың ортасында жерден ойып жасаған беті анық ошағы бар. Екі бөлмелі тұрғын үй шошаланың солтүстік жағына тақап салынған. Ауызғы бөлменің көлемі3,80х2,30 м, яғни аумағы 12 м; ал түпкі бөлменің көлемі 3,90х3,80м,аумағы 15 м. Ауызғы бөлмеде ешқандай құрылыс жүйелері байқалмайды. Бөлмеден түпкі бөлмеге кіретін есіктің оң жағында кіре беріс бұрышта ошағы бар. Ол бұзылған, орны жақсы байқалады. Осы жақтан, оған қарама-қарсы жатқан төр жаққа қарай қабырғаның бойымен түтін жүретін мұржасы кең жүргізіліп, ол қабырғаға 50 см жетпей (19сур.) сол мұржаның жанымен ошаққа қарай кері қайтарылып, ошақ тұрған бұрышта керегенің бойымен мұржа үйдің төбесі арқылы сыртқа шығарылған. Ол көрініс 20–суретте жақсы көрінеді. Ошақпен мұржаның немесе көңнің арасы бұзылған. Екеуінің арасында үзіліс бар (20сур.). Бұл біздің қыстауларды зерттепжүргенде, тұрақ жайлардан көң жүйесін алғаш кездестіруіміз. Жалпы көң үйге жылу берудің ерекше бір түрі. Мұндай жүйеОрталық Азиядан тараған. Өсіресекытай, корей, ұйғыр халықтарында үйге жылу берудің ерекше түрі. Ал біз қазақ қыстауларынан оны Баянжүрек және Қаракүңгей жеріндегі қыстаулардан көңніңөртүрлі құрылыс жүйелерін кездестірдік. Олар туралы от басы, ошақ жаны туралы арнайы тоқталамыз. Ескеретін жағдай біздің кездестіріп отырған көңіміз біз жоғарыдағы атаған халықтардың көң жүйелеріне ешбір ұқсамайды. Көңнің құрылыс материалдары жалпақ, қара тастардан жасалған. Көң тұрған бөлменің керегелерінің негізі (фундаменті) тастан қаланып үстіңгі жағы кірпіштен тұрғызылған сияқты. Кірпіштің жасалған топырағы нашар болғандықтан езіліп кеткен, оның көлемін алуға мүмкіндік болмады.

Баянжүрек төртінші қыстауы, жоғарыда аталғанекінші қыстаудың оңтүстік жағында біршақырым жерде қырқаның үстіндежартастың түбінде орналасқан. Екі бөлмелі тұрақ жайдан тұрады. (36кесте, 21,22сур.). Жартастың түбіндегі қуыстары қораның қызметін атқарған. Алдыңғы 4,8 қоралар бір-бірімен байланысты болса, 6,7 қоралар бір-бірімен өзара есіктері байланысты. Сол сияқты 3,9 қораларда байланысты жасалған. Бірінші бөлменің аумағы 18м, қабырғаларыныңұзындығы

4,10х4 м. Қазіргі кездегі сақталған қабырғаларының биіктіктері 90 см – 1,5 м дейін. Оңтүстік батыс жағында терезесінің орны сақталған, солтүстік-батыс жағындағы керегесінің түбінде ұрасы бар. Бөлменің солтүстік-шығыс жағындағы бұрышында, бірінші бөлмеден кіретін есіктің оң жағында ошақтың бұзылған орны бар. Мұржасы ошақ тұрған бұрышта керегенің бойымен жапсарлап үйдің төбесі арқылы сыртқа шығарылған. Ауызғы бөлме көлемі жағынан бір есе кішілеу. Қабырғаларыныңұзындығы 3,10х2,70 м аумағы 8,5 м. Бөлмеде ешбір құрылыс жүйесі байқалмайды. Шығыс жағындағы қабырғаның жанында бір үлкен тас жатыр. Тастың жанында оттың жағылуынан қызарған табы байқалады. Күл-көмірдің де қалдықтары кездеседі. Ал тастыңүстінде 10–15 см жерісоққының салдарынан мұжылған. Бұл көрініс бұл үйде теміршілікпен айналысқан ұста тұрды ма деген ой туғызады. Ондай ойға үй-жайдың, ұқыпты жасалуы да итермелейді. Бөлмелердің есіктері, терезесінің көңдігі басқа жерлердегі қыстаулардағы тұрақ жайлардың, есік-терезелеріне қарағанда әлдеқайда жақсы жасалған. Қора-жайлардың да бөлек-бөлек жасалуы, төрт түлік малдың барлық түріне қоралары жеке салынған. Ал жартастың қуыстарын қораға пайдалана білудіңөзі де, тұрақ жайдың иесінің құрылыс материалдарын тиімді пайдалана білетіндігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, Баянжүрек тауының баурайындағы қыстаулардыңкөпшілігіжартастардың түбіндегі жауын-шашыннан, қарлы бораннан қалтарыс-қалқа болатын қуыс жерлерді малға қора жасауға тиімді пайдалана білген. Бұл жерде де тастан қаланған шошала төртбұрышты бөлмелердің жанында жекеөз алдына адам тұратын бөлмелер есебінде салынғандары да кездеседі(23сур.). Олардың кейбіреулерінің қабырғаларының жақсы сақталғандығы соншалықты, қазіргі кезде аздап жөндеу жұмысын жасап жіберсе, адамдардың қайта тұруына толық жарайды. Қора жайлары тұрғын үйлердің жанына тіркеп жасалған.

Қаракүңгей баурайындағы тұрақ жайлар.

Қаракүңгейөзектерінен 13 қыстаудан 23 елді-мекендердің жобасы алынып, 7 тұрақ жайдың орнына қазба жұмыс жүргізілді. Қазба жұмысының барысында бөлмелердің ішіндегі құрылыс жүйелері ашылып, от басы, ошақ қасындағы Қаракүңгейліктердіңөздеріне тән жергілікті құрылыс жүйелерінің ерекшеліктері ашылды. Сондықтан да олардың өздеріне тән ерекшеліктеріне аз да болса сипаттама бермей кетуге болмайды.

Қаракүңгей бірінші қыстауы, Арасан-Қапалдантура кететін жолдың бойында ұжымшардың қыстауының шығыс жағында кішкене сайдың ауызға





шыға беретін жерінде орналасқан. Бұл жерде бес үй-жайдың орны бар. Олар оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай аралары 50-60 м орналасқан.

Бірінші тұрақ жай қыстаудың оңтүстік батыс жағында (37кесте). Қазба жұмысы жүргізілгенге дейін-ақ бөлмелердің орны бүлініп, ортасы ой болып жатты. Қазба жұмысының нәтижесінде үш бөлмелі үйдің орны толық белгілі болды. (37кесте, 1,2,3 бөлмелер). Тұрақ жайдың теріскей жағында бір үлкенқұм шағын-шағын жасалған қоралардың орындары бірден-ақ байқалып жатты. Сондықтан да оларға қазба жұмысын жүргізудің қажеті болған жоқ.

Басты көңіл бөлген жұмысымыз тұрғын бөлмелер болды. Бірінші бөлменің көлемі 3,20x4м, сақталған қабырғаларының биіктігі 30-40 см, қалыңдығы 65 см. Бөлмелердің негізі жалпақ қара тастан қаланған. Үсті шикі кірпіштен тұрғызылған (38x10x8 см). Едені сары топырақпен сыланған. Ошағы екінші бөлмеден бірінші бөлмеге кірген жерде оң жақ бұрышта. Ошақтан төр жақтағы қабырғаға, ол жаққа қарама-қарсы жатқан бұрышқа қарай көңнің мұржасы тартылған (38кесте). Түтін сол бұрыштан керегенің бойымен үйдің төбесі арқылы сыртқа шығарылған. Мұржа шығарылған бұрыш 20-30 см тереңдетіліп шар тәрізді қазылған. Олай жасалуы түтіннің сол жерде жиналып, одан кейін жоғары қарай көтерілуіне жақсы көмектесетін болуы керек. Ол көңнің тігінен кесіп көрсетілген кесіндісінде жақсы байқалады. (38кесте, А-А.) Көңнің ошақпен жалғасатын жерінде түтін-жалын жүретін жолы екі тесік арқылы байланысқан. Көңнің ошақпен жалғасқан жері 60 см көң болса бұрышқақарай 50 см-ге дейін тарылады. Ол да түтіннің жүруін тездету болып табылады. Көңнің ортасындағы қырынан қойылған екі кірпіштің сақталуына қарағанда (24сур.), көңнің іші сыртқа түтін шығатын мұржаға дейін қырынан қойылып, үсті жалпақ тастармен жабылған. Түтін сыртқа жақсы тартуы үшін ошақтың есік жақтағы бүйірінен, ошақтың оттығына дейін ауа жүретін түтікше тесік жасалған. Бұл тәсілдер, тұрақ жай иесінің көң жасауда шебер жан екендігін байқатса, оның көң жүйесімен ертеден-ақ таныс болғандығын көрсетеді. Баянжүрек қыстауындағы тұрақ жайда кездескен көңге мүлде ұқсамайды.

Бөлменің төржағы есік жақтан бір метр жерден кейін бір қатар кірпішпен бөлінген. Төр жақтағы бөлігіне лай салынып, едені біраз көтерілген. Үстіне қамыс, сабан төселінген, үстінен және лай салынып сыланған. Оның үстінен киіз төселіп, тұрыпөмір сүрген тәрізді. Ал көңнің үсті деңістің суық күндерінде біріншіден үйге жылу берсе, екіншіден оның үстінде шал-кемпірлердің жатып жылынуына мүмкіндік болады. Екінші бөлменің(көлемі 3,30x3,60 м.) ішінде айтарлықтай құрылыс жүйелері

салынбаған, оң жақ бұрышта ұрасы бар. Ішін тазалағанда түбінен тарының қалдығы табылды. Бөлме теріскей жағынан үшінші бөлмемен байланысты (көлемі 3,60x3,50x2,70 м). Қабырғаларының ұзындықтары әрқалай. Бөлменің ішін тазалағанда батыс жағындағы қабырғаның түбінен ошақтың және көңнің орны байқалды. Шамасы алғаш ошақ және оның көңі осы бөлмеде болған сияқты. Ал кейінгі тұрғындар үйдің құрылыс жүйесін қайта жасаған. Екінші бөлме арқылы есік шығыс жақтағы айванғашығады. Алайда айванның шыға беріс оң жағы соңғы кезден қойылған мүрдемен (моламен) жабылған. Ол шамасы тұрғындар қонысты тастап кеткен соң болған. Бұл көріністе тұрақ жайдың ертеректе өмір тұрғынын көрсетсе, қай мезгілде қалдырғанын дәл айту қиын. Дегенмен XVIII ғ. аяғында XIX ғ. басында тұрақ жайда ешкім тұрмағаны айқын. Бірінші қыстаудағы екінші тұрақ жай, алдыңғы тұрақ жайдың 6,7 қораларының теріскей жағындағы қабырғасымен байланыстырылып жалғасқан (39кесте). Екеуінің қораларының қабырғалары ортақ. Тұрғын үйлері үш бөлмелі шошаладан тұрады. Олар бір-бірімен жалғастырып жасалған. Бір шошаласы жұмыртқа тәрізді ұзындау келген (10x4,50x4 м). Екі шошала бір-бірімен байланысты жасалса, ал үшінші шошала, екінші шошаланың шығыс жағынан (артқы жағынан), жалғастырып жасалған есігі бөлек. Қоралары есіктің бет алдында. Ешқандай бөліктерге бөлінбеген. Құрылыс материалдарына тек тасты пайдаланған. Үшінші елді-мекен, екіншінің теріскей жағында 60м қашықтықта орналасқан (40кесте). Мұнда төрт бөлмелі бір үй және (1,3,4,5) бір бөлмелі(2),(7) екі үй -жайы бар. Осы үй-жайдың алдында бір ауланың ішінде алты кішкене бір-бірімен байланыстырып қатар салынған бөлмелер бар. Есіктері жеке-жеке бет алдындағы үй-жайға қарама-қарсы шығарылған (40кесте, 8-14). Қабырғалары тастан қаланған. Ешбір мәдени қабаттары байқалмайды. 8-ші бөлменің қарсысында ұзындығы 8 м, ені 3,5 м келетін және бір бөлмесі бар. Бұл бөлмелердің ішінде ошақ орындары да көрінбейді. Сондықтан да олардың қандай қызмет атқарғандары белгісіз. Мүмкін 6-7 бала оқытатын діни оқу орны болды ма? Ал 8-ші ұзыншақ келген бөлме құран оқитын жұма мешіт болды ма деп жорамал жасауға да болады. Қысқасы бұл мәселені әлі де зерттеу қажет.

Қазба жұмысы тұрақ жайдың шығыс жағындағы 1,2 бөлмелерге жүргізілді. Екі бөлменің есігі екі жақта екендігі анықталды. Бірінші бөлменің есігі № 3 бөлме арқылы сыртқа шықса, ал екінші бөлме өз алдына жеке, есігі теріскей жағынан шығарылған. Есіктен кірген жерде оң жақта бұзылған ошақтың орны және оның көңі айқын көрініп жатыр (40кесте,2) Бөлменің

дәл ортасында діңгектің орны сақталған. Ал бірінші бөлменің есіктен кірген жерде сол жағындағы бұрышта қызыл кірпіштен жасалған ошақтың орны бар. Ал, мұржасы голандқа тәрізді қабырға пештеріне ұқсас. Бұл бөлменің ошақтан тартылған қабырға көңі, бұрышта үш иінді мұржадан шығарылған. Үйге жылу берудің бұл тәсілі солтүстік-шығыс Қазақстаннан (Востров, Захарова, 1989, с. 60) Жетісудың шығыс жағына да келіп жетті ме деген ой туғызады. Дәл осы үйдің ошағындай ошақ, қабырғаның бойымен тұрғызылған қабырға көңі бар тұрақ жай, үшінші қыстаудың үшінші тұрақ жайдың № 1 бөлмесінің (41кесте) есіктен кіре беріс жерінде ошақ бұрышта жасалған. Бұл бөлменің көңі де үш мұржадан тұрған. Ол тастан қаланған ошақпен байланыстырылған (25сур.) Тұрақ жай төртбөлмеден тұрады. Үлкен бөлмесі осы қазан асқан ошағы бары. Қабырғаларының ұзындықтары әртүрлі 5,50x4,40x4,10 м. Аумағы 22 м, үйдің негізі тастан қаланса, үсті шикі кірпіштен қаланған (28x16x6см). Көңнің құрылыс жүйесі де шикі кірпіштен жасалған. (26x16x5 см). Ал қалған бөлмелердің қабырғалары 2,3,4 және қоралары тастан жасалған. Сонымен бірінші қыстаудың, төртінші тұрақ жайы, алдыңғы үшінші тұрақ жайдың, қатар жасалған 9-14 бөлмелердің артқы жағына қорасын жалғастырып жасаған (40-кесте). Қораның доға тәрізді тастан қаланған қабырғасы үшінші тұрақ жайдың 10-шы бөлмесінің сыртынан барып тіреледі. Ал дуалдың екінші жағы тастан қаланған шошалаға барып тірелген. Шошала алты қанатты киіз үйдің аумағындай. Есігі (65 см) оңтүстік жаққа қаратылған. Ішінде ешбір құрылыс жүйесі байқалмайды. Есіктің шығыс жағынан мал сыртқа шықпау үшін 5 метрдей тастан дуал қалаған (26сур.).

Бесінші тұрақ жай, осы тұрақ жайдың (4) терістік жағында 100 м жерде орналасқан. Құрылыс жүйесі жұмыртқа тәрізді екі шошаладан тұрады (42кесте). Екінші шошала біріншінің жанына жандап жасалған. Екеуінің есігі де түстік батысқа қаратылған. Шошаланың ішінде ешқандай құрылыс жүйелері байқалмайды. Мүмкін, салынса да соңғы кездегі тұрғындар тасын алып кеткен. Өйткені бұл тұрақ жайдың құрылыс жүйесі оның қалаған тастарының үлкендігі тым дерекілеу, соған қарағанда ерте кезге жататындығын меңзейді.

Бірінші қыстаудағы бес жерге салынған елді-мекендердің құрылыс жүйелеріне қарағанда, халқымыздың тұрақты үй-жай салуда белгілі бір қатып-семіп қалған құрылыс жүйесінің жоқтығы бірден байқалады. Бес тұрақ жайдың бес түрлі екендігін көрсетті. Қыстаулардағы құрылыс жүйелерінің алуан түрлілігі, қазақ жеріндегі тұрақты

елді-мекен салудың ерте кездерден-ақ өмір сүріп келе жатқандығына дәлел болмақ.

Қаракүнге екінші қыстауы (43кесте), бірінші қыстаудың оңтүстік шығыс жағында 3 шақырым жерде, Арасан-Қапалға баратын жолдың шығыс жағында. Мұнда бір ғана тұрақ жайдың орны бар. Тұрғын үй үш бөлмелі қоржын тәрізді. Үй-жай хам кірпіштен салынса, қора-жайлар тастан қаланған. Бір үлкен қора № 1,2 бөлменің артқы жағын жалғастырып салынса, шағын кішкене екі қора № 3 бөлменің шығыс жағына айналдыра салынған. Мұндағы № 1,2 бөлмелер өзара бір-бірімен байланысты. Ал №3 бөлме өз алдына жеке, қора жақтан (4) есігі сыртқа шығады. Келесі №2, 3 бөлмелердің арасындағы қабырғадағы бекітілген есіктің орнына қарағанда, бұл бөлмелер алғашқы кезде өзара байланысты болған. Шамасы үй иесі үйленген баласына бір бөлмесін бөліп, есігін шығыс жағынан ашып берген. Бұл жердегі № 2 бөлмеден № 1 бөлмеге кіретін есіктің оң жағындағы бұрышта қазан-ошақтың орны сақталған. Ошақтан көңнің екі қатар түтін жүретін түтікшелері бөлменің екінші бұрышына тартылған. Қайтқан түтікшелер сол барған түтікшелердің қайтарылып, ошақтың сыртқы жағынан бұрышта керегенің бойымен мұржаға жалғастырылып шығарылған. Сонда көңнің биіктігі еденнен 70 см. Суретте көңнің түтін жүретін астыңғы жолының бұрыштан ошаққа қарай екінші қатпармен (яруспен) қайтқан жолы анық байқалады. Көңнің құрылыс жүйесі екі қатпардан (ярустан) тұрған. Көңнің кеңдігі ошақ жақта 70 см болса, бұрышқа жеткенше 60 см дейін тартылады. Ол түтін жүруді тездету үшін жасалған тәсіл. Мұндай амалды, біз бірінші қыстаудағы № 1 бөлменің көңінде байқаған болатынбыз. Мұндағы № 2 бөлме көңі бар бірінші бөлменің ауызғы бөлмесі болып табылады. Оның ішінде ешқандай құрылыс жүйесі байқалмайды. Ал № 3 бөлме туралы біз жоғарыда жаздық. Ескере кететін бір мәселе, бұл бөлменің бұрыштары тік бұрышты жасалмай, иінді етіп (доға тәрізді) жасалған. Бөлменің бұрышсыз жасалуы шошалаға еліктегендік болып табылады. Бөлменің алдында айнаны қорамен (4) байланысты. Бөлмеге кірген жерде есіктің оң жағында тастан қаланған қойма (1,50x50 см), түбінде бидайдың қалдығы сақталған. Қамбаның сол жағында жалпақ тастан қаланған ошақтың орны бар. Бір қызығы ошақтың қазан тұратын жері байқалмайды, ал оның керісінше үсті жалпақ таспен жабылған, айналасы лаймен кернеу жасалған. Мұндай ошақ бізге Хантау тұрақ жайларынан бір бөлмеден кездескен, ал Созақ ауданының Раң бекінісінен бір бөлменің ошағы да дәл осылай жасалғандығы анықталған. Ошақтың мұржасы





байқалмайды. Шамасы түтін үйдің төбесі арқылы жасалған тесіктен шығарылған.

Қаракүнге үшінші қыстауы, алдыңғы жазылған екінші қыстаудың оңтүстік-шығыс жағында үш шақырым жерде. Бұл жерде үш елді-мекен орналасқан. Екеуінің өздеріне тән бір ерекшеліктері көп бөлмелілігі және тұрғын бөлмелердің айналдыра қоралармен т.б. шаруаға қажетті бөлмелермен қоршала салынуы. Құрылыс материалдарының тек тастан тұрғызылуы. Бірінші тұрақ жайда (44кесте), сегіз бөлменің құрылыс жүйелері бір-бірімен тығыз байланысты. Құрылыс жүйелеріне қарағанда 2,4 және 5,6 бөлмелерде адамдар тұрған. Ал, 2,4 бөлмелер үшінші ауызғы бөлме арқылы бір-бірімен байланысты. Келесі № 5,6 бөлмелер өзара байланысты. Есігі сыртқа шығады. Сонда, бір тұрақ жайдың ішінде үш бөлмелі (2,3,4) және екі бөлмелі № 5,6 екі жанұяның үйі болған тәрізді. Құрылыс жүйелері шошала тәрізді жасалған. Бөлмелердің ішінде ешбір кішігірім құрылыс жүйелері байқалмайды.

Қаракүнге үшінші қыстауының екінші тұрақ жайында (45кесте), жеті бөлменің құрылыс жүйесі сақталған. Бұл тұрақ жайдың да құрылыс жүйелері бір-бірімен тұтас байланысты жасалған. Барлық №2,3,4,6,7 бөлмелері негізгі орталық шошала тәрізді бөлме арқылы жеке-жеке есіктермен байланысты. Ал, №5 бөлмеге ауызғы №1 бөлме арқылы сыртқа шығып кіруге болады. Бөлмелердің көлемдері, құрылыс жүйелері әртүрлі. Ішінде ешбір құрылыс жүйелері, ошақтың орындары байқалмайды. Айналасында да қора-жайдың орындары байқалмайды. Бұған қарағанда бұл тұрақ жай қоғамдық қызмет атқарды ма деген ой туғызады. Үш тұрақ жайдың шығыс жағында 15-20 м. жерде қалыңдығы 40 см, аумағы 2030м² жерді алып жатқан күл-көмірдің төгіндісі бар. Бұл көрініс тұрғындардың осы жерде ұзақ мерзім өмір сүргендіктерін көрсетсе керек.

Көзешінің мекені (46кесте), бірінші қыстаудың батыс жағында, жазықтау тепсеңге орналасқан. Бұл жердегі тұрақ жайдың орны нашар сақталған. Тек қораның бір жағындағы қалаған керегесінің тасы ғана сақталған. Ал үйдің керегелері мүлде білінбейді. Қазба жұмысының барысында бөлмелердің, едені байқалады. Қабырғалары білінбейді, қандай тәсілмен жасағандары да белгісіз. Еденнің бойымен қазғанда бөлмелер қоржын үй тәрізді жасалғаны белгілі болды. Тұрақ жай еңіс жерге салынғандықтан үйдің алдыңғы жағын жауын суы шайып бұзылған. Сонда бөлмелердің еденінің өзі жартылай ғана сақталған. Едені жақсы сақталған, ол ой жерге салынған шошала. Аумағы алты қанат үйдің аумағындай. Үйдің алдыңғы жағында № 3 бөлменің сол жағында жартылай жерден қазылған екі шағын қораның орны

бар. Ал, тастан қаланған үлкен қора, осы жоғарыда жазылған құрылыс жүйелерінің алдыңғы жағында ой жерге жасалған. Едені жақсы сақталған шошала осы қораның шығыс жағында, оның өзі қорадан төмендеу ой жерде. Сонда тас қораның № 1,2,3 бөлмелерге және шошалаға қатысы бар ма? Жоқ әлде кейін салынды ма? Егер ол кейін салынса оның тұрғындары тұрған үй-жайы қайда? - деген сұраулар туады. Жалпы тұрғын жайлар мүлде бұзылған. Бірақ та зерттеу жұмысының кезінде күл төгіндісінен жинастырылған көзелердің сынықшалары, көзенің ағындысы т.б. бұйымдар тұрақ жайда екі мезгілде өмір отының маздағанын көрсетеді. Оған басты дәлел, көзелердің, ақ және көгілдір сырмен сырлануы. Мұндай түспен сырланған ыдыстар Оңтүстік Қазақстандағы соңғы орта ғасыр кезіндегі қалаларда (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972), қазақ хандығының құрылған кезіндегі дәуірге сәйкес келсе, ал Тараз қаласының да тұрғындарының ондай сырмен сырланғаныдыстарының да басым болғандығы белгілі (Сенигова, 1972, 34 б.). Жетісудың оңтүстік-шығыс жағында соңғы орта ғасырда ондай қалалар өмір сүрмегенмен қазақ қыстауларындағы тұрақ жайда мұндай көзелердің табылуы көзешілік шеберханамен айналысудың алғашқы бір бастамасын көрсететін сияқты. Бұл мәселе туралы жеке сөз болмақ. Біздің айтайын дегеніміз, көзе шлактарының табылуы, қоныста көзе күйдіретін шеберхананың болғандығы. Алайда шебердің орналасқан жерінің сәтсіз болуы қоныс жайды тастан басқа жаққа орын ауыстыруына тура келген.

Қаракүнге жетінші қыстауы (47кесте) бірінші қыстаудың солтүстік-батыс жағында, 3–4 шақырым жерде орналасқан. Қыстауға жету үшін, Қаракүнгеіден шыққан 4–5 сайдың қырқаларын басып өтуге тура келеді. Тура жанына машинамен баруға мүмкін емес. Бұл қиындықты айтуға тура келетін жағдай, қыстаудағы тұрақ жайдың жанына машина бара алмайтындықтан оның қабырғалары осы уақытқа дейін өте жақсы сақталған. Ол 27суреттен жақсы көрініп тұр. Қазіргі кездегі сақталған қабырғаларының биіктіктері 1,40х1,50 м. Бұл жерде бір ғана үлкен бір бөлмелі тұрақ жайдың орны бар. Қорасы бөлменің терістік жағынан жанынан жасалса, алдында айван (4) оның терістік жағында шошала (3) төрт қанатты үйдің аумағын береді. Бірінші бөлменің оң жағында жеке салынған ат қораның орны бар, шөп салатын ақыры жақсы сақталған. Қора жай, мекен жай онша үлкен емес, шағын ғана. Тұрғындардың өмір сүрген бөлмесі өтеұқыпты салынған. Сырттан кіретін есіктің табалдырығына жалпақ тас төселген (28сур.). Есіктен кірген жерде оң жақ бұрышта ошақ (29сур.), алдында от

сақтайтын шұңқыры бар. Шұңқырдың алды айналдыра лаймен кенереу салынып, көтерілген. Ол күл-көмір бөлмеге шашылмауы үшін жасалған әдіс. Бұл тұрақ жайдың көң шығару жүйесі, біз жоғарыда кездестірген көңдердің жүйесінен тіптен де өзгеше. Көң ошақ тұрған бұрыштан келесі төр жақтағы қарама-қарсы жатқан бұрышқа тартылып, одан төр жақтағы қабырғаның бойымен үшінші бұрышқа тартылып, сол бұрыштың бойымен мұржа арқылы (30сур.) үйдің төбесімен түтін сыртқа шығарылған. Көң ұзын жалпақ тастармен тігінен қаланып үсті сондай тастармен жабылған. Көңнің еденнен биіктігі 40 см, кеңдігі 1,10 м ұзындығы бөлменің бойымен жүргізілген екі керегесінің ұзындықтарымен тең. Көңнің кеңдігінің өзі 1,10 м оның үстінде жатуға да болатындығын көрсетеді. Алайда егер қазанға от үздіксіз жағылатын болса, бөлменің ішінде отыруға да мүмкін болмас деген ой туғызады. Сондықтан да, қазан астына от жағылған соң, оның шоғы ошақ алдындағы шұңқырға тартылып, үйге беті ашық ошақпен жылу беруге әрекет жасалған. Бірінші бөлменің бет алдындағы терістік жағындағы шошаланың (3) ортасында да беті ашық ошақтың орны бар. Шошала тұрған жер № 1 бөлмеден 70-80 см биіктеу оған көтерілу үшін шошаланың алдынан жердің өзінен ойып сәкі жасалған. Бұл сәкінің жасалуына қарағанда, шошалада адам тұратын жай болған.

Қаракүнге сегізінші қыстауы, жетінші қыстаудың батыс жағында 500 м жерде. Екеуінің арасында биік бір бел бар. Бұл қыстауда үш елді-мекеннің орны бар. Ең үлкені бірінші тұрақ-жай, ол екі елді-мекеннің ортасына орналасқан. Мекен негізінен үш қора (2,3,4) бір тұрғын (№4) бөлмеден тұрады (48кесте). Құрылыс жүйелері әртүрлі. Қоралар (2,4) бір-бірімен жалғастырылып көң жасалған тұрған бөлменің теріскей жағынан айналдыра жасалған. Үшінші қора мен бірінші бөлменің арасынан сырттан қораларға да, тұрғын бөлмеге де кіретін дәліз жасалған. Осы № 1 бөлменің едені дәліздің еденіне қарағанда төмен орналасқан, сондықтан бөлмеге кіретін жер есіктің табалдырығынан кейін бір саты тепкішек жасалған (31сур.). Есіктен кірген жерде, оңжақ бұрышта тастан қалап жасалған ошақ (32сур.) Ошақтың алдында от сақтайтын дөңгелек шұңқыр (33сур.). Мұндай шұңқыр жетінші қыстаудың тұрақ жайында да болғандығын жазған едік. Бұл шұңқырдың өзіне тән бір ерекшелігі, шұңқырды айналдыра кенереу жасалмаған. Бұл бөлменің де ошағынан төр жақтағы қабырғаның ошаққа қарам-қарсы жатқан бұрышына көңнің мұржасы тартылған. Көң, жалпақ тастардан қырынан қойылып үсті және сондай жалпақ тастар

мен жабылған (34сур.) Көңнің үстін жапқан бірнеше тастарын алып тексергенімізде, оның мұржасының екі қатпардан (ярустан) тұратындығын байқадық. Мұндай екі қатпардан тұратын көң бізге екінші қыстаудың бірінші тұрақ жайында кездескен. Бұл көңде дәл сондай болып шықты. Көңнің мұржасы ошақтан тартылып бұрыштан қайта сол түтін жүретін мұржаның үстімен ошаққа дейін келіп оның желке жағынан тұрқыны қабырғаға тигізілмей тігінен төбеге дейін жасалып төбе арқылы сыртқа шығарылған. Екінші қыстаудағы бірінші елді-мекен мен бұл жазып отырған тұрақ жайымыздағы көң шығару жүйелерінің ұқсастығына қарағанда тарихи тұрғындардың бір-бірімен тікелей байланысты болған сияқты. Сонымен бұл жердегі екі тұрақ жайдың негізгі адам тұратын бөлмелерінде көңнің бар екендігі бірден байқалады. Мәселен, 49кестедегі бір-біріне жалғастырылып салынған үш үй-жайдың № 1 бөлмесінде есіктен кірген жерде оң жақ бұрышта көңнің бұзылып жатқан орны бірден байқалады. Ортадағы № 2 шошала қорамен жалғастырылып жасаған, үшеуінің де есіктері жеке-жеке. Сегізінші қыстаудан кейін оның батыс жағында және алты қыстаудың жобасы алынды. Олардың төртеуінде көңі бар, түтін жүретін түтікшелері қарама-қарсы бұрыштан кері қалдырылмай сол бұрышта керегенің бойымен жапсарлап жасаған мұржа арқылы төбемен сыртқа шығарылған. Бәрі бір-біріне ұқсас болғандықтан олардың бәріне сипаттама берудің қажеті жоқ.

Қорыта келгенде, бұл тарауда қыстаулардағы ғылыми сипаттама берілген тұрақ жайлардың шаруашылыққа байланысты орналасуының пайдасы жағын тарихи тұрғындар басым ойластырған. Қыстаулардағы тұрақ жайлардың (үйлердің) саны әртүрлі. Кейбір қыстауларда жанұяның немесе тұрақ жайлар саны жеті-сегізге жетсе, ал көпшілігінде екі үйден аспайды. Жалғыз тұрған тұрақ жайлар да кездеседі. Ол, біз зерттеп отырған мезгілдің ішінде (XVI–XVIIIғғ.) кейбір жанұялардың ешкімге тәуелсіз-ақ өмір сүргендігін байқатады. Тұрақ жайлардың құрылыс жүйелерінің ішкі-сыртқы көріністеріне қарағанда халқымыздың тұрақ-жай салуда онша шебер болмағандары бірден көзге түседі. Қандайда құрылыс жүйесін салмасын (үй-жай, қора-қопсы, күмбез т.б.) халқымыздың ғасырлар бойы ба-спанасы болып келген киіз үйлерінің пошымына еліктегенін көреміз. Оны кез-келген қыстаудағы тұрақ жайда төртбұрышты бөлмелермен байланыстырып жасаған.

Сонымен тұрақты үй-жай салуда уақыт өткен сайын, оның ішкі-сыртқы құрылыс жүйелерінің отбасы-ошақ қасының жақсаруы жағынан өзгерістер





ене бастаған. Бұл іс халқымыздың жартылай отырықшы өмірден, отырықшылық өмірге көше бастағандығының дәлелі.

Қаратау баурайындағы тұрақты мекен жайлар

Қаратау аймағына жүргізілген археологиялық зерттеулер, оның қойнауларымен бөктерлерінде адам баласының, тас дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін өмір сүргендігін дәлелдеп отыр. Біздің жұмысымызда қарастыратын мәселе, бұл аймақтағы XV–XVIII ғғ. өмір сүрген қазақ халқының ескерткіштерін зерттеу. Қаратау баурайынан табылған қазақтардың тұрақты мекен жайларын үш топқа бөліп қарауға болады: 1-қыстаулар, 2-кенттер, 3-уақтылы қорғандар.

Қыстаулар.Автордың басқаруымен, 1970–1974жж. Қаратауға жүргізілген палеоэтнографиялық зерттеу таудың солтүстігінен Қарабұлақ, Балдысу, Қарақұр, Суындықтың асуы, Оңтүстігінен Егізқара, Бесарық, Қатынқамал сияқты тауды қақ жарып жатқан үлкен сайлардың ішінен XVIII–XIX ғғ. жататын қазақ халқының жүздеген қыстаулардың орнын тауып, олардың кейбіріне қазба жұмыстары жүргізілді. Қыстаулар, мал қыстауға қолайлы күнгейлі шатқалдарға, отын суы мол, адам баласының өмір сүруіне ыңғайлы жерлерге салынған.

Әрбір сайда төрт-бес қыстаудан орналасқан. Бесарық сияқты үлкен өзендер де оданда көп. Әр қыстауда екі-үш бөлмелі, үш-төрттен үйлер. Зерттелген қыстаулардың барлығына ортақ мәселе, құрылыс материалдары үшін тек тасты пайдаланғандық. Сонымен қатар, үйлердің жобалары, үй ішіндегі күнделікті тұрмысқа қажетті кішігірім құрылыстар, мал қоралар, қоймалардың салу тәсілдері де өте ұқсас.

Сондықтан да зерттеу жүргізілген қыстаулардың барлығына жеке-жеке тоқталмай тек Бесарық сайының ішіндегі «Қаражал» қыстауына тоқталып өтуді жөн көрдік.

Қаражал қыстауы(50 кесте). Жаңақорған ауданында Бесарық сайының басында, Талапты совхозынан 10-15 шақырым. Қыстау малға қолайлы күнгейлі шатқалға орналасқан.

Қыстауда тастан қаланған алты үйдің орны бар. Үйлердің көпшілігі екі бөлмелі, жанына мал қоралары қатар салынған. Кейбір тұрғын үйлердің сақталған керегелерінің биіктіктері 50см–1 м 70см дейін (35сур.). Бөлмелердің терезе, есік сияқты орындары жақсы сақталған. Үйлердің іші-сыртын сылаған лай қабаттары ешбір бөлмеде сақталмаған.

Қыстаудың тұрғын үйлерінен ешбір тұтыну заттарының қалдықтары табылған жоқ. Сондықтан да қыстауда қай кездерде өмір болғандығын дәл айтуға қиын. Кейбір қыстаулардан ағайынды Кузнецовтардың таңбасы басылған форфор шынының түп сынықшалары кездесетін, оған қарап ондай қыстауларда өмір өзегінің кем дегенде XIX ғ. болғандығын жорамалдауға болатын. Ал Қаражал қыстауынан ешбір шынының сынығын да кездестірмейсіз. Бұған қарағанда қыстауда өмір сүру мезгілі ертеректе болған.

Талапты совхозының қарияларымен болған әңгімелерден бұл қыстауды совхоз түйешісі Қасымбек қария өзінен бұрынғы бесінші аталарының мекен жайы екендігі туралы хабарлайды. Бұл әңгімеге қарағанда, қыстауда XVIII ғ. аяғында өмір болған.

Қаражал қыстауы орналасқан Бесарық сайының іші қариялардың айтуына қарағанда XIX ғ. ортасында қайнаған өмірдің ортасы болған. Оған дәлел қыстаудан 1,5 шақырым жерде мешіті бар, қыстақтың бұзылған орны. Ал мешіттің суреті 4-5 шақырым жерде Күйкентайлы жартасына салынған (36сур.). Онда «азан» деген жазу бар. Суреттің көрінісі Қожа Ахмет Яссауидің мешітіне ұқсас. Суреттің әлі ескіре қоймағандығына қарағанда XVI–XVII ғғ. салынған. Бұл кез қазақ қауымының арасында дін мәселесінің күшейе бастағанын көрсетеді.

Кенттер (қалалар). (Кент парсыша қала деген сөз. Түрік тілді халықтардың сөздік құрамында V–VI ғғ. пайда болған, XV–XVIII ғғ. жазба деректерге қарағанда бұл сөз қазақ қауымының арасында көп пайдаланған. Сондықтан да біз зерттеу жұмысымызда көне қалаларда кент деп атауды жөн көрдік).

Автордың басқаруындағы палеоэтнографиялық отряд 1971–1974 жж. Қаратаудың солтүстігіндегі Күлтөбе, Раң кенттерінде арнаулы қазба жұмысын жүргізді. Күлтөбе қаласы осы уақытқа дейін археологтарға белгісіз болып келсе, ал Раң үстінен теріп алынған көзелердің сынықшалары арқылы, жобамен X–XV ғғ. мерзімделді. Қазба жұмыстардан алынған материалдарға және табылған күміс теңгелерге қарағанда қала XVI–XVIII ғғ. дейін өмір сүрген.

Күлтөбе (37сур.), Шымкент облысы Созақ ауданына қарасты Ангельс ұжымшарының оңтүстік-батыс жағында 4 шақырым жерде Қаратауды оңтүстіктен солтүстікке қарай қақ бөліп жатқан Қарақұр сайының шығаберіс жеріне салынған. Күлтөбе жазба деректерде «Жылан-Қарауыл» бекінісі деген атпен белгілі. Бекіністің атына қарағанда, салынған жері тура келетін тәрізді. Өйткені бекініс тауға кіретін Қарақұр

сайының аузында жыланша, күзетіп тұрған сияқты. Сондықтан да тарихи тұрғындар, бекіністің атын, салынған жеріне байланыстырып қойған болу керек. Жыланқарауыл бекінісі оңтүстіктен солтүстікке қарай ұзыннан салынған. Жалпы биіктігі 5,50м. Бекіністің сыртқы қорғанына өлшеу жұмысын жүргізгенде жоспарда қабырғалары әртүрлі көп бұрышты призманың пішінін береді (51кесте).

Сонда айнала қоршалған қорғанның жалпы ұзындығы 465м. Ортасындағы қорғаныс солтүстік жағына жақын салынған. Оңтүстік жағынан қашық салынуындағы бір себебі, бекініске осы жағынан кіретін дарбазасы болған. Орталық қорғанда (цидель) көп бұрышты, есігі шығыс жағында басқа жерге қарағанда бірден байқалады.

Бекіністің ортасындағы қорғанның батыс, оңтүстік, оңтүстік-шығыс жағында кішкене үш төбешік бар. Төбешіктер бекіністің ішіндегі басқа үйлерге қарағанда ерекше салынған үйлер.

Қазба жұмысына дейін-ақ төбенің үстінде шашылып жатқан сансыз сырлықөзелердің сынықшалары өте көп кездеседі. Кейбір жерлерінде тастан қаланған үйдің іргелері көрініп жатыр. Төбенің шығыс, оңтүстік-шығыс жағы күлді болып жатыр, сондықтан да жергілікті халық «Күлтөбе» деп атап кеткен.

Қазба жұмысы 1972 ж., қоныстың солтүстік-батыс жағынан бекіністің сыртқы дуалына 2м жақындау 15х15м барлығы 225м жерге жүргізілді (52кесте). Осы жерден қоныстың қорғаныс үшін салынған бекініс стратегиясын байқау үшін батысқа қарай ұзындығы 20м кеңдігі 1 м траншея қазылды.

Қазба жұмысының барысында 10 бөлме, ташнау, шаруашылыққа қажетті шұңқырлар, тандыр ошақтың орындары т.б. шаруаға қажетті құрылыстар ашылды.

Сонымен қатар, 1972ж. 1971 жылғы қазылған жердің шығыс жағынан 2340м² жерге қазба жүргізілді. Қазба жұмысының нәтижесінде 50жуық бөлме, көптеген ошақ-тандырлар, шаруашылыққа қажетті 30 астам ұралар және қаланың көшесі ашылды (53кесте).

Қазба жұмысы алғаш 2х2 м бөлініп, әрбір шаршы бойынша жүргізілген еді. Алайда бір күрек бойы тазалағанда (25см) бөлмелердің жобасы көріне бастады. Сондықтан әрбір шаршы бойынша жұмыс істеу қиын болғандықтан, бөлмелер бойынша жұмыс істеуге тура келді.

Алғашқы қабатты 25см күрек бойы алғанда топырақтың құрамы қара қоңыр күлді арасында шикі кірпіштің (32х18х8) кезеңнің сынықшалары кездеседі. Екінші қабаттан 25см алғанда үйдің құлаған төбесі, оны басып қалған қабырғаның құландысы байқалады. Ал үшінші қабатын тазалай

бастағанда кей жерлерде үйдің едені кездеседі.

Бірінші бөлме (38 сур.) қабырғаларының ұзындығы әрқалай, солтүстік жағындағы қабырғасы 3,20м, оңтүстігі 3,40м, шығысындағы 2,30м, батыс жағындағы 2,10м жалпы бөлменің аумағы 14м². Бөлменің сақталған іргелерінің биіктіктері 50–65см дейін, есіктің кеңдігі 50см, оңтүстік жағындағы екінші бөлмеден шығатын есіктің табалдырығы ретінде пайдаланған ағаштың қалдығы сақталған. Тандыр ошағы үйдің ортасына жасалған. Түтін шығатын тұрбаның тастан қаланған қабырғасының ортасынан шығарылғанына қарағанда, тандыр ошақтың жобасы үйді жасаудан бұрын-ақ жобаланып алынғандығы байқалады. Өйткені тас қабырға қаланған кездің өзінде тұрба(түтік) біртіндеп бірге жасалған. Бөлменің есігінің түбінде шаруаға қажетті жаман-жұман тастайтын ұра жасалған.

Бөлмеден сырлы керсен және бірнеше сырлы табақтардың сынықтары табылды.

Екінші бөлме (39сур.) осы бөлменің оңтүстік жағында екеуі бір-бірімен байланысты. Бұл бөлменің қабырғаларының ұзындығы әрқалай. Солтүстігі 5м, оңтүстігі 5,50 м, шығысы 4,30м, батысы 5,30м жалпы алып қарағанда үйдің аумағы 30м². Есігі 80см көшеге дәліз (40сур.) арқылы шығады. Үйдің батыс жағындағы іргесі сақталмаған, тек әр жерден кездесетін қабырғаның қалдығы мен қатар жатқан тастан байқауға болады. Басқа үш жағының тастан қаланған қабырғаларының сақталған биіктіктері 60–80см-ге дейін. Бөлме ішін тазалағанда, тандыр ошақтың үстінен шикі кірпіштерді (32х18х8 см 37х15х8 см) сынықшалары көптеп кездесті. Тандыр ошақтың аузынан кеңдігі 60см ішінде өрнегі бар. Ошақ солтүстік жағындағы қабырғадан 1,6м қашықтықта салынған. Тандыр ошақтың тұрбасы шикі кірпіштен жасалып, үсті жалпақ таспен жабылған. Ол бірінші бөлменің тандыр ошағының тұрбасымен қосылып сыртқа бірге шығарылған. Түтін шығатын қабырғамен тандыр ошақтың аралығын шикі кірпіштен қырынан қойып, бір қатар етіп тізіп басқа жерден бөлген. Бөлген жер астық не жүн кептіретін, я болмаса ыдыс-аяқ қойылатын жер болуы мүмкін. Ошақтың алдында бетін жалпақ тастармен жапқан ортасына жуынды құятын тесігі бар шұңқыр (ташнау) жасалған. Ташнаудың үстін тозығы жетіп істен шыққан қол диірмен тасымен жапқан. Ошақтың алды үйдің еденінен 40см терең. Екінші бөлменің ташнауын басып дәлізге шығатын бұрышында ұзындығы 40см кеңдігі 50см сәкі жасалған. Оның қызметі ыдыс-аяқ, су құйылған бақыр тұратын орын. Осы сәкінің үстінен түскен болу керек ташнаудың үстінде сынып жатқан көзе табылды. Тандыр-ошақтың ішінен қой





ешкінің, ақ бөкеннің 10 кг жуық сүйектері және тұтқасы сынған бір құмған т.б. көптеген көзе сынықтары табылды. Бөлменің ортасына діңгек қойылған, асты шірімеу үшін жалпақ тастардан төртбұрышты жәшікше жасалған. Көшеге дәліз арқылы шығады. Ұзындығы 9,50м, кеңдігі әрқалай. Мәселен шығыс жағының кеңдігі 2,8м болса, ал батыс жағы 2,60м, ортасының кеңдігі 1,70м. Кеңдігінің әрқалай болуынан коридордың қабырғаларыда жоспарда (52-кесте) көрсетілгендей қисық сияқты болып келеді. Қабырғаларының асты тастан, үсті кірпіштен қаланған. Дәлізде тастан қалап, аузын ағашпен жапқан ұралар бар. Ағаштың не сексеуілдің көмірін салатын кішкене қазан шұңқырлар жасағанішін тазалағанда сексеуілдің көмірі табылды.

Дәлізде екінші бөлмеден шыға беріс сол жағындағы бұрышта құрал-жабдық салатын кішкене бора(41сур.). Ол бұрышқа сүйемелдеп тастан жасалған.

Дәліздің көшеге шығатын жағында бұрыштағы шығатын ұраның ішінен жуық тарының қауызы табылды. Ұраның іші сыланған. Есіктің шыға берісі тастан қаланып үш баспалдақтың биіктігі 20–25см. Есіктің сол жақ бұрышынан 56 тал ақбөкеннің асығы салынған көмбе табылды.

Үшінші бөлме –қазба жұмысының жоспарына толық кірмеген. Батыс жағы қоныстың сыртқы даулы жағында қалып қойған. Есігі төртінші бөлмемен жалғасады. Есіктің кіре берісінде үйдің басқа жеріне қарағанда төрт бұрышты ойық жасалған. Есіктің табалдырығының астында 4-ші бөлме жағында кішкене ұра бар, ұра түйенің бас сүйегімен толтырылған (тек қана бас сүйек). Бөлменің үш қабырғасы да тастан қаланған, сақталған биіктігі 40 см.

Төртінші бөлме 3-ші бөлменің шығыс жағында (3,80х4,40м/ есігі 80 см). Есік 5-ші бөлмеден шығады. Бөлменің оңтүстік жағы бірқатар тастан тізіліп, сыпаша көтерілген. Бөлменің дәл ортасында, сыпашаның солтүстік жағында тастан қаланған ташнауы бар, үсті жалпақ таспен мұқият жабылған (42сур.).

Бөлменің үш жағындағы қабырғалары тастан қаланған, сақталған биіктіктері 40-50см дейін. Ал оңтүстік жағындағы қабырғасы шикі кірпіштен қаланған, сақтаған биіктігі 20см.

Бесінші бөлме (4,45х3,30м), есіктің кеңдігі 90см, табалдырығы еденнен 20см биік (43сур.). Бөлменің шығыс жағындағы бөлігінде тандыр ошақ жасалған, оның төңірегі 2х2м алдында жасалған ташнаудағы сыпаша көтерілген. Ошақтың түтін шығатын тұрбасы алғаш шығыс жағындағы қабырғадан шығарылса, ал кейіннен оңтүстік жағындағы қабырғадан, ал кейіннен

оңтүстік жағындағы қабырғадан шығарылған. Ошақтың алдында тастан қаланған, беті жалпақ таспен жабылған ташнауы бар.

Алтыншы бөлме (44сур.)(5х2,60м) қабырғасының қалыңдығы 60х70см сақталған биіктігі 20–40 см, жалпы алып қарағанда бесінші,алтыншы бөлмелер үлкен бір бөлме, тек батыс жағындағы бөлігі тастан қаланған қабырғамен бөлінсе, ал шығыс жағы сыпашамен бөлінген. Бөлменің ортасында бұзылған ошақтың жартысы байқалады. Бөлменің батыс жағындағы едені бұзылған, шығыс жағындағы еден өте жақсы сақталған, сабан араластырып жүргізілген лай қабаттарына дейін көрініп жатыр. 5-ші бөлмедегі ошақтың алдындағы ташнау осы екі бөлмеге ортақ, екеуінің сыпашасының биіктігі де бірдей (40 см) есік жақтағы бұрышта, ары бері көп шығып түсетін жер болған соң, жалпақ тас қойып, төңірегін сылап тепкішек жасалған. Бөлмеден көптеген сырлы, сырланбаған көзенің сынықшалары, қойдың, жылқының сүйектері, темір заттардың қалдықтары және көзенің ағындылары (шлак) табылды.

Жетінші бөлме (45сур.) (2,70х2,80м; 3,10х3,50 м) қабырғаларының қалыңдығы 60 см. Олар тастан қаланып ортасы лаймен ұстастырылған. Сегізінші бөлмеден ортақ жасалған ортадағы қабырғаның асты тастан қаланып, үсті ағаштан қаланған. Ағаштың жуандығы 30–35см, ұзындығы 2,70м. Бөлменің еденіне жалпақ тастар төселген, шығыс жағындағы қабырғаның түбінде есікке дейін тастан бора жасалған.

Сегізінші бөлме, №7 бөлменің солтүстік жағында, қабырғалары тең емес 2,40х2,70х2,60м. Бөлменің ішінде ұсақ құрылыстардың орны сырланбағанға қарағанда қойманың қызметін атқарған, есігі жетінші бөлмемен жалғасады. Жалпы алғанда,3,4,5,6,7,8 бөлмелердің есігі бірігіп бір жерден, яғни 7-ші бөлмеден ортақ көшеге шығады. Бұған қарағанда бұл үйде үлкен бір жанұяның адамдары өмір сүрген.

Тоғызыншы бөлме (46сур.) қабырғаларының тастан қаланған ұзындығы әр қалай4,28х4,40 м және 2,70х3,20м. Сақталған биіктіктері 30–50см, қалыңдығы 60–75см. Есігі шығыс жағындағы қабырғасында кеңдігі 85см табалдырық жалпақ тастардан қаланған, еденнен биіктігі 20см. Бөлмеде екі ұраның, тандыр ошақтың, ташнаудың орындары бар. Ташнау тастан қаланып беті жалпақ таспен жабылған. Бөлменің басқа жерінен төрт бұрышты болып 40см ойық жасалған. Бұл біріншіден ташнауды бөлменің басқа жерінен бөлсе, екіншіден, ошаққа от жағатын жер ой болған. Үшіншіден, ошақтың алдындағы күл көмір, отын үгінділері бөлменің басқа жағына шашылып лаптамау үшін жасаған. Екінші ұраның ішін тазалағанда көзеден жасалған қазанның

және басқа да көзе ыдыстарының сынықтары табылды. Ал №5ұраның ішінен тарының қалдығы табылды.

Тоғызыншы бөлме 10-шы бөлмемен ортасындағы есікпен байланысады.Оныншы бөлменің қабырғалары да тең емес және бөлменің ені ұзындығына сәйкес келмейді (47сур.). Солтүстік жағындағы қабырғасы 1,86м, оңтүстігі 1,80м,шығысы 4м, ал бөлменің батыс жағындағы қабырғасы екі бөліктен жалғасады, егер оңтүстік жағындағы бөлігі 2,75 болса, солтүстік жағындағы бөлігі 2,25м. Есіктің кеңдігі 80см табалдырығы тастан қаланған, еденнен 10см биік. Бөлменің ішінде ұсақ-түйек шаруаға қажетті құрылыстардың орны сыланбаған. Еденді тазалағанда оңтүстік жағындағы қабырғаның түбіне жақын жерден екі сырлы кесенің сынығы табылды.

Он сегізінші бөлме, (4,50х4м;2,26х3м) есігі дәліз арқылы көшеге шығады. Бөлменің ортасында ені бір метр, тереңдігі 1,30м келетін, қажетке керексіз заттарды тастайтын ұрасы бар. Ұраның ішінен керексіз болған көптеген көзенің сынықшалары және малдың сүйектері шықты. Бөлменің солтүстік жағындағы бұрышта құрал-жабдық салатын бора тастан қаланған. Жалпы алғанда 9,10,18 бөлмелер бір бірімен жалғасып 1,2 бөлменің коридорымен бірігіп көшеге шығады. Бұл екі үйдің көшеге шығатын есігі бір болғандығына қарағанда, туыстас екі жанұяның бір жерге ыңғайласып отырғанын байқау қиын емес.

Көшенің екінші жағында, орталық қорғанға тақап салынған үйлердің ішінде 1972ж. археологиялық зерттеу кезінде қазылғандары 8 бөлме. Он бірінші бөлме, қабырғалары тастан қаланған көше жағындағы қабырғасы доға тәрізді иіліңкіре салынған (2,73х6,90 м, 2,50х4,70м). Бөлмені ортасынан тастан қабырға қалап екіге бөлген. Есігі шығыс жағындағы дуалда ол 12 бөлмемен байланысады (48сур.). Есіктің түбінде беті ағашпен жабылған ұрасы бар. Оңтүстік жағындағы дуалдың түбіне күл төгілген, едені бұзылған.

Он үшінші бөлме, (5,90х4,50х5м) бөлменің оңтүстік шығыс жағындағы қабырғасы қазба жұмысының жоспарына кірмеген. Оңтүстік батыс жағындағы қабырғасы бұзылған, солтүстік-шығыс қабырғасының қалыңдығы 60см, тереңдігі де 50см. Бөлмедегі тандыр ошақтың аузының кеңдігі 60 см, тереңдігі де 60см. Іші өрнектелген. Ташнау тастан қаланып, үсті үш бөлек қалыңдығы 6см тақтайдай жалпақ көк таспен жымы білінбей жабылған. Есігі 80 см 12-ші бөлмеге жалғасады (49сур.).

Он екінші бөлме 11, 13бөлмелерінің ауызғы бөлмесі болып табылады. Есігі 11а бөлмемен жалғасып көшеге шығады. Бөлменің солтүстік шығыс жағындағы бөлігі, тастан сыпаша жасап 30см

көтерілген, ортасында кеңдігі 1м тереңдігі 1,30м ұра (№10). Ұраны тазалағанда, табанынан астыңғы мәдени қабатқа жататын тандыр ошақ кездесті. Тандыр ошақты тазалап көргенде, үстіңгі мәдени қабаттардан табылған тандырда ешбір айырмасы жоқ.

Ал 11 «а»бөлме, №11,12,13бөлмелердің даланы болып табылады. Даланның төбесі жабық болған болу керек, өйткені оңтүстік шығыс жағындағы қабырғаның түбінде отыратын сәкі жасалған. Даланда (5-6) ұралар бар. №6 ұраның астында 1,50м тереңдікте астыңғы мәдени қабатқа жататын тұрғындардың жалпақ қызғылт тастан жапқан ташнауы байқалды. Осы 11,12,13 11а бөлмелерінің есіктерінің бір-бірімен қатынасып жатқанына қарағанда бір жанұяның үйі. Оған екінші бір дәлел көшеге бір есіктен шығуы.

Он төртінші бөлме, екі бөлмелі бір үй, жалпы көлемі 45м.2 Бөлменің шығыс жағындағы қабырғасы қазба жұмысының жоспарына кірмеген. Әр бөлме 20м2 тең. Ауызғы бөлмеде аузы жалпақ тастармен жабылған ташнауы бар. Есігі батыс жағындағы қабырғадан көшеге шығады. Түпкі бөлмеде тандыр-ошақтың алдында ташнауы бар. Бөлменің ортасында №11,12 ұралартазаланды. Тандыр ошақ үйдің ортасына салынған аузының кеңдігі 50см, тереңдігі 60см ішінде өрнектеп сызған оюлары бар. Түтін шығатын тұрбасы солтүстік-шығыс жағындағы қабырғаның бойымен сыртқа шығарылған.

Егер біз 1,2,5,9 бөлмелердегі түтін шығатын түтік тастан қаланған қабырғаның ортасынан, қабырғаны жасағанда бірге жасалғанын көрсек, ал бұл бөлменің түтін шығатын түтігі олай емес, қабырғаның тігінен түтік жасағандарын байқаймыз.

Бөлмелердің оңтүстік жағындағы тастан қаланған қабырғасының астыңғы жағында екінші мәдени қабатқа жататын үйдің ақшыл қызғылт тастан жасаған дуалының қалдығы байқалады. Дуалдың тасы Күлтөбенің оңтүстік жағында бір шақырым жерде таудың ұшар басынан алынған тәрізді. Ал мұндай ақ тастардан өлген адамдарының молаларының басына айналдыра қоршауда жасаған. Жыланқарауыл тұрғындарының молалары осы тас түсіретін жағында қоныстан 500-600м жерде.

Он бесінші үй, екі бөлмелі, түпкі бөлме қазба жұмысының жоспарына толық еңбеген, оның кіреберіс жері аршылып одан ташнау белгілі болды. Ауызғы бөлме толық ашылды, онда екі ұраның орны бар (13,13а). Он үшінші ұраны тазалағанда тарының қауызы кездеседі. Есігі көшеге шығады, табалдырық жалпақ тастан қаланған, сақталған биіктігі 40см.

Он алтыншы бөлмеде, екі бөлмелі бір үй, түпкі бөлме, шығыс жағында қазба жұмысынан тыс қалған,





бізге белгілісі ауызғы бөлме есігінің кеңдігі 75 см батыс жағынан көшеге шығады. Есіктен кіре беріс жерде ұрасын тазалағанда, тарының қауызынан басқа ешнәрсе табылмады.

Он жетінші бөлменің де жартысы қазба жұмысының жобасынан сырт қалып қойған, бізге белгілісі көше жағы. Бөлменің ортасынан тастан қаланған сыпашасы және солтүстік-шығыс жағында үлкен жалпақ қызыл тастан тапқан ташнауы бар. Есігінің кеңдігі 70 см солтүстік батыс жағынан көшеге шығады. Енді біз көшенің екінші жағына, яғни сыртқы дуал жағына жүргізілген қазба жұмысының нәтижесінде белгілі болған бөлмелерге тоқтап өтелік.

Он тоғызыншы бөлме (3,50x2 м) есігінің кеңдігі 80 см табалдырығы жалпақ тастардан төселіп, көше жағы, таспен айландыра қоршалған. Бұл әдіс көшеден аққан жауын суы, я болмаса еріген қардың суы үйге кірмеуі үшін торалғы жасағандары. Себебі көшенің сырт жағындағы үйлер, көшенің орталық қорғанжағындағы үйлерден 50-60 см аласа, яғни төмен. Сондықтан да, бөлмеге кіретін жері түйетайланып қабырғаның батыс жақ түбінен 50 см ашық жер қалдырған. Батыс жағындағы қабырғадан екінші есік 23-бөлмеге кіреді.

Жиырма үшінші бөлме (4,30x3,50 м) тандыр ошақ бөлменің солтүстік жағына жақын салынған. Тұрбасы солтүстік жағындағы қабырғада бұрыштан шығарылған. Ошақтыңалдындағы ташнау, жалпақ тастармен жабылған. Ташнау, я болмаса ошаққа от жағатын жер бөлменің басқа жерінен төрт бұрышты ойық болып 40 см терең жатыр. Солтүстік-батыс жағындағы бұрышта шаруаға қажетті ұра тазалағанда күбі көзенің және әртүрлі пішіндегі көптеген көзенің сынықшалары табылды. Бөлменің батыс жағындағы қабырғасынан жасаған есік, 23а бөлмемен байланыстырады, солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс жағы еденнен 20 см биік етіп сыпаша көтерген, жатып дем алатын орын болуы керек. Арасы бір метрдей бөлінген.

Келесі үш бөлме, № 19, 23, 23а бөлмелер бір-бірімен байланысып көшеге бір есіктен шығады және де үшеуіне ортақ бір ошағы бар болып келеді, бұған қарағанда бұл бөлмелер бір жанұяның үйі.

Жиырмасыншы бөлме, (5x3,10 м) есігі көшеге шығады. Табалдырыққа жалпақ тастар төселген. Бөлменің солтүстік-шығыс жағында жалпақ тастармен жасалған ташнауы бар. Солтүстік-батыс жағындағы қабырғаның түбінде астыңғы мәдени қабатқа жататын бөлменің тастан қаланған дуалы байқалады. Қабырғаларының қалыңдығы 70-75 см солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс жағындағы қабырғаның екінші жартысы шикі кірпіштен салын-

са, қалған жақтары тастан қаланған. Дуалдардың сақталған биіктіктері 50-60 см. Бөлменің солтүстік-шығыс жағындағы есік 21 бөлмеге жалғасса, ал батыс жағындағы дуалдан жасалған есік 24 бөлмемен байланысады.

Жиырма төртінші бөлме қабырғаларының ұзындығы тең емес, жалпы көлемі орта есеппен алғанда 40 м² (50 сур.). Бөлмеде қатар жасалған екі тандыр ошақ (51 сур.). Кіші ошақтың кеңдігі 45 см, үлкен ошақтың кеңдігі 65 см екеуінің тұрбасы бір. Алдында ташнауы бар жалпақ таспен жабылған. Ошақтың алды бөлменің басқа жерінен ойық болып 30 см төмен жатыр. Бөлменің солтүстік-батыс бұрышындағы есік дәрет алатын бөлмеге кіргізеді (52 сур.). Есіктің табалдырығына тас төселген дәретхананың көлемі 1,50 шаршы метрден аспайды. Дәретхана жасалған бөлменің көлемі 2x6 м, едені бұзылған, тек дәретхананың төңірегіндегі сылауы өте жақсы сақталған. Бөлмеде азық-түлік және тұтынуға қажетті заттар сақталған болу керек. 24-ші бөлменің солтүстік-батыс бұрышында тары салған ыдыстың түбі кездесті. Ошақтың ішінен еденнің ішінен көптеген көзенің сынықшалары табылды. Табылған сүйек материалдарға қарағанда ұсақ малдың сүйегі басым.

Жиырма бірінші бөлме (4,10x3,20 м) есігінің кеңдігі 50 см (53 сур.). Ол 20-шы бөлмемен жалғасады. Солтүстік-батыс және оңтүстік жағындағы қабырғалары шикі кірпіштен қаланған кеңдігі әрқалай 60-75 см, ал көше жағындағы қабырғасы тас араластырып лайдан құйып шыққан, қалыңдығы 1,30 м. Сақталған биіктіктері 40-60 см. Бөлменің оңтүстік-батыс жағы сыпашамен көтеріліп, солтүстік-шығыс жағынан бөлінген. Сыпашаның үстінде бұрышта шикі кірпіштен, ұсақ түйек заттарды салатын бора жасалған. Ташнау ұзындығы 1 м, ені 50 см, қалыңдығы 4 см тақтайдай жалпақ қара таспен жабылған.

Бөлме солтүстік-батыс жағында 25-ші бөлмемен байланысады.

Жиырма бесінші бөлме (54 сур.) көлемі 4,25x4 м, қабырғалары шикі кірпіштен қаланған, сақталған биіктіктері 15-20 см. Тандыр ошақ бөлменің солтүстік-шығысына жасалған, бөлменің қабырғасынан 1,30 м қашықтықта, түтік осы қабырғаның ортасын ойып жасалған. От жағатын жер, яғни ташнау еденнен 1,50x1 м ойық болып бөлінген, 30 см шұңқыр оңтүстік шығыс жағындағы бұрышта қажетсіз заттарды тастайтын ұрасы бар, тазалағанда малдың сүйегі, көзенің сынықшалары табылды. Солтүстік батыс жағындағы қабырғаның ортасынан есік жасалған. Ол дәрет алатын 25а бөлмеге кіргізеді. Дәрет алатын бөлме дегенде біз оның тек намаз оқу алдында жуынатын бөлме екеніне салғмыз келеді.

Күлтөбе кентіндегі мұндай жеке жасалған дәрет алатын бөлмелер тек 24, 25 бөлмелерде ғана. Бұған қарағанда осы бөлмелерге қожа-молдалардың жанұялары тұрды ма деген ой туғызады. Дәретхана есіктің дәл түбінде 24-ші бөлмедегі дәретхана тәрізді жасалған. Егер 24-ші бөлмедегі дәретхана тастан қаланған болса, ал мұның су төгілетін жеріне күбі көзе қойылып аузы жалпақ тастармен қаланып су ағатын тесік қалдырған. Дәретхана жасалған бөлменің көлемі 3,50x1,90 м бұл бөлмеге 24а сияқты қойманың қызметін атқарған. Едені сабан араластырылған ақ топырақпен сыланған. Қабырғалары шикі кірпіштен қаланған, сақталған биіктіктері 20-30 см, қалыңдығы 40-85 см.

Жалпы алып қарағанда бұл бөлмелерде аталас екі жанұя тұрған, себебі бөлмелер үш-үштен (20, 24, 24а), (21, 25, 25а) бір үй болып ауызғы 20 бөлмеден көшеге шығады.

Жиырма екінші бөлме (7x2,25 м) оңтүстік-батыс жағында ұрасыбар. Екі жағындағы қабырғалары күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылған, қалыңдығы 70 см. Ал солтүстік-шығыс жағындағы қабырғалары тастан қаланған қалыңдығы, 70x1,25 м, сақталған биіктіктері 30x50 см.

Жиырма алтыншы бөлме (55 сур.) қабырғаларының ұзындығы әрқалай, ішіндегі тұрмысқа қажетті құрылыстары да ыңғайсыз салынған. Мәселен тандыр ошақ есікке шығатын жақта салынса, ал құрал сайман салатын бора оңтүстік жағында, яғни төрге салынған, (ұзын 90 см, ені 60 см). Солтүстік жағындағы бұрышқа дуалдан 1,30 м жерде екі үлкен күбі көзе, одан 60 см жерде ұра. Сонда бұл үйдің төрі қай жағында екені белгісіз. Ташнаудың жанында ойықтың үстінде еденде беті ашық ошақтың орны бар. Бұл бөлмедегі бір ерекшелік тандыр ошақтың тұрбасы қабырғаға жетпей еденнің үстінен шығарылған. Бұған қарағанда тұрба басқа бөлмелердегідей дуалмен жапсарлап шығарылмай, тастан қалап жеке тұрба етіп шығарған. Тұрбаны бұлай шығару, үйге жылуды басқа бөлмелердегі тұрбаға қарағанда көбірек береді. Ошақтың оңтүстік жағындағы қабырғаның түбіне ыдыс-аяқ қоятын сәкі жасалған. Бөлмеден ұсақ малдың сүйектері, көзенің сынықшалары өте көп табылды. Жиырма алтыншы бөлме солтүстік жағындағы есік арқылы қойма болған 29 бөлмемен қатынас жасаған. Сонда 22, 26, 29 бөлмелер бір жанұяның үйі. Есіктері бір-бірімен байланыс жасайды да орталық көшеге бір жерден шығады.

Жиырма жетінші бөлме (56 сур.), көлемі 4,5x4,50 м. Бөлмеде екі тандыр ошақтың орны бар (57 сур.), от жағатын жердегі ойық жақсы сақталған.

Ошақтардың түтін шығатын тұрбасы бірге батыс жағындағы қабырғадан шығады.

Жиырма жетінші бөлме (4,50x3,50x2,90x4,75 м) есіктен кіретін жағында үйдің ортасын ала беті ашық ошақтың орны бар.

Қабырғаларының қалыңдығы әрқалай, егер сыртындағы дуалдың қалыңдығы 75 см болса, ал ішкі жағына 10-шы бөлмемен жалғасатын қабырға 50 см.

Жиырма сегізінші бөлме (5,75x5,75) жалпы көлемі 30 м². Қабырғаларының барлығы дерліктей тастан қаланған. Бөлменің ортасынан екіге бөлініп, шығыс жағынан сыпаша көтерілген, екі жерден ағаш діңгек қойылған. Екі ұраның орны ашылды. Жиырмасыншы ұра тастан қаланып шыққан, тазалағанда сүйек-саяқ әртүрлі көзенің сынықшалары табылды. Еден үстін тазалаған кезде оңтүстік батыс жағындағы қабырғаның түбінен бүктелген алашаның қалдығы табылды. Алаша түйенің жүнінен өрмекпен тоқылған. Жиырма жетінші бөлмеге кіретін жағында есіктің алдында жалпақ тастар төселген. Бөлмеден шығатын есіктің алдында тастап қалап, тепкішек жасалған. Ол біріншіден 28 бөлмеге түсетін баспалдақтың қызметін атқарса, ал оның батыс және шығыс жағы тұтынуға қажетті заттар қоятын сәкінің қызметін атқарған. Бөлменің есігі солтүстік жағындағы бұрышта, кеңдігі 70 см табалдырық тұрған жердің биіктігі 40 см, 28а бөлмеден шығатын есік бір-бірімен қарама-қарсы түйіседі. Сонда бұл үш бөлме (27, 27а, 28) бір жанұяның үйі. Есіктері бір-бірімен байланысып 28-ші бөлме арқылы қаланың сырты жағындағы көшеге шығады.

Отызыншы бөлме жалпы көлемі 7 м. Оңтүстік шығыс жағындағы дуалдары шикі кірпіштен қаланған, қалыңдығы 60 см. Сақталған биіктіктері 20-30 см, солтүстік батыс жағындағы қабырғалары тастан қаланған. Есігі 60 см 31 бөлмемен байланысады.

Отыз бірінші бөлме жалпы көлемі 18 м². Есігі 33 бөлмемен жалғасады (58 сур.). Екі бөлменің жалғасқан жері ойық болып, бөлмелердің басқа жағына қарағанда 40 см шұңқыр. Ал 31 бөлме жағындағы ойық солтүстік батыс жағындағы қабырғаға тірелсе 33 бөлмедегі ойық тек ошақтың алдында ғана ташнауды қоршай жасалған.

Отыз үшінші бөлме (59 сур.) солтүстік-батыс жағы қазба жұмысының жоспарына енген. Жалпы тазаланған жердің көлемі 15 м. Бөлменің солтүстік-шығыс жағында тандыр ошағы сақталған. Алдында ташнау, ойықтың кеңдігі 1 м, ұзындығы 1,40 м, есікпен жалғасып одан ары 31 бөлмеге кіреді. Ойықтың едені жалпақ тастармен төселіп, үстіне лай салынған. Еденнің тапталғандығы соншалықты үстіне түскен құланды топырақтан тазалағанда,





қабат-қабатымен көшіп отырады. Бөлменің оңтүстік-батыс жағындағы бұрышта ұсақ-түйек салатын бораның орны бар, осыған таяу жерден ортасынан бөлінген қол диірменнің үстінгі тасы табылды. Осы 30,31,33 бөлмелердің орналасуына қарағанда бір жанұяның үйі. Есігі сыртқы көшеге шыққан.

Келесі, 34–34а–35бөлмелер (60сур.) бір жанұяның үйі. Олардың есіктері бір-бірімен қатынас жасауға ыңғайлы жасалған. 34,35-ші бөлмелер батыс жағындағы екі бөлмеге ортақ керегенің түбінде бір-бірін қосатын есік арқылы қатынасады (61сур.), қатынас жасайтын жер екі бөлменің еденінен 35см шұңқыр. Ал 35 бөлмеде бірі үлкен, бірі кішілеу жасалған ошақтардың орны бар (62сур.). От жағатын жері есік алдындағы ойығы арқылы 34-шібөлмемен жалғасады. Осы 34бөлменің шығыс жағы сыпаша, от жағатын жердің еденінен 35см биік. Ол демалуға қарағанда, тамақтану үшін жасалған. Бөлмеде ешбір ұсақ-түйек құрылыс орындарының жасалмағандығына қарағанда қонақ қабылдайтын бөлме болған.

Бұл үйдегі бір ескеретін жағдай 35 бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында бір ұраның орнын тазалағанда, 20см тереңдіктен кейін, оның тандырмен байланысқандығы анықталды. Тандырдың еш жері бұзылмаған, ішінде өрнегі бар, аузы оңтүстік-шығыс жағына қаратылып жасалған. Ішінен табылған көзенің сынықшаларына қарағанда, XVI ғ. өмір сүрген мезгілді жобалауға болады.

Келесі № 36,37,38,39,40 бөлмелер (63сур.) үлкен бір жанұяның үйі. Олар 37-бөлме арқылы кенттің сыртқы дуалы жағындағы көшеге шығады. Бөлмелердің бір-бірімен қатынас жасайтын есіктерінің орны өте жақсы сақталған. Мәселен 39 бөлмемен 40 бөлменің арасын қосатын есіктің табалдырығының астына қойылған ағаштың қалдығы аздап шірігені болмаса сол қалпында жатқан. Бөлмелердің ішіндегі орталық бөлме 39 бөлме (64сур.)(6,10x3,80 м). Оның оңтүстік-батыс бұрышында тақау етіп тандыр ошақ жасалған, от жағатын жері еденнен 40см төмен,ұзыншақ төртбұрышты болып бөлінген, ішінде ташнау, ол жалпақ тастармен жабылған. Осысыпашаның шығыс жағындағы жиегінде еден үстінде шикі кірпіштен төртбұрышты етіп жасалған беті ашық ошағы бар.

Ошақтың солтүстік-шығыс жағында бір метрдей жерде түбіріктің орны. Басқа бөлмелерге қарағанда үлкен болғандықтан үйдің төбесіне салынған ілімдер (белағаштар) майыспасы үшін қойылған. Бөлменің еденің сылаған майда сылауы жақсы сақталған. Бөлменің еденін сылаған майда сылауы жақсы сақталған. Ал 38 бөлме, 39 бөлмемен жалғасатын есіктің түбінен екіге бөлінген, шығыс жағы, адам

демалуға ыңғайлы болса, ал батыс жағы 30-35см шұңқыр ойық болып, оның ортасында үстін ағашпен жапқан ұра жасалған (65сур.). Мұндағы 40 бөлме азық-түлік қоятын қойма, ол 38-ші бөлмемен байланысатын жерінен екіге бөлінген. Шығыс жағындағы бөлігі 20см биіктеу болса, ал батыс жағының едені төмен, солтүстік-батыс бұрышта тары сақтайтын ұрасы бар. Келесі 36-37 ауызғы бөлмелер қойманың қызметін атқарған. Бөлмелердің қабырғалары тастан қаланған.

Қырық бірінші бөлме қазба жұмысының үшінші бөлігінде, солтүстік-шығыс жағына орналасқан. Бөлменің көлемі 30м2. Шығыс және оңтүстік жағындағы қабырғаларын соқпа тамнан тұрғызса, ал солтүстік және батыс жағындағы қабырғалары тастан қаланып лаймен тұрғызылған.

Бөлменің солтүстік жағында азық-түлік тұратын кішкене қоймасы бар, онда бір үлкен қыш күбі, үш қазан қатар қойылған. Қыш күбінің ішінен тарының қауызы кездеседі. Қойманың батыс жағы бөлмемен байланысады. Бөлменің тандыр ошағы төрге жақын салынған. Ошақтың алдына ойық, онда беті жалпақ тастармен жабылған, ташнау, тұрбасы шығыс жағындағы қабырғамен сыртқа шығарылған. Бөлмеге кіретін есіктің түбінде ұра. Бөлме қойма арқылы бекіністің дуалы жағындағы көшеге шығады.

Орталық қорғанның (цитадель) 500м2 жеріне 1973 ж. жүргізілген қазба жұмысы 17бөлменің орнын ашты (54кесте). Бөлмелердің бір-бірімен қатынас жасайтын есіктеріне салынған құрылыс ыңғайына қарағанда үш жанұяның үйі болғандығы байқалады. Сондықтан да бөлмелерге жеке-жеке тоқталмай, жалпы бірге жасалған үйлер бойынша қарастырамыз.

Бірінші үй, қазба жұмысымыздың оңтүстік-шығыс жағында, ол 1, 2, 3, 4 бөлмелерден тұрады.

Төртінші бөлме ауызғы бөлме, есігі шығыс жағында, бірінші бөлмеде екі ошақ бар (66сур.), ол екінші бөлмемен осы тандыр ошақтардың алдында еден үстінде, төртбұрышты шикі кірпіштен жасалған ошағы бар. Екінші бөлме ойықпен жалғасатын жерден бастап, солтүстік жағы сыпаша болып көтерілген, ал ойықтың оңтүстік жағы үшінші бөлмемен жалғасады. Екі бөлменің жалғасатын есігіне тақау жерде екінші бөлмеде ұрасы бар, оған жақындау діңгектің түбіне тұратын тас қойылған. Ал 2-3-ші бөлмелердің (67сур.) арасын бөліп тұрған қабырғаның шығыс жағында тандыр ошақ алдында ташнау, 3-бөлменің оңтүстік жағындағы қабырғаның түбінен асықтың көмбесі табылды (68сур.). Көмбеде ақбөкеннің 60, қойдың 32, арқардың 2, қарақұйрықтың бір тал асықтары сақталған. Барлығы 95 асық. Асық көмбесі мен тандыр ошақтың арасы 1,5м (69сур.).

Екінші үй, бірінші үйдің солтүстік шығыс жағында, ол бес бөлмеден тұрады. Бірінші, үшінші үйдің бөлмелеріне қарағанда, екінші үйдің бөлмелері бұзылған. Он екінші бөлменің шығыс жағы қазба жұмысының жоспарына кірмей қалса, он бірінші бөлменің шығыс жағындағы қабырғасы мүлде сақталмаған (70сур.). Тандыр ошағы бұзылған. Алдында ойық онда жалпақ тастармен жапқан ташнау. Ойықтың батыс жағында еден үстінде беті ашық ошақ, ол шикі кірпіштен төртбұрышты етіп жасалған. Ал он екінші бөлмеалтыншы бөлмемен жалғасады. Он бірінші бөлменің тандыр ошағы оңтүстік-шығыс бұрышында, жартылай ғана сақталған. Басқа бөлмелерге қарағанда ошағының алдында ойық жасалмай бірден ташнау жасалған, оның бетін қажетке жарамай қалған қол диірмен тасымен жапқан. Сегізінші бөлменің едені мүлде бұзылған. Солтүстік-шығыс бұрышында жартылай сақталған тандырды пайдалана отырып ұра жасалған. Тазалағанда тарының қалдықтары кездеседі. Бөлменің оңтүстік жағындағы едені жалпақ тастардан қаланған, ол тоғызыншы бөлмемен жалғасып орталық қорғанның батыс жағымен шахристанға шығады.

Үшінші үй екінші үйдің солтүстік батыс жағында, үш бөлмелі (71сур.). Олар бір-бірімен, тандыр ошақтың алдындағы ойық арқылы жалғасқан. Үйон бірінші бөлмедегі екі тандыр ошақпен жылытылған. Ал он бесінші бөлме қойма болған (72сур.), солтүстік-батыс жағындағы бұрышта, астық сақтау үшін, үлкен күбі көзе қойылған. Үйдің бөлмелеріндегі тұрмысқа қажетті ұсақ-түйек құрылыс жүйелері жақсы сақталған.

Үшінші үй тоғызыншы ауызғы бөлме арқылы бекіністің батыс жағындағы көшемен жалғасқан.

Қазба жұмысының жоспарында орталық қорғанның батыс жағындағы көрініп жатқан қабырғасы (54кесте)тастан қаланған, кеңдігі 80см. Сақталған биіктіктері әрқалай 30–50 см. Орталық қорғанның дуалы, ондағы тұрған үйлердің сыртқы дуалдарының да қызметін атқарған. Орталық қорғаннан алынған тұтыну заттарының пішіндері мен жасалу тәсілдері де, тұрғын үйлердің ішкі-сыртқы құрылыс жүйелері де, шахристан материалдары мен сәйкес келуі, қоныс тұрғындарының байлық жағынан бір-бірінен онша алшақ болмағандығын байқатады.

Кең түрде жүргізілген қазба жұмысымен қатар, қоныстың мәдени қабатын анықтау үшін бір жерден тексеру шұңқыр және қорғаныс шебін білу үшін зерттеу жүргізілген жердің шетінен, етегіне қарай ұзындығы 15м, кеңдігі 1м тексеру тілігі қазылды (54кесте).

Тексеру шұңқыры 23-ші бөлменің оңтүстік жағындағы қабырғасының түбінен 2мжер, жер таба-

нына дейін қазу арқылы жүргізілді. Сонда, бекіністің жер табанға дейінгі мәдени қабатының қалыңдығы 5м биіктікті көрсетті. Қатпар (ярус) бойынша қарағанда, табылған көзелердің ішінде XIIIғ.жата-тын түрі 10-шы қатпарда (яруста), яғни ең астыңғы мәдени қабаттан алынды, хронологиялық жағын ашық көкпен сырланған көзенің сынығымен жобалап отырмыз. Тексеру шұңқыры үстіңгі жағынан есептегенде 21-ші қатпардан (ярустан), шикі кірпіштен 40x18x12см қаланған қабырғаның үстін кесіп өтті. Мұның өзі Жыланқарауыл бекінісінің астында бірнеше мәдени қабаттың барлығын көрсетеді.

Бекіністің астында бірнеше мәдени қабаттың жатқанын оның бекініс жүйесіне салынған тіліктен де анық көруге болады.

Траншейдің «М» жағындағы тексеру шұңқыры, бекіністің сыртында жасалған ор болғандығын көрсетті, оның тереңдігі 3м, кеңдігі 5м. Егер біз қатпар (ярус) бойынша қарайтын болсақ қоныстың қорғаныс ретінде әркезде салынған алты дуалды байқаймыз. Бірінші астыңғы жағынан яғни қоныстың алғашқы пайда болған кезінде салынған дуалы. Оны 11–12-ші қатпардың (ярустың) сызықшаларының (55кесте)дуалға барып тірелген жерінен байқауға болады. Екінші дуал IX–X қатпарлардың (ярустардың) сызықшаларының тірелген жерінен көрінеді. Дуал сары топырақтан соқпа әдіспен тұрғызылған. Қатпардың (ярустың) сызықшаларымен қарағанда 7-ші қатпардың (ярустың) астыңғы жартысымен, 8-ші қатпардың аралығында. Төртінші дуал, 10–6-шықатпарлардың (ярустардың) сызықшалары тірелген жерінде. Бесінші дуал 2-ші қатпардың (ярустың) екінші жартысымен, 3-4қатпарлардың (ярустардың) сызықшалары тірелген жерінде. Бесінші дуал 2-ші қатпардың (ярустың) жартысымен 3-4-ші қатпарлардың (ярустардың) сызықшалары тірелген жері. Алтыншы тастан қаланған дуал бесінші дуалдың үстіне салынған. Ол қоныстың соңғы кезіне жатады.

Дуалдардың салыну жүйесіне қарағанда, қоныстың біртіндеп алғашқы шегінен ішке қарай тарыла салынғандығын және әрбір жаңа дуал соғылған сайын, қоныстың биіктей бастағандығы байқалады. Мәселен, қоныстың алғашқы дуалы жер табанынан салынса, ал соңғы мезгілге жататын тастан қаланған, алтыншы дуал ордан есептегенде 10 м биіктікте салынған. Мұның өзі Жыланқарауыл бекінісінің соңғы кезде мықты салынғандығын көрсетеді. Тастан айналдыра салынған дуалдың әрбір 4м жерінен кейін сыртынан үш метр тіреу қабырғалар салынған (73сур.). Олар П әрпі сияқты ортасынан қуыс қалдырып екі жағы дуалға барып тіркелген, ал оның астыңғы жағында кеңдігі 5м





тереңдігі 2-3м ор қазылып оған су жіберілген. Ор мен соңғы кездегі тас дуалдың арасы 15м ал шамамен тас дуалдың биіктігін қосқанда, бекіністің соңғы кездегі көрінісі 20-25 м биіктікте тұр. Ішке кіретін есігі тау жағында (оңтүстік), жағында шұңқыр көл, ор сол көлмен жалғасқан.

Екі жыл бойы жүргізілген қазба жұмысы қоныстың 3000м² жуық жерін ашып, тұрғын үйлермен, азық-түлік қоймаларын тазалады. Осы қазылған жерге қарағанда қоныстың екі көшесі және орталық қорғаны анықталды. Қазба жұмысына қарағанда орталық қорғанға шығыс және батыс жағынан кіретін болған. Үйлер орталық қорғанды айнала екі бөлмелі болып салынса, одан соң бірінші көше кеңдігі 2 м(74сур.), осы көшенің екінші жағынан екінші және үшінші қатар үйлер салынған. Ол үйлердің кейбіреулері бірінші көшеге шықса, ал кейбіреулері бекіністің сыртқы дуалының түбінде екінші көшеден шыққан. Ортадағы көше (бірінші) солтүстік жағындағы құдыққа келіп тіреледі де, шығыс жағына қарай бұрылады. Көшенің екі жағындағы үйлердің түбінде отыратын сәкі жасалған. Көшеге құм-тас төселген, ол әбден тапталған.

Қазба жұмысының нәтижесінде белгілі болған тұрғын үйлер, көбінесе екі-үш, төрт-бес бөлмелі болып келеді. Еске алатын бір жағдай бөлмелердің бір-бірімен жалғаса жасалғандығына қарағанда, бөлмелерге жарық беретін терезелер бүйір қабырғалардан жасалмаған. Тек көше жағындағы бөлмелер мен сыртқы қорған жағындағы бөлмелерге бүйір қабырғаларынан жарық түсірілуі мүмкін болған. Алайда оның өзі жеткіліксіз. Сондықтан да бөлмелерге жарық төбеден түсірілген сияқты. Бұған қарағанда бөлмелердің төбесі шошаланың төбесі сияқты жасалған. Оны көрсететіндей екінші бір дәлел бөлмелердің дәл ортасында, діңгек орнататын тастан жасалған төртбұрышты жәшіктердің кеңдесуі. Кейбіреулерінде ағаштан шіріндісі сақталған. Ал кейбір діңгектердің астына төртбұрышты етіп тас қалап жасаған.

Екіншіден, бөлмелердің төбесінен жасалған терезелер тек жарық түсіру үшін ғана емес ол түтін шығу үшін де қызмет атқарған. Себебі бөлмелердегі тандыр-ошақтардың аузын қаншалықты жапқанменен одан түтін шығады және беті ашық үй жылыту үшін жасалған ошақтар да бар.

Өр үйде бір тандыр-ошақ, оның алдында ташнау. Кейбір төрт-бес бөлмелі үйлерде екі тандыр қатар жасалған, бірі кішкене (қазандығының кеңдігі 30 см) екіншісі үлкен (қазандығының кеңдігі 50-60 см) олардың түтін шығатын түтіктері бір жерде қосылып сыртқа бірге шығарылған. Тандыр-ошақтардың көпшілігі бөлменің ортасына ала салынған, олардың

от жағатын жерлері бөлменің басқа жерлерінен төртбұрышты етіп бөлініп 30-40 см шұңқыр жасалған. Түтік сыпашаның үстінен жүргізілгеніне қарағанда, кен тәрізді салынғандығын, қалайда болмасын үйге жылу беру жағын ойластырғандықтары байқалады. Мәселен, бесінші бөлмедегі ошақтың түтік шығарылған жеріне адам отыруға да суық күндері жатуға да ыңғайлы. Дегенменде көңнің классикалық түріне жатпайды.

Көңнің классикалық түрі, ошақ үйдің бір бұрышында болса, ал түтіні жалпақ тастармен не қызыл кірпішпен жабылып үйдің екінші жағынан сыртқа шығады. Түтік шығатын тұрбаныңсыпашаның үстінен шығарылуы Отырар қаласының XVI–XVIII ғғ. мәдени қабаттарынан (Ахинжанов, Ерзакович, 1972, 65 б.), XVIII–XIX ғғ. жататын Ақмола, Ақтөбе жерлеріндегі жер үйлерден де кездеседі (Харузин, 1896, 27 б.).

Өлі де болса XV–XVIII ғғ. қыстауларға жеткілікті зерттеу жұмыстар жүргізілмегендіктен, Күлтөбе, Жалғызтам қоныстарындағы тандыр-ошақтарға ұқсас қазан асып нан пісіретін ошақтар кездестіргеніміз жоқ. Дегенмен қыстаулардағы әзірше бізге белгілі от жағу жүйесімен, түтін шығару тәсілінің және үй-ішін жылыту үшін ортаға от жағып отыру әдісінің Күлтөбе қонысындағы тұрғын үйлердегі тандыр-ошақтың басқа беті ашық ошақтармен ұқсастығы бар. Бұдан Қазақстан жеріндегі XV–XIX ғғ. үй жылыту, ас пісіру үшін ошақ жасау системасының бірыңғай екендігін байқаймыз.

Қазба жұмысының барысында табылған тұтыну заттарының ішінде басты орын алатын әртүрлі пішіндегі көзелер, сүйектен жасалған бұйымдар және тастан жасалған заттар көбінесе тас қайрақтар.

Қоныстан алынған көзелердің 70%-ға жуығы сырланбаған, ал сырлы көзелердің түсі көбінесе күлгін қызғылт және көгілдір болып келеді. Сырланбаған көзелердің іші-сырты ақшыл және қызғылт лай қабатымен (ангоб) жалатылған. Қыш ыдыстардың пішіндері алуан түрлі, олар туралы біз жеке тоқталамыз. Бұл арада атап өтетін бір жағдай қыштан жасалған ыдыстардың ішіндегі сырланбаған керсендер (56кесте), тостақтар (57кесте) мен саптыаяқтар (58кесте)және қазандар (59кесте). Олар өзінің сыртқы пішіні жағынан XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ халқының ағаш ыдыстарына ұқсас. Ал қыштан жасалған төрт шүмекті май шырақтардың XX ғ. бірінші жартысына дейін өмір сүргендігін көреміз. Мәселен Күлтөбе бекінісінен табылған төрт шүмекті май шырақ (60кесте).

Қарабұлақ қыстауынан табылған шырақтан (75сур.) ешбір айырмашылығы жоқ. Екі шырақтың

өмір сүрген мезгілінің бір-бірінен алшақтығына қарамастан жасалу тәсілдері бірдей.

Табылған сүйек бұйымдардың ішінде киім тоқитын біздер (61кесте, 4–8), ұршықтың басы (62кесте, 1-8), қақпаның тиектері (61кесте, 9-10), шүмектер (63-кесте, 7-9) әрбір бөлмеден табылады. Қоныстың тұрғындарының сүйек жинаған жағдайлары кездеседі. Мәселен, екінші бөлменің тандыр ошағынан 10–12 кг жуық, төртінші бөлменің, үшінші бөлмемен қатынас жасайтын есігінің табалдырығының астындағы кішкене ұрадан 7–8 кг жуық түйенің бас сүйектерінің табылуы, тұрғындарының өздеріне тән бір құпия сырын көрсететіндей.

Жергілікті қариялармен әңгімелескенде қазақ халқында сүйек қайнатып сексеуілдің тобылғының күлінен сабын жасайтындығы анықталады. Ал мына жиналған сүйектер сол сабын жасау үшін жиналмады ма деген ой туғызады.

Қазба жұмысының кезінде еске алатын бір ерекше жағдай асық көмбелерінің табылуы (68-сур.). Көмбелерге зер салсақ онда асық ойнаудың болғандығына ешбір күмән жоқ. Мәселен, асықтардың ішінде құлжаның болуы, «сақа» басты қолға ұстап ойнайтын асық және сақаға ауырлай болуы үшін қорғасын құюы, тұрғындар балаларының асық ойнағандығын көрсетеді. Ал құлжаны сақа жасап, оған қорғасын құйып асық ойнау қазақ балаларының арасында бүгінгі күнге дейін сақталып отырған ойынның бір түрі.

Табылған сүйектердің құрамындай үй жануарларының барлық түрі кездеседі. Зоолог Л.А.Макарованың(Макарова, 1974, 205 б.)көрсетуі бойынша сүйектердің 40%-ға жуығы ірі қара малдың (түйе, жылқы, сиыр) сүйектері. Сүйектердің ішінде ақбөкен сүйегі өте көп кездеседі, оны табылған асық көмбесінен байқаймыз. Мәселен, бірінші (шахристан), үшінші (цитадельдегі) бөлмелерден табылған асық көмбесіндегі асықтан 90%-ға жуығы ақбөкендікі болған.

Бұл жағдай тұрғындардың аң аулауда, ақбөкен аулаумен басым айналысқандығын көрсетеді. Оған екінші бір дәлел, ақбөкен мүйіздерінің өте көп кездесуі, олардың екі жағынын өте ұқыптылықпен кесілуі, оны дәрілік қасиеті үшін де аулаған (63кесте, 3,6). Ал арқармен қарақұйрықтың асықтары бірлі жарым ғана.

Тастан жасалған бұйымдардың ішінде көбінесе қайрақтар және әртүрлі салмақтағы дөңгелек тастар өте көп кездеседі. Олар археолог зерттеушілеріміздің пікірінше қалаққа (таразы) қолданған.

Қазба жұмысының кезінде, бөлмелердегі астық сақтайтын ұраларды тазалағанда, олардың барлығынан дерліктей тары табылды. Бұған

қарағанда тұрғындар дәнді дақылдардың ішінде тары айдауымен басым шұғылданған ба деген пікір тудырады. Қаратау және Жезқазған облысының Ұлытау ауданы Амангелді ұжымшарының қарияларымен болған әңгімеде ата-бабаларының тары айдаумен айналысқандығын тарының «ақбикеш», «ақсары», «қызыл тары» деген түрлерінің болатындығын, оның ішінде «ақсары» тарысының өнімді көп беретіндігін айтады. Ал біздің зерттеп отырған қонысымыздан шындығында ақсары тары көп табылып отыр.

Тұрғын үйлерден 15 дана қол диірменнің тастары табылды. Олардың кейбіреулері соншалықты ұзақ пайдалағандықтан өзінің тиісті қызметіне жарамай қалған. Мұның өзі Күлтөбе тұрғындарының жүздеген жылдар бойы, бір орында сүргендігін көрсете ме деген пікір туғызады.

Жалпы қазба жұмысының нәтижесіне қарасақ Жыланқарауыл бекінісінің тұрғындарының өмір тіршіліктері XIX–XX ғғ. қазақ халқының өмір тіршілігіне ұқсастығын көрсетеді.

Енді біз осы ұқсастықтарды пайдалана отырып, XVI–XVIII ғғ. жазба деректерде үш жерде кездеседі. Оның біріншісі(МИХК, 1969, 21 б.) мен екіншісі бір деректен алынған тәрізді. Атап айтқанда 1582 жылы Шайбани ханның інісі Сұлтан Акибет Махмуд, Суындық асуында қазақ ханы Жәнібектің баласы Махмуд сұлтанмен болған соғыс жайлы.

Осы соғыс кезінде болу керек, қазақ Махмуд сұлтан Созақ пен Қарақұрын аймағынан көптеген атты-жаяулы әскер жинағаны туралы, 3-ші деректе (МИХК, 1969, 293 б.) Абдулла ханның әскер басшысы Ибадулла сұлтанның Созақтан, Сауранға келе жатқан жолында бекіністі жермен-жексен етті деген хабар бар.

Деректерден қазақ хандығы мен өзбек хандықтарының арасындағы соғыстарды білсек, екінші жағынан зерттеу жұмысын жүргізіп отырған «Күлтөбеміз» Жыланқарауыл бекінісі деп аталғандығына ешбір күмән жоқ. Үшіншіден, қазақ Махмуд сұлтанның Қара-құрын (қазіргі Қарақұр) аймағынан әскер жиюы. Бұл аймаққа Созақ, Жыланқарауыл, Раң сияқты қалалар жатады. Егер осы аталған жерлерде Махмуд сұлтанға туыстас рулар мекендемесе оның соңынан атты-жаяулы әскерлер тез арада жинала ма? Бұдан туатын заңды сұрау жоғарыда аталған бекіністі қалаларда кімдер тұрған? Бұдан бұрынырақ болған және бір жазба деректерде, Бұрындық хан мен Қасым Сығанақ қаласын қоршаған кезде қазы Садыр деген кісі, қаланың адамдарына «бұл аймақ бұрыннан Бұрындық ханға қарайтын, бекерге қантөгіс, ұрыс жанжал жасағанша қаланың қақпасын ашалық», – дейді(МИХК, 1969, 112 б.). Ал ғалымдарымыздың





зерттеулеріне қарағанда Сырдария бойындағы қалалар мен Қаратаудың солтүстігіндегі қалаларда Қазақ хандығының билігі XVI ғ. екінші жартысында орын тебе бастайды. Жазба деректермен ғылыми пікірлерге, Жылан-Қарауыл бекінісінің материалдары да сәйкес келетін сияқты. Жазба деректерде Жәнібек пен Керейдің қай жерден көшіп келгендігі белгісіз болғанмен Қозы басымен Шудан келіп орын тепкендігі белгілі. Ендеше «Садырдың бұл аймақ бұрыннан Бұрындыққа қараушы еді деуі сол Жәнібек пен Керейдің кезінен-ақ Сығанақ қаласының Қазақ хандығына қарағандығын көрсетеме деп ойлаймыз.

Ендеше Қаратаудың солтүстігіндегі жоғарыда аталған бекіністі қалаларда да сол «бөлініп көшу» кезінде келіп орналасқан қазақ халқының бекіністері ме деген ой туғызады. А.Х.Марғұланның пікірі бойынша қазақтардың жаз айларында Бетпақдаланы басып өтетін керуен жолы арқылы Сарысу Кеңгір, Ұлытауға дейін барып жайласа, қыста Сырдария, Шу, Қаратау бауырындағы қалалары мен қыстақтарында қыстайтын болған (Маргулан, 1949, 28 б.). Қазақтардың Сырдария бойын қыстайтындағы жәйлі Рузбихан да жазған еді.

Бұл деректерден туатын қорытынды қазақ халқы жүйелі әсем қала салып, бір жерде тұрақты отырып отырықшылықпен айналысты деп үзіп айтуға болмағанмен, жартылай отырықшылықтың болғандығын жаудан қорғану, қыстың суық боранды күндерінен сақтану үшін тұрақты баспана мекен жайлар салғандығын жоққа шығара алмаймыз. Оны біз жоғарыда келтірген тұрақты мекен жайлардан көрсек, екіншіден ғалымдардың көрсетуі бойынша қандайда көшпелі халық болмасын оның екінші жағының азда болса жер өңдеумен айналасатындығы белгілі. Жыланқарауыл бекінісін қазақтардың мекен жайлары деуге итермелейтін тағы бір дәлел, тұрғын үйлердің XVII–XIX ғғ. қазақ халқының қыстаулары сияқты тек тастан қалануы және олардың шошаланың төбесі сияқты жабылуы.

Сонымен қорыта келгенде, археологиялық қазба жұмыстың барысында табылып отырған, сүйектен жасалған бұйымдар, сабын қайнату үшін сүйек жинау, асық көмбесі, көзеден жасалған шырақ, тостақ, аяқ-табақ, керсен пішіндерінің қарапайым жасалуы, кейбір ыдыстардың түбінде қазақ таңбаларына ұқсас белгілердің болуы, қақпан құру үшін сүйектен жасалған тиектің табылуы, тары, алша қалдығы тас қайрақтар қазақ халқының өмір тіршілігіне әдет-ғұрпына салт-санасына сай келетіндігі, Жыланқарауыл бекінісінде қазақтардың өмір сүргендігіне ешбір күмән келтірмейтін сияқты.

Мұндай көріністі Раң бекінісінде көруге болады, ал бекіністі жай салуда Тайыр ханның «Джатаң» деген бекініс салғызғаны да белгілі. Ендеше Қаратаудың солтүстігіндегі әзірге бізге белгілі бекініспен салынған қалаларда және олардың аймағындағы қыстаулар мен қыстақтарда XVI–XVII ғғ. қазақ халқы өмір сүрген.

Сырдария бойындағы тұрақты мекен жайлар

Сауран қаласының аймағындағы қыстақтар. Сауран қаласына және оның аймағына 1969 жылы жүргізілген аэрофото түсірілім кезінде, қаланың маңынан алты жерден қыстақ-кенттердің орны табылды. Олардың аралары бір-бірімен 2-3 шақырым қашықтықта орналасқан.

Бірінші қыстақ (64 кесте) Сауран қаласының оңтүстік-шығыс жағында 2800 м жерде. Барлығы 10 үй, екі бөлмелі екі үй, жер үстінен шикі кірпіштен тұрғызылған, алты үй және қораның орны. Екі жерде құдық.

Екінші қыстақ (65 кесте) №1 қыстақтың сол жағында 300 м жерде Сауран қаласы жағына орналасқан. Барлығы 12 үй. Бұл қыстақтағы үйлердің көпшілігі жер үстінен салынған. Қоралардың тым үлкендігіне қарағанда ағаштан шарбақ жасап жартылай лапастан жапқан. Ал кішкене жер үйлердің кейбіреулерінде адам тұрса, ал кейбіреулерінде азық-түлік сақтайтын қойманың қызметін атқарған болуы мүмкін. Төрт жерде құдықтың орны бар.

Үшінші қыстақ (66 кесте) қаланың шығыс жағында 3 шақырым жерде, 2-ші қыстақтан бір шақырым қашықтықта орналасқан. Барлығы жерден қазып жасалған 12 үй. Бөлмелерінің ұзындығы 6-7 м, ал кеңдігі 3-4 м дейін шұңқырлығына қарағанда кіреберіс жері түйе тайланған.

Төртінші қыстақ (67 кесте) қаланың батыс жағында 2 шақырым жерде, барлығы 15 үй. Үйлердің орнына қарағанда алты үй жер үстінен жасалса, 2 үй жартылай жерден, 5 үй тонық жерден қазалып жасалған. Екі жерде төңірегін көмген киіз үйдің орны байқалады. Жер үстінен қатар жасалған бес бөлменің сыртқы жағында екі қораның орны бар. Екі жерде құдық. Төңірегі қоршалған. Қыстақтан ешбір тұтыну заттарының қалдықтары байқалмайды.

Бесінші қыстақ (68 кесте) қаланың оңтүстік батыс жағында 3 шақырым, төртінші қыстақтан 700-800 м жерде орналасқан. Барлығы 10 үйдің орны, сегіз үй, жартылай жерден қазылып жасалса, екі үй жер үстінен салынған. Үйлердің жанында малға жасалған

қоралардың орны бар. Үш жерден құдықтың орны қазылған. №7 үйге тексеру қазба шұңқырын жүргіздік. Қырық см терендікте үйдің табаны кездесті. Ешбір тұтыну заттарының қалдығы байқалмайды.

Алтыншы қыстақ (69 кесте) осы қыстақтың шығыс жағында 300 м жерде сыртынан қарағанда барлығы 14 бөлменің орны бар. Оның ішіндесегіз жартылай, екеуі толық жерден қазылған үйлер, төрт үй жер үстінен шикі кірпіштен тұрғызылған. Малға жасаған қоралары үйлердің артқы (сыртқы) жағына салынған. Жер үстінен салынған үйлердің көлемі 4х3; 3х3 м болып келсе, ал жерден қазылған үйлердің көлемі әрқалай, ұзын 6-8 м ені 4 м дейін ал шұңқырлығы 70-80 см. Үйлердің артқы жағында екі жерден қатар қазылған құдықтың орны бар.

Қазба жұмысы жер үстінен салынған үйлердің оңтүстік жағындағы жартылай жер үйге жүргізіледі. Қазба жұмысы бұл үйдің, арасы онша алыс емес екі мезгілде өмір сүргендігін көрсетті. Мәселен, үйдің үстінен түскен қамыс топырақ шіріндісін тазалаған соң, 10 см қара шірінді кездеседі, ал одан соң 15 см терендікте үйдің алғашқы кездегі едені кездесті. Бұдан егер алғашқы кезде үй адам тұратын қызмет атқарса, ал одан біраз жылдардан соң мал қамайтын қораға айналған. Екінші бір ескеретін жағдай үйдің батыс жағындағы қабырғасына шикі кірпіштен жөндеу жүргізілген. Бұған қарағанда бөлменің алғашқы тұрғындары тастап кеткен соң екінші тұрғындар келіп бөлмені біраз жөндеп мал қамайтын қора жасады ма деген ой туғызады.

Қазба жұмысының барысында ешқандай тұтыну заттарының қалдығы табылмады. Осы үйдің алдында жер үйдің орны болған, кейіннен күл төгіндісіне айналған жерде, тексеру қазба шұңқыры жүргізілді (3х4 м). Күл арасынан көзе сынықтары және көзенің түп сынығынан жасалған ұршықтың басы, ағайынды Кузнецовтар фабрикасының тамғасы салынған шынылардың түп сынықтары, және тастың әдейі қолдан жасалған жарқыншақтары, металдан жасалған құралдардың белгісіз сынықтары, мал сүйектері табылды. Алайда белгілі бір заттың пішінін беретіндей мардымды заттар табылмады. Дегенмен табылған заттардың сынықшаларына қарағанда қыстақтарда өмір сүру XVIII ғ. аяғы XX ғ. басында болған.

Жоғарыда келтірілген қыстақтардағы үйлердің бұзылған орындарына қарағанда, үй салу тәсілдерінің көпшілігі жерден қазылып жасалған. Қыстақтарда жерден қазылған үйлердің екі түрі толық байқалады. Мәселен, жартылай жер үйлердің орны онша терең болмаса, ал толық жерден қазылған үйлердің

орны тым шұңқыр болып жатқаны бірден байқалады. Екіншіден, кейбір жерден қазылған үйлердің орны ұзыншақ болса, ал кейбір үйлердікі дөңгелек болып келеді. Бұған қарағанда жерден қазып жасалған үйлердің сыртқы пішіндері де екі түрлі болған.

Жерден қазылып жасалған үйлердің сыртқы пішіндері Қазақстан жерінің әр облыстарында, жасалу тәсіліне құрылыс материалдарына қарай әрқалай айтылады. Ал олардың жасалуы туралы археологиялық қазба жұмыстар мен этнографиялық материалдарды байланыстыра отырып кең түрде келесі тарауда тоқталамыз.

Бұл аймақта (Сауран, Түркістан, Жаңақорған, Отырар) көбінесе Қоңырат руының адамдары тұрады. Енді біз, Сауран төңірегіндегі Қызылорда облысы Талапты совхозының тұрғындары, Қоңырат руының қарияларымен, осы қыстақтар туралы болған біраз әңгімеге тоқталып өтелік. Сауран қаласының түбіндегі Талапты ұжымшарының түйешісі 65 жастағы Нысанбаев Қасымбек, 29-шы разъездің тұрғыны 77 жастағы Шерментай қария, осы разъездің тұрғыны бастауыш кластың мұғалімі ептеп шежіре білетін 47 жастағы Есенғарев Нұржаубайлармен болған әңгімелерде қыстауларда Қоңырат руының адамдары тұрғандығын айтады. Тұрғындар олардың айтуы бойынша Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында көше бастаған.

Алайда Шерментай қариямен Қасымбек қарияның алтыншы қыстауда «тұрды деген адамдары» бір-бірінің айтқанына сай келмейді.

Бұған қарағанда қыстақта өмір сүрген адамдарды өздері де жақсы білмейді, жоғарыда айтқандарды басқа біреудің я болмаса ата-бабаларынан шалапұла естігендері. Ал өздерінің айтуы бойынша Жаңақорғандықтар. Ендеше қыстақтағы өмір сүрген кез бұлардан бұрын болуы ықтимал. Ал енді 2-ші қыстақта туып өскен қазіргі кезде 30 разъезде немересінің қолында тұратын 94 жастағы кемпірдің айтуына қарағанда «ата бабаларымыз кішкене кезімізде айтушы еді, туып өскен жеріміз осы ара жаз жайлауымыз Қаратау деуші еді» дейді.

Қорыта келгенде қариялардың туып өскен жеріміз осы аймақ деген сөздерінің жаны бар деп ойлаймыз. Оған тағы бір дәлел, Түркістан жерінде болып қайтқан орыс елшілері Скибин мен Трошиндердің патша алдында берген хабарынан да Түркістанды және оның аймағында қазақтар да тұрады екен, олардың қалалары Түркістанға жақын тұрады, малы көп астық салулары тым қарапайым деп хабарлады (Материалы по истории Узбекской, Таджикской..., 1933, 267–269 бб.).





Ал Қоңырат руының ертеректегі мезгіліне зер салсақ, олардың бұл арада VIII–IXғғ. болғандығын көрсек, соңғы кездегі өзбек, қазақ хандықтарының арасындағы ауық-ауық болып тұрған жанжалдар кезінде, жарқышақтанып жартылай Мауереннахрға кетсе, көпшілік бөлігінің қазақ жерінде Сыр бойында қалғандығы белгілі (Тынышпаев, 1925, 286.).

Біз бұдан Сауран қаласының аймағындағы қоныстардың орны ерте уақыттан бері қарай келе жатқандығын байқаймыз.

Жалғызтам қыстағы. Бұл қыстақ жоғарыда жазылған Сауран маңындағы қыстақтардың ішіндегі, ертерек мезгілге (XV–XVIIIғғ.) жататыны. Ол Сауранның оңтүстік батыс жағында 7 шақырым жерде қалыңтоғайдың арасында орналасқан.

Қыстақтың сыртынан қарағанда ортасы ой, жай жерден бір метрдей биік төрт бұрышты жал боп жатқан жер (76сур.) Жай жер еместігі бірден байқалады.

Жалпы аумағы 2500м². Қоныстың батыс жағы 36м, шығысы 45, оңтүстік және солтүстік жақтары 50м (70кесте) ішке кіретін дарбазасы оңтүстік жағында жергілікті қариялардың айтуына қарағанда, 1930жылдары биік дуалдары тұрушы еді дейді. Ал қазір ешбір дуалы білінбейді. Қоныс 1970 жылы Отырар қаласының аймағына жүргізілген барлау кезінде табылып, оның батыс және солтүстік жағына екі жерден тексеру шұңқыры қазылған. Одан алынған материалдар қыстақтың XV–XVIII ғғ. өмір сүргендігі жайлы қысқаша хабарлаған еді (Жолдасбаев, 1972).

Қыстақтың солтүстік жағында аумағы 3-4га көл жасалған. Оған суды көктем кезінде Қаратаудан келетін сумен толтыратындығы байқалады. Үйткені Бесарықтан келетін үлкен арна осы көлдің жанынан Сырдарияға қарай өтеді. Ал жазба деректерге қарағанда Сауран қаласының жанында екі кәріз (жер астынан су шығару жүйесі) жүйесінің барлығы, оның басталған жағында бекініспен салынған қаласы жанында, жасалған көлі барлығы туралы хабар бар (Пищулина, 1969, 18 б.). Бұл хабардың растығы 1969жылғы Сауран қаласына жүргізілген аэрофото түсірілім кезінде толық анықталды. Тексеру нәтижесінде кәріз Сауран қаласының солтүстік жағынан, Қаратаудың бектерінен басталатындығы анықталды. Басталған жағында, жергілікті халықтың айтуы бойынша «Мыр-төбе» деген бекіністің бар екендігі және анықталды. Ал кәріз сол жерден Сырдарияға қарай, Жалғызтам қыстағына 3 шақырым жетпей батысқа қарай бұрылып, астықайдайтын жазық алаңға барып тоқтайды. Кәріздің жалпы ұзындығы 7-8 шақырым, әрбір құдығының арасы 10-

15метр. Кендігі 3-4м. Кәріздің кейбір құдықтарының осы күнге дейін сақталған тереңдігі 3,5м.

Кәріздің Жалғызтам қыстағына 3 шақырым жетпей батысқа бұрылғандығына қарағанда, қыстақтың жанындағы көлге, су осы кәріз арқылы да толтырылып тұрған болу керек.

Көлдің екінші бір қызметі, қыстақтың солтүстік жағының қорғаны болып табылған. Бұл жағдай қазба жұмысының нәтижесінде, бекіністің сыртқы дуалдарына салынған тексеру шұңқырлардан анық байқалды. Егер бекіністің шығыс, батыс, оңтүстік жағындағы сыртқы дуалдарғасын тексеру шұңқырларынан дуалдың қалыңдығы 1м 20см екендігі байқалса, ал солтүстік жағындағы дуалдың қалыңдығы 80см екені көрінді. Дуалдың онша қалың еместігіне қарағанда бұл жағындағы көл қорғаныс үшін де қызмет атқарған.

Қазба жұмыс қыстақтың солтүстік-шығыс жағындағы бұрышына жүргізілді. Алдымен сыртқы дуалдың қалыңдығын, оның ішкі жағындағы шеті қай жерден басталатындығын және мәдени қабаттың стратиграфиялық мөлшерін байқау үшін ұзындығы 8м, кендігі 60см тексеру шұңқыры жүргізіліп, ол жер табанына дейін жеткізілді. Шұңқыр сыртқы дуалдың қалыңдығын көрсетумен қатар, оның түбінде мәдени қалдықтың 1,50м дейін болса, ал қоныстың ортасына қарай 60см дейін жұқаратындығын көрсетті. Бұдан дуалдың құлап жал боп ортасына қарай көлбеу тартып жатқанын көреміз. Екіншіден, тексеру шұңқыры қыстақта екі мәдени қабаттың болғандығын байқатады, оны кесінді салынған үйдің екі еденінен (табаны) байқауға болады. Едендердің арасындағы мәдени қабаттың қалыңдығы 20-30см.

Мәдени қабаттың онша қалың еместігіне қарағанда, қыстақты алғашқы тастап кеткен тұрғындардың 50–60 жылдар шамасында қайта оралып, қыстақта өмір қайта басталған тәрізді. Оған екінші бір дәлел, егер кейбір жерлерде едендер бір-бірімен қосылып кетсе, ал кейбір жерлерде бір-бірінен алшақ жатады. Бұл жағдай тұрғындардың қонысты бұрынғы қалпында пайдаланса, ал кей жерлерінде аздап жөндеу жұмыстарын жүргізген.

Тексеру шұңқырының көрсетуі бойынша бекіністің солтүстік шығыс жағында аумағы 300м² (71кесте) жерде қазба жұмысы жүргізілді. Қазба жұмысы 2х2 м² бөлініп, кездескен тұтыну заттар қатпар (ярус) бойындағы қалаларға жүргізілген қазба жұмыстардан да белгілі (Агеева, 1962, 206 б.).

Үшінші бөлмедегі (77сур.) тандыр-ошақтың алды ойық (78сур.), бөлменің басқа жағынан 40см терең. Ойыққа, яғни тандырға от жағатын жер, адам көп

жүріп-тұратын жер болғандықтан еденіне жалпақ тастар мен сынған кірпіштер төселген. Ойықтың көлемі шамамен алғанда 1х1м.

Бөлменің шығыс жағындағы қабырғасының еденінен бір метр биіктікте екі жерден кішкене және үлкен ойықшалар жасалған. Кішкене шырақ қоятын жер, өйткені оның үстіңгі жағынан шырақтың жалыны шалғандығының байқалуымен бірге оның дәл астыңғы жағында еден үстінде шырақ табылды. Екіншісі аса қажетті ұсақ-түйек заттарды қоятын орын болуы мүмкін.

Төртінші бөлме. Көлемі №3 бөлменің көлемімен бірдей, ортасындағы қабырғадағы есік арқылы бір-бірімен байланыс жасаған. Бөлмелердің енінің тар болғандығына қарағанда, тұрғындардың үйлерді жабуға қолайлы болу жағын ескерген.

Бөлменің төр жағына настық сақтайтын ұра қазылған ұраның аузы дөңгелек кендігі 60см. Ал түп жағы кеңейтіле қазылған 90см. Ал бөлменің солтүстік жағындағы бұрышында қажетке жарамай қалған керексіз заттарды тастайтын шұңқыр қазылған. Шұңқырды тазалағанда күл арасынан көптеген сырлы және сырланбаған құмыралар табылды.

Төртінші бөлменің солтүстік жағында 5-ші бөлме, сәл бұзылған. Бөлменің ошағы солтүстік жағында, жоспарда 30-шы шаршының сол жағында. Жоспарда 10-шы шаршыда көрсетілген шұңқыр сынған құмыраларды және күл төгетін жер. Шұңқырдан күл арасынан үлкен күбі көзелердің сынықтары табылды. Оныншы шаршыдан 75-ші шаршыға дейін.

Яғни, қоныстың солтүстік жағында созылып жатқан дуалдың қалдығы бұл қоныста адам баласының алғашқы кездегі өмірін көрсетсе, ал 30-шы 40 және 50–55 шаршыдағы ошақтың қалдығы қоныстағы өмірдің екінші дәуірін көрсетеді. Оған тағы бір дәлел көрсетілген шаршыдағы ошақтар 2-ші қатпарда (ярусте) кездессе ол 73-74 шаршыдағы ауладағы тандыр-ошақтар (79сур.) үшінші қатпарда (ярусте) яғни, 150см тереңдікте салынған.

Еске алатын бір жай 40-шы шаршыдағы яғни, үстіңгі қабаттағы жасалған ошақпен астыңғы қабаттағы ошақты жасаған кірпіштердің көлемі бірдей (40х20х4см). Кірпіштер доға тәрізді иіліңкіреп, ішкі жағы жылтыр етіп жасаған. Әрбір ошаққа 8тал кірпіштен келген. Ошақты жасағанда кірпіштерді тігінен бір-біріне жалғастырып лаймен сылап, сыртынан төрт бұрыштап, отыруға, я болмаса жұмыс істеуге ыңғайлап, сыпаша тұрғызғандықтары байқалады. Үстіңгі ошақтың түтін шығатын түтігі 60см сақталған (80сур.).

Қоныста жүргізілген қазба жұмысының солтүстік жағындағы бөлігінде, айтарлықтай ешбір үй

жұмысының яки басқалай шаруашылыққа қажетті құрылыстың қалдығы білінбейді. Тек бұл жақта төгілген күл және қажетсіз көзе сынықтарын сүйек-саяқ тастайтын шұңқырлар.

Қонысқа 5 жерден тексеру қазба шұңқырлар жүргізілді. Олардан қоныстың сыртқы дуалдарының салыну тәсілдерін байқадық. Мәселен, қоныстың оңтүстік жағына екі бұрышқа салынған шұңқырлар бекіністің дуалының екі бұрышына сыртқа теуіп кетпеу үшін тіреу (контрфорс) салынғандығын көрсетті. Тіреу сондай есеппен салынған, яғни екі қабырғаның түйіскен жеріне үшінші қабырғаның түйіскеніндей. Ал тіреу қабырғаның қалыңдығы 1м 80см, ұзындығы қазылған жоқ, шамамен алып қарағанда 4-5м дейін жетеді. Қоныстың оңтүстік-батыс жағындағы бұрышта дәл осылай жасалған.

Ал қоныстың солтүстік-шығыс жағындағы бұрышқа екі жерден салынған тексеру шұңқырларында дуалдың сырт жағына салынған тіреу (контрфорсты) қабырғаны айқындап берді.

Қазба жұмысының барысында табылған заттардың басым көпшілігі көзенің сынықшалары. Ал теңге табылмады. Сондықтан қыстақта өмір өзегінің қаймезгілде болғандығын білдіретін басты дерек беретін материал ыдыстардың сынықшалары болып табылады.

Табылған балшықтан жасалған көзелердің сынықшаларының пішіндері алуан түрлі. Оларды жалпы үш топқа бөліп қарауға болады.

1. Тамақ ішуге қажетті әшекейленген ыдыстар, олар: сырланған шыны, кесе, табақ, жайпақ табақтар (72кесте);

2. Тамақ дайындауға қажетті қазандар (73, 74 кестелер), мойыны тар құмандар, тамақ сақтауға арналған керсендер (75кесте);

3. Шаруаға қажетті үлкен күбі көзелер (76кесте) олардың қызметі астық сақтау.

Жалғызтам қыстағынан алынған көзелердің жасалу пішіндері мен әшекейленген түр-түс сипаттарына қарағанда олардың Сырдария бойындағы, Қаратау баурайындағы XV–XVIIIғғ. жататын қалалардан алынған ыдыстардың пішіндері мен ұқсастығын байқаймыз (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1969, 37 б.). Ыдыстардың жалпы сыртқы пішініне қарағанда Орта Азия жерінен табылған ыдыстармен де ыңғайлас екендігі көрінеді (Вархотова, 1969, 86–89 бб.). Ыдыстарда қалған сызықшаларға қарағанда оларда арнаулы көзе жасайтын шеберханаларда жасалған.

Назар аударатыны тамақ ішуге қажетті ыдыстар. Олар әйнек тәріздес сырмен әртүрлі үлгі өрнекпен жасалған кесе тәріздес, табақшалар мен





сырлы жалпақ табақтар(72кесте). Кесе тәріздес табақшалардың ернеуі (18-20см) сыртына қайқылау, түбі дөңгелек, ортасы ойық.

Кесенің ернеуінің қалыңдығы 3мм болса, ол түбіне қарай жақындағанда 5мм дейін қалыңдай түседі. Кеселер ішінде ернеуі араның жүзі тәріздес келетіндер де бар. Сырдарияның орталық ағысынан табылатын мұндай кеселерді Е.И.Агеева XV–XVIғғ. жатқызады(Агеева, 117 б.). Кеселер ақшыл көк әйнек түстес жылтыр сырмен әшекейленген. Ернеулері қара қоңыр сырмен екі-үш қабат айналдыра шаппа жиек жүргізілген.

Сырлы жайпақ табақтар, диаметрі 18-20см дейін шұңқырлығы4-6см. Ақшыл және көк түске қара сырмен өрнек жүргізілген. Сырты екінші жартысына дейін сырланып оның үстінде шаппа жиек жүргізілген. Сырлы керсендердің(72кесте) диаметрі 45см,шұңқырлығы15-16см. Қабырғасының қалыңдығы1 см-ден түбіне қарай 1,7см дейін қалыңдай түседі. Түбі жалпақ. Кенеруі сыртына сәл қайқыштау болып келген. Қиып қарағанда үш бұрышты тәрізді. Керсен ақшыл сырмен тұтас сырланып үстінен қоңыр қара түспен әшекейленген. Ішкі жағы қатар жүргізілген жиектерімен үшке бөлінген, түбі шаппа жиектермен жүргізілсе ортадағы бөлігі дөңгелек сызықтардың төрт бұрышына гүл тәрізді бейне салынған, алүшінші бөлігіне кереге көз өрнек салынған. Керсеннің сырты түбіне дейін сырланып оның үстінен кенеруіне жақынырақ дөңгелек сызықшалармен тұтас айландыра қайталанып жүргізілген.

Керсендердің диаметрі 48-50 см. Шұңқырлығы 16 см түбі жалпақ, кенеруі сыртына 2-3 см дейін қайтарылған үстінде шаппа жиектер жүргізілген. Мұндай керсендер Отырар қаласынан да көптеп кездеседі. Құмыралары екі түрлі. Аузы тар құмыралар (74 кесте) 10 см, мойындарының биіктігі8смаласа мойынды құмыралардың аузының кеңдігі10-20см олардың екі жағында орнықты жасалған тұтқалары бар. Тұтқа құмыраның мойны мен бүйірін байланыстырып жасалған. Табылған заттардың ішінде сырлы шырақтарда кездеседі, шырақтар ақшыл сырмен сырланған. Кейбір шырақтардың екі жағы әшекейленген, пішіндері әрқалай.

Кейбір көзенің түп сынықтарының ішкі жағына таңбалар салынған. Таңбалардың кейбірі ыдыстың түбіне сыртқы жағынан үшкір құрал мен сызғылап салынса, ал екінші бір жағдайда, бірыңғай ақ, я болмаса көкшіл сырмен сырланған ыдыстың түбіне ішкі жағынан қара көкшіл сырмен жасалған (77 кесте,15,16,17).

Қыстақтан 20 астам тасқайрақтар табылды (78 кесте, 16–26). Олардың кейбіреулері ұзақ уақыт

бойы пайдаланғандықтан екі жағы бірдей желінген. Олардың ішінде ұстара қайрайтын жұмсақ қайрақтар да бар.

Темірден жасалған заттардың ішінде етіктің өкшесіне қағатын нәл (подкова), біз, орақтың ұшы (78 кесте, 12,9) және мыстан жасалған оймақ (79 кесте) тағы басқа да пішінін ажыратуға мүмкін емес темір заттардыңсынығы табылды. Екінші қатпардан (ярустан) табылған оймаққа ұқсас оймақтарды XX ғ. 30-шы жылдарына дейін қазақ шеберлерінің де пайдаланғандығы белгілі. Қоныстан сүйектен жасалған біздер (78 кесте, 1–4) және бір тал қойдың тесілген тобығытабылды (78 кесте, 8,5).

Тобықтыңтесілгеніне қарағанда, соңғы кезге дейін қазақ халқының арасында сақталып келе жатқан: «тобық жасыру» ойынының болғандығыбайқалады. Ойын шарты қымбат болған болуы керек. Сондықтан да оны жасырушы адам, тобықты жоғалтып алмауы үшін және әр кезде өзімен бірге алып жүруі үшін тобықты тесіп, жіп өткізіп қолына байлап жүрген. Тобық жасыру ойыны бір-екі куәгер адамдардың қатынасуымен бәске шартты жасалатын болған. Шарт бойынша жеңілген адам белгілеген затты не ақшаны жеңген адамға төлейді. Бәске қымбат заттар не жақсы ат,болмаса ат шаптырып, көкпар беріп той жасап беру қойылған. Мұндай тобықтар Қаратаудың солтүстігінде Күлтөбе қаласынан №25, 46 бөлмелерден, Орталық Қазақстан жерінде «Аяққабырға» қонысынан да табылған, олардыңтесіктері жоқ.

Табылған тобықтарға қарағанда «тобық жасыру» ойынының XV–XVII ғғ. Қазақстан жерінде мекендеген адамдардың арасында кең түрде орын алғандығын көреміз.

Алынған материалдарға талдау жасайтын болсақ, Жалғызтам қыстағында жартылай отырықшылықпен айналысқан адамдар өмір сүргендігін байқаймыз. Тұрғындар жер кәсібімен әрі мал өсірумен де айналысқан. Мәселен, қазба жұмысы кезінде жинастырылған сүйектердің жалпы құрамына қарағанда одантөрт түлкітүй жануарларын өсірген байқау қиын емес. Екіншіден, тарихи тұрғындардың балық аулаумен де, аң аулаумен де айналысқандығын көрсететін сүйектер табылған.

Жазба деректер мен археологиялық деректерге қарасақ Жалғызтам қыстағында өмір өзегі XVғ. басталып XVIII ғ. тоқтағандығы байқалады. Бұл кез жоңғар шапқыншылығының және Қазақ хандықтары мен Орта Азия хандықтарының арасындағы үздіксіз жанжал болған кезі, сондықтан да қыстақтың тұрғындары үздіксіз болған жауласу тегеурініне шыдамай қоныстарын біржола қалдырып кетті ме деген ой тудырады.

Шығырлы қыстақтары(I–II).Шығырлы I және IIқыстағы ескі Сауран қаласының оңтүстік шығыс жағында 15 шақырым Түркістан –Қызылорда темір жолының батыс жағында 3 шақырым жерде. Шығырлы I барлығы6 жер үйі (80кесте).Батыс жағында екі жерде құдықтың орны бар. Жер үйлер кішкене төбешіктің үстіне айнала салынған. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс жағында малға жасалған қоралардың орны байқалады. Қазба жұмысы үшін №1және №2 жер үйлер алынды. Қазба жұмысына дейін сырттай қарағанда жер үйлердіңортасы ой болып жатқаны бірден байқалады.

Жер үйлердің үстінде түрлі түсті бояумен сырланған көзелердің сынықшалары кездеседі.

Қазба жұмысының барысында аумағы 55м² жер қазылып,бір-бірімен байланыстыжартылай жерден қазылған бөлме аршылды.

Бірінші бөлме, екінші бөлменің шығыс жағында (4,50x4,30м) есігі оңтүстіктегі қабырғасында кеңдігі80см.1,15м тереңдікте үйдің едені табылды. Еден қара-қоңыр топырақпен сыланған.Еден бойымен қуалап қазғанда бөлменің киіз үй тәрізді дөңгелек екендігі байқалды.Үйдің ошағы екі бөлменің арасына бірінші бөлме жағына салынған. Ошақ бұзылған, пішінін болжауға мүмкіндік болмады.

Екінші бөлме (3,80x3,70м) бірінші бөлменің батыс жағында, олар ортасындағы есік арқылы бір-бірімен байланысады.Екінші бөлменің ортасында от жаққан жердің орны бар.Бірінші бөлмедегі ошақ от жағып қазан асатын тамақ жасайтын бөлме болса, ал екінші бөлме қонақ қабылдайтын бөлме болу керек.

Еденді 20см ойып одан ары тексергенде жер үйдің екінші едені кездесті.Екінші еден де үстіңгі еденнің көлемін қайталап, екі бөлмеде дөңгелек пішіндес болып шықты. Алайда екінші бөлменің есігі енді батыс жағынан шығарылған.Бұған қарағанда бұл жердегі үйлердің белгісіз екі мезгілде салынғандығын байқатады. Себебі үстіңгі еденнен екі бөлменіңбір болып есігі оңтүстік жағынан шығарылса, ал астыңғы еденнен екі бөлменің есігі батыстан шығарылған.

Екінші бөлменің солтүстік-шығыс жағынан екі бөлменің ортасындағы қабырғаның түбінен күл-көмірдің қалдықтары табылды. Оны одан ары тексеріп қарағанымыздакүл-көмірдің қалыңдығы 10-15см болып бөлмелердің солтүстік жағындағы қабырғалардың астымен одан ары қарай кіріп жатты, арасынан түрлі-түсті бояулармен сырланған көзенің сынығы және малдың сүйектері табылды.

Бұл көрініс жер үйлердің жай төбенің үстіне емес, адамдар өмір сүрген, жайлардың құлап төбе болып қалған үстіне салғандығын көрсетеді. Табылған түрлі түсті көзелер алғашқы қоныстанған

адамдарға тән. Көзелердің қоңыр,көк, жасыл түсті сырмен әшекейленгендігіне және оларға салынған өрнектердің үлгілеріне қарағанда олар XIII–XIVғғ. өмір сүрген(Агеева, 1961, 202–203 бб.).

Ал жер үйдің еденінен табылған ұршықтың басы ағайынды Кузнецовтар фабрикасында жасалған шынының түп сынықтары, мұндағы жер үйлердегі тұрғындардыңXVIII–XIXғғ. өмір сүргендігін көрсетеді.

Шығырлы II, Шығырлы I батыс жағында500–600м жерде.Барлығы сегіз төбешіктің орны, осы төбешіктердің оңтүстік-батыс жағында тереңдігі 10м ұзындығы30м жуық шұңқыр бар. Жергілікті қариялардың айтуына қарағанда осы жерден шығырмен су тартып егін еккен.Шығырлы деген ат содан қалса керек. Шығырлы II үйлердің Шығырлы I айырмашылығы, үйлердің көпшілігі жер үстінен салынғандығында.Қазіргі көріністері жер бетінен 20-70см көрініп жатқан төбешіктер.Әрбір үйдің жанында мал қорасы бар және әр үйдің жанынан жер үйлер салынған.

Шығырлы II бір жерден3м шұңқыр қазып тексеру жүргіздік.Отызсантиметр тереңдіктен соң үйдің табаны және шикі кірпіштен тұрғызылған қабырғаларыкездесті.Қазба жұмысының барысында түрлі-түсті бояуға боялған көзенің сынықтары және бір тал мыстан жасалған теңге табылды.Теңгенің көрінісі өте нашар.Нумизматик Р.З.Бурнашеваның көрсетуі бойынша XV–XVIIғғ. жатқызылады(Бурнашева, 1973, 84 б.).

Қоныстың аймағындағы арық-тоғандардың жоғала бастаған іздеріне және жергілікті қариялардың айтуына қарағанда бұрын бұл жерде егін егумен айналысқан. Оған тағы бір дәлел, Сырдариядантартылған арық осы қоныстарға дейін келсе, арықтың екінші басы солтүстік батысқа қарай яғни Қаратөбе арқылы, Сауран қаласына кетеді. Қазіргі кезде Жаңақорған ауданының Талапты совхозы Сырдариядан бұрынғы сушығарылған жерден су шығарып күрішегіп отыр.

Ақтасмешіт қыстағы (XVI–XIX ғғ.) (81сур.).Ақтас мешіті Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының Талапты совхозына қарасты Ақтас мешіті деп аталатын 4-ші фермасының түбінде.Ал Ақтас мешіті Талаптысовхозыныңоңтүстік жағында 30км жерде Сырдарияның бойында. Қоныстың арасында күйдірілген кірпіштен салынған мешіт көлемі (19x19м), кірпішкүйдірген заводтың орны мешіттің батыс жағында 1 шақырым жерде. Мешіт бір күмбезді. Биіктігі 20м. Күмбездің астыңғы жиегі текемет, сырмақ шетіне салатын «меандр» өрнегімен өрнектеліп қызыл бояумен әшекейленген. Жергілікті қариялардың айтуы бойынша қызыл бояуды





түйемен Бұқарадан алдырыпты, ал мешіт 1870 жылдары салынған. Мешіттің батыс жағында 100 м жерде күйдірілген төртбұрышты (29х30х4 см) кірпіштен жасалған күмбез Әбілхайыр қарияның (65 жаста) айтуына қарағанда күмбез, өзінен бұрынғы5-ші атасы Айғожа деген кісінікі, оны салдырған Айғожаның баласы Ибәділлә. Ал Ақтас мешітін салдырған Ибәділләнің баласы Атақожа деген кісі. Атақожадан Абдулхап, Абдулхалыптың баласы мен Әбілхайыр дейді.

Егер Айғожа, Ибәділлә, Атақожа, Абдулхап, Әбілхайырлардың жасын орта есеппен 30 жастан алатын болсақ, Айғожа XVI ғ. II жартысында өмір сүрген. Ал күмбезі XVII ғ. аяғында салынған.

Есеп бойынша Ақтас мешітін салдырған Атақожаның өмір сүрген кезі де, мешіттің салынған уақыты да қариялардың айтуынақарай сай келеді.

Екіншіден, мешіттің көлемі үлкен болғанымен пішіні күмбездің көшірмесі. Бұдан күмбезбен мешітті бір атаның ұрпақтары салдырғанын байқауға болады. Үшіншіден, қарияның айтуына қарағанда бұл жер ата-бабаларымыздың бұрыннан жаз жайлап, қыс қыстап келе жатқан атамекені дейді.

Біздің айтайын деп отырған ойымыз жоғарыдағы дәлелдерге сүйене отырып осы Ақтас мешітінің түбіндегі және оның айналасындағы бұзылып, жер болып кеткен ескі үйлердің орнына жүргізілген қазба жұмыстары мен барлау жұмыстары жайлы болғалы отыр. Қарияның айтуынша атамекеніміз еді деген сөздің өзіне осы Ақтас мешітінің түбіндегі бұзылған үйлер мен оның аймағындағы жер үйлер толық дәлел бола алады демекпіз. Мешіттің түбіндегі бұзылған үйлердің қазіргі сыртқы көрінісі 40–50см томпақ-томпақ, сопақша болып жатқан төбешіктер. Олар кезінде мешіттің айнала және күмбездің іргесіне дейін салынған. Күмбездің солтүстік-батыс жағында қалың қорым. Кейбір молалардың басында ақшыл гранит тасқа араб алфавитімен жазылып ескерткіштер қойылған,әр түрлі таңбалары бар.

Қазба жұмысы мешіттің батыс жағында 300 м² үйдің орнына жүргізілді (81 кесте).

Отыз-қырық см тереңдіктен соң қазба жұмысы жүргізгенжеріміздің шығыс жағынан екі бөлменің батыс жағынан қора-қопсылардың орны аршылды.

Бірінші бөлменің (82сур.) көлемі 4,60х5,40 м, қабырғаларының қалыңдығы 50 см, оңтүстік жағындағы қабырғасы шикі кірпіштен (30х16х6 см), ал басқа қабырғалары соқпа тамнан тұрғызылған. Сақталған қабырғалардың биіктігі 30–40 см. Бөлмеге кіретін есік оңтүстік-батыс жағындағы бұрышта, кеңдігі 80 см. Есіктен кірген жерде ойық, ойықтың

шұңқырлығы 25 см. Кеңдігі 1 м 20 см, ұзындығы 1 м 50 см. Ойық оңтүстік-шығыс жағындағы бұрышта ошақпен, яғниошаққа от жағатын жердегі ойықпен жалғасады. Ошақтың алдындағы ойықтың кеңдігі 60см ұзындығы 1м60см, есіктің кірген жеріндегіойықтан 10см шұңқыр. Ошақтың сақталуы өте нашар болғандықтан пішінін білу мүмкін болмады. Бөлменің едені ойықтан көтеріліп, топырақпен толтырылып, үстіне лай салып сыланған. Лайға сабан салып араластырғандығы байқалады. Бөлменің солтүстік-шығыс жағындағы бұрышта қабырғаға тақап, асты laidан тұрғызылған,үстін әртүрлі күйдірген кірпіштің сынықшаларынан қалаған сәкіжасалған. Биіктігі 50см, ұзындығы1,30м, кеңдігі 70см, сәкі сыланған. Бұрышқа өз алдына жеке жасалғандығынақарағанда, үстіне орын көрпе жинаған, жүкаяқтың қызметін атқарған.

Бөлменің еденін тазалағанда бірыңғай қоңыр, яки болмаса қоңыр көкпен сырланған көзенің сынықшаларынан басқа мардымды ешнәрсе табылмады.

Екінші бөлменің (83сур.) қабырғаларыда бірінші бөлменің қабырғалары сияқты соқпа тамнан салынған. Есігі солтүстік-шығыс жағындағы бұрышта. Есіктің (кеңдігі 80см) шығатын жағындағы қазба жұмысының жоспарына кірмей қалған төбеге қарағанда екі бөлмеден тұратын үй. Бөлменің ішінде екі жерде ұра жасалған,бірінші ұра есіктің түбіндебұрышта, беті әр түрлі кірпіштің сынықшаларымен жабылған, ал екінші ұра (84сур.) одан 1м 50см солтүстік жағында, олда кірпіштен қаланып, аузы үш кірпішпен жабылған. Ұралардың аузы бөлменің еденінен 15см биік. Ұралардың ішінен бірнеше көзенің сынығынан басқа ешнәрсе табылған жоқ. Екінші бөлмеде ошақтың орны білінбеді, тек екінші ұрадан 40-50см жерде, бөлменің ортасына таман от жаққан жердің орны байқалды, еденнен 10см шұңқырлау. Ол үйге жылу беру үшін пайдаланған ошақ.

Бөлмеден тағаның сынығы (82кесте) ашық көк сырмен сырланған көзенің сынығы табылды. Ал қазба жұмысының батыс жағынан ұралардың орны, далаға жасаған ошақ ағаш діңгектердің орындары ашылды. Еденді тазалағанда кілең қара шірінді топырақтың қалдығы кездеседі. Бұған қарағанда қоныстыңбұл жағы соңғы кезде мал қорасына айналдырған. Оған дейін үш бөлменің орны болса керек, өйткені шығыстан батысқа қарай және солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған қабырғалардың қалдықтары байқалады.

Қазба жұмысының оңтүстік жағынан күл төккен жерге тексеру шұңқырын қаздық (3х5м). Күл үйіндісінің қалыңдығы 1м 20смшұңқырдан көптеген түрлі-түстібояумен сырланған, сырлы табақтардың сынықтары (83кесте)темірден, мыстан, сүйектен жасалған көптеген пішіні белгісіз заттар табылды. Табылған көзелердің пішініне және боялған бояуларына қарағанда Ақтас қыстағаның түбіндегі тұрғындар XVIII–XIX ғғ. өмір сүрген.

Ақтас қыстағының аймағындағы қыстаулар.Ақтас қыстағының аймағына жаяу барлау жасағанымызда ескі арнаның бойымен қуалай салынған көптеген жер үйлердің орны табылды(84кесте). Ақтас қыстағыныңсолтүстік-батысжағындағы жер үйлер, кірпіш күйдіргензауыттың артқы жағынан басталып екі шақырым дейін созылады. Жер үйлер екі бөлмелі болып келеді. Олардың арасында екі жерде, жер үстінен салынған үйлерде байқалады. Ол үйлерге тексеру шұңқырын қазып қарағанымыздаXII–XIVғғ. жататын көзелердің сынықтары табылды.

Жер үйлер XVғ. салынған, өйткені сыртқы көрінісіне қарағанда өте ескіргені байқалса, екіншіден жер үйлердің ортасына қамыс шеңгел шығып кеткен, қазіргі көріністері ұзыншақ және дөңгелек, ортасы ой болып жатқан шұңқыр жерлер. Жер үйлердің солтүстік-батыс жағында екі-үш бөлмелі жер үстінен салынған үйдің орны бар, жоғарыда жазылған үйлерге қарағанда XVIIIғ.жататындығы байқалады. Күрекпен қазып, байқағанда бірнеше көзенің және сапасы нашар әйнектің сынықтары табылды. Үйдің іргесінде малға салынған қорасы жартылай жерден қазылған.Бұған қарағанда солтүстік-батыс жағынантабылған үйлердің орны үш мезгілді көрсетеді: 1. XII–XIVғғ.; 2. XV–XVIғғ.; 3.XVII–XVIIIғғ.

Жер үйлердің екінші тобы Ақтас кентінің оңтүстік жағында Сырдарияның жоғарғы ағысын 5 шақырым жерге дейін қуалай салынған. Жер үйлердің бір жерге ыңғайлап жасалғанына қарай үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа мешіттен 700-800 м жерде салынған 15-20 жер үйлер (85 кесте, 85сур.). Олардың үстінен қоңыр, сары бояумен боялған көзелер кездеседі. Үйлер екі-үш бөлмелі.

Екінші топ бірінші топтан үш шақырым жерде кішкене өзекшенің екі жағына салынған екі-үш бөлмелі 10–15жер үйлер.Үшінші топ, екіншітоптың оңтүстік жағында 500м жерде. Ескі арнаны қуалай салынған. Бұл үйлердің үстінен бірнеше сырланбаған көзенің сынығынан басқа еш нәрсе табылмады.

Жер үйлердің бірінші тобының ішінен бір бөлмеге қазба жұмысы жүргізілді, 50 см тереңдікте жер үйдің едені кездесті. Бөлменің екі шетінен ішінде ағаштың шіріндісі бар шұңқырлар кездеседі. Үйдің көлемі

дөңгелек пішіндес, ұзындығы 4м, кеңдігі3м80см.

Қазба жұмысының барсында ешбір тұтыну заттарының қалдығы табылған жоқ.

Жер үйлердің әлі өше қоймағанына және үстінен теріп алынған көзелердің сынықшаларына қарағанда, Ақтас кентінің оңтүстікжағындағы қыстаулар XVIII–XIXғғ. өмір сүрген.

Арасаттың құмы. Сырдария бойындағы қазақ халқының шоғырлана мекендеген жерінің бірі Арасаттың құмы. Ол Ақтас мешітінің солтүстік-батыс жағында 17 шақырым жерде. Тұрғын үйлердің орналасқан жері Ақтас қыстағы сияқты ашық қырқалы жер Сырдарияға дейін бір шақырым тоғайлы, арасы шалғын шөп. Шаруаға өте қолайлы жер.

Бұл жердегі ертерек мезгілге жататын үйлер соңғы кездердегі салынған құрылыстың салдарынан әбден бұзылған. Мәдени қабаттары араласып мүлде белгісіз көзенің сынықшалары, Ақтас мешітінің кірпіші сияқты кірпіштердің сынықтары кездеседі.

Көзенің сынықшалары мен кірпіштің пішініне қарағандаАрасаттың құмындағы тұрғындар мен Ақтас мешіті қыстағының тұрғындарының өмірі бір мезгілде болғандығы байқалады.

Барлау жұмысы Сырдарияның сол жақ жағалауында Оқсыз қаласынан Келінтам қаласына дейінгі 150 шақырым жерді қамтитын аралықта да жүргізілді.Оқсыз қаласыныңтүбіндегі «Овцесовхоз» фермасының бір бөлімшесініңтұрғыны 86 жастағы Төребаев Бөгенбай қария өзінің сөзінде, қаланың аймағында ата-бабаларының қыстайтындығын айтады. Оның айтуынша «Шошқа жұртта» малы аз адамдар қысы-жазы демей бір жердеотыра беретін, олар егін егумен де айналысады. Сырдария суы жайылып кеткендіктен «Шошқа жұртты» көруге мүмкін болмады. Ал Оқсыз қаласының аймағында жерден қазылған және жартылайжер үйлердің орны өте көп кездеседі.

Келінтам селосының тұрғыны 64 жастағы Оразбаев Алширмен болған әңгімеде, ол Кумиян, Абыз төбе, Қара төбе, Аққорған, Мейрам төбесияқты қалалардыңмаңындағықыстауларда өсіпөрбігендігін айтады. Расында аталған қалалардың маңында ертеден келе жатқан қыстаулардыңорны өте көп кездеседі.

Қорыта келгенде, Сырдарияның оң жағымен сол жағына, Отырар қаласынан Мейрамтөбеге дейінгі аралықта, 200 шақырымға жуық қашықтықта жүргізілгенархеологиялық барлау жұмыстардың нәтижесінде, жоғарыда аталған ірі қалалардың аймағынан бірнеше жүздеген қыстаулар мен 20 астам қыстақ-кенттердің орны табылып, олардың





кейбіріне қазба жұмысы жүргізілсе, ал кейбірінің жо-спары түсіріліп алынды.

Алынған материалдарға жалпы шолу жасап қарасақ, табылған қыстаулар мен қыстақтарда, адам баласының өмірі Хғ.– XXғ. дейін ешбір үзілмей жалғасып келе жатқанын байқаймыз.

Бұдан «Су бар жерде ну бар» дегендей Сырдария суынан өмір өзегіне нәралған ата-бабаларымыздың Сыр жағасын ғасырлар бойы ме-кен еткені белгілі.

Бұған екінші бір дәлел, Орта Азия ғалымы Руз-бихан «Сырдария қазақтардың қыстауларының

арасынан өтеді... олардың қыстаулары 300 фарсан-нан асады» деген сөзінің археологиялық жағынан қоныстарғасай келуі тағы бір айғақ.

Міне сол өз кезінде қайнаған өмірдің бесігі болған қыстаулар мен қыстақ, кенттердің бүгінгі бізге жеткені, ғасырлар сырын өз қойнындасақтап жатқан мылқау төбелер мен ойдым-ойдым болып жатқан олардың орны. Осы қоныстардың орнына қанағаттандырылғы археологиялық қазба жұмыстар жүргізілгенде ғана XV–XVIIIғғ. қазақ халқының қалыптасуы кезіндегі кейбір талас мәселелердің бетін ашуға мүмкіндік тумақ.



III ТАРАУ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ





Орталық Қазақстан XI–XIII ғғ. Дешті-Қыпшақ әулетінің өсіп өркен деген жері болса (Ахинжанов, 1973, 12 б.), оның тікелей жалғасы болып табылатын XV–XVIII ғғ. қазақ халқыныңда, халық болып қалыптасуында, атамекені болып табылады. А.Х.Марғұланнның бұл жерде көп жылдардан бергі жүргізіп келе жатқан археологиялық зерттеу жұмыстарына зер салсақ, жартылай отырықшылықты көрсететін тұрақты мекен жайлардың болғандығын көрсетті (Маргулан, 1975, 10–22 бб.). Автордың қатынасуымен 1972 жылы жүргізілген барлау жұмысы Ұлытау бөктерінен Жезді Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Сарысу байларынан уақытылы бекіністердің, қыстаулар мен қыстақтардың орнын тауып, олардың кейбіреулеріне қазба жұмыстарын жүргізілді.

Бекіністер. Айбас бекінісі, Жезқазған облысындағы Ұлытау селосының батыс жағында 35 шақырым жерде, Едіге тауының солтүстік-шығыс жағында. Бекініс төртбұрышты, тастан жасалған. Таудан шығатын кішкене екі өзектің түйіскен жерінде жазықта салынған (86 кесте).

Көлемі: 26х28 м. Бекіністің қазіргі көрінісі құлаған дуалының ортасы ой, басқа жерден бір метрдей биік жал болып жатыр.

Бекіністің Айбас болып аталуы, жергілікті қариялардың айтуы бойынша осы маңайда XIX ғ. екінші жартысында «Айбас» деген кісі жайлаған.

Бекіністің есігі солтүстік-батыс жағында, солтүстік-шығыс жағында да кішкене есіктің орны байқалады. Бұл есік, егер жау батыс жағынан бұзып кіретіндей болса, сыртқа шығу үшін жасаған. Себебі есіктің сыртқа шығатын осы жағы жар болып тоғаймен жалғасады.

Бекіністің ішінде оңтүстік-батыс бұрышында, шұңқырлығы 90 см аумағы 6 м ұзыншақ ой болып жатқан жері бар. Сыртынан қарағанда жер үйге ұқсайды, бірақ жерден қазылмай тастан қаланған. Бекіністің үстінен ешбір тұтыну заттың сынықтары кездеспейді.

Солтүстік-шығыс жағынан 10х10 м жерге қазба жұмысы жүргізілді, 30 см тереңдікте жер табаны кездесті. Қазба жұмысының барысында ешбір тұтыну заттарының қалдықтары табылмады. Осы жағынан дуалдың қалыңдығы және салыну әдісін байқау үшін траншея қазылды. 1 м, 50 см тереңдіктен, дуалдың қалыңдығы (2,50 м) айқын болды. Ал салыну әдісін білу үшін дуалдың бойымен тексеру шұңқыры қазылды (4х1 м). Одан 60 см тереңдегенде дуалдың әртүрлі пішіндегі тастармен қатарлап тізіп оның үстінен құм аралас сарғыш топырақпен лай жасап құйғандығы байқалады. Осылай қайталанып

дуал биіктетіле берген. Жобамен алып қарағанда бекіністің биіктігі 7–8 м болған.

Нөгербек бекінісі, Айбас бекінісінің солтүстік жағында 8 шақырым жерде, Нөгербек сайының аузында. Бекініс тастан жасалған, екі бөліктен тұрады, Айбас бекінісіне қарағанда 10 есе үлкен. Бекіністің көлемін алуға мүмкін болмады, себебі адам жүріп болмайтын қалақай, итмұрын, тікенек сияқты бұталар өсіп кеткен. Дуалдың биіктеу жеріне шығып қарағанда, аумағы түгелдей байқалады. Бекіністе ешбір көзенің сынығы кездеспейді.

Ордабекінісі, Нөгербек бекінісінің солтүстік батыс жағыда 15 шақырым жерде, Жанғабыл өзенінің бойынан бір шақырым жерде салынған (87 кесте). Орданың орналасқан жері майдай жазық дала. Жері от жайқалған жусан аралас саркүйік шөп.

Орда екі бөліктен тұрады. Оңтүстік жағындағы бекіністің көлемі 110х110 м, ал екіншісі солтүстік жағынан жалғаса салынған (70х80 м), екеуінің де сыртын айналдыра ор қазылып содан алынған сумен толтырылған. Ордың кеңдігі 5 м тереңдігі 1,5 м. Ішінен алынған топырақ дуалға пайдаланылған. Екеуінің ортасында, үлкен бекініс жағында дуал тұрғызылса, ал кішкене бекініс жағында ор қазылған, бірімен-бірі қатынас жасау үшін 2 м дарбазаның орны қалдырылған. Екеуіне сыртынан кіретін есік біреу, ол үлкен бекіністің шығыс жағындағы дуалынан жасалған.

Бекіністі жергілікті қариялардың айтуы бойынша, «Хан Ордасы» «Орда» деп атайды. Орда десе орда дерліктей орналасқан жері қазіргі күннің өзінде көз тартарлықтай әсем. Өз кезінде қайнаған өмірдің ордасы болғандығына ешбір күмән жоқ. Мөлшермен алып қарағанда ішіне 50–60 жуық киіз үй тігуге болады.

Тарихи деректерде аты белгілі болып жүрген Орда Базар деп кесіп айтуға қиындау, себебі оның қай жерде екендігі жәйлі әзірше анық мәлімет жоқ. Дегенмен Дешті-Қыпшақ мемлекетінің орталығы болғандығы туралы көп айтылады. Ал оның Орталық Қазақстан жерінде екендігі жазба деректерден белгілі. Мәселен, Орда туралы сөз болғанда біріншіден Өзбек ханның кезіндегі Ұлытау маңындағы оның салдырған ордасы туралы (Тизенгаузен, 1941, 14 б.) болса, екіншіден әзірге белгісіз, Әбілхайыр ханның Орда Базарда болғандығы жәйлі және оның төңірегіндегі адамдарына жай қолынан түскен қару-жарақ, жүйрік аттар мен түйелер, арба үстіне тігілген үйлерді үлестіріп бергендігі жәйлі хабар бар (МИКХ, 1969, 155 б.).

Бұл хабарға қарағанда Орда Базардың ішінде

құрылыс жайлардың орны болу керек, ондай жай болған жерде мәдени қалдықтардың ізі қалады. Сөз етіп отырған «Ордамызда» ешбір мәдени қалдықтың ізі байқалмайды. Сондықтан да Орда Базар деп үзіп айту қиын.

Бірақ та бекіністің үлкендігімен, Ұлытау аймағының ол кездегі үстем тап өкілдерінің аса бір тамаша серуен құратын жері болғандығын ескерсек, екіншіден, осы күнге дейін Орда деген атының сақталғанына жүгінсек сол Орда Базарма деген күмән қалдырады. Бұдан былайғы археологиялық зерттеу қалайда болмасын, аты шулы болып жүрген «Орда базарды» тауып, оған қазба жұмысын жүргізіп, басы даулы кейбір мәселелердің шешілуіне себебін тигізер деп ойлаймыз.

Шотқара бекінісі (жергілікті адамдар, Шотқараның көні деп те атайды, Көн қариялардың айтуы бойынша «бекініс» деген сөз.) Жезқазған облысында Қаракеңгір өзенінің оң жақ жағалауында, Жошыхан күмбезінің оңтүстік жағында 10 шақырым жерде (88 кесте). Тоқаш айдынында. Ал өзеннің сол 1 шақырым жерде күйдірілген кірпіштен (28х28х4 см) жасалған Шотқараның күмбезі бар. Көлемі 8х10 м. Жергілікті қариялардың айтуына қарағанда күмбез XIX ғ. екінші жартысында салынған. Біз қарастырып отырған бекініс осы күмбездің атымен аталған. Бірақ та күмбезге қойылған адамның бұл бекініске қатынасы болды ма, ол белгісіз.

Бекіністің қазіргі көрінісі, төртбұрышты 28х34 м құлаған қабырғалары жал болып, жай жерден 1,50 м биік, ортасы ой. Дуалды сыртынан айналдыра ор қазылған тереңдігі 1,50 м ені 3 м. Соңғы кезде бекіністің дуалын түзеп, жай салмақ болған көрінеді. Бульдозермен бір жақ қабырғасын тегістемек болғанда дуалдың астыңғы жағында фундамент үшін қаланған тас жұмыс жүргізуге мүмкіндік бермесе керек. Бекіністің орналасқан жері шаруаға қолайлы жер. Судың жағасы айналасы көк орай шалғын. Бекіністің іші сыртын ешқандай тұтыну заттарының қалдықтары кездеспейді. Есігі шығыс жағында.

Оңтүстік шығыс жағында, жотаның үстінде күйдірілген кірпіштен (25х24х6,5 м) жасаған молалардың орны бар. 83 жастағы Мұқан (руы – Найман – Бағаналы – Қожас – Жырық) қарияның айтуына қарағанда молаларды «жас кезімізде осылай жатушы еді» дейді.

Бір жерде күйген кірпіштердің сынықшаларының көптігіне қарағанда, күмбез болған тәрізді, ол құлап соңғы кездегі молаларға кірпіштерін пайдаланған. Кірпіштің пішініне қарағанда Шотқара бекінісі XV–XVI ғғ. өмір сүрген адамдардікі ме деген пікіртуғызады.

Жоғарыда келтірілген бекіністерден ешбір тұтыну заттарының табылмауы, олардың қай мезгілде өмір сүргендігін кесіп айтуға мүмкіншілік бермейді. Дегенмен олардың сыртқы пішініне, дуалдарының жасалу тәсілдеріне қарағанда бір мезгілде, бір дәуір де жасалған.

Тарих сахнасына зер салсақ XVII–XVIII ғғ. Орта Азиямен Қазақстан жеріндегі хандықтардың бір-бірімен соғысын және қазақ жеріне қалмақтардың шабуыл жасаған кезін көреміз. Бұл бекіністер осындай аласапыран жылдарда жаудан қорғану үшін салынған. Мұндай бекіністер Қаратаудың қойнауларында да кездеседі. Жергілікті адамдардың айтуы бойынша сонау жаугершілік заманда, жаудан қорғану үшін жасалған тас қорғандар деп атайды. Ал мұндай қорғандардың көрінісін 1741 ж. Гладышев Әбілхайыр ханға барып қайтқан кезінде патша өкіметіне берген жауабында да хабарлайды. Мәселен олар (Әбілқайыр хан) қаған үйлердің төңірегінде тосқауыл (ван) дуал тұрғызып айналдыра ор қазып оған Ұлы-Дариядан су жіберіп қойыпты дейді. Жоғарыда жазылған қорғандар мен Гладышев жазып отырған Әбілхайыр бекінісінің бір-бірінен ешбір айырмасы жоқ.

Ендеше бұл қорғандардың да XV–XVIII ғғ. салынғандығы ешбір даусыз деп ойлаймыз.

Ұлытау баурайындағы қыстаулар.

Ұлытаудың қойнауларында жоғарыда аталған бекіністермен қатар тастан жасалған қыстаулардың орны өте көп.

Қыстаулар туралы (73 жастағы) Әлібек қариямен (найман сырғалдақ) болған әңгімеде, қыстаулардың қай мезгілде салынғанын білмейтіндігін және өздерінің бала кезінде, қазіргі кездегідей бұзылып жатқандығын айтады. Қыстаулардың ішінде Жансейіт, Тоқсейіт, Құлсейіттің ғана қыстаулары туралы «әкеміз айтушы еді, бірақ олардың қазіргі кезде ұрпақтарының қайда екендігін білмейміз» дейді.

Бұл әңгімеге қарағанда Ұлытау баурайындағы қыстауларда XIX ғ. өмір сүру болса, ал өмірдің одан бұрын басталғандығына ешбір дау жоқ. Сол қыстаулардың бірнешеуіне тоқталып өтелік.

Өмірдің қыстауы.

Қыстаудың бұл аты, соңғы кезде қыстап жүрген адамның атымен аталып отыр, ал біз зерттеп отырған көне қыстаудың аты белгісіз, Айбас бекінісінің шығысында 1 шақырым жерде (89 кесте) өзеннің сол жағында. Қыстаудың алып жатқан аумағы солтүстік шығыстан-оңтүстік батысқа 113 м. Солтүстік батыстан-оңтүстік шығысқа 135 м, барлығы 6 үй, әрбір үй екі-үш бөлмелі. Үйлердің қабырғалары та-





стан қаланған. Әрбір үйдің жанында мал қорасы бар, оларда тастан жасалған. Құрылысқа қажетті тастарды шығыс жағындағы жас тастан алған. Сақталған қабырғалардың биіктігі 0,20х1,30 м. қалыңдығы 70-75 см. Бөлмелердің көлемі орта есеппен алғанда 15-20 м².

Екінші үй алты бөлмеден тұрады (90кесте), екі бөлмесіне қазба жұмысы жүргізілді. Бірінші бөлменің көлемі 3,70х4,80 м, есігі 70 см. Екінші бөлменің көлемі 3,70х3,60 м, есігі 75 см. Ішін тазалағанда, ешбір тұтыну заттарының қалдығы табылмады. Еден үстінде күл-көмір, өртенген ағаштың шаласы кездеседі. Екі бөлменің де ошағы шығыс жағындағы бұрышқа салынған (90кесте). Ошақтар қазақтардың қазан асатын ошақтарына ұқсас, түтігі (тұрқындығы) қабырғаның бойымен сыртқа шығарылған. Ошақты шикі кірпіштен (30х10) жасаған, астына тас қалаған.

Екінші бөлменің ортасында толық жанып бітпей қалған белағаштың жартысы сақталған. Оңтүстік бұрышында ұраның орны бар.

Қазба жұмысының барысында, үйдің қабырғаларына жүргізілген сылау жұмысының іздері анық байқалды. Алдымен қаланған тастың ойлы-шұңқырын тегістеу үшін қалың етіп сыланса, одан соң бірнеше рет ақ топырақпен жұқа сылау жүргізілген.

Үйдің қалған бөлмелері шаруаға қажетті қоймалар болған 4-бөлменің үлкендігіне қарағанда ұсақ мал қамайтын күрке болған тәрізді. Есігі сыртқы жағынан шығарылған. Ірі малға арналған үлкен қорасы шығыс жағында салынған.

Бірінші үй, басқа үйлерге қарағанда кішкене төбешіктің үстіне орналасқан. Құрылысы жағынан да өзгешелеу (89кесте). Бөлмелер мен мал қоралардың орналасуына қарағанда екі үй екі бөлмеден жасалған екі жанұяныкі. Бөлмелер ұзыншақ жасалған қоралардың екі жағына орналасқан. Қораларының ұзыншақ етіп жасалуы, төбесін жабуға ыңғайлы болу жағын қарастырғандық. Бұл үйдің оңтүстік-шығыс жағында жеке салынған қорасы бар. Қораларының көптігіне қарағанда ауқатты жанұя болған. Үшінші үй (89кесте, 3) екі бөлмелі, ұзыншақ қоралары екі жағындағы шаруаға қажетті бөлмелер мен байланыстырып сыртқа шығарады. Бұл үйге тиісті мал қора солтүстік жағында жеке салынған.

Төртінші үй қыстаудың батыс жағында, басқа үйлерден жекелеу, өзенге жақын орналасқан (89кесте, 4) сыртынан қарағанда көп бөлмелі тәрізді. Үй – екі бөлмелі бір жанұяның, барлығы үш жанұяның үйінен тұрады. Үшеуінің сырттан кіретін есіктері жеке-жеке, қораны аралап кіреді.

Бесінші үй, үш бөлмелі (89 кесте, 5) екі бөлмесі бір-бірімен байланысады, үшіншісі өз алдына жеке. Екі бөлмелі жанұяның қорасы солтүстік-батыс

жағына салынған. Ұзыншақ екі қора. Бір бөлмелі жанұяның қорасы оңтүстік-шығыс жағында. Қораның бұрышында жеке бөлген жері бар, ол жаңа туған төл үшін жасалған күрке. Екі жанұяның да сыртқа шығатын есіктері бөлек. Тұрғын үй, мал қоралардан кішкене дәлізбен бөлінген.

Алтыншы үй, қыстаудың оңтүстік-шығыс жағында екі бөлмеден тұратын екі жанұяның үйлері (89кесте). Үйлер құрылыстың солтүстік-шығыс жағында орналасқан, оңтүстік жағында ұзыншақ екі қорасы бар, сырттан кіретін есік біреу. Үй жайдың салынуына қарағанда, бұлар туыстас жанұялар болған. Бұл үйдің үлкен қорасы оңтүстік-батыс жағында ұзыншақ екі бөліктен тұрады.

Бұл жердегі қыстаудың үй құрылысына қарағанда алты жерде салынған тоғыз жанұяның үйі бар. Бірге салынған үйлердің құрылымы олардың туысқан жанұялар екендігін байқатады. Оған екінші бір дәлел олардың қора жайларының да бір салынуы.

Жансейіт, Құлсейіт, Тоқсейіттің қыстаулары

Қыстаулар Айбас бекінісінің оңтүстік жағында 5 шақырым жерде Едіге тауының етегінде бір-бірінен 400-500 м қашықтықта орналасқан (91кесте). Қыстаулардың үйлері, қоралары тастан қаланып, олардың іші-сырты лаймен сырланған.

Өлімбеттің қыстауы (Бұл жердегі зерттеліп отырған көне қыстаулар да соңғы кезде қыстап жүрген адамның атымен беріліп отыр), Жансейіт қыстауларының оңтүстік-шығыс жағындағы Айбас бекінісіне барып тірелетін өзенің шығыс жағына орналасқан. Бұл жерде барлығы үш қыстаудың орны бар (92кесте). Оның ішінде, бірінші қыстау төбенің үстіне салынып, қорасы сайдағы судың бойына салынған. Ал екі қыстау, осы қораның оңтүстік-шығыс жағында қатарынан салынған, арасы 200-300 м олардың қоралары да Жансейіт қыстауларындағыдай бөлмелермен бірге салынған.

Бірінші қыстау, төбенің үстіне салынған. Алты бөлмеден тұрады. Төрт бөлме екі-екіден бір-бірімен қатынаста, екі бөлме жеке-жеке. Қабырғаларының ені 80 см, биіктігі 2 м дейін ұзыншақ плита тәрізді, гранит тастардан қаланған. Сыртынан қарағанда төбенің басына салынған қорған сияқты (86сур.).

Қаракөңгір өзенінің бойындағы қыстаулар

Қаракөңгір өзені Ұлытаудан 150 км. Өзен бойында тастан жасалған қыстаулар өте көп кездеседі. Ал 81 жастағы Қарабатыров Әбдібек (Найман – Бағаналы – Қожас – Жырық) ондай тастан қалаған қыстаулардың, өзен бойында әрбір 5-10 шақырым жерде кездесетіндігін айтады.

Сол қыстаулардың ішінде өзен бойына жақын орналасқан біреуіне тоқталып өтелік.

Бейсенбай, Сегізбай қыстаулары

Қаракөңгір өзенінің бойына тақау салынған (93кесте). Қыстау Найзағара қыстағының түбінде, ол туралы төменде тоқталамыз.

Әбдібек қария «жас кезімде әкемнің айтуы бойынша бұл арада, Бейсенбай, Сегізбай деген ағайынды адамдар қыстаушы еді» дейді.

Қыстау оңтүстік-шығыстан–солтүстік-батысқа қарай созыла орналасқан, ұзындығы 150 м, ені 40-50 м. Қыстауда барлығы жеті үй бар. Үйлер үш-төрт бөлмелі (94кесте). Ұлытау баурайындағы қыстаулардағы үйлерден, бір өзгешелігі, үйлердің жанында, төрт қанатты киіз үй тәрізді тастан жасалған дөңгелек үйлердің (93кесте) болуы; екіншіден бұл үйлердің жанында үлкен қоралар салынбаған, кейбір үйлердің жанында жерден қазылған үйлері бар. Үйлердің барлығы жалпақ тастан қаланған (87сур.).

Құрылыс жүйесіне қарағанда, жер үстінен, жерден қазылған және киіз үй тәрізді жасалған, үш түрлі үй салу тәсілдері байқалады. Үйлердің іші-сыртынан ешбір тұтыну заттарының қалдықтары табылмады. Тек қана қыстаудың солтүстік-батыс жағында көзенің сынықшалары кездеседі. Ол туралы төменде сөз болады, себебі көзенің сынықшалары, қыстауға жатпайды. Қыстау Әбдібек қарияның айтуына қарағанда XVIII ғ. өмір сүрген. Қыстаудағы үйлердің жанында мал қамайтындай үлкенді-кішілі қоралардың болмағандығына қарағанда тұрғындардың малы болмаған. Сондықтан да бұл жердегі адамдар егін еккен бе? деген ой тудырады. Бұл жағынан алып қарағанда, қыстау деп атағаннан қыстақ деп атау орынды ма еді деп ойлаймыз.

Қыстақтар

Аяққамыр қыстағы (95кесте). Ұлытау ауданына қарасты Жезді қаласының солтүстік-шығыс жағында 8 шақырым жерде, Жезді өзенінің сол жағында. Жергілікті адамдар бұл жерді Қарабұлақ деп те атайды. Ө.Х.Марғұлан бұл жерде 1947 ж. болып, қоныстың орналасқан жері туралы және Аяққамыр күмбезі жайлы атап өткен (Марғұлан, 1951, 47 б.).

Қыстақтың қазіргі көрінісі жерден 50-60 см биіктеу, шаршы (47х47 м), ортасы ой болып жатқан жер. Төрт жағындағы қабырғалары құлап дөңес болып жатыр. Үстінен бірлі-жарымды көзенің сынықшалары кездеседі.

Өзеннің сол жағында, қыстақтан 300м жерде тастан қаланған қалың қорым арасында қызыл кірпіштен жасалған күмбез бар. Ө.Х.Марғұлан

күмбезді X–XII ғғ. жатқызды. Қазіргі кезде күмбездің төбесі ойылып екі ортасына түскен. Төңірегінен ешбір көзенің сынықшалары кездеспейді.

Қазба жұмысы Аяққамыр қыстағының шығыс жағынан жүргізілді. Қазба жұмысын жүргізуден бұрын, сыртқы дуалдың қалыңдығын және қай жерде басталатынын білу үшін тексеру шұңқыры қазылды (8х1 м). Ол сыртқы дуалдың қалыңдығын (2,8 м) айқындаған соң, қазба жұмысы дуалдың ішкі жағынан (10х6 м) жүргізілді. Белгіленіп алынған жердің үстінгі қабаты 20 см тереңдікте тұтас алынды. Бұл қабаттан ешбір тұтыну заттарының қалдықтары табылған жоқ, екі жерден сыртқы дуалға тіреп соққан бөлменің қабырғалары ғана білінді. Одан кейін және 20 см тереңдікті тазалағанда мал сүйектері мен көзенің сынықтары кездесе бастайды. Үшінші мәдени қабатты тазалай бастаған кезде көзе сынықтары мен мал сүйектері жиі кездеседі. Үйдің едені 55-60 см тереңдікте.

Табылған тұтыну заттарының ішінде, әсіресе көңіл аударарлықтары қыштан жасалған көзелер (96кесте), кейбір қазандардың сыртында үшкір затпен батыра сызып жасаған адам тәріздес суреттері бар. Ол қазанның сыртқы бүйірін айналдыра қайнатылып, бірінің қолына екіншісінің қолын ұстап, қартар тұрған адамдар секілді жасалған (96кесте). Сыртына адамның бейнесі салынған мұндай көзелер Мало Тебендинск, Усть-Ишим жеріндегі обалардан табылған.

Қазан сыртындағы адам бейнесіне қарағанда Аяққамыр қонысының тұрғындарының ислам дініне толық кіре қоймаған кезі деп жорамалдасақ, ал жазба деректерден бұл кез (XIV–XV ғғ.) Дешті-Қыпшақ елінің ешбір дінге сенбейтін ересертер (Тизенгаузен, 1941, 128 б.) болғандығын көреміз.

Қоныстың үстінен, ағаш тостағанның сынығы табылған (97кесте, 4) сыртында сай-сай етіп сызықша жүргізілген, пішініне қарағанда қазақ тостағандарына ұқсас.

Екінші бір көңіл бөлетін жағдай, қоныстың үстінен табылған балықтың пішіні тәрізді металдан жасалған зат (97кесте, 2). Бет жағы балықтың қабыршағы тәрізді әсемделген, ал ішкі жағы қуыс, екі жағында балықтың желбезегінің орнына құстың басы салынған. Екі жағы сынық.

Археологиялық зерттеулерде мұндай мүсіндер Павлодар жеріндегі обалардан (Агеева, Максимова, 1959) және Шайгинск қаласынан табылған (Шавкунов, 1973, 264 б.). Зерттеушілердің пікірі бойынша, ол Корея, Қытай жерінен тарағандығын, оны алқа есебінде (сәнді зат) пайдаланғандығын болжайды. Бізге белгілі балық пішіндес мүсін жүген сәндеу үшін





жасалды ма деп ойлаймыз. Өйткені балықтың пішіні тәріздес алқаларды, қазақ жүгендерінен кездестіруге болады (Аргынбаев, 1969, 199 б.).

Еден үстінен қоладан жасалған орақтың сынығы, бір ғана үлкен моншақ, ал үстінен көзенің сынығынан жасалған ұршықтың бір басы табылды (97кесте), ол жасыл-сары сырмен боялған. Бұған қарағанда қоныста өмір өзегінің XIII–XV ғғ. болғанын көрсетеді. Табылған заттардың аздығы қоныста қай кезде өмір болғандығын кесіп айтуға мүмкіндік бермейді. Дегенмен табылған заттар мен жазба деректерге сүйене отырып Аяққамыр қыстағындағы тарихи тұрғындардың XV–XVI ғғ. өмір сүргендігін жорамалдауға болады.

Қоныстан табылған малдың бас сүйектерімен асықтарға қарап, тұрғындардың төрт түлік малдың барлық түрін өсіргендігін білеміз.

Кішкене бөлменің шығыс жағындағы қабырғаның түбінен қойдың тобығы табылды. Оның көп уақыттар ұсталғандығынан жылтырланып кеткен. Бұған қарағанда «тобық жасыру» ойына пайдаланған.

Басқамыр кенті, Аяққамырдың солтүстік шығыс жағында 15 шақырым жерде. Жанында тастан қаланған күмбездер бар, олардың төбесі ойылып түскен. Жергілікті қариялардың айтуы бойынша, Құмыр хан мен Қасбатыр деген адамдардікі, олар XVII–XVIII ғғ. өмір сүрген.

Найзағара қыстағы, Қаракеңгір өзеннің сол жағасында Жошы хан күмбезінің оңтүстік-батысында (6-7 шақырым) жатқан «Найзағара айдыны» деп аталатын жазықта, Бейсенбай-Сегізбай қыстауының дәл түбінде орналасқан (93кесте).

Қыстақтың орнын бірден байқау оңай емес, оның үстіне айналасына қалың шөп, жусан шығып білінбей кеткен. Тек табылған көзелердің сынықшаларынан ғана, жайдың орны болғандығын сезіп, 20-30 м қашықтықтан қарағанда тәжірибелі археологтардың ғана қыстақтың жай жерден 15-20 см дөңестеу болып жатқанын байқай алады.

Қоныстың әбден бүлініп жермен бірдей болып кеткенін ең басты себебі, соңғы кезде оның дәл түбіне тастан жасалған қыстаулардың салынуы. Міне осы жаңа қыстаулардың тұрғындары ескі қыстақты мүлде бүлдірген болу керек.

Қыстақтың ұзындығы 35 м, көлденені 30 м, тіктөртбұрышты. Құрылыс жүйесін және мәдени қалдықты байқау үшін солтүстік-батыс жағынан тексеру шұңқыры (4х5м) қазылды. Қазба жұмысының барысында тексеру шұңқырымыздан

ас ішуге лайықты ағаш тостақтардың пішініне ұқсас және ас құюға қажетті жасалған ыдыстардың сынықшалары табылды (96кесте). Көзелердің жасалуы және күйдірілуі сапалы, оларды көзе жасайтын шеберханаларда жасаған. Кейбір ыдыстардың сынықшаларының сыртында толқын тәрізді сынықшалармен өрнектелген. Археологиялық зерттеулерге зер салсақ мұндай үлгі өрнектер XIII–XV ғғ. кең түрде пайда болғаны белгілі. Әсіресе ондай үлгі-өрнектермен жасалған көзелерді Сырдарияның бойындағы мекен жайлардан көптеп кездестіруге болады.

Қазба жұмысы 50 см тереңдікте жер табанына жетті. Бұдан қыстақта өмір өзегінің онша ұзақ болмағандығын байқаймыз. Тексеру шұңқырынан пішіні белгісіз күйдірілмеген кірпіштердің сынықшалары кездесіп отырды. Мұның өзі тұрғындардың тұрақты жай салуда кірпіш пайдаланғандығын көрсетеді.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда, Орталық Қазақстан жеріндегі тұрақты жайлармен Оңтүстік Қазақстан жеріндегі тұрақты жайлардан табылып отырған ыдыстардағы ұқсастықтарды кездейсоқ нәрсе деп қарауға болмайды. Өйткені жоғарыда белгілі болып отырған тұрақты жайлардағы тұрғындардың XIII–XV ғғ. өмір сүргендігі археологиялық жағынан дәл мезгіл екендігін бір шама тура деп жобаласақ, олардың (Орталық Қазақстан жері мен Оңтүстік Қазақстан жерінде өмір сүрген тайпалардың) бір-бірімен экономикалық байланыста болғандығы даусыз деп табуға болады.

Екіншіден, бұл кезде Дешті қыпшақ елінің астанасы болған Сығанақ қаласының екі аралықты қосып тұрған өткел болғандығы белгілі. Ендеше Басқамыр, Аяққамыр, Найзағара сияқты тұрақты жайлардың орны, қазақ халқының құрамына кірген қыпшақ руының мекен жайлары деп жобалауға тура келеді.

Қорыта келгенде, Орталық Қазақстан жерінде тұрақты мекен жайлардың үш түрлі құрылыс орнын байқауға болады: бекіністер, қыстаулар, қыстақ-кенттер. Бекіністер уақытша жаудан қорғану үшін жасалса, қыстаулар тек қыс айларында ғана тұратын жай болған. Ал қыстақ-кенттердің құрылыс жүйесіне қарағанда, бір жерде қысы-жазы тұрақты өмір сүрген.

Бекіністердің беті ашық жақсы мал жайылымы жерлерге салынғандығына қарағанда онда тек жаз айларында немесе жаудан бас сауғалау кездерде өмір кешкен тәрізді. Ал қыстаулар ерте мезгілден-ақ, қыстың суық боранынан ықтасын болатын, ыңғайлы


жерлерге салынғандығын байқау қиын емес. Бүгінгі шопандарымыздың да осы күнге жейін, бұрыннан келе жатқан ата-бабаларымыздың қыстауларында, я болмаса сол қыстаулардың маңында қыстап жүргені белгілі.

Қыстақтар деп тұрақты жай салып, жер кәсібімен айналыса бастаған мекен жайларды білсек, ал кент қыстаққа қарағанда экономикалық-мәдени жағынан дамыған түрін айтамыз. Мұндай тұрақты жайлар суы мол өзендердің бойына яғни жер кәсібімен айналысуға мүмкіншілігі бар ыңғайлы жерлерге орналасқан. Мәселен, Аяққамыр, Басқамыр қыстақ кенттері Жезді өзенінің бойына орналасса, ал Найзағарақыстағы Қаракеңгір өзенінің бойына орналасқан.

Жоғарыда келтірілген тұрақты мекен жайларды (бекіністер, қыстаулар, қыстақ-кенттердің) бір-бірінен ажырата білудің шартты белгілері олардағы мәдени қалдықтардың қалыңдығынан байқалады. Егер бекіністерде мәдени қалдықтар (тұтыну заттарының қалдықтары) кездеспейтін болса, ал қыстауларда өте аз, ал қыстақ кенттерде 50 см-ден 1 м дейін болады. Мәселен Аяққамыр мен Найзағара қыстағында мәдени қабат 50-60 см болса, ал Басқамыр кентінде 1-2 м.

Сондықтан да Орталық Қазақстан жерінен табылып отырған тұрақты мекен жайлардың орны бұл жерде отырықшылықпен айналысқан қалалық өмірді көрсетеді.





IV ТАРАУ

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
XV–XVIII ҒҒ. МАТЕРИАЛДЫҚ
МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(ЖЕТІСУ, ОҢТҮСТІК ЖӘНЕ
ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН) ЖӘНЕ
ҚЫСТАУЛАРДА ШАРУАШЫЛЫҚ
ЖҮРГІЗУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ТИІМДІЛІГІ**

Тұрғын үй және қора-қопсы салу тәсілдері

Қандай да халықтар болмасын өздерінің өмір сүрген жеріне қарай бейімделеді. Олар жыл маусымына, күнделікті тіршілікке байланысты қажетті нәрселерді жасауда күннен-күнге дамып отырады. Оған ұзақ уақыттар бойындағы өмір жемісінің жақсы жақтары мен ұлттық ерекшеліктерінің өзіне тән қасиеттерінің үлгі-өнегесі қосылып ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалып отырады.

Түркі тілдес халықтардың ішінде, қазақ халқының баспанасының киіз үй екендігі баршаға мәлім. Киіз үйдің суреттемесі XVII–XIX ғғ. орыс ғалымдары мен этнографтарымыздың еңбектерінде жеткілікті жазылған. Әсіресе қазақ халқының киіз үйі туралы академик Ә.Х.Марғұланнның жазған мақаласынан кейін, ол туралы жазудың қажеті шамалы болар (Маргулан, 1964).

Алайда көңіл бөлетін бір жағдай жазба деректерде кездесіп жүрген, арба үстіне тігілген киіз үйлер. Қазақстан жерінде болған Рубрук пен Ибн Батутилердің ол үйлер туралы суреттемесі, XVI–XVII ғғ. қазақтардың арба үстінде тігілген киіз үйлері туралы Рузбихан мен Сейфилердің жазған суреттемелерініңұқсастығына қарағанда, XIII–XIV ғғ. өмір кешкен тайпалардың, XV–XVIII ғғ. қазақ халқының тікелей ата-тегі екендігіне ешбір дау жоқ сияқты.

Бірақ та осы арбаға тігілген киіз үйлердің қай мезгілде қандай себептермен жойылғандығы жәйлі ешбір дерек жоқ. Академик В.В.Бартольдтың пікірі бойыншаXVI–XVII ғғ.Орта Азия жеріндегі хандықтар арасында үздіксіз болған саяси қақтығыстың салдарынан экономиканың нашарлауынан болған дейді. Ал XVI–XVII жазба деректердекерісінше.

Мәселен, Қазақстанда болғанДженкинсон, Герберштейн және орыс елшілерінен хабар алған Италия әдебиетшісі Иовий қазақтардың арба үстінен тігілген үйлерде тұратындығын хабарлайды (Прошлое Казахстана..., 1935). Тағы бір еске алатын жағдай XV ғ. Ұлытау жеріне дейін басқыншылық әрекетпен келген өзбек ханы Әбілхайыр өз сарбаздарына жауап алған жерінен алған жылқы, түйе және арба үстіне тігілген киіз үйлерді үлестіріп берген. Бұл хабарларға қарағанда арба үстінен тігілген киіз үйлердің жойылған кезі емес қайта дамыған кезін көрсетсе, ал одан кейінгі ғасырларда біртіндеп оның нашарлай бастағаны жоңғар шапқыншылығының әсерінен қазақ қауымының арасында болған «ақтабан шұбырынды» кезі болмады ма деген ой туады.

Сондықтан да арба үстіне тігілген киіз үйлер және күймелердің өмірден шығып қалуы туралы мәселе әлі де болса өзінің шешімін қажет ететін басты мәселенің бірі.

Әзірше археологиялық қазбалардан арба туралы материалдық дәлел боларлықтай ешбір заттар табыла қойған жоқ (өз жерімізден). Себебі бұл мерзімнің (XV–XVIIIғғ.) өзі де зерттелуі жағына кенже қалып, соңғы кездерде ғана қолға алынып жатқан мәселе. Сондықтан да келешектегі археологиялық зерттеу жұмыстардың нәтижесі, XV–XVIII ғғ. қазақ қауымының өмірі жәйлі, жазба деректермен түйісе отырып белгілі бір пікір туғызатындығына күмән жоқ деп ойлаймыз.

Ал біздің зерттеуіміздегі басты мақсат соңғы кездегі археологиялық зерттеулерге сүйене отырып, XV–XVI ғғ. қазақ халқы тек арба үстіне тігілген үйлерде яки болмаса тек киіз үйлерде өмір сүріп қана қоймай, тұрақты мекен жайлар салып жартылай отырықшылықпен де айналысқандығын қарастыру.

Археологиялық зерттеулерге зер салсақXV–XVIII ғғ. қазақ халқының тұрақты мекен жайларының басты төрт түрлі құрылыс жүйесінің болғандығын көреміз.

Тұрақты қоныстардың бір түрі қыстаулар. Оларды мерзімді тұрақты жайлар деп атауға да болады. Онда салынған үй-жайларда әрқалай болып келеді.

Археологиялық зерттеу жұмыстарға қарағанда Қазақстанның таулы жерлеріндегі қыстаулардағы тұрған үйлер тастан қаланып іші-сырты лаймен сыланса, ал ірі өзен бойындағы қыстаулардағы тұрғын үйлер, жерден қазылған жеркепелер.Олардың пішіндері де алуан түрлі. Мәселен, жер үйлер төртбұрышты және дөңгелек шошала сияқты жасалатын болса, тастан қаланған үйлердің ішінде де шошала тәрізді дөңгелек жасалғандары барлық облыстарда да кездеседі. Бұдан қазақ халқының тұрғын жай салуда киіз үйдің пішініне еліктеушіліктің болғандығын көреміз. Олай дейтін себебіміз төртбұрышты үйлерді салуды біле отырып, ол үйлердің жанында дөңгелек тастан қаланған бөлмелердің кездесуіне қарағанда мұндай жай салудың өзі сонау қола дәуірінің тұрғын жайларынан келе жатқан көне дәуір. Ендеше оның түп негізін сол қола дәуіріндегі(Маргулан, 1959, 64-74 бб.) қыстаулар мен салыстыру әлдеқайда әділ сияқты.

Сонда Қазақстан жеріндегі тұрақты мекен жайлар салудың өзі бұдан үш мың жыл бұрын басталғандығын көрсетеді. Әрине соңғы кездегі қазақ халқы, қола дәуіріндегі тайпалардың тікелей үрім-бұтағы дей алмаймыз, бірақ материалдық мәдениетінің ұқсастығынан олардың арасындағы

үзілмей келе жатқан дәстүрдің барын жоққа шығаруға болмайды. Ол ұқсастықты қола дәуірінің ыдыстарының сыртындағы үлгі өрнектермен қазақ халқының текемет, сырмақ, кілем, тұс киіз сияқты тұтыну заттарындағы үлгі өрнектерінің бірдейлігі де анықтай түсетін тәрізді.

Этнограф ғалымдарымызда қазақтардың тұрақты қоныстарының алғашқы бастамасы шошаладан басталғандығын келтіреді.

Қыстаулардың ішінде ірі өзен бойына салынғандары жерүйлер(85кесте) болса, ал тау шатқалдарында жер үстінен тастан салынған үйлер (49кесте) болып келеді. Бұдан қазақ халқының тұрақты жай салуда,үш түрлі тәсілді пайдаланғанын байқаймыз: 1) жерүй; 2)жартылай жер үй; 3) жер үстінен салынған үйлер. Құрылыс заттары: ірі өзен бойларындағы салынған жер үйлерге қамыс,ағаш пайдаланса, таулы жердегі жартылай және жер үстіненсалынған үйлердің қабырғаларынатас пайдаланған. Ал қыстақ, кент, қалаларда үйлердің құрылыс материалдарына, олардың салынған жеріне қарай таста, күйдірмеген кірпіште, шым мен ағашта іске жаратылған. Сырдария бойындағы Ақтас, Жалғызтамкенттерімен, Сауран төңірегіндегі XVII–XIXғғ.жататын қыстақтарда соқпа там әдісі де қолданылған. Қаратау ішіне салынған қыстаулармен Күлтөбе, Раң қалаларындағы тұрғын жайлар тастан, шикі кірпіштенжер үстінен тұрғызылған.

Сырдария бойындағы XV–XVIғғ. жататын жеркепелер бір-екі бөлмелі болып толықжерден қазылсаXVII–XIX ғғ.салынғандары көбінесе үш бөлмелі, жартылай қазылған жер үйлер болып келеді. Толық жерден қазылған үйлершұңқырлығы1,50-3м ұзындығы3х4м, көлденеңі2-3м қазылып, ұзыннан екі жерден тіреу қойып, оған бел ағашты жатқызады. Кейбір жағдайда төбе биіктеу болу үшінүйдің екі жанынан бір қатар тас не шым қалап шығуы мүмкін. Шанжаның үстінен тоқылған қамыс, оның үстінен шеңгел,жыңғыл я болмаса талдың бұталарын салып, үстінен сабан не қурай жауып оны дымқыл топырақпен бастырады да, су өтпес үшін сылау жүргізілді. Жартылай жер үйлердің салыну тәсілі де осылай. Олардағы ерекшелік, тек онша шұңқыр қазылмайды, көп болса 70-80см қазылып, екі жағынан бір метрдей қабырға тұрғызылады. Екеуіне де кіретін есіктің алды түйетайланады да яғни көлбеу сәкілер қазылады.

Ақтаскентінің оңтүстік-шығыс жағындағы жер үйлер көбінесе екі үш бөлмелі болып, есіктері ауызғы бөлмеден (дәлізден) түйіседі. Бөлмеде шығатын тұрба үйдің бұрышынан жасалып сыртқа

шығарылатын болған. Зерттеулерге қарағанда өзбектердіңжерүйлеріндетүтін шығатын тұрба жасалмайтын болған (Задыхина, 361-362 бб.).Жер үйлердіңішінде киіз үй тәріздес, шошала сияқты жайлар этнографиялық зерттеулерге қарағанда Қазақстан облыстарыныңбарлық жерінде кездеседі. Ол археологиялық барлау кезінде де анықталды. Ондай жер үйлер туыстас өзбек халқында да бар. Екінші бір көңіл бөлетін жағдай, шаруаға қажетті құрылыстарды салудың тәсілдері. Зерттелген қоныстарға зер салсақ, мал үшін үлкен қоралар, ет жаятын күркелер,астыққоятын қоймалар салынғанын байқауға болады.Ондай қоймалар тұрғын үйлерге жалғастырыпсалынған.

Тұрақты мекен жайлардың екінші, үшінші түрлері қыстақ, кенттер және бекініспен салынған қалалар. Жерімізде жүргізілген зерттеулерге қарағанда қыстақ пен кенттің өзіне тән айырмашылығы бар. Ол айырмашылықтар туралы біз жоғарыда айтып өттік. Алайда Қазақстан жеріндегі бұл мәселенің өзі жеке қарастыруды қажет етеді. Ал біздің мақсатымыз, Ақтас, Жалғызтам,Аяқамыр сияқты қыстақтар мен кенттердегі (Күлтөбе, Жыланқарауыл, Раң) тұрғын үйлердің салыну тәсілдерін қарастыру.

Күлтөбе бекінісіндегі тұрғын үйлер бірнеше бөлмеден жасалған. Мәселен, қорған жақтағы 27,28,29,30 бөлмелер бір үйге қараған, бұның27-ші қонақ үй,28-ші ас үй қатар жасалған ошақ бар. Ал 29-шыауызғы үй, астық сақтайтын екі жерде ұрасы бар, еденінежалпақ тастар төселген. Шөп салатын ақыры бар. Мал бордақылауға арнап жасалған, сонымен қатар ет сүрлеуге де қажет болған.

Жалғызтам қонысының үйлері екі жағындағықабырғағатіреп салынған. Орта-сы ашық болған, оған қажет кезде мал кіргізген. Шығырлықонысындағыжер үйлердіңайналасында дамалға салынған шағын қоралардың орнын көруге болады.

Орталық Қазақстан жеріндегі қыстауларда малға арналып жасалған шағын қораларды әрбір үйдің жанынан көреміз.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда XV–XVIIIғғ.қазақ қауымында жерден қазып жасалған үйлермен қатар жер үстінен салынған үйлер де орын алған. Ондай ескерткіштергеАқтас, Жалғызтам, Күлтөбе, Раң қоныстарының тұрғын үйлері де жатады. Қазба жұмысына қарасақ, қабырғаларды тұрғызудатас, шикікірпіш пайдаланса, Жалғызтам, Ақтас, Аяқамыр мекендерінде соқпа там әдісін қолданған.

Жер үстінен салынған үйлердің көпшілігі тік төрт бұрышты 4-5х3-4м болып келеді. Бөлмелердің





ортасында көпшілік жағдайда, діңгектің түбін орнататын тас қобдишалар не болмасатастан қаланған негіздеркездеседі. Мұның өзі бөлме төбесінің шошала тәрізденіпжабылатындығын көрсетеді. Мәселен, Күлтөбе қаласының тұрғын жайларыныңбарлығы дерліктей тастан қаланып, төбелері киіз үй төбесі тәрізденіп жабылған. Бұлай дейтін себебіміз, бөлмелердің қабырғалары бір-бірімен бірге жалғасып жасалған да оларға ешбір қабырғасынан жарық түспей, оның тек төбеден ғана түскенін байқасақ, екіншіден, бөлмелердің ішіндегі тандыр ошақтарға және олардың жанындағы беті ашық ошақтарға жағылатын оттың түтіні шығатын саңылау да керек болған, олда тек төбеден шығуы керек. Мұнымен бірге үйдің төбелері шошақтау болуы төбеге түсетін жауын шашын су қорғанның сыртына қарай ағатын етіліп жасалмаса үйлердің төбелеріортасына майысып, су өтетін болар еді. Сондықтан бөлмелер шошаланың төбесі сияқты жасалған.

Күлтөбе тұрғын үйлерініңқазақ қыстауларынатағы бір ұқсастығы ошақтың алдында жасалған, жуынды-шайынды төгетін ташнаудың болуы. Ондай ошақтың сол жақ бұрышынан қазылған ташнау тәріздес шұңқырлар, XIXғ.–XXғ.басындағы қазақ қыстауларында көптеп жасалатын. Күлтөбе, Раң үйлеріндегі және бір көрініс тандыр ошақтың жанындағы, беті ашық ошақтар. Бұл ошақтар шошаланың не болмаса киіз үйлердің ортасындапайдаланып жүрген ошақтардан ешқандай айырмашылығы жоқ. Беті ашық ошақтар өзбек халқының сандалына мүлде ұқсамайды, егер оларда жерді (еденді) шұңқырлап алып оған жанған отынныңкөмірін салатын болса, Күлтөбе, Раң бекіністерінің тұрғын үйлерінің ішіндегі тандыр ошақтардыңжанындағы беті ашық ошақтар ешбір шұңқырланбай-ақ еден үстінен жасалған.Мұндай көріністер қыстаулардағы үйлердіайтпағанның өзіндеАқтас, Жалғызтам және Отырар қаласындағы тұрғын үйлердің бәрінде кездеседі.Екінші, бір еске алатын ерекшелік, Әмударияның төменгі ағысында тұратын өзбек халқының тұрақты жайларындатүтін есіктіңмандайшасыныңүстінен қалдырылған тесіктен шығатын болса, Күлтөбе, Раң тұрғын үйлерінің тандыр ошақтарыныңтүтін шығатын (тұрбалары) мойындары тамаша жасалған.Егер үй қабырғалары тастан қаланса оның ортасынан түтін жолын бірден жасап қалдырып отырған. Мәселен, 1-2-ші бөлмелердің тандыр-ошақтарыныңтүтіні екі бөлменің арасындағы ортақ тас қабырғаның ортасынанжасалған мойынан шыққан. Бұған қарағанда екі бөлмені жасаудың алдында түтін шығару әдісін ойластырған сияқты.

Ал кейбір түтін жолдары шикі кірпіштен қалаған қабырғаны ойып шығарылған.

Бөлмелердің ішінде қатар жасалған тандыр-ошақтардың түтікшелері керегеде қосылып бір жерден шығарылған. Мұндай ошақтарды XIXғ. Ақмола(Харузин, 1896, 27 б.),Ақтөбе (Глухов, 1930, 45 б.), Ертіс бойындағықазақтардың жер үйлерінен байқауға болады. Осы жерде ескеретін жағдай С.И. Руденко Алтай жеріне барған наймандар мен керейлерді батыстан келгендер дейді (Руденко, 1930, 45 б.), ал академик Ә.Х. Марғұлан Ұлытау бойындағы наймандарды да батыстан келген деп жазады (Марғұлан, 1930, 329-334 бб.). Бұған сәйкес келетін тағы бір дәлел Күлтөбе бекінісінен алынған көзелерде керейлер таңбасының, ал Ақсүмбе қаласының жанындағы мазардан наймандар таңбасының табылуы. Сонымен қатар С.И. Руденко шалдардың айтуы бойынша атамыздың аталары астық егумен айналысқан еді дей келіп олардың қазіргі кездегі басына темір тіс кигізілген ағашсоқалар мен жер жырып егін егетіндіктерін жазады (Руденко, 1930, 24 б.).

Жоғарыдағы сәйкес келіп отырған қазан-ошақтың салынуы және таңбалардың тарихи деректермен ұштасуы XV–XVI ғ.ғ Керей, Найман руларының Қаратау, Сырдария бойында өмір кешкендіктерін анықтай түсетін сияқты.

Қазіргі кезде бұл жерлерде Қоңырат руының адамдары өмір сүреді.Созақ ауданына қарасты Қаратау совхозының тұрғыны 87 жастағы Айтымбетов Дүйсембі (руы Қоңырат ішінде Божбан–Жәукім) қарияның айтуына қарағанда,Ақсүмбе өзенінің сол жағында қоңыраттар, ал оң жағында наймандар тұратын еді, мына бұзылып жатқан күмбез наймандардың Қарамырза деген әулиесінікі, олардың кешегі кеңес өкіметінің орнауы қарсанында көшіп кеткендігі жәйлі баяндайды. Екіншіден, өзеннің оң жағында үлкен қорған болғандығын, тұрғын үйлерінің кілең тастан қаланып жасалғандығын, оны колхоз құрылған жылдары бұзып орнына астық егілгендігін айтады.

Бұл сөзге қарағанда Ақсүмбе жеріндегі бұзылған қаланың орны, Күлтөбе, Раң сияқты тастан жасалғандығы анық болып отыр.

Келтірілген деректерге қарағанда бұл қалаларда XVI–XVII ғғ. қазақ қауымының өмір сүргендігіне ешбір күмән жоқ сияқты. Бұл кез қазақтардың жеке отау тіккен кезі болғанымен әлі де болса «өзбек-қазақ» немесе «қазақ-өзбек» болып бірге аталып тұрған кезі еді. Екіншіден, XV–XVIғғ. олардың материалдық мәдениетінде ешбір айырмашылықта болмаған (Султанов, 1971, б.).

Егер археологиялық зерттеулер жүргізілген қоныстардағы тұрғын үйлердің ішкі құрылысына зер салсақ, біртіндеп өзгерістің пайда болғандығын көреміз.Біріншіден, Күлтөбебекінісіндегі бөлмелердің тандыр ошақтарының алдында ташнау болса, ал Жалғызтам қонысының бөлмелеріндетандыр ошақтың алдында ташнау салынбағандығыжәне кейбір ошақтардың ұзыншақ жеке-жекеқұйылған кірпіштерден жасалғандығын көреміз (80сур.).

Ал Ақтас кентіндегі бөлмелерде тандыр ошақ емес, жай ғана шикі кірпіштен жасағаношақты, ал ташнаудың орнына аузын қызыл кірпіштенқалап шығарған ұраныкездестіреміз(84сур.).XIXғ. мен XXғ.басындағы қыстаулардағы бөлмелерде қазан асатын ошақтар шикі кірпіштен салынып ташнау орнына ошақтың сол жағында жәй жерден шұңқыр қазылған. Археологиялық зерттеулер жүргізілген қыстақ, кенттердің төңірегіндегі селоларда қазіргі тұрғындар нан пісіретін тандыр ошақтарын аулаға салған. Тағамды үйдің ішінде қазан асатын ошаққа дайындайды. Ошақ көбінесе үйдің сол жақ, не оң жақ бұрышына жасалған. Бөлме темір пешпен жылытылады. Сонда тандыр-ошақ бұрын (XV–XVIIIғғ.) үйдің ішінде болса, ал соңғы кездерде XIX–XX ғғ. аулаға шығарылған. Біз бұдан, кейбір археолог ғалымдарымыздың, қазақ халқының тұрмысында тандыр-ошақты пайдалану болмады (Ягодин, 1973, 10 б.), деген пікірінің дұрыс еместігін көреміз.

Тұрақты мекен жайлардың төртінші түрі қорғандар я болмаса бекіністер.Олардың басты атқарған қызметі жаудан қорғану. Салыну тәсілдері әрқалай. Олар салынған жеріне қарай топырақтан, тастан қалыңдығы 1м-ден 3м-гедейіндуал тұрғызып айналасына кеңдігі 5м дейін, тереңдігі 3м дейін ор қазып оған су жіберіп қоятын болған. Қорғандардың ОрталықҚазақстан жерінде көптігіне қарағанда тек жаз айларында пайдаланылған тәрізді.

Қорғандардың ішінде Орда сияқты көлемі тым үлкендері (170х100м) болса, Айбас қорғаны сияқты тым кішілеуі де (27х25) кездеседі. Бұданкіші қорғандар екенін көрсек, ал Орда, Нөгербек, Тас қорған (Қаратау да, Күлтөбе бекінісінің жанында) сияқты үлкен жасалғандарындакиіз үй тігіліп жаз айларында ғана отыратындығы байқалды.

Сондықтан да оларда тұтыну заттарының қалдықтары, мәдениет қабаттар кездеспейді.

Зерттеу жүргізілгенжерлердегі қариялармен болған әңгімеде, қорғандар туралы, ондай бекіністердің көптігін оларды «сонау» қалмақтар шапқыншылығы кезімен, солардан қорғану үшін салынған екен деп баяндайтынын естисің. Әрине бұл

айтылған сөздердің бәріне бірдей сену де я болмаса мүлде сенбей қою да қиын. Үйткені Қазақстанның қай облысынан болмасын, сонау жаугершілік заманда болыпты деген қариялар сөздерінің дерліктей бір ауыздан шыққандай айтылуына қарағанда, бекіністердің салынуы XV–XVIII ғғ. Орта Азия хандықтарының арасындағы шапқыншылықтар мен жоңғарлар шабуылының мезгілінетура келетін сияқты.Жазба деректер де қалмақтардан қорғану үшін қазақ ханы Тайыр «Джатаң» деген үлкен бекініссалғызғаны белгілі (МИКХ, 1969, 186.).

Мұндай қорғандарда XVIII-XIXғғ.қазақ хандықтарының тұрғандығын орыс елшілерімен ғалымдарының суреттемелерінен анық көруге болады. Мәселен, Гладишев (Русско-казахские отношения XV-XVII вв..., 180 б.), «Қоңырат» деген жерде Әбілхайыр ханның адамдары төңірегіне ор қазылып оған су жіберіліп, топырақтан дуал тұрғызылған бекіністіңішіндегікиіз үйлерде тұратындығын хабарласа, ал одан 70-80жыл кейін Амударьяныңтөменгі ағысында қазақтардың арасында болған М.Н.Галкин (Галкин, 1868, 180-181 бб.)қазақтар сырты қоршалған үлкен бекіністерде тұратындығын, оның ішінде бау-бақша өсіретіндігін хабарлайды.

Этнографиялық зерттеулерде қазақ халқының тұрақтықыстаулар салуы немесе тұрақты мекен жайлардаөмір сүруі XIXғ. екінші жартысы, ал оның басталған жері орыстармен көршілесҚазақстанның Солтүстік батысы болғандығыжайлыжаңсақ пікірлер де орын алып жүр (Захарова, 1956, 116 б.). Археологиялық зерттеулер кезіндетабылған Сырдария мен Қаратау баурайындағытұрақты жайлардың орындары, бұл пікірдің қазақ өміріне тым үйлеспейтіндігін анықтап отыр.

Өз кезегінде Рузбихан да, Сырдария бойындағы қазақтардың қыстауларының 300 фарсақтан асатынын жазған болатын. Рузбиханның айтуына қарағанда Сырдария бойындағы қыстаулартекXVIғ. пайда болды деп ойлауға бола ма? Әрине жоқ. Ол қыстаулар да қазақ халқы Рузбихан жазған уақыттан бұрын-ақ қыстап жүрген. Егер Сырдария бойындағы ірі қалаларқазақ хандары мен би, сұлтандарының мерзімді ордасы болса, ал оның аймағындағы қыстақ-кенттер қазақ кедейлерінің тұрақты күн көретін мекені болған. Оған екінші бір дәлел XVғ. 80 жылдарының өзінде Сығанақ қаласындағы Қазы Садыралислам дегенкісі қаланықоршағанБұрындықханға, ешбір ұрыссыз беруі. Оның«бұл қала бұрыннан Бұрындыққа қараушы еді»(Ибрагимов, 144-145 бб.) деген сөзінен-ақ XVғ.аяғында Сырдария бойындағы және Қаратау бауырайындағы қалаларда





Қазақхандығының үстем бола бастағандығын көрсетеді. Әрине қазақтың үстем таптары ол қалалардабейбіттыныш отырып отырықшылық тіршілікпен айналысудың қамқоршысы болды деуден аулақпыз. Олар өздерінің үздіксіз халыққа пайдасыз жаугершілігімен жүре берді. Ал қарапайым халық олардың артында босып, еріп жүрген жоқ қой. Ендеше бұдан шығатын қорытынды археологиялық зерттеукезінде табылып отырған сансыз жер үйлермен, қыстақ кенттердің (Ақтас, Жалғызтам, Шығырлы, Арасаптың құмы т.б.) орны сол кездерде орныға бастаған қазақтың қарапайым адамдарының тұрақтымекен жайлары емес пе? Бұл ойымыз дәлірек болу үшінбір тарихи деректерді де келтіру артық болмас деп ойлаймыз. Егер жоғарыдағы деректер XV ғ. болса, енді XVIIғ. аяғындағы орыс елшілерінің деректеріне жүгініп көрелік. Мәселен, Түркістан аймағында болған В.Кобяков, М.Трошин, Ф. Скиблиндер қалада қазақтардың тұратындығын олардыңқалаларыТүркістан аймағында да бар екендігі жәйлі хабарлаған болатын. Әбілхайыр хан орыс елшісі А.И.Тевкелевке берген жауабында да Ташкент, Түркістан, Сайрам қалаларының және оның аймағындағы қыстақ, кенттердің барлығы, ата-бабаларынан бері қарай өзінің қарамағына жататындығын хабарласа (Русско-казахско отношения в XVIII–XIX вв., 49 б.), ал Бөгенбайбатыр ол қалаларданоның аймағындағы қыстақ, кенттерден алым-салық алып отырғандығыжайлы хабар береді. Кейбір деректерде Барақ сияқты сұлтандар Икан сияқты қалаларда тұрақты жай салғызып отырықшылана бастаған (Вельяминов-Зернов, 1853, 23-24бб.).

Келтіріліп отырған деректер,Оңтүстік Қазақстан жерінде Қазақ халқыныңертеден-ақөмір сүріп келе жатқандығын дәлелдейді. Ендеше қазақ халқының тұрақты мекен жайлар салуын XIXғ.екінші жартысынан емес XVғ., ал оның басталған жерін солтүстіктен емес оңтүстіктен іздегеніміз біршама дұрыс болар деп ойлайыз.

Жалпы алып қарағанда қыстақ, кенттер менқалаларда және қыстаулардағы тұрғын жайларда үй құрылыстарының салыну тәсілдері мен ерекшеліктерінің өзіне тән алуан түрлі болуының өзі-ақ қазақ халқының тұрақтыжай салудағасырлар бойы тәжірибесінің барлығын көрсетеді.

Тағам және ыдыс-аяқтар

Ұлттық тағам түрлері де материалдықмәдениеттің бір саласы. Өйткені ол халықтардыңтарихи даму жолында біте қайнап бірге дамыған ажырамас бөлімінің бірі.

Тағам түрлерінде, материалдық мәдениеттің басқа түрлеріне қарағанда, басқа халықтардан

қосылған өзгерістер өте сирек кездеседі. Сондықтан да ұлттық тағам түрінде сол ұлтқа тән дәстүрлер ғасырлар бойықалыптасып бірге өмір сүреді. Онда халықтардың ғасырлар бойы тарихи даму жолының мәдени іздері көрініп жатады.

Ұлттық тағам түрлері, олардың шаруашылығына байланыстыжасалады. XV–XVIII ғғ. қазақ халқының қоныстарына жүргізілген, қазба жұмыстардың барысында алынған сүйектерге қарағанда, тарихи тұрғындардыңтөрт түлікмалдың барлық түрін өсіргендігінкөрсек, оған байланысты тамақ үшін малдың еті мен сүті басты шикізат көзі болған.

Сонымен қатар арпа, бидай, тары сияқты дәнді дақылдардан да түрлі тамақ жасай білген.Зерттеулерге қарағанда қазақ халқында, әсіресе тары өсіру кең түрде орын алған (Семенюк, 1970, 234 б.).Оның кең түрде етек алуы тарының артық күтімдікерек етпеуімен қатар, жер талғамай-ақ өнімді жақсы беретіндігінде. Мәселен, Ақтас, Жалғызтам, Күлтөбе қоныстарындағытұрған үйлердің ішінде әдейі тары сақтайтын ұраларлық кездесуі толық дәлел болады. Қариялардың айтуынша тарыныңақсары,ақ бикеш деген түрлерінің жақсы өнім беретіндігін сөз етеді. Ұлы жүз қазақтарының тары айдайтындығын жәнеодан жасалатын тамақтың түрлері туралы Ш.Ш.Уәлихановта жазған. Сондықтан да қазақ халқының арасында тарыдан түрлі тамақ жасау кең түрде орын алған, әсіресе тарыдан жасалатын жент, қазақ халқының ең бір сүйкімді тағамы.

Шоқан Уәлихановтың көрсетуіне қарағанда, Ұлы жүз қазақтарында астық егу мәселесі XVIғ. Жаныс руынан шыққан Байғабылдан тараған дейді. Сонымен қатар астық оруды қажетті орақ және оны бастырудың тәсілдерін келтірген. Ал бау-бақша отырғызуды Ташкенттен келген шала қазақтардыңүйреткендігін, бұдан ұлы жүз қазақтарының қауын, дарбыз, бөдірен сияқты бақша жемістерімен таныс болғандығын хабарлайды (Валиханов, Т.III., 22–26 бб.).

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы бұл хабардан Ташкент қаласынан едәуір алыс жатқанұлы жүзжеріндегі қазақтардың XVIIғ. өзінде астық, бау-бақша өсірудің болғандығын аңғарсақ, ал Орта Азия жеріне жақын жатқан ОңтүстікҚазақстан жеріндегі қазақ қауымының арасында жер кәсібімен шұғылданудың өзі бұдан дәлел кездердеболғандығына ешбір дау болмайтын сияқты. Сондықтан да ел аузындағы «Оңтүстіктің қазағы етін нанмен көбейткен» деген мәтелдің де орынсыз айтылмағандығын көруге болады.

Егін кәсібімен қаншалықты таныс болғанмен, қазақ халқының жартылай көшпелі өміріне байланысты, тағамдарында сүттен, еттен жасалатын ауқаттардыңтүрлері басым болған. Оларға

біз тоқталып жатпаймыз.Себебі, бұл мәселе туралы Қазан төңкерісіне дейін қазақ жерінде болған орысғалымдарының еш қайсысы назардан тыс қалдырмаған. Екіншіден, бүгінгі этнограф ғалымдарымызда жеткілікті зерттеуде. Айта кететін бір жағдай қазақ халқының «қасиетті» ішімдігінің бірі қымыз туралы. «Қасиетті» дейтініміз, көктем айларында қымыздың алғаш рет жасалғанын ішуден бұрын, шығысқа қарап бүркіп бас иіп тағзым етуі (ПрошлоеКазахстана..., 107 б.). Ол табиғаттан мейір сұрағандық, жауын-шашын көп болса жерде от болады, от болса, қымыз мол болады деген ұғым. Оны қазақ халқының арасындағы, осы күндер де кездесіп қалатын мына бір көріністен байқауға болады. Көктемде күн алғаш күркірегенде кейбір кемпірлер қолдарындағы шөміш пен қасықты бір-біріне ұрғылап үй айнала жүгіріп, «көмір аз, сүт көп бол, көмір аз, сүт көп бол» деп бірнеше рет қайталайтын.

Қазақ халқының жылқы етін жеп, қымызын ішетіндігі жәйлі ағылшын елшісі Дженикинсонда хабарлайды (Прошлое Казахстана..., 125 б.). Қазба жұмысы жүргізілген қыстақ кенттерден жиналған сүйектердің ішінде түйенің, жылқы бас сүйектері, сиыр жіліншектерініңкөп кездесуіне қарағанда тұрғындардың қыс айларында соғым үшін ірі қара малдарын жаратқанын көруге болады. Соғым малды семіз, күйлі кезінде, күз айларында соятын. Бір жаңыра қыс, көктем айларына жететіндей етіп бір екі ірі мал, үш төрт ұсақ мал сойып ет дайындайтын.Еттің бұзылмауы үшін, оны сақтауда қазақ халқыныңөзіне тәнұлттық тәсілі болған. Ет сүрлейтін арнаулы бөлмелер жасалатын, мәселен Күлтөбе қаласының тұрғын жайлары екі-үш бөлмелі болып келедіде, оның бірі ет жаю үшін пайдаланылған. Өйткені олардың ортасында ет ыстау үшін жағылғын оттың орны байқалады.

Ал қыстаулардың ет жаю үшін шошала жасалады, не болмаса өз алдына жеке киіз үй тігіледі. Ауылды жерлерде етті сүрлеу әдеті осы күнгедейін өзінің мәнін жойған жоқ.

Осы жерде еске алатын бір жағдай, өзбек ханы Шайбани 1508 ж. Түркістан аймағында сарбаздарына тағам үшін қазақтардан сүрленген ет жинаған (МИКХ, 1969, 107 б.).Бұл хабардан, өзбек және қазақ халықтарының арасында, XVIғ.басында ұлттық тағамдарының өздеріне тән ерекшеліктерін көрсек, ал ол ерекшеліктердіңайтылып отырған мезгілден әлдеқайда бұрын басталғандығын (XIII–XIVғғ.) байқаймыз. Ет сүрлеудеқазақ әйелдерініңшеберлігі соншалықты, қаңтар айыныңбасында сойылған соғым етінің беделді мүшелерін (жамбас, бел омыртқа, қазы, қарта, жал-жая) қан жайлауға дейінсақтап, өздерініңбелгілі көңіл жетерлік силы

адамдарына қос сорпа жасап беретін. «Қос сорпа» деп сүр етпен жаңа сойылған малдың етінараластырып асылған еттің сорпасын айтады. Мұндай сорпалар өте дәмдіболады (1970 жылы Ұйғыр ауданының Сүмбе селосының тұрғындарынан жазып алынған, материалдар бойынша).Қазақта ондайсорпаларды «сарала сорпа» деп те атайды.

Бұдан ет сүрлеуде шеберліктікөрсек, екіншіден сый-құрмет,жолжобаларды байқаймыз. Еттен жасалатын әуес тағам ішінде шұжық пен шыж-мыж дәмді ауқаттардың бірі. Шұжықты соғым кезінде жасайды. Оны сойылған ірі малдың ашішегіне, бүйеніне еттің, майдың туралғандарынан тұздап алады да ұзындығы 40-50см етіп екі жағынтүйреп кептіріледі. Шұжық көбінесе көктем, жаз айларында ет тапшы кездерде пайдаланады. Өзбек ханы Абдулла, Ұлытаужеріне дейін шапқыншылықпен барған кезінде, оныңсарбаздары аш қалып, қазақтардан алынған шұжықтардықуырып жеп, оның дәмділігіне қайран қалысқан (МИКХ, 1969, 277б.).

Ал шыж-мыж жаңа сойылған ұсақ малдың қанына іш май қосып, оған тары араластырып бүйенге салады да аузын түйреп қазанға етпен біргеасылады. Ол еттен бір сағаттай бұрын пісетін болғандықтан, еттің алдында беріледі. Бұндай тамақ тіске жұмсақ әрі дәмді болғандықтан, шал-кемпірлергеқұрмет есебінде ұсынылады.

Сүйектердің ішінде аңның және балықтың сүйектері де кездеседі. Егер Сырдариябойындағы Жалғызтам, Ақтас қоныстарының тұрғын үйлерінен балықжәне қоянның сүйегі табылса,Қаратаудың солтүстігіндегі Күлтөбе қонысының тұрғындарының үйлеріненәқбөкен,арқар, қарақұйрық сүйектері өте көп кездеседі.Сырдария бойындағы балық, қоян сүйектерінің табылуы, мұнда кедейлердің, жатақтардың тұрғандығын көрсетеді деп ойлаймыз. Себебі ол кезде байлардың жанұясықоян етін жеуі мүмкін емес.Ал ақбөкен сүйегінің көп табылуы заңды да өйткені қыс айларындаБетпақтыңсуық боранынан паналап тау шатқалдарына келген аңдарды тұрғындар оңай-аққолға түсіретін болған. Жазба деректер бұл аймақта жаз айлардыңөзіндеаң аулап, қысқа ет дайындайтындығын, бұл жерде аң еттерінің өте көп болатындығынолардың қазан салатындығын хабарлайды(Прошлое Казахстана, 1935, 108 б.). Ал ол археологиялық зерттеулер дәлелденіп отыр. Мәселен, Күлтөбе орталық қорғанының 3-бөлмесінен табылған асық көмбесінен 80-ге жуық ақбөкен асығының шығуы.

Зерттелген қоныстардан етті асып жеуді білдіретін үлкенкерсендер табылса, дәнді дақылдардан да тамақ жасайтыныдыстар табылған. Екіншіден, қол диірмен тастарының табылуы және ұн тартатын су





диірмендерорнының кездесуі. Қарақұрын сайының ішіндегімұндай диірмендер бес жерден байқалады. Ең соңғысы Күлтөбе қаласыныңсолтүстік батыс жағында рабатта 200 метрдей жерде болған. Соңғы кездесовхоз бұзып оныңорны егістік жерге айналған. Бұған қарағанда Күлтөбе тұрғындарының тамақтарының құрамы, етсүтері дәнді дақылдардан жасалған. Оған қажетті ыдыс-аяқтарда сайжасалған.

Қазақ халқының ыдыс-аяқтарынегізінен тері, ағаш, балшықтан жасалған. Мұның соңғысы XIV–XVIII ғғ.кең түрде пайдаланылған. Тері, ағаштан жасалған ыдыстардың ішінде, қымыз құятын торсық пен сәнді ағаш қасықтар, тостағандар бүгінгі күнге дейін халқымыздыңтұрмысында әлі орын алып жүр. Дегенмен терімен ағаштан жасалған ыдыстар өскелең өмірге байланысты біртіндеп өше бастауының нәтижесінде тек, музейден ғана көруге болады.

Біздің жұмысымыз археологиялық зерттеулерге байланысты болғандықтан, қоныстарданалынған ыдыстардың басым көпшілігі қыштан жасалған, ал ағаш, тері ыдыстардың қалдығы жоқтың қасында. Тек Аяққамыр қонысынан бір дана тостағанның сынығы ғана табылған. Мұндай ыдыстардың табылмауы заңды да. Олар өз қасиеттерін тез жойғыш келеді. Тері, ағаштан жасалған ыдыстар туралы жеке зерттеуболмаса да этнографиялық зерттеулерде айтылып жүр. Ескеретін бір жағдай ағаш астаулар, топатайлар мен ожаулар теріден. Қарыннан жасалатын дүңгіршектер (қаймақ салады) пішіні, сонау сак, үйсін тайпаларының көзеден жасалғаныдыстарынан ешбір айырмашылығының жоқтығын байқауға болады. Ендеше бүгінгі қазақ халқының ыдыстарындағы көне дәуірдің элементтерінің сақталуы, олардың арасындағығасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүрдің бекер еместігін аңғартады.

Сондықтан да XV–XVIII ғғ. халқымыздың тұрмысында көзе ыдыстарының болғандығы таңданарлық емес. Әрине бұл кездегі қазақ халқы айтарлықтай көзе жасаумен айналысты деуден аулақпыз. Дегенмен,кейбір ағаш ыдыстарға ұқсас көзелердің қарапайым жасалуы мен оның сыртындағы үшкір затпен сызғылап жасалған қазақ руларының таңбаларына қарағанда, қазақ кедейлерінің арасынан шыққан шеберлердің көзешілікпеншұғылданғанын көрсетеді. Ал үстем тап өкілдері, сәнді жасалған қыш ыдыстарды Орта Азия жеріненОтырар, Түркістан қалаларынан алдырған. Мәселен, табылған ыдыстардың ішінде сапалы жасалғандары жазда, ал қарапайымсырланбай қолдан жасалғандары басым. Мұның соңғысы қазақ шеберлеріне тән деп ойлаймыз. Енді қыш ыдыстардың жасалуын қарастырып көрелік.

Қазба жұмысының нәтижесінде Жалғызтам, Күлтөбе, Раң, Ақтас мешіті Аяққамыр мекен жайларынан алынған көзелердің 85%-ға жуығы әшекейленбеген.

Олардың пішіндері екі құлақты саптыаяқтар, табақтар, тостағандар керсендер, үлкен күбі көзелер, тағам жасайтын қазандар және әртүрлі жасалған шырақтар.

Саптыаяқтардың(58кесте) ішіндебүтін және пішінін қалыпқа келтіруге жарайтын сынықшаларына қарағанда, әртүрлі жасалғандарын байқауға болады. Олардың диаметрі 13–20см, биіктігі (шұңғылдығы) 13см, түбі 7–9см. Жасалған балшығының иі жақсы жетілген, құрамына аздаған құмқосылған, өзініңбабында күйдірілген. Саптыаяқтар кернеуінентүбіне дейін3–4мм болса, бүйірі5–6мм, ал түбіне барып қосылған жері7мм.Кернеулері сыртқа қарай қайқыштау келеді. Құлағы кернеуден, бүйірінебарып қосылған. Саптыаяқтардың түбі дөңгелек жалпақ болыпорнықты жасалған. Бұл ыдыстардың көпшілігі көзе шеберханаларында жасалса бірде-екілі қолдан жасалғандары да кездеседі, олардың бүтіндері табылмағандықтан, түп жағының пішінін келтіру мүмкін емес.

Кейбір тұтқасы жоқ бүйірлі саптыаяқтардың мойны мен бүйірінің қосылған аралығындатолқын тәрізді сызықтар қатар жүргізілген, оныңортасынансұқ саусақпен батырылған тырнақшаның іздері қалған. Мұндай ыдыстардың кернеуі сыртына қарай әдемі етіліпбүгілген, ол 5мм шығыңқы. Ыдыстардың іші-сырты жылтыр, ақшыл лай қабатыменсыланған. Кейбіреулерінің іші бірыңғайкөгілдір сырмен сырланған, ал сырты лай қабаты жағылған күйінде қалдырылған. Ыдыстардың негізгі қызметі сұйық тамақ ішуге арналған. Жалғызтам, Күлтөбе, Раң, қоныстарынан алынған саптыаяқтарға ұқсас ыдыстар, Отырар қаласының үстіңгімәдени қабатына жататын XVI–XVII ғғ. ыдыстардан табады(Акишев и др., 1972). Алайда Отырардан табылған мұндай ыдыстардың ішінде бүтінболмағандықтан кейбір сипаттары онша ұқсамайды. Бұған қарағанда ыдыстарды жасауда әр жердің өздеріне тән ерекшеліктері бар екендігі байқалады.

Табылған кернеуісынықтары ішінде мойны тік биіктеу жасалған ыдыстарда кездеседі. Олардың көлеміне қарағанда тамақ сақтау үшін пайдаланған болу керек, диаметрі 18–20 см. Мұндай ыдыстардың ішінде Жалғызтам қаласынан алынған қос құлақты құман ерекше жасалған, оның 5см биіктеу келген мойнында торсық бейнесін беретін өрнек салынып, оныңастыңғы жағы айналдыра білеуленген. Мойыны мен бүйірге қосылатын жерде «1616» сияқты сандар

қоңыр сырмен жазылған (98 кесте) құман қоңыр-қызыллай қабатпен сыланған.

Қазандар қазба жұмысының барысында еңкөп табылғаныдыстардың бірі. Олардың жасалуы да,пішіні де алуан түрлі. Қазан жасаған лай өте жірік, оның құрамындағы ұнтақталған көзе мен өзенбойынан алынған құммен араластырылып, баппен шегіне жете күйдірілген. Қоңыр лай қабатымен сыланған. Қазандардыңкөлемдері әрқалай, кішілеу қазандардың кернеулерініңкеңдігі 16-25см дейін болса, ал үлкен қазандардың кернеуі 35–45см дейін(59кесте). Көпшіліккездесетін қазандардың кернеуінің кеңдігіорташа есеппен алғанда 18–30см.Қазандардың барлығында дерліктей отқа ұсталғандықтанкөрсететін, сырты жалын, күйе және тамақтыңкүйінділерісақталған.Қазандардыңкөпшілігі бүйірлі және кернеулері ішіне қарай иіле жасалған. Мойны тік қазандарда бар.Тұтқалары бүйірлерінде. Оларөте ұқыптылықпенөрт саусақ сиятындайетіліп шеберлікпен жасалған. Тұтқалардың берік болуы үшін оны айналдыра отырып саусақпен батыра жабыстырған іздерқалған. Кейбір қыш қазандар XX ғ. басында қазақ халқының пайдаланғаншойын қазандарынанешбір айырмашылығы жоқ. Оның өзі көзе шеберханасында жасалған. Мұндай қазан Отырар қаласының XV–XVIмәдени қабатынан табылса, ал Орталық ҚазақстандаЕлуқұдыққаласынан табылған (Маргулан, 1973, 35б.). Үлкен қазандардың ішінде кернеуіне саусақпенбатыра отырыпдөңгелек шұңқырша іздер қалдырылса, енді біреулерінде толқын тәрізді белгілер салынған.

Күлтөбе қазандарының сыртқы көрінісі мен құлақтарының жасалуы Баба-ата қаласынан алынған қазандарға өте ұқсас (Агеева, 198 б.). Сонымен қатар Ферғана аймағынан алынған қазандарға да ұқсастығыбайқалады (Ахраров, 1969, 146-151 бб.). Соңғы көрсетілген ұқсас қазандар X–XI; XI–XII ғғ. жатады, ал Күлтөбе қазандарыXVI–XVIII ғғ. жатады.

Бұлардың арасындағы уақыт алшақтығына қарамастан, ұқсастықтарын ескерсек, ас дайындайтын қазан сияқтыыдыстар өзінің көне пішіндерін ұзақ уақыттар бойы сақтайтындығын көреміз. Оған екінші бір дәлел Күлтөбе қазандарының кейбір пішіндерінің XX ғ. басындағы шойын қазандарға ұқсастығы.

Аяққамыр қазандарының бір ерекшелігі, кернеулері сыртына қарай бүгіліп, оның үстінде тырнақпен батыра ойықша және ирек сызықтар өрнектер салынған. Бұл суреттемеге қарағанда Аяққамыр тұрғындарының мұсылман дініне толық сенімдерінің бола қоймағандығын көрсетеді. Ол туралы жоғарыда жазылған.

Күбі-көзелер бізге кернеу сынықтарымен бірге бірлі жарымды бүтін табылғандарынан белгілі (99 кесте). Күлтөбе бекінісінен 33 бөлмеден тандырошақтың алдында ташнаудың үстінен табылған күбі көзелердің кернеуі тым берік жасалған.

Белгілі күбі көзелердің биіктіктері 50–70 см аузының кеңдігі 20–30 см, кернеулері 5 см білеуленіп жалпақша өте қалың жасалған. Күбінің мойны осы жалпақша келген кернеуге жалғасады да бірден бүйірленіп барып тік түбіне қарай түсіріледі. Кейбір шағын жасалған күбі көзелердің мойнынан бүйіріне қарай жасалған тұтқалары бар.

Жасалған балшық құрамы да әртүрлі, олардың ішінде қазанның лайы сияқты өте жірік жасалғандары бар болса, ұсақ құм қосып, жақсы иіне келтіре отырып баппен күйдірілгендері де бар. Кейбір күбі көзелердіңсыртына айқыш, ұйқыш сызықшалар салынған. Үлкен көзелерге астық сақталған, мәселен 41-бөлмедегі тұрған күбі көзенің түбі түсіп қалғандығына қарамастан оны еденге лаймен бекітіп ішіне тары салған.

Күбі көзелермен қатар оларға ұқсас кішкене құман(100 кесте, 2) тәріздес көзелерде кездеседі, олардың аузының кеңдігі6–12см биіктіктері15–35см. Аяққамыр күбі көзелеріЖалғызтам, Күлтөбе, Раң күбі көзелеріне қарағанда кернеулері сыртына қарайбүгіліп, оның үстіне тырнақпенбатырған іздер салынған. Ол іздердің өрнектік әшекей қызметіне қарағанда, кернеудің мықты болуын ойластырған деп ойлау дұрыс сияқты.

Керсендер (101кесте) мекен жайлардан табылған ыдыстардың ішінде, қазандардан кейінгі көп табылғандардың бірі. Олардың ішінде бүтін және жартылай бүтіндері де бар. Ауыздарының кеңдігі 32–50см барады, шұңқырлығы 15см. Керсендердіңбарлығы дерліктей қызғылт түсті лай қабатымен сыланған. Жасалған лайының иі шегіне жете иленіп, баппен күйдірілген, қызғылт түс. Керсендер де әртүрлі жасалған.

Олардың пішіндері трапеция типтес, яғни бүйірі түбіне қарай жалғасқанда тарыла түседі. Кернеулері сыртына қарай 2–3см қайтарылып бүгілген. Ал кейбір керсендердің бүйір қабырғалары түбіне тік түсіп жалғасады, үшінші бір керсендердің кернеуі сыртына доға тәрізді бүгіледі де, мойын пайда болып, ол иықшаға қосылады да бүйірленіп барып түбіне жалғасады. Мұндай керсендердің мойны мен иықшасының қосылған жерінде екі қатар толқын тәрізді сызықшалар жүргізілген. Кейбір керсендердіңсыртына қайырылған кернеуінің қырында тырнақшаның ізі батырылса, кернеудің





үстінен қатар жүргізілген сызықшаның арасына толқын тәрізді, кейде үш бұрышты сызықшалар жүргізген. Бүйір қабырғаларында да толқын тәрізді сызықшалар салынған.

Күлтөбе қаласынан керсендердің көп табылуына қарағанда, тұрғындардың айран, сүт, іркіт, сорпа, қымыз, ашымал көжесияқты сұйық тамақтарды көп пайдаланғандығын көрсетеміз деген ой туғызады.

Мұндай ыдыстар Отырар қаласының XVI–XVIII ғғ. мәдени қабатынан, Орта Азия жерлерінен көптеп кездеседі (Вактурская, 1959, 334–337 бб.). Ал керсендерге жүргізілген ирек сызықтар қазақ халқының киімдерінің омырауында, жағасында, тақия жиегінде «су» өрнектердің ішінде, сақина білезіктерде, теріден жасалған көнектердің мойнында, табақтардың кенереулерінде көп кездеседі (Қасиманов, 1962, 32 б.). Әшекейленген ыдыстардың ішінде қарапайым қолдан жасаған тостағандар, шөміштер, шырақтар, түбектер, табалар, қақпақтар (102 кесте) тастан жасалған қақпақтарда көптеп кездеседі. Бұл аталған бұйымдардың ішінде аса көңіл бөлетін ыдыстар. Себебі бұлардың пішіндерін XIX ғ. аяғында–XX ғ. басында өмір сүрген қазақ халқының тұтыну бұйымдары мен бірдей екендігі байқалады. Мәселен ағаштан жасалған аяққамыр тостағанмен көзеден жасалған тостақтың, ағаш шөмішпен (Қазақ халқының сәндік..., 1970) қыштан жасалған шөміштің, қыштан жасалған төрт шүмекті шырақтардың арасында қысқартып жатты бір демесе ешбір айырмашылық жоқ. Сол сияқты бүгінге дейін сәбилерге қажетті қолданылып жүрген сүйектен жасалған шүмек пен қыштан жасалған түбектер де Күлтөбе, Раң тұрғындарының өмір тіршіліктерінің XIX–XX ғғ. қазақ халқының өмір тіршілігіне ұқсас екендігін дәлелдейтін сияқты. Табылған шырақтардың пішіндері әртүрлі, олардың ішінде жәй ғана қолдан жасалған өте кішкене кездеседі, тым кішілігінешырақтың қызметінен де сиясауыттың қызметін атқарады ма деген ойға қалдырады.

Олар әрбір үйден кездеседі. Дегенмен қандай қызмет атқарғандығын әзірше кесіп айту қиын. Жалғызтам қыстағынан алынған шырақтар сырмен сырланған. Жасалуына қарағанда Күлтөбе қонысының кейбір шырақтарына ұқсас.

Әшекейленген ыдыстар. Тұрақты мекен жайлардан алынған ыдыстардың ішінде 15%-ға жуығы жылтыр әйнек түсті сырмен әшекейленген. Олардың ішінде көпшілігі кесе, табақ, керсен және шынылар. Ал Аяққамыр қонысында сырлы ыдыстар кездеспейді.

Сырлы табақтардың өзін екі түрге бөліп қарауға болады. Олардың біріншісі тым жәйпақ шұңғылдығы 4 см болса (103 кесте), екінші түрі шұңғыл болып

келеді (6 см) (104 кесте) кернеулерінің кеңдігі 28–32 см. Ал түрлері дөңгелек жалпақ болады. Ыдыстың сырты алдымен ақшыл лай қабатымен сыланып екі не болмаса үштүрлі әйнек түстес жылтыр күлгін, көк, қоңыр, қара сырмен әшекейленген. Көпшілік жағдайда күлгін түсті көп пайдаланған. Салынған үлгі өрнектер алуан түрлі. Негізінен табақшалардың ішкі жағын сәндеуге көңіл көбірек бөлінген. Өрнек жүргізу үшін қалайда болмасын ыдысты үш бөлікке бөліп сызып алу байқалады. Бөлген сызықшалар екі қатар әр түспен жүргізіледі де олардың ортасынан қажетті кереге көзді сызықшалар не болмаса ирек өрнектер салады. Көбінесе ирек өрнегі көп қайталанатын. Ақтас мешітінің сырлы ыдыстарының (83 кесте) Күлтөбе, Жалғызтам, Раң ыдыстарына қарағанда өзіне тән ерекшелігі, олардың ақ, көкшіл, қоңыр, сары түстермен бірыңғай сырланатындығында. Екіншіден, ыдыс онша шимайланып сырланбайды. Сырланғаны болса ашылған гүл тәріздес, не болмаса көкшіл, сары түспен қайталап ыдыс ішіне сызықшалар жүргізіледі. Кейбір табақтардың кернеуіне жиекше сызықшалар жүргізіледі. Табақшалардың ішінде сырланбағандары да өте көп кездеседі. Олардың кейбіреулерінде ғана қоңыр түспен иректен не болмаса бірін-бірі қиып жатқан сызықшалар жасалған. Мұндай табақшалардың ернеуі сыртына қарай бүгілген. Бұл ыдыстардың жасалған балшығы сапалы, себебі жер астында сонша жатқандығына қарамастан, ұрып байқағанда әдемі дауыс шығарады. Мұның өзі ыдыстың балшығының сапалы жасалғандығын көрсетеді.

Табақтардың ұқсастықтарын Отырар (Акишев и др., 121 б.), Созақ (Ерзакович, 1966, 81 б.), Орта Азия қалаларынан (Вактурская, 1959, 334–337 бб.) көптеп кездестіреміз. Алайда пішіндері ұқсас болғанмен, әшекейленген үлгі-өрнектерінің өздеріне тән ерекшеліктері бар.

Кесе тәріздес ыдыстар, табақтарға қарағанда шұңғыл (8 см) аузының кеңдігі 18–30 см кернеулері тік келеді де сыртына сәл қайқыштау болады. Кесенің түбі дөңгелек ортасы ойық, диаметрі 10 см. Жасалған затының құрамы басқа лайдан жасалған ыдыстарға қарағанда да сапалы дайындалған. Егер басқа ыдыстарды сындырып көргенде олар қызғылт түсті екендігін көрсек, бұлар аппақ түсті құм сияқты үгітіліп басқа іші сырты түгелдей бір ғана түспен сырланып алады да, оның үстінен өрнектер салынады. Бұлардың өрнектері көбінесе сыртынан ыдыстың екінші жартысына шейін ғана жасалады. Ал ішкі жағының кернеуі қара қоңыр түспен айландыра екі қатар сызықша жүргізілген. Түбінде таңбалар кездеседі. Таңбалар кейбір жағдайларда, егер

ішіне салынбай қалса, ыдыстың сыртқы жағындағы түбінен үшкір затпен батырыла сызылады. Кеселердің суреттеріне қарасақ әшекейленуінің әр түрлі екендігін байқауға болады. Көбінесе қызғылт күлгін түспен шаппа жиектер немесе ирек сызықтар қайталанатын. Кеселердің пішіні XIX ғғ. қазақ халқының ағаштан жасаған тостағандарына (Қазақ халқының сәндік..., 1970) өте ұқсас келеді.

Жалғызтам, Күлтөбе, Раң қоныстарынан алынған ыдыстардың ішінде сырлы шынылары бар.

Олардың көлемі кеселерге қарағанда кішілеу, диаметрі 16 см, шұңғылдығы 6 см. Бізге белгілі, шынының толық пішінін беретін бір дана-сы 7–бөлмеден еден үстінен табылған. Кеселердің жасаған лайына қарағанда, шыны жәй қарапайым лайдан жасалған, құрамында құм байқалмайды. Шынының сырты екінші жартысына дейін шаппа жиекпен қайталанса, ал іші көк түспен және жүргізілген, кернеуінде төрт қатар күлгін, көк түспен сызықшалар жүргізілген, түбінде сыртындағы шаппа жиек қайталанатын, ал толқын арасы сызықшалармен толтырылса іші күлгін түспен қайталанатын.

Сырлы керсендер. Жоғарыда Жалғызтам, Күлтөбе, Раң қоныстарының тұрғын үйлерінен сырланбаған керсендердің өте көп кездескені жәйлі келтірілген еді. Сол керсендерге пішіні ұқсас, сырлы керсендерде табылған. Олардың ішінде Күлтөбе қаласынан 1-ші бөлменің төрінен табылған бүтін бір дана сыртталық қорғанда 17-ші бөлмеден табылған екінші данасының (104 кесте) және Жалғызтам қыстағынан алынған керсендердің суреттемесін келтіреміз. Бірінші бөлмеден табылған сырлы керсен дерліктей бүтін, диаметрі 51 см, шұңқырлығы 17 см, түбі 37 см жалпақ. Жасалған лайы ақ топырақ, құрамында құм байқалмайды. Балшықтың иі шегіне жете жақсы пісіріліп, баппен бір қалыпта күйдірілген. Өрнектеу үшін алдымен ақшыл лай қабатпен сыланған, оның үстінен ақ әйнек сырмен сырланып, одан соң көкшіл және қызыл-қоңыр сырмен әшекейлер жүргізілген, ал сырты түбіне дейін ешбір өрнексіз тек ақшыл сырмен ғана сырланса, ал ішкі жағы алты бөліккесі сызқтармен бөлініп, оның ортасы ирек өрнектермен әшекейленген. Жалғызтам қонысынан алынған керсендердің пішіні ұқсас болғанмен әшекейленуі ұқсамайды. Егер Күлтөбе керсенінің кернеуі үтір тәрізді болып, одан соң ирек сызқты өрнек жүргізілсе, ал Жалғызтам керсенінің кернеуі кереге көзді өрнектелгенде, сыртына қошқар мүйізді сызықшалар жүргізілген. Сырдың түсі екеуінде де бірдей. Ал керсендер көзе шеберхана-сында жасалған, кернеуі сыртына қарай қайқыштау етіліп бүгіліп арасында қуыс қалдырылған. Керсенді

ақ түспен сырлаған, онша таза емес былғаныштау, сондықтан ыдыстың реңі ақ қоңыр түсті көрінеді. Ал Күлтөбе қонысының орталық қорғанынан (цитадель) алынған жартылай сынығы табылған сырлы керсен түгелдей жасыл түспен сырланған, оның үстінен қошқар мүйізді дөңгелек сызықшалар бірін-бірі басып қайталанатын берген. Әшекейленуінің өзі де ұқыпсыз қалай болса солай жүргізілген. Керсендер асқанет салатын, сорпа құятын қызмет атқарған.

Сырлы керсендерге ұқсас ыдыстар Отырар және Сырдария бойындағы қалалардың XVI–XVIII ғғ. мәдени қабатынан көптеп кездеседі (Акишев и др.), ал керісінше Хорезм аймағындағы қалалардан алынған мұндай ыдыстардың өздеріне тән жергілікті жасалу ерекшеліктері бар сияқты (Вактурская, 1959).

Бұл ыдыстардың пішіндерін XIX ғасырдағы қазақ халқының ағаштан жасалған шараларынан көруге болады (Алматы орталық музейінің көрмесінде сақтаулы тұрған ыдыстар).

Күлтөбе қаласындағы бөлмедентандыр ошақтың ішінде жатқан бір дана сырлы құмған табылған. Ол қолдан жасалған, орнықты болу үшін ернеуінен түп жағына қарай біртіндеп қалыңдау жасалған, аузының кеңдігі 6 см, биіктігі 18 см, түбі 7 см құман бүйірлі. Құмған үштүрлі түспен сырланған, алдымен ақ түскесі сырланып одан соң оның үстінен көгілдір және қызғылт-күлгін түспен түзу сызықшалар мен ирек сызықшалар жүргізілген. Оның су ағатын шүмегі жоқ, орнына кернеуі су ағатындай ыңғайлы жасалған. Металдан жасалған мұндай құмандар XIX ғ. қазақ халқының тұрмысында көп пайдаланылған.

Қоныстардан алынған үлкенді-кішілі ыдыстардың жиынтығына қарағанда, олардың жасалу тәсілінің әшекейлеу түрлерінің әртүрлі болғандығын аңғаруға болады. Егер үлкен күбі көзелер жеке бөліктерден дайындалып көзе шеберханасында құрастырылса, ал шағын ыдыстар бірден көзе жасайтын дөңгелек қалыпта ыдыстың пішініне келтірілген болған.

Сонымен қатар кейбір ыдыстардың түбі жеке жасалынса, ал кейбіреулері бірден ыдыстың өз ішімен бірге жасалатын болған. Оны ыдыс түбінің сыртына сәл шығыңқы келуінен байқауға болады. Мұндай ыдыстар онша көп емес. Көбінесе ыдыстардың түбі мен орталық бөлігі жеке жасаланып одан соң олар қолмен біріне-бірі білдірмей жабыстырылып сыланады. Мұны маман емес адамдар бірден аңғарады. Күлтөбе, Раң ыдыстарының ішінде тамақ жасайтын кейбір қазандар, сапты аяқтар, тостағандар, табақшалар, шөміштер, шырақтардың барлығы қолдан жасалған. Олардың жасалған балшығы тым жірік, жақсы иленбеген, құрамында ірі құм бар. Мұндай тұтыну заттар өзінің пішінін Орта Азия





қалаларынан кездестірмейді. Керісінше, XIX ғ. қазақ халқының тұтыну заттарынан табатын сияқты. Бұл Күлтөбе, Раң тұрғындарының өзіне тән бір ерекшелігі. Екінші біркөңіл аударатын жағдай, ыдыстардың әшекейленуі. Қолда бар материалдарға қарағанда, ыдыстардың әшекейленуі әртүрлі. Егер жайпақ табақтардың ішкі жағы әшекейленсе, шұңғылтабақтар менкеселердің сырты, ал үлкен керсендердің іші әшекейленген. Ыдыстарға жасалған ою-өрнектер негізінен үш түрлі түспен берілген, онша таза емес ақ түс, өрнек салудан бұрын көбінесе осы түспен ыдыстың іші-сырты дерліктей сырланады да, одан кейін барып оның үстінен күлгін, қара-қоңыр не көкшіл түстермен өрнек жүргізіледі.

Ал салынатын өрнектер алуан түрлі болған. Қысқасы әрбір ыдыстың сыртында салынған өрнектерді жеткізе жазу мүмкін емес. Өрнектерді жалпы алып қарағанда, өсімдік тектес өрнектерге қарағанда материалдық сызықтар, мүйіз тектес өрнектер, әртүрлі ирек сызықты үлгілер өте көп кездеседі. Бұлардың ішінде XVI–XVIII ғғ. көбірек пайдаланылған «ирек» сызықты өрнектер. Халық арасындағы шеберлердің айтуына қарағанда бұл өрнек өмір жолды бейнелейтін көрінеді (Қасиманов, 1969, 32 б.).

«Сондықтан дахалық аузында,

Бір қисық жол дүние бұраңдаған

Басқа дәулет бақ тайса құралмаған», – деген өлең шумағы бекер айтылмайтындығын байқауға болады.

Ендеше әшекейленген ыдыстардың ішінде ирек сызықты өрнек салынбаған ыдыстар жоқтың қасында, керек болса сырланбаған керсендердің кернеуіне, бүйірлеріне, саптыаяқтардың бүйірлеріне де салынғандығына қарағанда белгілі бір ойдың болғандығын көрсетеді. Зерттеушілердің пікірі бойынша XVIII ғ. жаңа пайда болған өрнектердің бірінұрын шаша бастаған күн сәулесі атты үлгіні келтіреді (Ерзакович, 1966, 81 б.). Біздің зерттеу жұмысын жүргізген қонысымыздан әзірше мұндай өрнектікөрсететін ыдыстардың сынықшасы Ақтас мешітінен, Күлтөбе қаласынан ғана табылды. Оның өзіүстіңгі мәдени қабатына жатады. Бұған қарағанда, Жалғызтам қыстағын XV–XVII ғғ. Күлтөбе қаласында XVI–XVIII ғғ. Ақтас мешітінде XVII–XIX ғғ. өмір сүргендігін жорамалдауға болады. Раң қаласынан табылған екі тал күміс, бір тал қоладан жасалған теңгелер, бұл жорамалдарды шындығында растайды, өйткені үстіңгі мәдени қабаттан табылған екі тал күміс теңге (Теңгелерді анықтаған нумизматик Р.З. Бурнашева) Раңда XVIII ғ. екінші жартысында өмір

сүру мезгілін көрсетеді. Раңнан алынған материалдар, Күлтөбе, Жалғызтам материалдарымен ұқсас. Алолардың материалдары XVI–XVIII ғғ. теңгелерімен анықталған. Созақ (Ерзакович, 1966, 81 б.), Отырар (Акишев и др.) қалаларының материалдарымен ұқсас. Бұған қарағанда, Оңтүстік Қазақстандағы қыстақтар мен кенттердің экономикалық жағының бір-бірімен байланысты болғандығын көрсек, екіншіден оларда XVI–XVIII ғғ. өмір өзегінің болғандығына ешбір дау жоқ. Оны жазса деректерден де көруге болады.

Ескеретін бір жағдай, Жалғызтам, Күлтөбе, Раң қоныстарынан алынған кейбір ыдыстардың түбінде, бүйірінде таңбалардың кездесуі. Күлтөбе қаласындағы таңбалардан бізге қыпшақтың қос әліп «//» керейдің ашамай», адайдың оқ таңбалары «↑» белгілі. Ал Жалғызтам қонысынан қаңлының көсеу. «», шымырдың «», ай не болмаса айтұмар (Востров, Муканов, 1969, 46–89 бб.) таңбалары белгілі. Әсіресе керейлердің ашамай таңбалары, Созақ, Отырар, Жамбыл қалаларының соңғы кездегі мәдени қабаттарынан кездесіп жүр. Күлтөбе, Раң қаласындағы кейбір сырланбаған ыдыстардың сыртқы түбінде өткір заттың ұшымен сызып салған керей таңбалары көп кездеседі. Оның өзі ыдысқа әдейі салынған таңбалар екендігіне ешбір дау жоқ. Ал Орта Азия қалаларындағы зерттеу жұмыстарға қарағанда мұндай таңбалар осы уақытқа дейін кездеспей жүр. Бұған қарағанда Сырдария, Қаратау бойындағы қалаларда көзе жасау шеберханаларының болғандығын, онда қазақ хандарының я болмаса, би-сұлтандардың үстемдігі жүрді ме деген ой тудырады.

Өйткені, XVI ғ. екінші жартысынан бастап ол қалаларда қазақ хандарының билігі жүре бастағаны белгілі болса (Тынышпаев, 1925, 28 б.), ал одан кейінгі ғасырларда, қазақ хандары мен би сұлтандары онда үш-төрт ай бойы тұрып, тұрғындардан алым-салық алған (Маргулан, 1951, 114–115 бб.).

Сондықтан да ыдыс түбіндегі таңбалар, сол қалаларда билігі жүрген қазақ үстем таптарының әсерінен болуы мүмкін. Әрине бұл мәселе әлі де болса өзінің зерттелуін қажет етеді. Ол үшін Сырдария бойындағы, Қаратаудың оңтүстігімен солтүстігіндегі қалалардың соңғы дәуірлерге жататын мәдени қабаттарына жеткілікті қазба жұмыстарының жүргізілуі нәтижесінде ғана алынған материалдар, толық болмаса да біршама дұрыс жауап берер деп ойлаймыз.

Қару-жарақ және құрал-саймандар

Қазақ жерінде жартылай көшпелі мал шаруашылығының XV–XVIII ғғ. басымдықта болуы

қолөнер кәсібінің дамуына, оның жеке кәсіп болып бөлініп бір жерге шоғырлануына мүмкіндік бермеді. Өзіндік шаруашылықтың басым болуы, әркімнің өз мұқтажын өзі қанағаттандыру нәтижесінде, қару-жарақтың, құрал-саймандардың өсіп дамуына жағдай тумады. Ал дамыған қару-жарақтың болмауы, қазақ хандарында тұрақты армияның болмауына әкеп соқты.

Дегенмен әрбір қазаққа өз жанұясын, мал-мүлкін, керек болған жағдайда туған-туысын, қала берсе туыстас руын қорғауға міндет болып табылды. Ол үшін әрбір қазақ жігіті тек, мал бағып, жер жыртумен айналысып қоймай, ел басына күн туса өзінің қару-жарағымен оны қорғауға дайын болды. Сондықтан да олардың қарулары, ылғида өз жандарынан тастамай асынып жүруге ыңғайлы жасалған.

Қазақ жігіттерінің әрқайсысында жабдықталған жақсы аттарының болуы шартты еді. Үйткені ат қиын жағдайда да жау қолына түспей құтылып кетуге себеп болатын қанаты. Ел аузында «жақсы ат ер-жігіттің қанаты» деген мәтел содан қалған. Ондай атқа сай ер-тұрманның жүген-құйысқанын, сәндеп абзалдап жасауды қазақ шеберлерінің өзінің абыройлы да ардақты іс деп санаған. Орталық музейде және ҚР Ғылым академиясының, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих институтының археология музейіндегі, күмістеп жасаған XIX ғ. жататын қазақ шеберлерінің қолынан шыққан ер-тұрмандары аса бір құнды туындылар екендігін көрсетеді. Этнограф Х. Арғынбаев ат-тұрманды өнер туындысы ретінде қарағанында халық өміріне байланысты туған өндіріс құралы есебінде қарастырудың жөн екендігін көрсетеді (Арғынбаев, 1969, 172–202 бб.). Бұл шындығында әділ пікір, себебі ол тек сәндік үшін жасалмай өмірге қажетті болғандықтан жасалатын еді. Ендеше оның бірінші міндеті – құралдық жағы.

Қару-жарақтың негізі түрлеріне садақ, найза, семсер, қылыш, қанжар, сойыл, мылтық, айбалталар жатады. Қазба жұмысы жүргізілген қоныстардан біз қарастырып отырған дәуірге байланысты жоғарыда аталған қарулар әлі табыла қойған жоқ. Бірақ жеріміздегі бұдан бұрынғы дәуірлерге жататын обалар мен қоныстардан табылып жүрген қару-жарақтардың пішіні, жасалуы, аты-жөні жасалған заттарына дейін XV–XVIII ғғ. өмір сүрген қазақ халқының қаруларына ұқсастығын көреміз. Мәселен, Нұра өзенінің бойынан қазылған XIV ғ. жататын сарбаздың жанындағы қарулар (семсер, найза ұшы) және тері заттар олардағы қошқар мүйізді өрнектер (Кадырбаев, Бурнашева, 1970). Сол сияқты Ертіс бойындағы обалардан табылған қарулар мен әшекей заттардың

(Арсланова, 1968, 100–101 бб.) жалпы көрінісінің өзі-ақ қазақ халқының өмір тіршілігіне ұқсас. Ендеше обаларға жерленген сарбаздар қазақ халқының құрамындағы қыпшақ руының әулиетінен шыққан адамдар екендігіне ешбір дау жоқ.

Қазақ жерінде XV–XVIII ғғ. кеңінен пайдаланылған басты қарудың бірі садақ болды. Қазақтар садақтың қарапайым және күрделі түрін жасай білді. Егер қарапайым садақты әркім өзі жасай білсе, күрделі түрін белгілі шеберлер жасайтын болған.

Садақтың қарапайым түрі талдан серпінді болу үшін ортасын жуандау етіп, қайыспен исе, ал күрделі түрі қайың сияқты мықты ағаштардан жасалады. Оның сырты терімен қапталса, ал кейбір садақтарды қайыңның қабығымен қаптайтын болған. Мұндай садақтарды тарамыспен иеді. Қазақ шеберлерінің қолынан шыққан садақтың күрделі түрімен жібесі Орта Азия қалаларындағы базарларда және Сығанақ қаласында қымбат бағамен сатылатын (Ибрагимов, 1960, 157 б.).

Садақ жауынгердің әрқашанда оң жағында, ал қорамсақ сол жағында асылатын. Ол оны дер кезінде алып атуға ыңғайлы еді.

Ш.Ш. Уәлихановтың суреттемесі бойынша, қазақ шеберлері жебенің үш түрін жасай білген. Аң аулау үшін екі қырлы, ұшы сүйірлеу келген жебені пайдаланса, ал соғыс әрекеті үшін сауыт бұзар, қозы жауырын сияқты ұштарды пайдалаған (Валиханов, Т.1., 1961, 166 б.). Олардың ұштары сүйір болғанмен онша ұзын болмаған. Сауыт бұзар ромбы тәріздес болса, қозы жауырының артқы жағы жауырын сияқты жалпақтау болған. Археологиялық зерттеулерге зер салсақ садақ жебелерінің ұзақ ғасырлар бойы онша өзгеріске ұшырамағандығын көреміз (Акишев, Кушаев, 1963, 113–121 бб.).

Жебенің сауыт бұзар деп аталуының өзінен, жауынгерлер киетін сауыт болғандығын байқаймыз. Оған батырлар жырындағы сауыттардың суреттемелері де дәлел болған сияқты. Мәселен, Төлеген Сансызбайға:

«Ат-тұрман сауыт жарағың,

Алып қойдым бәрінде...

Тоғыз қабат көксауыт,

Саған арнап соқтырып,

Будырып кеттім кілемге», – дейді (Батырлар жыры, 1963, 617 б.).

Ал Ертістік ертегісінде Кенжекей, Төстік үшін Ақсырмалы сауытты қалап алады (Қазақ ертегілері, 1957, 8–9 бб.).

Бұдан қазақ қауымының арасында қару-жарақ, сауыт-сайман жасайтын ұсталардың болғандығы





көрінеді. Оған екінші бір дәлел—Рузбихан Қазақ хандығының ұрыс кезінде 400 мың сауыт киген сарбазды бірден шығара алатынын хабарлайды (Ибрагимов, 1960, 157 б.). Әрине бұл асыра айту, бірақ ұрыс кезінде қазақ сарбаздарының сауыт кигендігіне анық айғақ болғандай. Ал Иовий татарлар (қазақтар—Ж.С.) өздерінің адамдарын сан жетпейтін садақпен қаруландырған сарбаздармен қорғайтындығын жазады (Прошлое Казахстана, 1935, 122 б.). Хабардың асыра айтылғанын ескермегеннің өзінде қазақ сарбаздарының көбінесе садақпен қаруланғанын байқауға болады.

Оған тағы бір дәлел Сығанақ қаласының аймағында Бұрындық хан мен Шайбан ханның арасында болған бір ұрыс кезінде, қазақ ханы жеңіліске ұшырап, қашып бара жатқан кезінде, артынан оны ұстап алмақ болып қуалап келе жатқан Хорезмбекті садақпен атып өлтіреді (Ибрагимов, 1959, 204-208 бб.). Мұның өзі садақ пен атуды әбден меңгерген адам болмаса, қашып бара жатып артындағы адамға тигізу дегеннің өзі әркімнің қолынан келе беретін іс емес. Ендеше бұл кездегі қазақ сарбаздарының садақ тартуда шебер болғандығын көрсететін сияқты.

Қазаққауымының арасында XV—XVIII ғғ. пышақ, қанжар, семсер, қылыш сияқты қарулар да кең түрде пайдаланған. Ал мұндай қарулардың жасалуы туралы Ш.Уәлиханов тамаша суреттемелер келтірген (Валиханов, 1961, 464-465 бб.).

Археологиялық зерттеулерге қарасақ пышақ тектес қарулардың ішінде ең ертедегі түрі қола дәуірінен бері қарай белгілі болып келе жатқан қоладан жасалған пышақ пен кездік. Ал одан кейінгі дәуірлерде (VII—IV ғғ.) қанжар мен семсер пайда болды. Мәселен семсер туралы батырлар жырындағы:

«Беліне семсер іледі,

Ақ сауытын киеді.

Қынабының сабы алтын,

Ұстар жері сары алтын», — дегеншумақтың, Есік қаласының түбіндегі сақ қорғанынан табылған семсердің сабының ұстара жерінің алтындалуы, қынабының алтынмен әшекейленуі келтіріліп отырған үзіндімізден ешбір айнымайтындығын көреміз. Ондай қарулар XIV—XV ғғ. жерленген жауынгерлердің молаларынан табылған (Максимова, 1965, 85—91 бб.). Өлген адамдардың қару-жарағын бірге қою әдетінің қазақ халқын да да болған. Мәселен, Әбілхайыр ханның қылышымен садақ жебелермен бірге жерленуі (Рычков, 1771, 44 б.).

Бұл деректер, бірнеше мыңдаған жылдарға созылғандығына қарамастан, жерлеу әдет-ғұрыптардың бірқалыпты сақталғандығын көрсетсе

екіншіден, пышақ тәріздес қанжар, семсер, қылыш сияқты қарулардың біртіндеп дамығандығын байқауға болады. Жазба деректерге қарағанда қарулардың кейбір түрлерін шетелдерден алған. Мәселен Алматының Орталық музейінде сақтаулы тұрған наркескен, басқа киетін дулыға сияқты қаруларды парсы елінен алған (Прошлое Казахстана, 1935, 122 б.).

Қазақ жауынгерлерінің арасында көбінше пайдаланған қарудың үшінші бір тобы найза, айбалта, қол шоқпар, сынық (құрық). Бұларда ертеден пайдаланып келе жатқан қарулардың бір түрі. Олар туралы батырлар жырынан, ертекеңімелерден тамаша теңеулерді оқуға болады. Найзаның екі түрі болған, аң аулауға қысқалауын (150 см) пайдаланса, ал соғысқа ұзынын (190 см) пайдаланған (Ұйғыр ауданы Үлкен дихан селосында Семей қариядан жазып алынған, өзі өрімші).

Құрық, қамшыменде соғысқа шығатын кездер болған. Мәселен, қару есебінде қолданылатын қамшылардың бұзау тіс деп атайды, олардың ортасына мыс салып, өрімнің біткен жерін өзекшеден артылған мыс сыммен тұмшалайды. Мұндай қамшымен ұра білетін адамдар қарсыласып бір ұрғанда құлататын көрінеді (Қазақ ертегілері, 1957).

Қазақ ертегілерінде Алдар мен Шайтанның жер үйдің ішінде және далада да төбелескенде, Алдар қамшымен Шайтанға қарсы өте шебер қолдана білген (Валиханов, Т. 1., 465 б.). Осы бір шағын үзіндінің өзінен көп нәрсені аңғаруға болатын сияқты. Біріншіден, қамшымен құрықты өз тіршілігінде пайдаланып жүрген адамдар оның қандай жерде өзіне құрал есебінде қажетіне жарайтындығын алдын-ала аңғара білсе екіншіден, қазақ халқының тұрақты жайларының бірі, жер үйлер туралы хабар береді.

Қазақ қауымының біз зерттеп отырған кезінде дәрімен атылатын мылтықта болған. Алайда оның қазақ арасында қай мезгілде пайда болғандығын дәл айту мүмкін емес. Орыс елшілерінің хабарына қарағанда қазақтар XVIII ғ. (Дополнение к актам историческим, 1867, 389 б.) өзінде оқ-дәрі жасай білген. Ұлы ғалымымыз Ш.Ш.Уәлихановта қазақтардың мылтық дәрілерін өздері жасай білгендерін жазады (Валиханов, Т. 3., 1961, 21-22 бб.). Батырлар жырында да мылтықтар туралы суреттемелер кездеседі (Батырлар жыры, 1963, 475 б.). Бұл деректерге қарағанда қазақтар арасында мылтық XVI ғ. екінші жартысында пайда болған.

Ал 1916 ж. А.Имановтың басқаруымен болған ұлт-азаттық көтеріліс кезінде, қазақ шеберлері мылтықты өздері жасаған. Мұның өзі қазақ халқының арасынан шеберлердің ертеден-ақ он-

дай істермен таныс екендігін, олардың тәжірибесі болғандығын көрсетеді. Қазақ жеріндегі тарихи кен орындарын зерттей келіп, академик Ә.Х. Марғұлан қазақ шеберлерінің темір, күкірт өндіруді ертеден білетіндігін, тіпті шет елдерге темір сатқандықтарын да дәлелдеп отыр (Марғұлан, 1972, 7 б.). Бұдан тиісті құра-сайман, қару-жарақ жасауда қазақ шеберлері қажетті металды да өз жерінде өндіре білгендігін көреміз.

Қазақхалқына қажетті құрал жабдықтарды XV—XVIII ғғ. қолынан азда болса, іс келетін шеберлер жасады. Алайда бұл кездегі шеберлер жұмысты өте ауыр жағдайларда істеген. Себебі шеберлерге хандық өкімет жағынан ешбір қамқорлық болмаған. Сондықтан да шеберлер жаз айларында лапас астында, қыс айларында үйлерінің бір бұрышында жұмыс істеуге мәжбүр болған. Осындай ауыр жағдайда істеген олардың жұмыстары нәтижелі бола алмай, өнерлері өркендеуге мүмкіндік таппай, ғасырлар бойы патриархалдық-феодалдық қатынастың бұғауында болды.

Дегенмен шеберлер күнделікті тұрмысқа қажетті балта, балға, тістеуік, шаппашот (мұның бірнеше түрі болған) пышақ, қашау, тескіш, біз-базған, кетпен, күрек, соқаның тісі, мосытемір, темірошақ сияқты құрал-жабдықтарды жасап, халықтың мұқтаждығын қанағаттандырумен болған.

Мұндай жабдықтарды нағыз шеберлер (темір ұсталары) жасаса, ал мал бағушылық өмірге байланысты, құрық, ыңыршық, үй тірейтін бақан, әртүрлі қазықтар сияқты құралдардың әрбір адам өздері жасай білген. Ал әйелдер жағы арқан, көген, желі, бұйда, шылбыр, тоқым ішкіліктерді жасаған. Ағаш шеберлер сандық, киіз үйдің қаңқасы, кебеже, жүкаяқ, ер, ағаш төсек, адалбақан сияқты бұйымдарды жасаған.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда Қаратаудың шатқалдарындағы тұрақты мекен жайлардан жер өңдеуге қажетті соқаның тістері, кетпен күректің сынықтары кездеседі. Мұның өзі таулы жерде тек мал бағушылықпен айналыспай, астық өндірумен де айналысқандығын көрсетеді.

Киім-кешек және әшекей заттар

Материалдық мәдениеттің басты саласының бірі ұлттық киімдер. Онда халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіне тән дәстүрлері сақталады. Киімдер халықтардың өмір сүрген жеріне, айналысқан шаруашылығының басты түріне қарай икемделіп жасалады. Сондықтан да халықтардың қалыптасуын зерттеуде ұлттық киімдердің беретіні мол.

Жазба деректер, яғни XV—XVIII ғғ. қазақ жерінде болған орыс шенеуініктері мен ғалымдарының

еңбектері қазақтардың киімдері малдың терісі мен жүнінен жасалғандығын көрсетеді.

Бірақ олардың еңбектері белгілі бір мақсатпен зерттелмегендіктен, киімдердің өзіне тән ұлттық ерекшеліктерін жеткізе бере алмаған. Екіншіден, қазақ тілін білмегендіктен киімдердің атауларын шатастыру олардың жас, жыныс ерекшеліктеріне қарай жасалу тәсілдерін жете түсінбеген. Дегенмен XV—XVIII ғғ. қазақ киімдерін зерттеуде оларды сын көзбен қарап дұрыс пайдалана білсе, олар таптырмайтын өте құнды деректер.

Халқымыздың XIX ғ. —XX ғ. басындағы киімдері жәйлі біршама жақсы зерттелген (Захарова, Ходжаева, 1964). Олар XVIII ғ. екінші жартысында қазақ жерінде болған орыс ғалымдарының қазақ киімдері туралы жазғандарын, Қазақстанның әр облыстарынан өздері жинастырған материалдарымен салыстыра отырып, қазақ киімдерінде жалпы айырмашылықтың жоқтығын көрсетеді. Қазақтың ұлттық киімдеріне басқа да этнографтардың еңбектерінде айтарлықтай көңіл бөлінген (Масанов, 1959, 104-126 бб.; Востров, 1956, 29-30 бб.). Бұл еңбектердің құндылығы біріншіден, олар Қазақстанның әр облысынан жинаған материалдар негізінде жазылғандығы болса, екіншіден, оларда ұлттық киімдердің мүлде жойылып бара жатқан немесе жойылып кеткен түрлеріне де көп көңіл аударуы еді.

Этнограф ғалымдарымыздың киім туралы зерттеу жұмыстары мен біздің қарастырылғалы отырған мерзіміз уақыт жағынан онша алшақ болмауы және ұлттық киімдерінде ескі элементтердің сақталуы да, біздің мақсатымызға ортақ сияқты. Ендеше XV—XVIII ғғ. қазақ халқының киім-кешектерін зерттеуде жоғарыдағы материалдарды арқау ете отырып, археологиялық материалдар мен ауыз әдебиетіндегі суреттемелерді пайдаланып қарастырмақпыз. Зерттелген қоныстардан айтарлықтай киімдердің қалдықтары табылмағанмен оны жасауға қажетті ұршықтың бастары (63кесте), сүйектен жасалған біздердің сынықтары көп табылады (62кесте). Мұның өзі, малдың жүні киім жасауда басты роль атқарғандығын көрсетеді. Табылған ұршық бастарының көлемінің әр түрлі болуына қарағанда, жүннен тоқылатын киімдердің әрқалай болғандығын аңғаруға болады.

Егер ешкінің түбітінен, ботаның түбітінен жіңішке жіп иіріп етке киетін көйлек-көншектер жасаса, ал жүннен иірілген жіптерден өрмек арқылы сырт киімдер жасаған. Мәселен, Күлтөбе қаласының 28-ші бөлмесінен табылған шекпеннің бір жапырақ қалдығы түйе жүннен тоқылған, арқауы қой жүні.





Арқауының жуандау иірілгендігі болмаса, түйе жүнінен иірілген жібі жіңішке сиязы тоқылған. Бұған қарағанда шекпен үшін я болмаса сым (шалбар), бешпент үшін дайындалған. Мәселен батырлар жырындағы:

«Далада мен отырмын ермек құрып

.....

Бір ұршықтай жібекті

Иіріп бер деп қинады

.....

Шүйкесін созып шапшандап

Өрмегін тездеп жүгіртті», – деген шумақтардан-ақ (Батырлар жыры, 1963, 424-425 бб.) қазақ халқының арасында қолдан киім тоқудың басты орын алғандығын байқасақ, оны жоғарыдағы атап өткен қоныстармен қыстақтардан кездесетін ұршық бастары мен біздерде анықтай түседі.

Жазба деректерде XVI ғ. өзінде қазақ шеберлерінің қолынан шыққан шекпендердің Орта Азия базарларында атлас шапандардың құнымен бірдей сатылатындығын хабарланады (Ибрагимов, 1956). Ал қазақтар керісінше өздеріне қажетті кезде-мелер алған.

Жартылай көшпелі өмірге байланысты қазақтар малдың терісінен әр-түрлі тондар жасаған. Әсіресе мал бағуға киетін тондар өте үлкен болған, өйткені оның бір өңірі жамылыш болса, екіншісі төсеніш болып ойластыратын. Ондай тондарға 10-12 қойдың терісі жұмсалатын. Тондарды жасағанда оны жауын-шашынның суынан бүлінбейтін жағында ойластыратын. Мәселен, Сейфи қазақтардың қой терісінен жасаған тондары әр-түрлі боялған, қой терісінен «жарғақ» тондар «накидки» (Аудармада «накидки» деп алынған оны біз қой терісінен жасалған жарғақ тон деп беріп отырымыз. Бұл шындығында дұрыстау емес, накидки дегенге қарасақ ол тон емес сулықтың бір түрі болу керек. Ал ол кезде қазақ халқында теріден жасалған ондай сулықтар болған, бірақ ол қой терісінен емес жүнінен тазартылған ешкі, қара құйрық, ақ бөкен, құлын терілерінен жасаған) жасайды. Олардан жауын-шашын өтпейді және бүлінбейді. Оған себеп шеберлердің тері илеп, оны бояуда қажетті шөптен жасалған бояуларды жақсы меңгере білуінде еді дейді (Султанов, 49 б.).

В.В.Вельяминов-Зернов жүні сыртына қаратылған тон туралы келтіреді (Вельяминов-Зернов, 289 б.). Мұндай тондар соғыс кезінде киілген болу керек, оның суреттемесіне қарағанда, ол жауға қорқыныштыұрей туғызатын сияқты. Бұған қосымша сыртқа қаратылған қой жүнін киюшілер, білтеленіп

ұшы мен қылыштың жүзіне тіпті салақ жебесіне де торалған болуын ойластырғандықтан да болар.

Жоғарыда келтірілген әсем тондарды батырлар жырынан да, ғашықтық жырларынан да оқуға болады, мәселен «Алтынды тон, жүзігім белгі болсын» (Батырлар жыры, 1963, 511 б.) деген шумақтан тонды алтындап әшекейлеп тігетінін білсек, кейбір жерлерде ондай әсем тондарды оқалы тон деп те атайды. Мұндай тондар қазақ халқының өмірінде XX ғ. 30 жылдарына дейін өмір сүріп келді. Ал алтындап тігілген тон немесе қамзол қазақ жерінде сақ дәуірінен бері қарай белгілі. Егер Есік селосының түбінен табылған алтындап тігілген тері қамзолға қарасақ, оны батырлар жырындағы суреттемеден ешбір айырмашылығы жоқтығын көреміз.

Аудармадағы «накидки» деп отырғаны қазақтардың жарғақ киімдері. Олар туралы П.С.Палласта келтірген (Паллас, 569-570 бб.). Қазақ халқында жарғақ киімдер Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарына дейін өмір сүрген. Бұған қарағанда XV–XVIII ғғ. халқымыздың өмірінде жарғақ киімдердің көп болғандығына ешбір күмән болмаса керек. Бірақ та оларды жасағанда өте сәндеп жасайтын болған, ол бізге батырлар жырынан белгілі.

«Баланың жасын бұрын сұрап алып,

Бір жарғақ, бір шалбарды кестеледі» (Батырлар жыры, 1963, 692 б.).

Жарғақ шалбарды кестелеудің бұл суреттемесін, Талдықорған қаласының облыстық музейіндегі кестеленіп тігілген жарғақ шалбардан ешбір айырмасы жоқтығын көреміз. Ендеше соңғы кездегі сәндеп тігілген жарғақ (Қазақ халқының сәндік..., 1970, 114 б.), XV–XVIII ғғ. белгілі.

Тондар сияқты жылы киімдердің бір түрі – ішіктер болды. Оны қымбат бағалы аң терілері мен жаңа туған 2–3 айлық қозы-лақтың терісінен жасайтын, 4-5 айлық қозы терісінен сеңсең ішіктерде жасалады. Ішіктердің тоннан айырмашылығы сыртын бидаймен қымбат бағалы кездемемен тыстайды. Қымбат бағалы аң терілерінен әсемдеп тігілетін ішіктердің жәмшіктермен жолаушылардың киетіндігі жәйлі Рузбиханнан (Ибрагимов, 157 б.) да, батырлар жырынан да оқуға болады.

Қазақ халқында аса көңіл бөліп тігілетін баскиімдер болды. Олар бағалы аң түрлерімен 1–2 айлық қозы-лақ терісінен әртүрлі пішінде жасалады, жасалған терісіне қарай «сусар бөрік», «кәмшат бөрік» деп әрқалай аталады. Жазда киетін бас киімдер ақ қойдың жүнінен жасалатын қалпақтар. Бас киімдердің ішінде қалыңдықтың той-думанда киетін сәукелесі мен хан, би сұлтандардың киетін сәукеле қалпақтары сияқты түрлері аса қымбат

бағалы ғауһар тастармен алтындап салтанатпен жасалатын болған.

Гейнстің хабарына қарағанда бір сәукеленің жасалуының өзіне бір жылдай уақыт кетсе, ондай сәукелелер 2000-3000 сом ақшаға бағалайтын көрінеді (Гейнс, 1897, 419–420 бб.). Мұндай қымбат бағалы сәукелелердің, келбетін Есік селосының түбіндегі обаға жерленген сақ дәуірінің адамының басындағы сәукеледен де байқауға болады. Ендеше сәукеле жасаудың өзі жерімізде бұдан 2000-2500 жылдар бұрын жасала бастағанын, ал оның XIX ғ. аяғына дейін үзілмей сол қалпында мұра болып келген. Оған екінші бір дәлел Ертіс бойындағы қыпшақтар мезгіліне жататын обалардан табылып жүрген сәукеле қалпақтардан да байқалады (Арсланова, 1968, 100 б.). Ол қалпақтардың пішіні XVIII ғ. салынған П.С.Палластың суретінен (Паллас, 1773, 569 б.) ешбір айырмашылығы жоқ. Қалпақтардың сыртқы көрінісіне қарағанда сәукеле сияқты ұзыншақ конус тәрізді келсе, кең болып келеді. Мұның өзі Қазақстан жерінде сәукеленің жасалуының әртүрлі формалы болғандығын көрсететін сияқты.

Жерімізден табылған сәукеле мен сәукеле қалпақтардың және жазба деректер мен батырлар жырындағы суреттемелерге зер салсақ, екі түрлі жағдайда көреміз. Егер сақ дәуіріне жататын сәукеле тек алтыннан жасалған заттармен әшекейленсе, қыпшақ дәуіріне жататын сәукеле қалпақтар күміспен әшекейленген, батырлар жырындағы сәукелелердің суреттемесінде түрлі түсті ғауһар тастармен аздап алтын қосыпәшекейлегендерін байқаймыз.

Ал, XVIII–XIX ғғ. сәукелелердің жасалуына күміс-алтын теңгелерді қайта балқытып, әшекей затына пайдаланған. Мәселен, қазақ даласына барған күміс алтын ақшалар өзінің теңгелікқұнынан айырылып (қазақтардың), әшекей заттарына айналып мұқтаждарын өтап жатыр (Карутц, 1911, 13 б.) деген хабарларды оқисыз. Әрине бұдан қымбат бағалы сәукелелермен, сәнді қалпақтарды әлейім қазақ халқы киді деген ой тумау қажет, ол тек үстем таптын сәнді бұйымдары болып табылады. Ал, біз ескеріп отырған бас киімдердің мәселе қымбаттығында емес олардың ұлттық киімдер екендігінде.

Қазақ киімдерінің ішінде өзінің ізін суытып бара жатқан ерте кезден белгілі күпі мен кебенек. XVI ғ. жазба деректерге қарағанда кебенек шет елдерге шығарып сатылатын (Прошлое Казахстана, 1935, 125 б.). Күпі қойдың, түйенің жабағысынан жасалса, ал кебенекті жұқа басылған қойдың жүнінен жасайды (Руденко, 1927, 13 б.). Мұндай киімдер әрі жеңіл, әрі жылы болған. Кебенек XVI ғ. жазба деректерге қарағанда орыс жеріне шығарылып, айырбас сау-

дасына түскен. Ал оған керісіншематадан тоқылған киімдер алынған.

Қазба жұмысының барысында Ақтас қонысынан, етіктің ағаш шегемен қаққан ұлтаны, Жалғызтам қонысынан етіктің өкшесіне қағатын нәл темірлер (78кесте,12)табылған. Бұдан XIX ғ. екінші жартысында қазақтар арасында таңдаулы етікшілердің болғандығы туралы хабарлардың (Захарова, Ходжаева, 73 б.) жай сөз еместігін көреміз. Олар етікке қажетті теріні өздері дайындаумен қатар, Орта Азия мен Ресейден қазақтар былғарыны айырбас арқылы алып отырған (Левшин, 1832, Ч. 3., 65 б.).

Қойдың жүнінен киіз етіктер, жүн байпақтар басылатын болған. Аяқ киімдердің бұл түр-түрлерін әсіресе кедейлер жағы басым киген. Табаны терімен ұлтандалған Алтай жеріндегі обалардан табылған киіз байпақтардың қазақтардікіне ұқсастығына қарағанда (Руденко, 1953, 111 б.), аяқ киімнің бұл түрі де ерте замандардан-ақ белгілі екендігін көруге болады. Ауылды жерлерде киіз байпақтың мұндай түрлері бүгінгі күнге дейін өмір сүруде.

Біз киімдерді қарастырғанда қазақ халқының шаруашылығының басым түріне байланысты, киімге қажетті материалдарды алу көздерінің негізі неде екендігін ескере отырып, киімдердің көне түрлеріне және оның бүгінгі күнге дейін ел арасында сақталып келе жатқан элементтеріне көңіл бөлуге тырыстық. Әрине бұл әлі жеткілікті деп айта алмаймыз.

Екіншіден, XV–XVIII ғғ. қазақ халқының киімдері тек малдың жүні мен терісінен ғана жасалған еді деп қарастыру бір жақты түсінуді көрсеткен болар еді. Егер қазақ жерінің Ұлы Жібек жолымен керуен жолының торабында (Агеева, Пацевич, 1958, 203 б.) жатқандығын ескерсек олардың киім-кешектерінде Орта Азия Қытай, Орыс елдерінің (Волин, 1960, 72–93 бб.) матадан жасалған түрімен де көрнекті орын алған.

Қазақстан жеріндегі археологиялық зерттеулерге зер салсақ, зергерлік істің ерте замандардан бастап-ақ пайда болғандығын көреміз. Мәселен, Есік қаласының түбіндегі сақтар дәуіріне жататын обадан табылған әшекей бұйымдар, Кеген аймағындағы үйсіндер кезіне жататын Ақтас қыстауынан табылған алтын сырғалар (Акишев, 1985), Алматыға жаяу жердегі Қарғалы сайындағы және үйсін дәуіріне жататын обалардан табылған алуан түрлі әшекей заттардың ішіндегі, Жетісу жеріне тән қос өркешті түйенін бейнесін көрсететін алтын сақиналар (Бернштам, 1948) т.б. көптеген алтын, күмістен жасалған сәндік бұйымдар жерімізде зергерлік өнерден көне тарихының барлығын көрсетеді. Әрине сақ, үйсін кезіндегі зергерлерді қазақ халқының тікелей





ата бабалары дей алмағанымызбен олардан қалған әшекей бұйымдардың соңғы кездегі қазақ халқының шеберлерінің қолынан шыққан әшекей бұйымдарға ұқсастығын жоққа шығаруға болмайды. Ол ұқсастықтар халқымызды батырлар жырындағы әшекейленген «ақ сауыт», «оқалы тон» «сәукеле» сияқты суреттемелерінен де көрінеді.

Ал егер, бергі түркілер дәуірімен қыпшақтар (Нур-муханбетов, 1970; Арсланова, 1968) кезінен қалған сәндік бұйымдарға қарасақ, олардың XV–XVIII ғғ. қазақ халқының әшекей бұйымдарының бір-біріне соншалықты жақындығын айтпаған күннің өзіне де, олардың өмір тіршілігі мен салт-санасының ыңғайлас екендігін, ұқсастығынан байқаймыз. Ол ұқсастық іздер сонау сақтар заманынан бері қарай дамуда. Ендеше XV–XVIII ғғ. қазақ халқының зергерлік өнерінің даму негізін сол замандардан іздестірген жөн сияқты. Бұдан шығатын қорытынды, түркі, қараханидтар дәуірінің зергерлік ісі (VII–XII) сақ, үйсін, (б.з.д. VII–IX, II–III ғ.ғ.) дәуірінің зергерлік ісін жоққа шығара алмаса, XII–XVII ғғ. қыпшақ-қазақ кезіндегі зергерлік іс түркі, қараханидтер кезіндегі зергерлік істі жоққа шығара алмайды. Олар бір-біріне жалғаса отырып біртіндеп өсіп-дамудың үстінде болған.

Сондықтан да XVI–XVIII ғғ. қазақ жерінде болған орыс саяхатшылары мен ғалымдары (Паллас, 571 б.) қазақтардың арасында тамаша түрлі сәнді заттар жасайтын зергерлері бар деп хабарлануының негізсіз еместігін көрсетеді. А.К.Гейнс қазақ зергерлері алтын-күмісті балшықтан жасалған тостақта ертетіндігін жазады (Гейнс, 1898, 143 б.). Мұның өзі қазақ халқында балшықтан көзе жасаудың XIX ғ. екінші жартысына дейін өмір сүргендігін көрсетеді.

Сөзіміз дәлелді болу үшін қазба жұмысының кезінде, алынған бірлі-жарымды әшекей заттарға талдау жасап көрелік.

Күлтөбе бекінісінен екі данасы табылды. Біріншісі мыстан жасалған. Құлаққа салатын жері сынып қалған. Мұндай сырғаны қазақтар ай сырға (Захарова, Ходжаева, 135 б.) деп атайды. Сырғаның сыртқы пішіні жаңа туған айдың екі-үш күндік кескініндей (79кесте,7) Мұның өзінде белгілі бір сырдың барын ұғынуға болады. Мәселен, қазақ қауымында жаңа туған айды көргенде, оған қарап «жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» деп дұға оқып бас иеді. Сондықтан да қазақ арасында оның (айдың) жаңа туған кезін өздерінің құлаққа салатын сырғалары ретінде бейнеледі ме деген ой туады. Екінші сырғаның құлаққа салатын жағы күмістен жасалған, құлаққа асатын жерінің астыңғы жағынан дөңгелек

сол жерінен жалпақтау келген екі мыс сымды жоғары қарай қошқар мүйізді етіп иген (79 кесте, 3).

Табылған моншақтар Қазақстан жерінде кездесетін әртүрлі асыл тастардан жасалған. Күлтөбе тұрғындарының қабырларының бірін қазғанда қызыл түсті ақық (сердолик) тасынан көп қырлы етіп жасалған бір ғана моншақ табылды. Сірәде ол белгілі бір діни сенімге байланысты киімге тігілген болу керек.

Өйткені ол жерленген адамның желке жағында жатқан. Моншақтың көзіне тарамыс жіп өткізіліп бір жағы түйінделген, екінші жағы киімге бекітіліп, не құлаққа тағылуы мүмкін. Моншақтардың ішінде көк тастан (малахит) және көкшіл әйнектен жасалғандары да кездеседі. Қара әйнек түстес үлкен моншақтан жармасы табылды. Оның сырты ақ-әйнек түстеспен толқын тәрізді сәнделген. Мұндай қара әйнек түстес үлкен моншақ Ұлытау аумағындағы Аяққамыр қонысының табылған. Екеуінің жасаған заты да, жасалуы да безендірілуінің тәсілі де бірдей. Тек Аяққамыр моншағының сырты гүл тәрізді.

Табылған әшекей бұйымдардың ішінде ортасы қуыс жұқа мыстан жасалған бір аспалы моншақ (79кесте,2) аспалы тана деп те аталады. Аспалы моншақ деп отырғанымыз, оның жіппен киімге тағып қоятын тесігі бар, ал екінші жағы бос тұрады. Қазақтың ұлттық киімін зерттеушілер өздерінің мұндай сәндік бұйымдарын түйме деп көрсеткен (Захарова, Ходжаева, 140 б.). Бұл дұрыс берілген атау емес пе деп ойлаймыз, өйткені қазақтар бұл көрсетілген бұйымдарды түйме ретінде емес, омырауға тағатын сәндік бұйымдар ретінде пайдаланған. Сондықтан да оны түйме дегеннен гөрі аспалы деу дұрыстау сияқты.

Толық тазартылмаған күмістен жасалған білезіктің жартысы (79кесте,6) табылды. Білезіктің жалпақтығы бірдей емес, ортасы 2 см болса, екі басы 1,5 см дейін жіңішкереді, қалыңдығы 1 мм-дей. Сыртқы жағы өрнектелген, өрнек өткір заттың жүзін қойып балғамен ұрып отырып салған тәрізді. Өйткені білезік өрнектерінің тереңдігі бірдей емес, кей жері көмескі де енді бір өрнектер тым терең түскендіктен білезіктің сол жерден сынуына да себепкер болған. Мәселен, «О» әрпі тәрізденіп салынған өрнек білезікті ортасынан үзіліп түсуіне себеп болған. Білезіктің жасалуымен үлгі өрнегіне қарасақ XIX–XX ғғ. қазақ білезіктеріне ұқсастығы байқалады (Захарова, Ходжаева, 142 б.).

Осы айтылған әшекей бұйымдардың аздығына қарамастан олардың ормалары мен жасалу тәсілдеріне зер салсақ XIX–XX ғғ. қазақ халқының

әшекей бұйымдарынан ешбір айырмашылығы жоқтығын көреміз.

Қолөнер бұйымдары мен кәсіптік құрал-саймандары

Сонымен Жетісу аймағындағы халқымыздың тіршілік көзі жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мал шаруашылығы болғандығына жоғарыда жазылған жағдайлар толық дәлел бола алатындығына көзіміз жетті. Шаруашылықтың бұл түрлерінің болғандығына қыстаулардағы тұрақ жайлардан табылған қолөнер бұйымдары мен кәсіптік құрал-саймандар, қару-жарақтар және толықтырып айқындай түседі. Өйткені, көпшілік жағдайда қолөнер бұйымдары мен құрал-саймандар халқымыздың жүргізіп отырған шаруашылығынан алынған өнімнен жасалып отырады. Сондықтан да шаруашылықтың түрімен қолөнер және кәсіби бұйымдардың жасалуы бір-бірімен тығыз байланысты. Олар бір-бірінің дами алмайды.

Жеріміздегі жүргізілген археологиялық зерттеулерге қарағанда, қолөнер және кәсіптік құрал-жабдықтардың сонау қола дәуірінен дамып келе жатқандығы белгілі. Ол кездегі бақташылық мал өсірумен, шаппашот жер өңдеу кәсібіне байланысты табылған қолөнер бұйымдары мен құрал-саймандар толық дәлел (Маргулан, 1979, 174 б.). Сол қола дәуірінен бері қарай жалғасып келе жатқан қолөнер бұйымдары, әсіресе көзелердің сыртындағы ою-өрнектердің үлгілері (Маргулан, 1970, 175 б.) бүгінгі халқымыздың алаша, кілем, текемет, басқұр сияқты т.б. бұйымдарға салынған ою-өрнектердің үлгілерімен бірдей (Муканов, 1979, 42 б.). Бұл ұқсастықтарда белгілі бір байланыстың барлығын байқау қиын емес. Халқымыздың шеберлері ондай өрнектерді өздерінің ағаштан, тастан, қымбат бағалы материалдардан, сүйектен және теріден жасалған бұйымдарына дейін салып әшекейлеп, безендіріп отырған. Сондай бір өрнектелген бұйымды Шолақжиде қыстауынан ертоқымның алдыңғы қасына жұқа күмістен әшекейлеп ою-өрнек салған бөлшегін таптық. Х.Арғынбаевтың ғылыми еңбектеріне қарағанда Жетісу аймағындағы қазақ ерлерінде, ердің алдыңғы қасында бір көзден үш көзге дейін көз салып әшекейлеген (Арғынбаев, 1978, 42 б.). Біздің тауып отырған әшекей бұйымымыздағы көз біреу. Ол дәл ортасында. Шамасы бұл балалардың ері үшін жасалған болуы мүмкін. Қазақ халқы қай кезде болмасын бар мәзір, тапқан-таянғанын балаларына жұмсаған ғой. Бұл бұйымда сол жағдайды дәлелдеп

тұрғандай. Халқымыздың сәнқой халық екендігін мына бір көрініс тіпті де дәлелдейді. Арық-тоған қазып егін суаратын кетпендеріне де өрнек салған. Осы бір көріністерден шығатын қорытынды не? Ол үлгі ою-өрнектердің тамыры сонау ғасырлар тереңі қола дәуірінен жалғасып келе жатқандығы.

Алайда, халқымыздың ою-өрнегіне біраз көңіл бөліп оған ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген шетел ғалымдары қазақ халқының ұлттық өрнегі жоқ деген жаңсақ пікірлер жазған (Дудин, 1927). Мұндай пікірлермен ешбір келісуге болмайды. Бұл пікірлердің түпкі мақсаты белгілі. Мұндай пікір сақ, үйсін тайпаларының тілдері иран тілдес деп жүрген пікірмен бірдей. Қазіргі кезде бұл тайпалардың да тілдері түркі тілдес екендігі дәлелденіп отыр.

Сондықтанда халқымыздың ою-өрнегіне де жаңсақ пікір айтушылармен мүлде келісуге болмас. Бұл пікірді айтушылардың қателігі жеріміздегі археологиялық жұмыстардың деректерімен таныс болмаған кезіндегі туған пікір деп ойлаған дұрыс болар. Өйткені бұл ғалымдардың еңбектерінің жарияланған мерзімдеріне қарағанда, ол кезде жеріміздегі қола дәуірінің ескерткіштері зерттеліп әлі жария бола қоймаған кезі еді. XX ғ. 60 ж. бастап, жерімізде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының ғылыми қорытындылары жарық көре бастады. Міне осы кезден бастап халқымыздың негізгі болған, тарихының тамыры іспетті ру-тайпалардың қолөнер және кәсіби құрал-саймандарының үлгілері жарық көріп, осы кезге дейін белгісіз болып келген, сол кездегі шеберлердің қолынан шыққан қайталанбас туындыларын көріп ғылыми қауым тән-тән риза болды.

Әсіресе, Жетісу жеріндегі сақ, үйсін тайпаларының хас шеберлерінің қолдарынан шыққан қайталанбас дүниелері олардың жалғасы болып отырған қазақ халқының атын бүкіл дүниеге паш еткені белгілі. Соның бір айғағы К.Ақышевтың тапқан «алтын киімді» адамының басындағы сәукеле (Акишев, 1978, 47 б.), Жетісу жерінде жасалған туынды. Парсы жазба деректеріне қарағанда ол шошақ қалпақ киген сақтар деген дерекке сәйкес келеді. Бұл алтын киімді адамның басындағы сәукеле, қазақ қыздарының басындағы сәукеледен қандай айырмашылығы бар деген ой туады. Х.Арғынбаевтың ғылыми жариялаған еңбектеріне қарағанда қазақ қыздарына жасалған сәукелелердің биіктіктері екі қарыстан биіктеу, сырты қымбат бағалы тастармен әшекейленетінін, байлар қыздарына жасатқан сәукелелердің құны 2000 сомға (патша өкіметінің кезіндегі баға) дейін бағаланатынын жазады (Арғынбаев, 1973, 208 б.).





А.К.Гейнстің хабарына қарағанда, қазақ шеберлеріне ондай қымбат бағалысәукелелерді жасап бітіру үшін бір үйір жылқы керек болған (Гейнс, 1897, 419–420 бб.). Екі дәуірдіңсәукелесінің жасалған мерзімдерінің аралығында мыңдаған жылдар жатқанымен сәукеле жасаудағы жүйенің бірдей екендігін байқау қиын емес. Олай болса олардың арасында жалғасып келе жатқан этникалық байланыстың барлығын таныған дұрыс.

Соңғы кезде халқымыздың қолөнері біраз зерттеліп, баспадан шығып жарық көріп оқырман қауымның қолына тие де бастады. Бұл үлкен жолдың басында Ө.Х.Марғұланның қазақ халқының қолөнері атты көп томдық альбом кітабы шықса, Х.Арғынбаевтың қазақ халқының қолөнері атты (1987) ғылыми еңбегі жарық көрсе, халқымыздың киіз үйге байланысты, киіз, кілем сияқты бұйымдарының жасалуының қыры мен сырын ашып берген М.Мұқановтың еңбектері (1979, 1981) жарық көріп, халқының қолөнерінің тарихын сүйетін қауымды дән риза етіп бір жақсылыққа ие етті. Сонымен қатар жеріміздегі археологиялық зерттеу жұмыстарының кезінде әр дәуірдің ескерткіштерінен табылған, көненің көзі болып табылатын алтыннан, қымбат бағалы тастардан жасалған әшекей бұйымдарды көзінің қарашығындай сақтап жинап-тернеп жүрген көрнекті ғалым К.Ақышев өзінің жас ғалым баласы археолог А.Ақышев екеуінің «Қазақстанның көне дәуірдегі алтыны» атты альбом кітабы жарық көрді (Акишев, 1983). Бұл кітаптағы сәндік бұйымдардың көбі осы Жетісу аймағынан табылған қайталанбас туындылар. Бұл еңбектің мәселе заттарының алтындығында емес, оны жасаған адамдардыңөнерлерініңөшпес, өлмес болып бізге жетуінде. Ол туындылар ғасырлар шежіресі, халқымыздың алтын қазынасы. Бүгінгі егеменді ел болғандағы келешек ұрпақтың таусылмасөнерінің қайнар бұлағы. Олардан тек үлгі-өнеге алу керек. Сонда біздіңұлттық өнеріміз дамиды.

Қолөнер бұйымдары, ол халықтыңөз ішінен шыққан тума қабілеті бар адамдардың іс-әрекеттерінің тікелей көрінісі. Көп жағдайда, өнершілер сол қабілетінің арқасында сол өнермен айналысады. Сондықтан да халқымыздыңөнерінің жолы да жүгі де ауыр болды. Оның жолының ауыр болуы, арнайы мектебінің болмауы, оның жүгінің ауыр болуы өндірістік орны болмады. Сол себептен де қазақ шеберлері өнердің қиын жолын кешіп, ауыр жүгін көтеріп ғасырлар зардабын шегіп бүгінгі еркін егеменді күнге де жетіп отыр.

Әрбір жанұяныңөз қажеттерін өздері өндіруі де қолөнердіңөркендеуіне кедергі жасап келді.

Соныңәсерінен басы артық бұйым өндірілмеді. Ал аса керемет салтанат туындыларды халықтың бәрі бірдей пайдалана алмады. Ондай керемет туындыларды жасау үшін қымбат металл, қымбат бағалы тастар қажет, ал оны өндірудіңөзі өндірістік дәрежеге жетпеді. Сондықтан да шебердіңөзі қымбат материалды тауып оны жасағанныңөзінде қарапайым жұрт оны сатып пайдалануда мүмкіндігі болмады. Ал байлар болса ондай қымбат бағалы бұйымдарды бірде сатып алса, бірде күш көрсетіп тартып та, барымта жолымен де алып отырды. Сөйтіп, шебердің көз майын таусып айлап-жылдап жасаған бұйымдары өзінің құнын ақтай алмады. Сондықтан да шеберге шаруашылықтың басқада қосалқы түрімен айналысуға тура келген. Ал мұндай жағдайда қазақтың қолөнері қалай дамысын. Мұндай ауыр жағдайға қарамастан халық өнерлі адамдарын силап, құрметтеп отырды. Сол себептен де өнершілердің іс-әрекеттері елге үлгі-өнеге болып отырды. Халқымыз өнер шеберлерін өздерінің мақал-мәтелдеріне қосып ондай адамдарды үлгі-өнеге тұтып, жастарды олардан үлгі алуға шақырып отырды.

Мәселен:

«Өнерлінің өрісі ұзақ.

Өнер ердің қанаты, немесе,

Өнерлінің қолы алтын

Өлеңшінің сөзі алтын», –

деген мақал-мәтелдерден (Асыл сөз, 1987, 64 б.) хас шеберлердің қолдарынан шыққан туындылар олардың атын шығаратынын, өрістерінің кең болатындығын, өнердің ер адамдардың ой-қиялына қанат бітіретіндігін, өнершілердің қолдарынан «алтын» тамып тұратындай етіп мадақтайды. Бұл мақал-мәтелдерде және бір байқалатыны, шеберлер өз еңбектерінің материалдық игілігін көре алмаса да халық оларды рухани жағынан риза етіп отырғандай. Сөйтіп халық өз шеберлерін рухани жағынан оларды азықтандырып қолдап, демеп отырған. Сондықтан да өнершілер туралы айтылған мұндай мақал-мәтелдер ел ішінде ерте кездерден бері қарай айтылып келе жатқан халқымыздың ауыз әдебиетінің ерекше бір көрінісі. Мақал-мәтелдерде өнердің өнершіні көпке мәлім ететіндігін, атын шығаратындығын былай мәтелдейді:

«Өнер көпке де жеткізеді,

Көкке де жеткізеді»,

немесе, өнердің таусылмас азық екендігін, жұтамас байлық екендігін былай сипаттайды:

«Өнер таусылмас азық,

Жұтамас байлық» (Асыл сөз, 1987, 65 б.).

Бұл мақалдан қандай байлық болса да таусылатынын, қандай мал байлығы болса да бір-ақ жұтта

жұтап калатындығын көрсетсе, ал өнер байлығының ешқашан таусылмайтынын, ешқандай жұтта жұтамайтынын көрсетіп сол өнерді игеру қажеттігіне жастарды шақырып тұрғандай.

Халқымыздың қолөнері көп салалы. Олар ерлер және әйелдер арасында бөлінген. Әсіресе, XVII ғ. қазақ әйелдерінің үй жұмысындағы тағдырларының өте ауыр болғандығына қарамастан, оларға үй-ішіндегі көптеген бұйымдарды сәндеуге көңіл бөлуге тура келген. Ондай деректерді қазақ арасында болған швед ботанигі Фальктің жазбаларынан көругеболады (ПКИМ, 1935, 161 б.). Ал олардың арасында оның өзі және бірнеше салаға бөлініп жатады. Ерлер арасындағы қолөнердің өзі де жасалатын бұйымдардың қадір-қасиетіне қарай және бірнеше түрлерге бөлінеді. Мәселен, ағаш шеберлері, теміршілер, көзешілер, терішілер, өрімшілер болып бөлінсе, олардың өзі және бөлініп жатты. Ағаш шеберлерінің өзі балташылар, киіз үйдің қаңқасын жасаушылар, ер қосу, үй жабдықтарын (кебеже, төсек, сықырлауық т.б.) жасаушылар болып бөлінсе, ал терішілердің өзі, бір шеберлер теріні илеп жатса, екінші біреулері одан ат-әбзелдерін жасайтын өрімшілер болды. Сол сияқты темір ұсталарының да істейтін жұмыстарының түрлері жеткілікті болды. Алайда, осындай өнер түрлерінің қажеттілігі сонша жоғары болғанымен жеке кәсіптік дәрежеде дами алмады. Сондықтан да қазақ шеберлеріне бірнеше мамандықтың түрлерін қатар жүргізуге тура келген. Мәселен, ер қосушыға тері илеудің де, өрмешіліктің де, зергерліктің де жұмыстарын қатар жүргізуге мәжбүр болған.

Фазлаллах ибн Рузбиханның XVI ғ. жазбасында, қазақ шеберлерінің арба үстіне тұрғызған қазақ үйлерінің сипаттамасын ерекше суреттейді. Осының өзі қазақ ағаш шеберлерінің қолдарынан шыққан мүліктерден бір шабуылдың кезінде өзбек ханы Сырдария бойындағы қыстап отырған қазақтардың өзінен он мыңнан аса арба үстіне жасалған үйлерді қолға түсірген(Фазлаллах ибн Рузбихан, 1976, 128–129 бб.). Мүмкін бұл хабар артықтау шығар. Дегенмен, ол саннан кем болған күннің өзінде,Шайбани ханның хатшысы Рузбиханның ағаш шеберлерінің еңбегін көрсетуі оның қандай дәрежеде болғандығын дәлелдеп тұр. Ал сол үйлердің іші-сыртының әшекейлерін жазғанда Рузбихан оған да тән-тән болғаны соншалықты сөз тауып жаза алмай басы айналып қиналғандығын жазады. Ал сол үйлердің іші-сыртын әшекейлеуде қазақ әйелдерінің қолөнер бұйымдарын жасаудағы еңбектерінің ерекше болғандығын байқау онша қиынға соқпаса керек.

Міне сондай киіз үйдің қаңқасын жасаудағы ағаш өңдеу құралдарының ішінде «шоттың» маңызы зор болған. Шотпен қазақтар ер-тоқым, уық, кереге, т.б. заттарды жасаған. Ондай құралдар қыстаулардағы тұрақ жайлардан табылып отырады. Біздің тапқан шотымыздың түріне қарағанда шоттыңұзақ жылдар пайдаланылып әбден желінгендігі (тозғандығы) байқалады. Мұндай шоттар жерімізде жүргізілген археологиялық зерттеулерде ерте орта ғасырдан бастап соңғы орта ғасырдағы тұрақ жайлардың барлығынан дерліктей кездесіп отырады. Бұдан байқайтынымыз қазақ халқы үшін «шот» сияқты құралдың қызметінің зор болғандығын көреміз.

Ал біздің жоғарыда Рузбихан мақтаған қазақ үйлерінің түр сипатын халқымыздың жұмбақтарынан да көруге болады.

Мәселен:

«Алтынменен аптадым,

Күміспенен күптедім.

Бірін өрге шығарып,

Бірін жерге түптедім»(жауабы: уық пен кереге) дегенде(Асыл сөз, 1987, 55 б.) халық үйдің керегесі мен уығына қанша еңбек жұмсағандарын бағалап оған көңіл бөліп отыр. Сондай алтынменен апталған, күміспенен күптелген үйлердің іші-сыртына ұсталған алаша, кілем, басқұрлардың жасалуына негізгі себеп болатын құралдардың бірі «ұршық». Халқымыз бұл құралды өздерінің жұмбақтарында былай жұмбақтаған:

«Жансызда бір жансыз бар жалғыз аяқ,

Беліне қыстырғаны шидем таяқ,

Келбетіне қарасаң ештеңе емес,

Беліне буыныпты аямай-ақ»(Асыл сөз, 1987, 58 б.).

Қандай керемет сипаттама десеңізші. Осы сипаттаманың өзінен халық өнерінің ғасырлар тереңінен келе жатқандығын байқауға болады. Ал мұндайұршықтың басы сүйектен жасалып, үстіңгі жағы өрнектелген. Тастан, көзеден т.б. қатты материалдардан жасала береді. Ұршықтың басы түркі дәуіріндегі зираттардан, орта және соңғы орта ғасырдағы қалалық жұрттардан кездесіп отырады. Бұдан шығатын қорытынды тоқымашылық кәсіби өнердің бір түрі ретінде өзін-өзі қамтамасыз еткен өзіндік шаруашылықтың басты бір құралы ұршық болған. Ал осы тоқымашылықты жүнмен қамтамасыз ететін қой қырқуға қажетті құралдың бір түрі «қайшыны да» халық өзінің жұмбағына қосуды ұмытпаған:

«Жарқылдаған қос қылыш,

Қолға тисе жоқ тыныш» (жауабы: қайшы)





Табылған қайшылардың да бірнеше түрлерінің болғандығы байқалады.

Сондай заңды сұрау тууы мүмкін, неге осындай құрал-саймандар қыстаулардағы тұрақ жайлардан табылады да, ал күздеу, көктеу, жайлау сияқты қоныстардан табылмайды? Соңғы аталған қоныстардан табылмайтын себебі онда біріншіден, отыру мерзімі бір-екі айдан аспайды. Ол, жерлерде мәдени қабат қалыптасып үлгермейді. Дегенмен кейбір тұрақты күздеулерде мәдени қабаттар бар, бірақ олар өте жұқа, ондай жерлерде қазан-ошақтың орындары, күлдің үйінділері кездеседі, оларда құрал-жабдықтар өте сирек кездеседі. Ал қыстаулардағы тұрақ жайларда алты айға дейін отырыстың болуы және бір орында тұрақты қыстау, тұрғындардың көптеген жұмыстарын жүргізуге тура келеді. Сол жұмыстың барысында іске жарамай қалған құралдар өзінен-өзі күл-көмір, жаман-жұман қоқыс төгілген жерге түсіп мәдени қабат пайда болады. Қыстауда мәдени қабаттың пайда болуындағы және бір себеп бір орында отырғандықтан қажетсіз заттар көп жағдайда бір жерге төгіледі. Ал жайлау немесе күздеуде қоныс өзгеріп тұрады, қоқыстың төгілуі де әр жерге төгіледі. Сондықтан да мәдени қабат қалыптаспайды. Сол себептенде қыстаудың тұрақ жайларынан құрал-саймандардың кездесіп отыруы заңды.

Әсіресе, қыс айларында қазақ әйелдерінің бітіретін басты жұмыстарының бірі ши тоқу. Тоқыған шидің қазақ халқының өмірінде атқаратын қызметі ерекше. Халқымыздың ши тоқуы және оның қызметі жайлы М.Мұқанов өзінің еңбегінде жақсы жазған(Муканов, 1995, 106 б.). Біздің бұл жерде қосарымыз, осы ши тоқудың Жетісу аймағындағы қазақтардың өмірінде кең түрде етек алғандығын жазғымыз келеді. Оны бұл аймақтағы қазақтардың ауыз әдебиетінен білдік. Үй тіршілігіне қажетті осы өнердің Жетісу қазақтарының жұмбақтарында орын алуының өзі, оны ғасырлар тереңінен келе жатқандығын байқататын сияқты.

Мәселен:

«Арғы ауылдың жылқысы,

Бергі ауылдың жылқысы,

Қағысар да тебісер (жауабы: ши тоқу)».

Жұмбақтың қай кезде айтылғаны белгісіз. Бірақ та халық өзінің тіршілік көзінің бір түрі ши тоқуды қандай керемет жұмбақтайды. Біз жоғарыда келтірген ұршықты қалай жұмбақтаса, мұнда да солай жарасып, келісіп тұрған жоқ па? Екінші бір ескеретін мәселе біздің осы тапқан жұмбағымыз, соңғы кездегі жарияланып жүрген халқымыздың халық ауыз әдебиетінің нұсқаларынан кездестіре

алмадық. Бұған қарағанда ел ішінде әлі де болса ауыз әдебиетінің мұралары толық жинастырылып болмаған ба деп ойлаймыз. Олай болса халық бекер айтқан ба «ел іші алтын қазына» деп, тарихқа дерек болатын сондай алтын қазыналарды жинастырған жөн болар еді.

Жетісу аймағындағы археологиялық зерттеулерге қарағанда ши тоқу өнерінің сақ тайпаларының кезінен бері қарай жалғасып келе жатқандығы байқалады. Атақты «Бесшатыр» обаларына қазба жұмысы жүргізілгенде бүгінгі кездегі қазақтардың тоқып жүрген шилері сияқты тоқылған қамыстабылған(Акишев, Кушаев, 1963). Ол тоқылған қамыс жерленген адамның үстінен тұрғызылған табыттың үстінен су өтпес үшін жабылып оның үстінен оба тұрғызылған. Сондықтан да ши тоқу өнерінің сақ тайпаларының кезінен басталған десек онша қателеспейміз. Қазақтар арнайы тоқылған шимен киіз үйдің есігін жасайды. Оған ою-өрнектер салады. Сол сияқты керегенің сыртынан айналдыра өрнектеп тоқыған ши ұсталады. Олардың түрлі-түсті боялған ою-өрнектері үйдің ішіне тамаша бір сән беріп тұрады. Өрнектеп тоқылған өре шимен үйдің қазан-аяқ, азық-түлік тұратын жағы бөлініп қояды. Мұның өзі де киіз үйдің ішін ерекше бір сән-салтанатқа бөлейді. Халқымыздың малдың сүтінен қысқа ірімшік, құрт сияқты азық-түлікті жазда малдың сүті мол кезінде дайындайды. Сондықтан ондай азықты кептіру үшін арнайы өрнектелмеген өре-ши тоқылып үйдің жанына өре жасалады да оның үстіне қайнатылып дайындаған жапа-жапа ірімшіктер, құрт кептірілетін болған. Оның үстінен шаң-тозаң қонбау үшін және шимен жабылған. Киіз, текемет сияқты ең қажетті бұйымдарда осы тоқылған шидің көмегімен жасалған. Сөйтіп халқымыздың өмірінде шидің қызметі өте зор болған.

Кәсіби қолөнер бұйымдардың ішінде көпшілік құрал-жабдықтарда мал шаруашылығын жүргізуге қажетті үзеңгі, айылбас (тартпаға керекті), тағы басқа саймандары кездеседі. Әсіресе ауыздықтың бірнеше түрі бар, сымтемірден есілген жіп тәрізді орап жасаса (Қаракүңгей, Шолақжиде, 106кесте, 2), сол темірден екі бөліктен тұратын екі жағын иіп жасаған түрі де кездеседі. (107кесте, 1,2) Жақсы аттарды қолды болып кетпес үшін бұрын қазақтар кісендеп қоятын. Кісендерде иесінен басқа аша ала алмайтын құлпысы болған. Біздің тапқан кісеніміздің бір басында сондай құпия құлпысы бар кісен табылған (Шолақжиде 106кесте, 8). Халқымыздың көлігі мініс аты болғандықтан керек кезінде тез арада тауып міне қою үшін тұсау, шідер сияқты саймандарды қайыстан өріп жасайтын. Мұндай құралдарында

мәтелдеріне қосып, мінетін аттарына берік болуды мақалдап отырған.

Мәселен:

«Шідерлі ат өз атың,

Тұсаулы ат бос атың» (Адамбаев, 1976, 28 б.).

Бұл мәтелден шідерге қарағанда тұсаудың онша сенімді еместігін көрсетіп тұр. Сондықтан да халқымыз мал бағуға басты көлігінің бірі атын бағып-міну мәселесіне ерекше мән бергендіктерін байқатады. Сол үшін де кісен, шідер сияқты құралдардың қажеттігін мәтелдеп отырған. Сондай аттың ең қажетті көлік екендігін «ат адамның канаты» деп бекер айтпаған. Астындағы атың жақсы болса жауынды да жеңесің, жаудан құтыласың. Оның халқымыздың батырлар жырындағы Қамбардың «Қарақасқа», Ертарғынның «Тарланы», Алпамыстың «Байшұбар» сияқты әрі аты, әрі ақылшысы болған аттарынан байқау қиын емес. Батырларымыздың аттарының жауды жеңуге қалай көмектескендігі де белгілі. Ат мінуге қажетті ер-тұрманның бір бұйымы «үзеңгі»болған, қазба жұмысының кезінде бізде табылған үзеңгілердің бірнеше түрлері бар (Қаракүңгей, 105кесте, 7). Алайда осы үзеңгінің өзі баспадан шығып жарық көріп жүрген еңбектердегі үзеңгілерге ұқсамайды(Арғынбаев, 1969, 196 б.). Үзеңгінің қолдан жасалғаны байқалып тұр. Дәл қай кезде жасалғандығын айту қиындау. Үзеңгі табылған тұрақжайдың маңындағы қазақтардың зираттарының сыртқы көрінісіне, жерленген адамның жерлеу салт-дәстүріне қарағанда, шамамен XVI–XVII ғғ. жасалған тәрізді. Ғылыми зерттеулерге қарағанда үзеңгі туралы жұмбақ түркі дәуірінің мезгіліне жататын сияқты:

«Тептім,

Терекке шықтым (жауабы: үзеңгі)».

Қыстаулардағы тұрақ жайлардың жұртынан табылып жүрген құрал-жабдықтардың ішінде көп кездесетіні, егін шаруашылығына байланысты жер жыртуға қажетті шойын тістер, астық оратын орақ, оның көптеген түрлері бар, арық-тоған қазатын кетпен, т.б. құрал-саймандар кездесіп отырады.

Мұндай құрал-жабдықтардың, археологиялық қазба жұмысының кезіндегі Оңтүстік Қазақстандағы орта және соңғы орта ғасырдағы қала жұртынан табылғандарын айтпаған күннің өзінде, Жетісу аймағындағы қала жұрттарынан табылған құрал-саймандармен ұқсастықтары бірдей екендігін байқатады. Мәселен, атақты Тараз қаласының байқау (стратиграфиялық) қазба жұмысының қазақ дәуіріне жататын (XVI–XVII ғғ.) мәдени қабатынан табылған тісағаштың, біздің қыстаулардағы тұрақ жайдың жұртынан тапқан жер жыртатын тістен

ешбір айырмашылығы жоқ(Сенигова, 1971). Ал ондай тістер көне Талғар қаласының жұртынанда көп табылған. Олардыңұқсастықтары да бірдей (Байпаков, 1986). Бұл ұқсастықтың өзі Жетісу жеріндегі жер шаруашылығының ертеден бері жалғасып келе жатқандығына дәлел болса керек. Қазақтардың мал шаруашылығымен де, жер шаруашылығымен де қатар айналысқандарын мына бір мақалдан және көруге болады.

«Кезі келсе кетпен шап,

Орайы келсе орақ ор»,

немесе,

«Жылап жүріп арық қазсаң

Күліп жүріп су ішерсің».

Қандай керемет тауып айтылған мақал. Халқымыздың мақал-мәтелдерінің парасаттылығы соншалықты онан артық айтып түсіндіріп жатудың өзі орынсыз. Мұндай парасаттылықтың өзі аяқ астынан пайда бола қойған жоқ. Ол ғасырлар тереңінен келе жатқан халық тәжірибесінің әсері демекпіз.

Жерімізде жүргізіліп жатқан этнологиялық зерттеулер кезінде де XIXғ. халқымыздың, жер жыртатын шойын тістерін сохи немесе жер ағаш деп атаған. Э.Масановтың жариялаған еңбегіндегі орақтардың түріне қарағанда әр жерде орақ әр түрлі жасалған тәрізді(Масанов, 1961). Бұл дәлелдерден де шығатын қорытындыжеріміздегі жер кәсібі өркендеп дамып кетпесе де, ғасырлар бойы жас балаша тәйтәй басып алға қарай жылжып отырған.

Табылған кәсіптік құрал-саймандар мен қолөнер бұйымдарының түр-түсімен жасалуы жағына қарағанда, біріншіден, қолдан жергілікті шеберлердің өздері жасағандары байқалса, екіншіден, оларда ұлттық белгілер байқалады. Үшінші, бір ескеретін жағдай, біздің қарастырып отырған мерзіміміздің, әсіресе XVI–XVIII ғғ. қолөнер бұйымдары мен құрал-сайман т.б қайталанбас туындыларды жасаушы шеберлердің көрнекті өкілдерінің аты-жөндерінің, сақталмауы. Мәселен, біз жоғарыда келтірілген Рузбиханның дерегіндегі арба үстіне тігілген тамаша үйлерді кімдер жасады? Қалайша жұрттың бәрі сондай үйлерді жасай білді? Оның белгілі бір өкілі болуға тиісті еді. Амал бар ма олар белгісіз. Ал XIX ғ. шеберлер туралы деректерде кездесе бастайды немесе шеберлер өздері жасаған тамаша туындыларына аты-жөндерін жаздырып қалдыруға әрекеттер жасаған (Арғынбаев, 1987, 22 б.). Ал, кәсіби құрал-саймандарды жасаушылардың ішінде қазақ темір ұсталарының атқарған еңбектері өте зор. Алайда олардың да көрнекті шеберлерінің өкілдерінің аты-жөндері сақталмаған. Бірақ та ағаш шеберлерінің





өкілдеріне қарағанда темір ұсталарының қолдарынан шыққан құрал-жабдықтар сақталса, екіншіден темір дүкендерінің жұрты сақталады. Бұған қарап халқымыздың арасында теміршіліктің және оның ұсталарының болғандығына көз анық жетеді. Ал ағаш шеберлерінің ешбір жасаған бұйымдары да, аты-жөндері де сақталмаған.

Зерттеу жұмысының барысында бірнеше тұрақ жайдың ауызғы бөлмелерінде ұсталық жұмыстар жүргізгендері байқалса, ал Шолақжиде сайының аузында күн батыс жағында тауға жақын жерден теміршінің шеберханасының және ұстаның тұрақ жайының орны табылған (Теміршінің дүкені, Зкесте). Шеберхананың құрылысы жәйлі біз жоғарыда тоқталғанбыз. Міне осындай шеберхананың табылуының өзі халқымыздың арасында теміршіліктің болғандығын көрсетсе, ал халық темір ұсталарының қызметін, мақал-мәтелінде былай суреттейді:

«Ұсталы ел озар,

Ұстасыз ел тозар» (Адамбаев, 1976, 31 б.).

Мақалда ел ішінде ұста көп болса, ол елдің алдыңғы қатарлы ел болатындығын білдіріп тұр. Амал бар ма, алдыңғы қатарлы ел болу үшін басты өнердің қажет екенін біліп тұрса да сол жанды мәселе неге іске аспады деп ойлайсыз, қамығасыз. Өйткені сол теміршілікте өсіп-өркендей алмаған. Бірақ та екінші бір мақалда: «Темірші, көміршіге үйір» деген мақалда: «Теміршілерге қажетті көмірді арнайы көмір дайындаушылардың болғандығын көрсетеді. Сондықтан да темір ұсталарының көмірді өздері дайындамай басқа көмірші деген маманданған адамдардың болғандығы теміршіліктің өз алдына жеке бөліне бастаған мамандық болды ма деген ой туғызады. Бұл ойдың пайда болуына жазба деректердегі Қасым ханның «200 мыңнан» астам әскері болған деген хабары (МИКХ, 1969, 253б.) интермелейді. Бір ғана жауынгерге орта есеппен 100-150 садақтың жөбесі керек болса, екі жүз мың деген әскер санын тым артық айтылған десек, 70-80 мыңның шамасындағы жауынгерлердің өзіне қанша жебе дайындауға тура келеді. Оның үстінен әрбір жауынгерге ер-тұрманға қажетті темірден жасалатын үзеңгі, ауыздық, тартпаның түрлі айылбастары т.б. айбалта, найза сияқты қару-жарақтарға қанша темір кетеді. Олай болса, XVI–XVIII ғғ. қазақ хандарының әскерлерінің өзіне сондай темірден жасалатын бұйымдарды бірлі-жарымды темір ұсталары қанағаттандыра ала ма? Әрине жоқ. Олай болса бұл кезде қазақ халқының арасында темір ұсталары болған. Оған басты дәлел теміршінің шеберханасының орны. Ал

жебе жасаудың өзі, аса шеберлікті қажет етпегенмен, аса ұқыпты шеберлердің болуын қажет еткен. Біздің Хантау баурайларындағы қыстаулардағы тұрақ жайларды зерттегенде «Хан қорасынан» 12 тал сауыт бұзар жебе таптық (108кесте, 1). Мұндай жебенің болғандығын Ш.Уәлиханов өзінің Жетісу аймағында болған кезінде еңбектерінде келтіреді (Валиханов, 1961, 465 б.). Ғалым қазақ жебелерінің екінші бір түрі екі қырлы жебе туралы да жазған. Қазақ жауынгерлерінің белінде кісесі болатындығы, онда жауынгерге қажетті барлық қару-жараққа қажетті бұйымдар салатын суреттеріне дейін салған. Сондағы көзге ерекше түсетіні қорамсақ, оның ішіндегі жебелері. Батырлар жырларында да:

«Қорамсаққа қол салды,

Бір салғанда мол салды.

Суырып алған қу жебе», –дегенге қарағанда (Ақсауыт, 1979, 298 б.) қазақтар жебенің бірнеше түрін жасаған тәрізді. Ал қорамсаққа қол салды дегенге қарағанда, әрбір жауынгердің қорамсағында бір салғанда 50-60 жебесі болса шын мәнінде қанша жебе дайындалуы қажет. Ал ғалымның жазуына қарағанда үш қырлы найза, айбалта әрбір жауынгерде болуға тиісті болған. Сонымен бірге әрбір жауынгерде болмаса да, қазақтарда мылтықтың болғандығын, олар мылтықты өздері жасайтындығын да жазған (Валиханов, 1961, 464 б.). Ал Шоқанның барлық жауынгерлерде болмаса да мылтықтың болғандығын, оны өздері жасаушы еді деген хабарлардан қазақ ұсталарының ішінде мылтық жасайтын шеберлердің болғандығын байқау қиын емес. Олай болса, Шолақжиде сайының аузына орналасқан темірші, осы сайдың ішінде орналасқан қыстаулардағы жүзден астам жанұяның қажетті құрал-саймандарын жасап беріп, ол өзінің қасиетті борышын өтеген тәрізді. Ұстаның тұрақ жайы мен қораларының толық өртеніп кеткеніне қарағанда шапқыншылықтың салдарынан қонысын қалдырып кеткен.

Жалпы жеріміздегі кен көздерін тауып, кен балқыту жұмыстарының тарихына қарасақ, сонау қола дәуірінен бері қарай белгілі. Академик К.И.Сәтпаевтың ғылыми пікірлеріне қарағанда ертедегі металл өңдеу жұмысының Ұлытау, Жезқазған аймағында кең түрде етек алған (Сатпаев, 1961, 5 б.). Басқа да археологиялық жер қыртысын зерттеуші ғалымдарымыздың еңбектеріне қарағанда металл өңдеу жұмысының Қалба, Нарын тауларында (Акермен, 1948, 41–45 бб.) және де ертедегі қалайы алынған Бетпақ Даланың теріскей жағындағы Қалайы-Қазған жері ерте кезден-ақ белгілі (Жилинский, 1959, 40–78 бб.). Соңғы кездегі археологиялық

зерттеулерге қарағанда Орталық Қазақстанның қола дәуірінің кезіндегі тұрақ жайларында металл балқытылған ошақтар ашылып, тарихитұрғындардың металл өңдеумен айналысқандары белгілі болып отыр (Қадырбаев, Курманкулов, 1992). Әсіресе металл қорытушылардың балқыған металды арнаулы түтікшелермен ағызып, қажетті құймаларды алуы олардың шеберліктерін көрсетеді. Ал, Жезқазған қаласының маңындағы орта ғасырлық Милықұдық қаласында (шамасы Мыңқұдық болу керек - С.Ж.) кен қазылып оны қорытатын ошақтың орны ашылған. Ө.Х.Марғұланның пікіріне қарағанда бұл жерде кеншілердің тұрақ жайлары да белгілі болған. Мұндағы металл қорыту жұмысы соңғы орта ғасырға дейін (XVIII ғ.) өмір сүрген (Маргулан, 1978, 10–15 бб.).

Ал жазба деректердің хабарына қарағанда жеріміздегі металл қорыту жұмысы XVII–XVIII ғғ. өзінде Оңтүстік Қазақстанда болған. Орыс елшілері Ф.Скибин мен М.Трошиндердің қазақтар ... қарулары найза, садақ, оқпен атылатын мылтықтары аз, оқ-дәріні өздері қолдан жасайды, ал қорғасынды Қарнақ қаласында (Қарнақ қаласы Түркістанның Оңтүстік батыс жағында қазіргі «Атабай» қыстағының жанында) ерітеді екен дейді (МИТТ, 1933, 267–66.). Келтірілген деректерден шығатын қорытынды, XVI–XVIII ғғ. жерімізде металл өңдеудің болғандығын байқатса, оны өңкеркендеп кетпегенімен, халқымыздың қажетін аздап болса да өтегенін көрсетеді.

Халқымыздың арасында кең түрде дамымағанмен көзешілік өнерінің болғандығы белгілі. Көзешілік өнері жерімізде сонау ғасырлар тереңінен, жаңа тас дәуірінен бермен қарай жалғасып келе жатқан өнердің бірі десек артық айтқан болмаймыз. Әсіресе жерімізде қола дәуірінің кезіндегі көзешіліктің дамығандығы археологиялық жарияланған еңбектерден белгілі. Бұл мезгілдің өзіне тән бір ерекшеліктері, көзенің сыртына жасалған ою-өрнектердің, халқымыздың алаша, текемет, кілем, басқұр сияқты т.б. бұйымдарында кездесіп отыратындығы. Олардың бір-бірімен ұқсастығының кездейсоқ нәрсе еместігін ескерсек, екі дәуірдің мезгіл жағынан бір-бірінен мыңдаған жылдар алшақтығына қарамастан ол ұқсастықтың жергілікті бір этникалық байланыстың бар екендігін байқатады. Алайда Оңтүстік Қазақстандағы көзешілік соңғы орта ғасырдың аяғында XIX ғ. екінші жартысында нашарласа, Жетісу аймағындағы көзешілік өзінің бұрынғы кезіндегі (XVIII ғ.) дамуынан айрылады. Тек кейбір Тараз сияқты атақты қалаларда ғана көзе жасау сақталған.

Ал, атақты Отырар, Сауран, Түркістан, Созақ т.б. қалалар мен қыстақ кенттерден жинастырылған көзешілікте қазақ ру-тайпаларының таңбалары кездеседі, бұл таңбаны жасағандар қазақ көзе шеберлері, не қазақ үстем тап өкілдерінің шеберлерге жасатқан деген пікір ұсынса (Акишев, Байпаков, Ермакович, 1972), ал С.Ақынжанов таңбаларды жоңғар шапқыншылығы кезінде Жетісу аймағынан ауып келіп, Оңтүстік Қазақстандағы қалаларға орналасқан Сіргелі, Дулат, Қаңлы, Найман т.б. ру-тайпалардың таңбалары деген пікір ұсынады (Ахинжанов, 1975, 57–58 б.). Бұл екі пікірдің де жөні бар сияқты. М.Қашқаридың жазуында патшалар өзіне арналған сусын шарап құятын шағын көзені басқа біреулер пайдаланбау үшін, таңба салып қоятындығын хабарлайды (Махмуд Қашқари, 1993, 33 б.). Ал, Оңтүстік, Жетісу жеріндегі көзешіліктегі қазақ ру-тайпаларының таңбалары сол үстем тап өкілдерінің пайдаланған ыдыстары ма деген ойды дәлелдейтін сияқты. Әрине бұл пікірдің баянды болуы үшін, әлі де көптеген археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген дұрыс болар. Дегенмен көзешіліктегі халқымыздың таңбаларының жәй салынбағандығын оның бір мәні барлығын естен шығармаған жөн.

Жетісу аймағындағы көзешілікке келетін болсақ, мұнда да көзешіліктің көне дәуірлерден бастап-ақ соңғы орта ғасырдың алғашқы кезінде (XVI ғ.) әлсірей бастады. Жетісу жеріндегі қалалық өмірдің әлсірегендігі туралы осы кезде бұл аймақта өмір сүрген атақты қазақ халқының тұңғыш тарихшысы Мухамед Хайдарда жазған (Пищулина, 1977, 137 б.). Дегенмен, Жібек жолының үстінде тұрған аты шулы Тараз, Талхир, Алмалы, Мерке сияқты қалаларда және қала маңындағы қыстақ-кенттерде көзешілік соңғы орта ғасырда да өмір сүрді (Сенигова, 1972). Бұл ойымыздың ақиқаттығына Қарақүнге қыстауларының бірінде көзешінің шеберханасының орнының табылуы. Көзешінің тұрақ жайымен шеберханасы Қарақүнге бірінші қыстаудың батыс жағында екі қырқадан кейінгі бір кішілеу сайдың жазықтау келген жүрекшеде орналасқан (46кесте). Ол туралы жоғарыда жазылды. Мұндай көзешілікпен қыстаулы жерлерде айналысқандықты біз алғаш рет тауып хабарлап отырмыз. Тұрақ жайы да, көзе пісіретін ошақ та бүлінген. Кейбір жерлерде еденнің сақталған жерлері ғана байқалады. Ал негізгі көзешілікпен айналысқанды білдіретін көзе күйдіргенде ағып түскен ағындылар, көзенің XVI–XVIII ғғ. жасалған мерзімін білдіретін сынықшаларының табылуы. Мәселен, бұл мезгілге тән онша таза емес ақшыл сырмен сырланған шыны, кеселердің табылуы





(109кесте). Ондай көзе ыдыстар Отырар,Тараз қалаларынан белгілі(Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, 177 б.). Көзелердіңсырланғандарынан сырланбағандары басым. Бұл жердегі көзешінің де ісі баянды бола алмаған.

Жалпы көзешілікті байқататын сөздердің шығу тарихына зер салсақ, бұл өнердің қимақ-қыпшақ тайпаларының өз кезіндегі ауыз-екі айтылыпжүрген сөздер екенін байқатады. Академик Ә.Х.Марғұланның ғылыми пікіріне қарағанда қыпшақтардың көзешілікпен айналысқандарын олардыңсөздік қорында көзе, көзеші, шығыр көзесі, құты, манқұс (мойны тар көзе), күбі көзе сияқты сөздердің болғандығын келтіреді(Маргулан, 1973, 33 б.).Сөйтіп қыпшақтардыңөзінде XIII–XIV ғғ. көзешіліктің болғандығын көреміз. Ал, Жетісу аймағындағы көзешіліктің XVII ғ. бастап әлсіреуіне басты себеп, ауық-ауық болған жоңғар шапқыншылығыныңәсері ме деген ой туғызады. Бұл ойға итермелейтін басты дәлел көзешінің тұрақ жайындағы болған өрттің қалдықтарыныңсақталуы. Сол сияқты біз атап өткен теміршінің тұрақ жайының толық өртеніп кетуі.

Сүйек ұқсата білуде қазақ халқының өмірінде ертеден белгілі болып келе жатқан өнердің бір түрі. Көрнекті этнограф ғалымдарымыздың ғылыми еңбектеріне қарағанда, қазақтар сүйектен түрлі ою-өрнектердің үлгілерін жасап киіз үйлердіңсықырлауық есігін, кебеже, төсек сияқты т.б. көптеген бұйымдарын әшекейлеген(Арғынбаев, 1987, 84–87 бб.). Ал қыстаулардағы тұрақ жайлардан табылған ұршықтың басы (Шолақжиде 62кесте), бақалақ (қол диірменнің екі тасының арасын қосып тұратын бөлшегі) (Қаракүңгей32кесте, 3), шүмек (Шолақжиде 110кесте,қойдың асықты жілігінен жасалған.) т.б кезінде іске жаратылған бұйымдардың сынықтары көптеп кездеседі. Бұған қарағанда қазақтар сүйектен тек әшекей үлгі ою-өрнектер жасап қоймай, одан қажетті құрал-саймандар да жасай білген. Ал археологиялық зерттеулерден жерімізде сүйектен жасалған жебе, балық ұстайтын жабысқыш құрал, ірі малдың жақ сүйектерінен жасалған орақ т.б. құралдардың түрлерінің табылуы, ертеден-ақ тарихи тұрғындардың құрал жасай білгендігін көрсетеді. Алайда, бұл өнердің түрі де жеке түрде дамып өндірістік дәрежеге жете алмады. Басқаөнерлердің түрімен бірге араласып халқымыздың ғасырлар бойғы қажетін бірге өтеп бүгінгі дәуірге дейін жетіп отыр.

Мал шаруашылығы, қорық, қора-жай салудың құрылыс-жүйелері

Жетісу аймағынан табылған қыстаулар, орналасуы жағынан мал басын қыстан аман алып шығуға ыңғайлы, табиғи жайылымы жеткілікті, отын-суы мол жерлердің таңдап алынғаны белгілі. Біз ол туралы жоғарыда қарастырып өттік те. Қыстаулы жер тек жайылымды жағынан ғана емес, ол сонымен бірге онда салынатын тұрақ жайлар үшін де табиғи құрылыс материалы жағынан жеткілікті болуы қыстаудың басты бір шарты. Сондықтан да қыстауға таңдап алынатын жерлердің оған қажетті шарттары тұрғындарды қанағаттандырғанда ғана ол жер қыстау болуы мүмкін. Ондай қыстаулар туралы біз жоғарыда жаздық та.

Ендігі басты мәселе сол қыстаулардың алып жатқан жерлерінің орналасуына байланысты, ондағы шаруашылықты жүргізу үшін, жұмыстарды ұйымдастырудағы істелген шараларға тоқталу. Жасалған жұмыстардың экономикалық тиімді жақтарының бетін ашу. Мұндағы басты бір байқалатын нәрсе, қыстаулардың және ондағы салынған елді-мекендердің Жетісу жеріндегі қазақтардың шаруашылықтың қандай түрімен айналысқандарына және оны қалай жүргізгендеріне толық дәлел бола алатындығында.

Мал өсірумен басым айналысатын халықтардың шаруашылықтың негізінен көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы мал шаруашылығымен шұғылданатындары археологиялық және этнологиялық зерттеулерден белгілі(Хозяйство казахов на рубеже..., 1980, 37 б.). Бұл үш түрлі шаруашылықтың біріншісі, өзінен-өзі түсінікті. Мұндағы басты көңіл бөлетіні екінші, үшінші түрі. Бұл өзіміздің зерттеген материалдарымызға сүйене отырып оларға талдау жасауға әрекет жасапкөрелік. Қазақтардың жартылай көшпелі малөсіру тіршілік көзіне алғаш XIXғ. аяғында анықтама беруге әрекет жасаған Н.Харузин болды. Оның көрсетуі бойынша, қазақтардың жартылай көшпенділікке өтуіне екі түрлі жолды көрсетеді. Бірінші қазақ байларының тұрақты жай салуымен байланыстырылса, екінші қазақ кедейлерінің көшіп-қонуына мүмкіндіктері болмағандықтан олар тұрақ-жай салып егін егіп отырықшылана бастауы (Харузин, 1896, 117 б.) дейді. Енді осы пікірдің өзіне сараптама жасап көрелік. Біріншіден, байлардыңүй сала бастауының өзі ол тек орыстармен жақын жерлерде ғана болды. Бұл мәселе тек XIX ғ. екінші жартысынан басталды. Ал оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарда қыстаулардағы үй-жай салу мәселесі одан бұрын

басталмады ма? Олай болса Н.Харузиннің бұл пікірі дұрыс емес. Ал, екінші пікірі бойынша, кедейлердің жоқшылықтыңсалдарынан отырықшылық басталды деуі және шындыққа жанаспайды. Кедейлердің отырықшы бола бастауы, бізге тарихта орта ғасырдан белгілі. Бұл жағдай сол дәуірден қазақ халқыныңөміріне дейін онша өзгеріске түспей жалғасып келе жатыр десек қателеспейміз. Ондай жатақтардыңөмірі туралы біз жоғарыда келтірдік(Кумеков, 1972, 119 б.).

Мұнда және бір ескеретін жағдай кедейлердің отырықшылана бастауын жартылай көшпелілікке жатқызуға болмайды, бұл отырықшы өмірдің басы екендігін ескерген жөн. Ал, Н.Харузин қазақтардың жартылай отырықшы өмірге көшуі қай кезде басталды? деп оған дәлелді қазақтардың бір жерге тұрақ жай салып оған қайта келуі тұрақтағанда жартылай отырықшылыққа көшкен болып табылады деп оны және орыс елімен көрші жатқан жерлерді көрсетеді. Біздің ойымызша бұл да дұрыс емес. Мал өсіруші халықтыңөмір тарихымен айналысыпжүрген көрнекті этнолог ғалымның пікіріне жүгініп көрелік. Ол жартылай отырықшы көшпелілергеқыстаудан жайлауға, жайлаудан қыстауға ғана көшіп, екі жерде тұрақ жай салған шаруашылықты айтамыз дейді(Вайнштейн, 1972, 73 б.). Жартылай отырықшылықтың бұл түрі, орманды алқаптардағы халықтарда болуы мүмкін. Бұл біздің халқымыздың тіршілігіне сәйкес келмейді. Сондықтан да жартылай отырықшылықтыңөзі табиғи жағдайға байланысты жергілікті ерекшелігі болады.

Біз, халқымыздың XVI–XIX ғғ. елді-мекендеріне сүйене отырып мал өсірудің жартылай көшпелі, жартылай отырықшы түрін былай түсінгенді жөн демекпіз. Жартылай көшпелі өмір деп – өзінің бір жерде тұрақты қыстауы бар, онда салынған тұрақ-жайы қысқа азды-көпті шөп дайындайтын тарихи тұрғындардың тіршілік көзін айтамыз. Ал, жартылай отырықшы өмір деп – бірінші тіршілік көзіне қосымша қыстау маңында жер өңдеумен айналысқан тұрғындардыңөмірін айтамыз. Мәселен,Шолақжиде жеріндегі қыстаулы жерлерде Мусабек, ал Хантау жеріндегі Тарақбай, Қапал уезінің жерінде Баянжүрек т.б. қыстаулар маңында егіндік жерлерге су тартылған арық тоғандары болған. Мұндай қыстауларда жартылай отырықшылық тіршілікпен айналысса, ал Малайсары таулы-жоталарының және Іле бойыныңтоғайлы жеріне орналасқан қыстауларда тұрғындар тек қыс көзі қырауда ғана өмір сүрген. Ол жартылай көшпелі тіршілік болған. Шаруашылықтың бұл екі түрі Жетісу аймағында орта ғасырдан бері қарай белгілі болса,ал қазақ дәуірінде

одан ары дами бастайды. Оған басты дәлел, біздің зерттеп отырған жүздеген қыстауларымыздың орындары. Жетісу жеріндегі тіршіліктің бұл екі түрін К.А.Пищулина да жазған (Пищулина, 1977, 143 б.). Ғалым Жетісу жеріндегі мал шаруашылығының Қазақстанның басқа жеріндегі көші-қонға қарағанда әлдеқайда қысқа болғандығын, оның жартылай отырықшылықпен айналысып суармалы және су-сыз егін егу кәсібімен айналысқандығынкөрсетеді. К.А.Ақышев Қазақстанда өмір сүрген тайпалардың жер кәсібімен ертерек айналысқан, олардың тіршілік көзі көп жағдайда жартылай көшпелі–жартылай отырықшы мал өсіру болған дейді (Акишев, 1972, 37 б.).

Сонымен бұл, бір-біріне қарайлас екі шаруашылықтың негізгі тірегі қыстау және оның аймағындағы жайылымды жер. Ол малды аман-есен қыстан шығаруға көңіл бөлген. Сондықтан да Жетісу аймағындағы қазақтар халық шаруашылығын жүргізуде қыстаудағы жұмыстарды ұйымдастыруда оған ерекше көңіл бөлген. Өсіресе қысқы жайылымның бей-берекетсіз пайдаланылуына жол бермеуге тырысқан. Соңғы кездегі жазылған деректер болғанымен көптеген орыс деректерінің қыстаулар туралы берген хабарларыныңөзі сол бұрыннан қалыптасып келе жатқан шаруашылықтардың жалғасы екендігін жоққа шығаруға болмайды. Мәселен: С.Броневский қазақтардың тек өз қыстауларында, ешкім олардың орындарына отырмайтындарын немесе қонбайтындарын жазады (Броневский, 1830, 72–75бб.). Мұндай хабарды, яғни әрбір ру мен әрбір ауыл жыл сайын бір ғана жолмен, өздерінің ата-бабалары жүздеген жыл бұрын аялдаған белгілі бір бұлақтар мен құдықтардың басына тоқтай отырып, орны өзгермейтін қыстауларына да осы жолмен қайтып отырған. Бір ауыл екінші ауылдың жолыныңүстімен өтуі, соқпағымен жүруі мүмкін, бірақ қалыптасқан тәртіпті бұзу қанды қақтығыстарға әкеп соқтырған (Құл-Мұхаммед, 1994, 73 б.).

Дәл осындай деректі XVI ғ. өмір сүрген тарихшымыз Мухамед Хайдарда, қыс көзі болғандықтан әрбір адам өз қыстауларында, себебі ондамалға қажетті жем-шөбі бар деп хабарлайды (МИКХ, 217 б.). Екі деректің бір-бірінен мерзім жағынан алшақтығына қарамастан екеуінің қыстау туралы беріп отырған хабарларының мағынасы бірдей. Олай болса, Жетісу аймағындағы мал өсірудің жартылай көшпелі, жартылай отырықшы болғандығы XVI ғ. өзінде белгілі болған. Мұны археологиялық жағынан және байқауға болады. Жетісу жеріндегі ерте және орта ғасырдың





қалалық мәдениетін зерттеп жүрген археолог Т.В.Савельеваның пікіріне қарағанда ортағасырлық қалалардың көпшілігі түркі тілдес тайпалардың қыстауларының орнына пайда болған (Савельева, 1989, 32–38 бб.).

Біздің зерттеп жүрген қыстауларымыздың елді-мекендері сол, жерімізде өмір сүрген, халқымыздың құрамына негіз болған түркі тілдес тайпалардың қыстауларының орындарына салынып, содан бері қарай жалғасып келе жатқан қыстаулардағы елді-мекендердің орындары (жұрты) деп түсінген жөн. Олай болса Жетісу аймағындағы мал өсірудегі жартылай көшпелі мен жартылай отырықшылық содан бері қалыптасып келе жатқан тіршіліктің көзі демекпіз. Жетісу жеріндегі бұл мәселені және Оңтүстік Қазақстан бойынша түрік дәуірі кезіндегі қалалық мәдениеттің дамуы және оған жартылай көшпелі тайпалар мәдениетінің жүргізген әсері, олардың отырықшы жағдайға өту проблемаларын жеріне жете зерттеген көрнекті археолог К.М. Байпаков (Байпаков, 1986) болды.

Он сегізінші ғасырдағы орыс деректерінде, Поспелев пен Бурнашевтердің хабары бойынша, әркім өз қыстауына оралады, қысқы жайылым жеке адамдардың меншігі болып табылады дейді (Казахско-русские отношения в XVI–XVIII..., 1961, 156–158 бб.). Мұндағы қысқы жайылымның тек адамдардың қолында болуыныңөзі, қыс кезінде малды қыстан аман алып шығу үшін ғана емес, бұл қазақ халқында қысқы жайылым мен қыстаудың жеке меншіктің қолында болғандығын дәлелдесе керек. Кейбір деректерде әрбір қыстау жайылымдарының арасында белгілі шекаралары болған. Мұндай деректер патша өкіметінің қазақ жерін отарлау үшін жіберген кез-келген өкілетті өкілдерінің көбінде кездеседі. Оның бәрін келтіріп жатудың қажеті шамалы. Алайда деректерде тек қысқы жайылым туралы ғана емес, жазғы жайылымдардың да қатаң түрде бөлініп, жеке иеленушілердің қолында болғандығы хабарланады (Материалы по обследованию туземного...Лепсинский уезд, 1911). Жазғы жайылым туралы айтқанда, кейбір қызықты деректі кездестіреміз. Мәселен, Куфтиннің жазуына қарағанда, жазғы жайылымдардың қатаң бөлініп оның қадағаланатындығы соншалықты, көші-қон кезінде біреудің жеріне біреу, бір күннен артық қонуға болмайтын болған (Куфтин, 1926, 15 б.) немесе жайлауда жері жоқ адамдар, жайлауға көшкен адамдардың ең соңынан көшіп барып тек бос қалған жерге қонатын болған. Сондықтан да көп жағдайда қазақтар арасындағы болып жататын дау-шар, ырың-

жырың жақсы жайылым жердің жетіспеушілігінен туатын. Сондай үлкен дау-шардың бірі Ұлы жүзбен Орта жүздің арасындағы Қасқакөл (Шамасы Балқаш болуы керек) жағасындағы қысқы жайылым үшін болған тәрізді. Бұл кездегі Орта жүздің биі бала би Орманбет болса керек. Бұған қарағанда Қазыбек би қаза болғаннан кейін болған уақиға. Ал, Ұлы жүздің биі Төле би оны Кіші Жүздің биі Әйтеке би жақтаса керек. Бірақ та Орманбет би әділдігін айтып, жерді бермеуге тырысып былай депті:

«Екі би айтқан сөзің жарасады, -

Еншіге әркімдер-ақ таласады.

Қасқакөл Орта жүздің көлі еді-ғой,

Айтқандарың қиянатқа жанасады», –деп көлді бермеуге тырысады. Сонда Орманбет бидің анасы баласын көндіріп Қасқакөлді үш жүздің пайдалануына шешсе керек. Сонда Төле би, Орманбет бидің анасына риза болып былай деген екен:

«Қасқакөлді алам деп келіп едім,

Орманбет бермеген соң өліп едім,

Жетпіс жаста айтқаным жерде қалып,

Мәңгіге тірілместей болып едім» (Төле би, 1991, 9 б.).

Бұл таластан байқалатыны қазақ қорымында жердің жүздер арасында бөлінуін байқатса, ал жүздердің ішінде және өзара ата-бабалар арасында бөліске түскен.

Екінші, басты көңіл бөлетін мәселе қыстау маңындағы «қорықты» жерлер. Қазақтар өздерінің қыстауларының, жанынан онша алыс емес, желден ық болатын күн көзі жақсы түсетін шөбі мол бұталы жерлерді қорық жасап қояды. Қорық сөзінің мағынасы «қору»сөзінен шыққан (Арғынбаев, 1969, 37–39 б.). Ондай жерді қорудың мақсаты, мал ішіндегі отарға ілесіп, жайыла алмайтын арық тоқты, жас төлдеп қалатын мал болса, немесе, «көлік» болып жүрген мініс аттарды, ұстайтын жерді «қорық» деп атаған.

Аңыз әңгімелерге қарағанда халқымыздың атақты «Баян тауындағы Шоң қорығы», Шыңғыстаудағы «Жидебай қорығы», Арқадағы «Жұпар қорығы» сияқты т.б. қорықтар белгілі. Халқымыздың көрнекті этнолог ғалымдарының бірі Х.Арғынбаев өзінің «Қазақ халқының мал шаруашылығы» атты очеркінде «Жұпар қорығы» туралы тамаша аңызды келтірген (Арғынбаев, 1969, 37–39 б.). Аңызға ғалым өте орынды ғылыми сараптама жасаған. Біздің бұл аңызға көңіл бөлуіміздің басты бір себебі аңызда Жұпар бәйбішенің атақты Асан қайғының жесір жеңгесі болып келуі. Егер Асан Сәбитұлы XV ғ. өмір сүргенін мойындасақ, халқымызда «қорық» жерін жасаудың, сол кезде болғандығын ескеріп,

содан бері соңғы орта ғасырға дейін жалғасып келе жатқандығын ескеру.

Қорық туралы деректер жерімізде болған XIX ғ. екінші жартысындағы орыссызхатшыларымен отарлаушыларының көпшілігінің еңбектерінде кездеседі. Мәселен, Қапал уезінің қазақтары өздерінің қыстауларыныңмаңындағы қорықты жерлерді «Қой бөлік» деп атаған. Оны әрбір қауымның адамдары жеке өздері қыста немесе ерте көктемде пайдаланған (МОТ. Капальский уезд., 1913, 98–100 бб.) немесе қорық әрбір шаруашылықтың жеке иелігі болып табылатындығын, олар ол жерді өздерінің қалауынша пайдаланатындығын жазады (МКЗ. Семипалатинская обл., Павлодарский уезд., 1903, 19 б.). Этнологиялық зерттеулерге қарағанда қыстаулардың жанында «келте қыстау» деген жерде болған (Хозяйство казахов на рубеже..., 1980, 60 б.). Бұл жерде шамасы қорықты жер.

Біздің қолда бар зерттеген қыстауларымыздың жанындағы мұндай қорықтық жерлер, өзен бойындағы қыстауларда байқалса, ал таулы жерлердегі қыстауларда оның қорықты жер екендігі ерекше көзге түседі. Мәселен, Шолақжиде №6 қыстауының елді-мекен салған жерінің артқы жағы қорық болған. Оның солтүстік жағы түгелдей табиғи биік таулы жартаспен қоршалса, ал оңтүстік жағы қора-жай, тұрғын үймен қоршалған. Ал, батыс пен шығыс жағы таспен қаланып қоршалған. Қорықтың ішіне мал сырттан кіре алмайды да, ал іштегі мал сыртқа шыға алмайды.

Скифтердің тарихымен айналысып жүрген А.М.Хазановтың пікіріне қарағанда скиф тайпаларының қоныстарының жанында сондай тас қоршаулар болған (Хазанов, 1975, 125–127 бб.).

Бұл дерекке қарағанда «қорықты» жерлер мал басының көбеюіне байланысты темір дәуірінің кезінен бастап-ақ пайда болса, оныңсоңғы кезге дейін өмір сүріп келе жатқандығын байқау қиын емес. Өлі есімнен кетпейді, жас кезімде әкем колхоз қойын бағып «Тораңғының қыстауы» деген жерді қыстайтын. Үйдің шығыс жағында аумағы бір жарым-екі гектар(га) қалың бұталы, шилі қамысты жерді маған қорытып, отар қойдың ол жерге кіріп кетпеуіне қаратып қоятын. Енді ойласам қорық деген жердің не екендігі маған белгілі болып отыр. Алайда менің айтайын дегенім бұл емес. Колхоз кезінде шөбі-суын дайындап беріп отырған күнніңөзінде, әркімнің қорық жасауға бейім тұрғанныңөзі мал өсірумен айналысатын халықтың оған қажетті, бұрыннан қалыптасып келе жатқан шараларды сақтауға бейімділігін көрсете ме деп ойлаймын. Шындығында ол қорыған

жерлердің пайдасы өте зор, әсіресе қыс аяғы ұзап кетсе, немесе қатты боранды күндер болса ондай жерлер малға пана әрі азық болған. Көп жағдайда тәжірибелі малшылар, қыстауға келген кезден бастап, малының қоңды кезінде және күн ашық жылы кездерде, малдарын қыстаудан алыс жерлерді жегізіп алуға тырысады. Біртіндеп, қыс мерзімі өте бастаған сайын қыстау маңын жегізетін. Сөйтіп малды қыс кезі қыраудан аман алып шығуға тырысатын. Мұныңөзі мал өсіру жолында адамдардыңөздері өмір сүрген белгілі бір ортаға бейімделуін көрсетеді.

Қыстыңсуық күндерінен мал басын аман сақтаудың және бір басты шарасы малға қора жасау болған. Мұндай шаралардың болғандығын XVIғ. халқымыздың атақты жырауларының бірі Жиёмбет жыраудың Есім ханға айтқан мына шумағынан анық байқауға болады:

«Қалада тұрып жылаған...

Тал шарбаққа мал сақтап,

Тас қамалға жан сақтап,

Тасқан екен мына хан» (Бес ғасыр жырлайды, 1984, 60–61 бб.).

Бұл шумақтың айтылған жері Есімнің Жетісу жерінде және Шығыс Түркістан жерінде болып қалмақтарға қарсы соғысқан кезі. Мұндағы «тал шарбақ» немесе «тас қамал» деген сөздер бекер айтылмаған шамасы, Жетісу жерінде көктем, күз айларында талдан да қора салынған. Ал Орталық Қазақстанда Ө.Х.Марғұланның маған берген бір кеңесінде «шетен қора» деген қора болған. Шетен деген ағаштың бір түрі. Оны қада жасап арасын тоқып жасайтын сияқты. Ал Жиёмбет жыраудың айтып отырған тал шарбағыда сол талдан қада жасап арасын тоқыған қоралар болуы тиіс. Ал, біздің зерттеген қыстауларымыздың бәрінің жанында қора, күркелер кездеседі. (Шолақжиде 11, 18кесте; Баянжүрек 4,21кесте;Қаракүнгеі 7,26кесте) Жетісу жеріндегі қоралардың өзіне тән бір ерекшелігі, түгел дерліктей тастан қаланған, кейбір жерлерде жартастардың арасы қора есебінде пайдаланған. Екінші бір ерекшеліктері, қоралар тұрғын үй-жайлардың жанына тақап үйдің бір жағындағы қабырғасын қораның бір жақ қабырғасы есебінде пайдаланылған. Кейде үйдің артқы жағын қораның бір жақ қабырғасы есебінде пайдаланған. Бір шаруашылықтың өзінде үш-төрттен қоралар жасалған. Ал кейбір шаруашылығы басым қыстаулардың жанында қоралардың саны төрт-беске дейін жетеді. Қоралардың барлығы дерліктей бір-бірімен жалғастырылып жасалған. Бұлай салынудың басты себебі құрылыс материалын үнемдеу болса, екіншіден, олардың жылы бо-





луын ойластырған. Әрбір тұрақжайдың жанындағы қора санының бірнеше болуы әр түліктің жеке-жеке қоралағанды көрсетеді. Сондықтан да қазақтар қораларын әр түліктің атымен «қой қора», «ат қора», «сиыр қора» деп өз атымен атаған. Оны жасалған қоралардың үлкен-кішілігіне қарай ажырату қиында емес. Әсіресе ат қораны білу өте оңай. Себебі шөп салатынақырдың жасалуы. Біздің зерттеген қыстаулардағы қораларымыздың көбінде ат қорада бір жақ бұрышында немесе бір жақ қабырғаның бойында тастан қаланған ақырлар кездеседі (Шолақжиде 6, 17кесте). Ал қой қоралардың ішінде бір бұрышқа кішілеу келген күркелер жасалса, ал сиыр қоралардың бір жағы бұзауға бөлініп бұзау қора жасалады. Қазақтар сиыр малын ұстамады деген де пікір бар. Бұл шындыққа жанаспайды. Оған басты дәлел, халқымыздың аңыз әңгімесіндегі төрт түліктің жаратушысы «пірі болған». Онда сиыр малының жаратушы пірі «Зеңгі баба»(Казбеков, 1875) деп айтар ма еді. Екінші бір дәлел егер қазақтар сиыр малын пайдаланып, асырамаса оны құрметтеп жыл мезгіліндегі мүшелдегі хайуандар арасына қосар ма еді?(Исқаков, 1980, 263 б.). Үшіншіден, жерімізде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарында сиыр малының сүйектері қола дәуірінің қоныстарынан бастап, біздің зерттеп отырған қыстауларымыздың елді-мекендерінің барлығында кездеседі. Әсіресе, сиырдың сүйектерінің ішінде маған танымалы олардың асықтары, кез-келген тұрақ жайлардан табылып отырды. Сиыр малының халқымыздың өмірінде кең түрде орын алғандығын оның ауыз әдебиетінен де байқауға болады. Мәселен:

«Бұзау, тайынша жиылып

Бота болған заманда»(Ел қазнасы ескі сөз, 1994, 396 б.).

Мұндағы бұзау, тайынша немесе құнажын, дөнежін сияқты т.б. сиыр малына олардың жасына қарай берілетін атаулары егер олар сиыр малын бақпаса болар ма еді? Шумақтағы бұзау мен тайыншаның, жас ботаға бағаланып тұрғанына қарағанда олардың нарқының төмен болып тұрғаны, сиыр малының қазақтар арасында онша бағаланбағанын көрсетеді. Бірақ та қазақтардың сиырды мүлде пайдаланбады деуге болмайды. Жетісу аймағындағы қазақтардың сиыр малын пайдаланғандарын, бұл аймақта болған қытай елінің саяхатшыларының жазған деректерінен де байқауға болады. Онда қазақ байларының он мыңдаған ірі-қара және жылқылары болатындығын жазса, ал олардың қойларының санында есеп жоқ (Прошлое Казахстана в источниках и материалах..., 1994, 39 б.) дейді. Ал, патша өкіметінің жерімізді отарлау саясатына

байланысты жүргізген есеп-қисабының кезіндегі материалдарына зер салсаңыз қазақтар малдарын түнде қораларына қамайды (МКЗ., Т. 12, 132 б.). Олардың қоралары тастан, ағаштан, қамыстан, шымнан салынады (МКЗ., Т. 1, 34 б.) немесе қағылған қадаларды айналдыра киіз тартылса (Тякин, 1861, 323–324 бб.), ал кейбір жағдайда киіз үйде тігіліп малға қора жасалатындығы хабарланады. Мұндай хабарларды XIX ғ. екінші жартысында шыға бастаған «Дала уалаяты» газетінің бетінен де кездестіруге болады. Онда қазақтардың күздеулерінің жеке адамдардың қолында болатындығын, ал қыстаудан 10-20 шақырымдай жақын орналасатындығын одан соң қазақтардың қазан айынан бастап қыстауларына барып онда мамыр айына дейін өздерінің тастан, ағаштан немесе кірпіштен салған үй-қора жайларында тұратындарын жазған (Дала уалаяты, 1994, 123–126 бб.). Мұндағы хабарға қарағанда қазақтардың солтүстік аудандарындағы қыстаулардағы тұрған мерзімі беріліп отыр. Ал, Жетісу аймағында қыстауда алты айдан артық тұруға болмайды. Ол қарашадан бастап мамырдың алғашқы кезіне дейін. Әрине, бұл деректер XIX ғ. екінші жартысында болған уақиғаларды хабарлап отырған жоқ па деп айтушылардатабылуы мүмкін. Рас, оған да қарсы шығуға болмайды. Алайда, бұл тіршіліктің көзі ертеден-ақ жалғасып келе жатқандығын естен шығармаған жөн.

Халқымыздың тіршілік көзіндегі және бір ескертін жағдай, қазақтар пішен дайындауды білмеген деп кінә тағылуда. Біз бұл пікірдің дұрыс еместігін дәлелдеп оған көз жеткізуге тырысамыз. Біз жоғарыда қыстаулардағы ат қоралардың ішіндегі тастан қаланған «ақырлардың» болғандығын келтірдік. Егер шөп дайындалмаса ондай ақырларды не үшін жасайды деген сұрақ туады. Оның атқа шөп салуға қажет құрылыс екенін көптеген зерттеушілеріміздің білмеуінен қазақтар шөп дайындауды білмеген деген пікір туғызып жүр. Ақыр тек атқа ғана шөп салуға қажет болып қоймай ол, басқа да қолға ұстап отырған малға шөп салуға қажет құралдың бір түрі. Сондықтан да мал өсірумен айналысатын халқымыздың тіршілігінде мал өнімінің экономикалық жағының тиімді болуының белгілі бір шарасы шөп дайындауда ертеден белгілі. Жетісу жеріндегі қазақтардың қысқа малға шөп дайындайтындарын өз көзімен көрген Ш. Уәлиханов, қазіргі Шелек ауданының жерінде Шелек пен Қаратұрық қыстақтарының арасы шабындық және Кербұлақ ауданының Күреңбел деген жерінде Төресазда қазақтар шөп шауып жүр деп хабарлайды (Валиханов, 1961, Т.1., 235 б.). Әрине төрт түлік мал басының барлығын шөппен қамтамасыз етті дейтін

пікірден аулақпыз, дегенмен қажет деп тапқан кезде қолдағы байлап отырған малдарына қазақтар пішен дайындай білген демекпіз.

Біз жоғарыда «қорық» туралы біраз айттық, бұл жерде осы шөп дайындау мәселесіне байланысты және қайталауға тура келетін бір жағдай, қазақтар ырғын етіп шөп дайындамағанымен қыстау маңындағы шөбі қалың жерлерді қолға қарайтын малдың ерекшелігіне қарай бөліп ол жерге сол тиісті малын ғана жіберіп отырған. Мәселен, егер, бірінші орында «қорық» тұрса, одан кейін «келте қыстау», «жалған қыстау», «ала тебін», «қарамал жер», «атарқан», «бұзау жер», «бие жер», «тұяқ кесті» деп т.б жайылым түрлеріне бөліп оған тек сол өзінің атына сәйкес малды жайған (Хозяйство казахов..., 66 б.). Қыстау маңындағы жайылымдардың бұлай бөлінуінің өзіндік ерекше мәні зор болған. Оның басты бір себебі малдың қондылығына және олардың жайылуының өзіндік ерекшеліктеріне де көңіл бөлінген. Аталған жерлердің ішінде «атарқан», «бие жер», «ала тебін» жайылымы тек жылқыға арналған жерлер. Бұл жерге басқа мал түсіп жайылса ол, жерге жылқы жайылмай қоятын. Ол жылқы малының өзіндік бір кірпияз таза қасиетін көрсетеді. Қазақ халқы жылқының сондай қасиетін біліп оларға ерекше жағдай туғызуға әрекет жасаған. Жылқышы болған қариялармен әңгімелескенде олар жылқы малының адам мінездес қасиетті жануар екенін айтып олар шөптің тазасын, судың тұнғын ішетін жануар деп мақтайды. Сондықтан да халқымызда жылқыға деген сүйіспеншілік ерекше. Оны Қасым хан өзіне қонаққа келген моғол ханы Сейіт ханға өзінің әрбіреуі бір үйір жылқы тұратын екі атының бірін сыйға тартқанда айтқан сөзінен толық білуге болады (МИКХ., 226 б.). Жалпы жерімізде жылқы малына ерекше көңіл бөлгендік, халқымыздың этникалық құрамының негізі болған қыпшақтардан бері қарай белгілі. Олардың жылқылары дүние жүзілік базарда жоғары бағаланғандығы белгілі. Ал XVI ғ. өмір сүрген Шайбани ханның хатшысы Рузбихан қазақтардың малындай әсіресе табын-табын сиырлары мен үйір-үйір жылқыларында есеп жоқ, олар жатқан бір телегей теңіздей деп таңданған (Фазлаллах Ибн. Рузбихан, 1976, 93 б.). XVI–XVIII ғғ. қазақ халқының малының телегей-теңіздей болуының өзі ол кезде малды дұрыс жая білудің, орнын тауып қыстап қора-жай жасаудың, қыстың қатты аязды күндерінен сақтана білудің, малға қажетті тиімді шараларды жасай білуден екендігін ұққан жөн. Екінші бір басты мәселе, қазақ халқы өз жерінің инженері болды десек артық айтқан болмаймыз. Орта және соңғы орта ғасырдың

кезінде қазақ жеріндегі малдың бүкіл дүние жүзіне паш болудың өзі халқының жер жағдайының қыры мен сырын жақсы меңгере білуінде. Қазақ халқы көшпелі болды деушілер оның қандай көшпелі болғандығына терең толғанып түсінгісі келмейді. Ол тек малды орынды бағудың көшіп-қонудың тәсілі екендігіне көңіл бөлмейді. Жайылымның өзі кезінде жетіліп, өз кезінде оған мал бағылып желінбесе жердің құны кететіндігіне көп адамдар мән бермейді. Қазақ халқында «бақпаса мал кетеді, қарамаса қатын кетеді» деген мәтелдің бекер айтылмағандығын, оның тамыры тереңде жатқандығын білген жөн. Сондай малды бағып-қағудың нәтижесінде қазақтың малы оның даңқын шығарып отыр. Қазақ халқының мал санының біртіндеп құлдырауы ол, тек патша өкіметімен қатынас жүре бастаған кезден азая бастағандығын мойындаған жөн. Оған басты себеп, біріншіден мал жайылымының көшу бағыттарының мәжбүр түрде өзгеріске ұшырауы, екіншіден, ең қажетті шұрайлы жерлердің және қыстаулы жерлер ғасырлар бойы ел қыстап жартылай отырықшы болып үйренген жерлердің тартып алынуы, мал басының да жан басының да кемуіне әкеліп соққан. Біз жоғарыда атап өткен К. Пален бастаған комиссияның есебі бойынша бір ғана Жетісу аймағында 30 мың адам мекендеген 5100 отырықшылық елді мекендер қиратылып оның иелері баспанасыз қалып, шөл дала, тау-тасқа жасырынып пана іздеуге душар болған (Отчет по ревизии Турксетанского края..., 1910, 57 б.). Мұны қандай жыртықтықтың іс-әрекетіне жатқызуға болады. Бұдан өткен геноцидтің болуы мүмкін бе? Бұл әрекеттен кейін қалай мал өссін, қалай жан өссін бәрі кері кетпеді ме? Міне сондықтан да қазақ жерінде «таза көшпенділік» басталмады ма? Олай болса патша өкіметінің қазақ жеріне кіре бастауынан көшпелі өмір басталды десек қателеспейміз. Әсіресе, Жетісу аймағында көшу бағыттарының бұзылуы, ру-тайпалардың басқа жаққа аууы XIX ғ. екінші жартысынан күшейген. Деректерде Жетісу жеріндегі казак-орыстардың жергілікті халыққа жасаған зорлық-зомбылықтарында шек болмаған. Оны Ш. Уәлихановтың жазған еңбектерінен айқын көруге болады. Ол, Жетісу жерінен өткен кезінде оның жанындағы казак-орыстардан қазақтардың қашып таулы жерлерге тығылғандарын, ал тығылып үлгермеген қыз-келіншектер жыртқыш киімдерін киіп, беттеріне күйе жағып, түрлерін өзгертіп, біздің берген заттарымызды алудан бас тартып бізге көрінбеуге әрекет жасады дейді (Валиханов, 1961, т. 1., 287 б.). Бұл бізге дейін қазақ байқұстардың казак-орыстардан көрген қорлықтарының салдары еді деп жазады.





Иә, қазақ халқы патша өкіметінің отарлаушыларынан зомагерліктің қандай түрлерін көрмеді. Сол себептен де жеріміздегі тіршілік көзі болған жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мал өсіру мүлде кері кетіп, экономикалық дамудың толқыны мүлде бұзылған еді. Көрнекті философ И.Г.Гердер өзінің «Адам баласы пәлсопиясы тарихының идеялары» атты еңбегінде мына бір пікірді жазады: «Халықтардың өз жерінің туған топырағымен біте қалыптасуы, бір-біріне деген адалдығы соншалықты оларды бір-бірінен айыру мүмкін емес. Олардың бар жаратылысы, өмір-ғұмыры, қуаныш-тіршілігі, жас кезінен қалыптасқан дүниеге деген көзқарасы жергілікті өз жерінің тарихи табиғи жағдайымен біте қайнап бірге өседі. Сіз сол жерден оларды айырып көріңізші, онда сіз олардан бәрін айырған болып табыласыз» (Гердер, 1977, 175 б.). Патша өкіметі қазақ халқына дәл осылай істемеді ме. Осындай жағдайдың боларын XIX ғ. өзінде өмір сүрген атақты халық жырауы Мұрат Мөңкеұлы біліп былай деп жырлаған болатын:

«Еділдің бойын алғаны,
Етекке қол салғаны.
Жайықтың бойын алғаны,
Жағағақолдысалғаны
Ойылдыңбойыналғаны
Ойындағысыболғаны» (Дәуітов, 1992).

Ойылтұрмақ Жетісу жеріне дейін жетіп, жеті басты айдаһардай жылжып жолындағы қарсы болғанның бәрін жалмап, патша өкіметі бүкіл қазақ жерін өз сығымына алмады ма? Керек десеңіз сол кезде келіп орналасқан казак-орыстардың тұқымдары бүгінгі күннің өзінде қоқан-лоққы көрсетіп жүрген жоқпа? Бұл жағдай біздің жерімізге келіп жабысқан жазылмас дерт. Одан жазылу оңай емес. Жазылу үшін бірақ жол бар ол, бүкіл халықтың білімін ғана көтеріп қоймай ілімділігін көтеру керек. Сонда ғана жеріміз бұл дерттен айығады. Ғұлама ғалым Ш.Уәлиханов халықтың бақытты болуы үшін білімін көтеру қажеттігін осыдан 150 ж. бұрын айтпадыма (Уәлиханов, 1985, 131 б.). Отаршылықтың ауыр зардабында отырған халыққа ол білім алу мүмкін болды ма?

Міне осындай қиын жағдайлардың салдарынан қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан жартылай көшпелі, жартылай отырықшы мал өсіру жолындағы шөбі шүйгін, суы мөлдір, жәйлі қыстауынан айрылып қалған еді. Сол дәуірден бізге жеткені құлап жатқан елді-мекендердің орындары ғана.

Егін шаруашылығы

Жерімізде жер шаруашылығының болғандығы ежелгі дәуірлерден белгілі. Оған басты дәлел жерімізде жүргізілген археологиялық зерттеу-

лер кезінде табылған жер шаруашылығымен айналысқан құрал-жабдықтардың табылуы және әртүрлі дақылдарының кездесуі. Олар туралы әр дәуірдің мамандары көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіп, олар туралы өздерінің еңбектерінде жариялаған. Сол сияқты жерімізде болған әр кездегі саяхатшылар мен елші ғалымдар да өз еңбектерінде қазақ жеріндегі жершаруашылығы туралы азды-көпті хабарлар қалдырған. Біз оларға сілтеме бермей отырған себебіміз олар туралы К.М.Байпақов пен Н.Э.Масановтар, XIX ғ. мен XX ғ. басындағы қазақтардың шаруашылығы атты кітапта халқымыздың көне дәуірден бастап XX ғ. басына дейінгі жер шаруашылығына тоқталып ғылыми очерк жазған (Байпақов, Масанов, 1980, 137–166 бб.). Міне сонда олар археологтардың да еңбектеріне және жазба деректерге де кеңінен тоқталып өткен. Сондықтан да оларды біздің қайталап жатқанымыз артық деп есептедік. Олардың еңбектерінде жеріміздегі жер шаруашылығының қай кезден қалай басталғандығы және оның қандай дәрежеде дамығандығы бір сыдырғы жақсы жазылған. Алайда біз қарастырып отырған аймақ туралы ондағы жер өңдеу туралы нақты материалдар және XVI-XIX ғғ. қазақтардың тіршілігі туралы жазылмаған. Екіншіден, қазақ қыстаулары туралы олардың жанындағы егін егу туралы нақты дәлелдер жоқ. Мүмкін солай болуы дұрыс та шығар. Өйткені олар бүкіл Қазақстан жері бойынша жазған соң жеке аймақтарға тоқталу мүмкіндік болмаған. Сонымен қатар, халқымыздың жер шаруашылығы туралы соңғы кезде жаңа шыққан, «Қазақтар» туралы кітапта XIX-XX ғғ. басындағы жер шаруашылығы туралы жазылған (Биржанов, 1995, 33–44 бб.). Бұл еңбекте де Жетісу аймағындағы жер өңдеу туралы мардымды ешнәрсе айтылмаған.

Сондықтан да біз өзіміздің зерттеген қыстауларымыздың жанындағы егістік жерлер және оларға тартылған арық-тоғандар, бастау суын жинайтын тоспалар, егін егуге қажетті қолданған құрал-саймандар туралы жалпы археологиялық деректерді келтіре отырып Жетісу аймағындағы жер шаруашылығын жазуды жөн көрдік.

Қыстаулардың жанында кездесетін арық-тоғандардың ұзындығымен тереңдік-кеңдіктері былай алып қарағанда шамалы. Бірақ та егін егуге қолайлы жер болса, сол жерге қандай қиын жерден болса да су шығарып, егін егілгендігін байқау қиын емес. Кеген ауданы Сартау жерінде сайдың табынынан үш айналым жоталы жерді айналдыра 50-60м. биіктікке су шығарылған. Сартау қыстағының тұрғыны 71 жастағы М. Байқожаев қариямен болған әңгімесінде, осы қыстақта туып-өсіп, осында өзінің жас кезінен әкесімен арпа-бидай еккендерін ай-

тады. Ал, сай табанынан тартылған тоған туралы сұрағанда оның қашан салынғандығы туралы ешнәрсе білмейді. Оны білмеуініңөзі ол тоғанның ертеде салынғандығын көрсетеді деп ойлаймыз.

Жетісу аймағындағы тұрғындардың жер өңдеу кәсібімен ерте дәуірлерден-ақ айналысып келе жатқандарын археологтардың дәлелдегенін біз жоғарыда зерттеушілеріміздің жазғандары туралы келтірген едік. Ал, орта ғасырдың орта кезіндегі жазба деректердің зерттеуші маманы, екіншіден Жетісу жерінің тарихын зерттеуші К.А.Пищулиның пікіріне қарағанда бұл аймақта көшпелі және жартылай көшпелі ру-тайпалар өздерінің қыстауларының жанында егін салумен де шұғылданған десе, олардың мұндайкәсіппен айналысуы ертеден-ақ жалғасып келе жатқандығын жазады (Пищулина, 1977, 146 б.).

Бұдан шығатын қорытынды, қазақ халқының құрамына кірген сол ру-тайпалар өздерінің кәсібін жоғалтпай халық болып қалыптасқаннан кейін де оны одан ары жалғастырды. Қыстаулардағы тұрақ жайлардың жұртына қарағанда жартылай отырықшы мал шаруашылығы жер өңдеумен бірге дамыған. Археологиялық зерттеулерге қарағанда Жетісу аймағында X–XIII ғғ. қалалық мәдениеттің дамығандығы белгілі (Бернштам, 1941; Сенигова, 1972; Байпаков, 1986; Савельева, 1994.). Ал Қыпшақтардың атақты «Кодекс куманикусіндегі» жер өңдеумен айналысқанды білдіретін кәсіби терминдерді білдіретін «арпа», «бұғдай», «ашлық» деген т.б. сөздердің қазақ халқының астық туралы атауларымен бірдей екендігін көрсетсе, астық сақтайтын қойманың «амбар» аталуы Жетісу және Оңтүстік Қазақстандағы қазақтардың солай айтатындығы белгілі (Құрышжанов, Жұбанов, Белботаев, 1978, 44–55 бб.). Сол сияқты XIV ғ. ғашықтар жырының бірі Құтбтың «Хусрау уа Шырын» поэмасындағы «арық», «агін» (егін), «бахчи» (бағбан), «даһкан» (диқан), «харман» (қырман), «чықыр» (шығыр) (Ибатов, 1974) т.б. жер өңдеумен шұғылданғанды білдіретін сөздердің соңғы орта ғасырдағы қазақ сөздерімен айтылуы мен мағынасы жағынан бірдей екендігі белгілі болып отыр (Айғабылов, 1976). Бұдан шығатын қорытынды, Жетісу жеріндегі өмір сүрген тайпалардың жер шаруашылығымен шұғылданғандығы тек археологиялық жағынан дәлелденіп қоймай ол жазба деректердегі тіл жағынан да дәлелденетіндігі жеріміздегі жер өңдеудің жалғасып келе жатқан жанды тіршіліктің көзі екендігін және дәлелдей түседі. Оған және бір дәлел, К.А.Пищулина оңтүстік-шығыс Қазақстан жерінде қыстаулардың маңында жер өңдеуді білдіретін егістік орындардың болғандығын айта келіп «таза көшпенділіктің» болмағандығын тарихшыларымыздың дәлелдегенін, әсіресе

бұл аймақта (Жетісу) ерте дәуірлерден-ақ жер шаруашылығымен тұрғындардың айналысып келе жатқандығын жазады (Пищулина, 1977).

Соңғы кезде, XVI–XVIII ғғ. халқымыздың жер өңдеумен айналысқандарын білдіретін олардың сол кезден бері ел аузында сақталып келе жатқан ауыз әдебиетіндегі материалдардан да анық байқауға болады. Мәселен, «Еңбек етпесең елге өкпелеме» (Асыл сөз, 63 б.) деген мәтелде халықтың еңбек етсе жердің нәр беретінін білдіріп тұр. «Егінді дөңге сал, дөңге салсаң көңге сал», «Диқан болсаң сүдігіріңді (зьябь) сайла», «Дән тоңға тимей, аузың нанға тимес» мақалдар халықтың егін салудағы тәжірибесін көрсетіп тұрғандай. Егер, қазақ халқы егін салуда тәжірибесі болмаса, егінге тыңайтқыш есебінде көңнің (қидың) қажет екендігін қайдан білер еді, немесе алдын ала «сүдігірін» дайындамаса, күзде салынған дән бір тоңға тимей, ұрынбай өнімі жақсы болатынын қайдан білген болар еді. «Диқан болсаң өгізің болсын», «Пейілінді кеңге сал, қырманыңды дөңге сал» деген мақалдан егін салу үшін оған басты көлік көзі күшті өгіз екендігін байқатады. Бұдан біздің және бір байқайтынымыз қазақтар сиыр малына көңіл бөлмеген деген пікірдің және дұрыс еместігін мәтелдің өзі дәлелдеп тұрғандай. Ал қырман туралы мәтелде егіншілердің пейілдерінің кең болуын көрсетіп тұр. «Тозған елді тоған құрайды» (Адамбаев, 1976, 17–30 бб.), деген мақалдың мәні тіптен де тереңде жатыр. Жер кәсібімен айналысқан адамдардың көп жағдайда ынтымақты болатындығын көрсетеді. Сонда ғана олардың жұмыстарының жемісті болатындығы белгілі. Дәл осындай пікірді халқымыздың атақты ұлы биі Төле де халқын уағыздап былай деген:

«Қалалық жолға кірсекші,
Жер емшегін емсекші,
Орнықты болмай болмайды».

.....
«Арпа-бидай ас» деген,
«Алтын-күміс тас» деген.
Үш жүз боп енші бөлгенде,
Бабама тиген Жырағаш
Отырысты ел болсақ,

Тойынар еді қарны аш» (Төле би, 1991, 50 б.).

Бұл шумақтардан байқалатыны қалалы отырықты ел болуды армандап аш болсаң алтын-күмістен еш пайда жоғын, егін ексең қарны аштардың тойынатынын айтады. Ал, және бір байқалатыны қазақтың жер жағдайына байланысты жүзге бөлінгенде ұлы жүздің жер шаруашылығымен айналысуы үшін бабасынан мұра болып қалып отырған «Жырағашты» (Жер айдайтын тісағаш) айтып, оны енді еңбекке қосуды үгіттейді. Дана би халқын отырықшы ел болмай,





болмайтынын біліп, отырысқа, еңбекке шақырса, керек болса өзінің арық-тоған қазудың басында болатындығын айтып былай дейді:

«Шығарсам арық қазып Сырдан бойлап,
Ел болсақ отырысты болар еді-ау,
Қыстасақ Алатауды жазда жайлап,
Бір жағымыз қалалы диқан болсақ,
Көшпелі бір жағымыз бие байлап,
Елдерден қатар жатқан үлгі алайық,
Болашақ келер ұрпақ қамын ойлап»(Дәуітов, 1991, 13 б.).

Би екі шаруашылықты қатар жүргізіп, бір жағындағы елдің қалалы болуын аңсайды. Келешек ұрпақтың қамын да ойлап қамығады. Бүгінгі таңда Төле бидің сол арманын орындайтын күн туып отыр. Жері халқының өз еншісіне тиген сияқты. Сол кездегі халқымыздың қыстауы болған жерлер бүгінде қаңырап бос жатыр. Ол жерлерде тек бұзылған қыстаулардағы үй-жай, қоралардың жұрты ғана келешек иелерін күтіп жатқандай. Дәл қазіргі кезде, Төле бидің аңсаған екі шаруашылықты қатар жүргізіп, бір жағы қалалы отырысты ел болатын күн туып отыр. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі құрылыс материалының қымбатшылығы, көне қыстауларды қайта тұрғызса, оған онша материалдың керегі шамалы, тек қуалаған тастарын қайта тұрғызса, бұрынғыға қарағанда құрылыс мәнін дұрыс жүргізе білетін мамандар біраз араласса қайтадан жылы қыстаулар пайда болып, мал басының көбеюіне мүмкіндік туып шаруашылық жандана бастар еді. Сондықтан да ата-бабамыздың ескі тұрақ жайына бет бұратын мезгіл туып тұрған сияқты. Ал қалалық өмірді енді құлдырату мүмкін емес. Бірақ оғанда этникалық нәр берілсе Төле биіміздің арманы орындалған болар еді.

Халқымыздың көне қыстауларының жанындағы жер өңдеу кәсібімен айналысқандарын Торыайғыр, Сартау, Бұғыты) тауларының етектеріндегі арық-тоғандардың бұлақ суын жинаған тоспалардың орындарынан толық байқалады. Жетісу аймағындағы жер шаруашылығының болғандығы туралы, біз жоғарыда атап өткен таулардың етегімен Шелек даласының жерінен қырғыздарға қарай бір емес бірнеше рет басып өткен Ш.Ш.Уәлиханов өзінің еңбектерінде көптеген дәлелдерді келтіріп жазады. 1856 ж. Іледен өтіп, Шелек өзенінің бойымен өрлеп, Асы асуынан асып, Ыстық көлге бара жатқан жолында, қазақтардың Шелек өзенінің суын пайдаланып тары, бидай суғарып жатқан қазақтар туралы жазған(Валиханов, 1961, 234–235 бб.). Шоқанның жазуына қарағанда өзеннің аңғары онша құнарлы болмаса да қазақтардың бар жандарын салып еңбектеніп жүргендеріне көңіл бөлген. Міне осы

хабардың өзі халқымыздың егін салуға қандай қиындық болса да оған қарамастан астық егетіндігін көрсетеді. Бұдан байқайтынымыз қазақтар жалқау, егін сияқты күні-түні еңбек етуді қажет ететін кәсіппен айналыспайды деген пікірлердің дұрыс еместігін және дәлелдейтін сияқты. Халқымыздың «Астық баққа шықпайды, бапқа шығады» деген мақалы да бекер айтылмаған. Бұл мақалда қазақ халқының астық айдаудағы тәжірибесінен алынған. Екінші, Солтүстік Шығыс Жетісу жеріндегі археологиялық зерттеулерде Сақ, Үйсін дәуірінен бастап біз жоғарыда атап өткен орта ғасыр дәуіріне дейінгі өмір сүрген тайпалардың да жер өңдеумен шұғылданғандары белгілі. Міне осы ертеден келе жатқан егін кәсібі Шоқан айтып отырған қазақ халқына дейін дамыған түрде болмасада жалғасып келе жатқандығына ешбір күмән болмаса керек. Ол кезде Ш.Уәлиханов үйсіндер туралы археологиялық деректерді білмеді, алайда қытай деректеріне сүйенген ол, бұл аймақта үйсіндердің 700 ж. астам өмір сүрген деп жобалайды (Валиханов, 1961, 324 б.). Мұныңөзі ғалымның ғылыми жағынан көрегендігін байқатады. Міне сол үйсіндер қазақ дәуіріндегі Ұлы жүз үйсіндердің ата тегі. Олай болса Жетісу аймағындағы жартылай отырықшы жер шаруашылығы сол үйсіндерден бері жалғасып келе жатыр (Акишев, 1972, 36–37 бб.).

Ш.Ш. Уәлиханов қырғыз жерінен Түрген, Талғар арқылы қайтқан. Осы жолында Талғар, Есік жеріндегі сақтардың төбе-төбе болып жатқан обаларын және Рүстем деген кісінің атымен аталған бекініс туралы жазған (Валиханов, 1961, 278 б.). Ғалым бекіністің берік салынған екі қақпасының болғандығын және оныңөте мықты салынғандығына назар аударған. Өсіресе Шоқанның жазуы бойынша осы бекіністің айналасы тұнып тұрған бау-бақша, ал одан біраз төмендегенде қазақтардың жайқалған егістігі дейді(Валиханов, 1961, 278–280 бб.).Осы Талғар, Есікті аймағында Дулат, Шапырашты ру-тайпалары ауылдарының көптігін жазады. Алайда, олар осы ауылдарға жақындағанда, қазақтардың тауға қарай қаша бастағандары, екінші бір жерге барып қазақ ауылдарының жанына аялдауға тоқтағандарында ондадақазақтардыңбасқажаққақашабастағандарын, ал қашып үлгермеген қыз-келіншектер жыртық-жамау киімдерін киіп, бет-ауыздарына күйе жағып, түрлерін өзгертіп әбігер болғандарын хабарлайды (Валиханов, 1961, 287 б.). Бұл жағдай, казак-орыстардың ол байқұстарға (қазақтарға) талай көрсеткензорлық-зомбылықтарының нәтижесі ғой. Патша өкіметі өзінің отарлау саясатын жүргізгенде, оны іске асырушылар, шаш ал десе, нағыз бас алатын қан ішерлер болмады ма? Олар жауыздықтың

қандай түрін болса қазақтарға қолданудан қорыққан жоқ.

Шоқанның бау-бақша жайқалып тұрған астық деп хабарлауынан бұл аймақтағы қазақтардың ақ және көк егістіктің түрлерімен де, жеміс-жидек өсірумен де айналысқандарын байқатады. Сол жайқалып тұрған егін, Ш.Уәлиханов болған кезде (XIX ғ. 50 ж.) болса, ол одан бұрын болғандығын біз қалайша жоққа шығарамыз. Ал, одан кейін сол жайқалып тұрған егістік неге жойыла бастады. Оның басты себебі сол Шоқан жазып отырған казак-орыстардың зорлық-зомбылығыныңнәтижесі. Қашып жүрген қазақтар қайтіп отырысты болып жер кәсібімен айналыссын. Сондықтан да көшу бағыттарының бұзылуы, тұрақты қыстаулардан айрылу шаруашылықтың бұзылуына әкеліп соққан. М.Е.Мұқанов неге қазақтар ескі қыстауларды тастап жаңа жерлерге тұрақ жай сала бастады, мұныңсыры неде дейді(Муканов, 1991, 124 б.). Міне, мұныңсыры сол Шоқан жазып отырған кезден басталған.

Бұл жерлерге жүргізілген археологиялық және палеоэтнологиялық жұмыстар қазіргі Талғар қаласының жанында «Талхиз» (Талхир) қаласының болғандығын оның алғашқы орта ғасырдан бері қарай дамыған жер шаруашылығымен айналысқандығы белгілі(Байпаков, 1973, 71–81 бб.), ал Рүстем бекінісініңсалынуы, ол соңғы орта ғасырдағы қазақтардың жер кәсібімен айналысқандарына дәлел болмақ. Сонда көне Талғар мен соңғы Талғар және Рүстем бекінісінің арасында байланыс болмады деп айтуға бола ма? Әрине жоқ. Ш.Ш.Уәлиханов қайтар жолында Іле өзенініңсолтүстік жағында 30 км жердегі Шеңгелді қаласында болып, ол жерден қыштан жасалған сұжүргізетін құбыр тауып алады (Валиханов, 1961, 282 б.). Бұл табыс қазақ жеріндегі отырықшылық өмірдің ертеден-ақ басталғандығына және оның жәй ғана емес мәдени дамығандығына Шоқан ойын тереңге жетелейді. Ғалымның көне ескерткіштерге көңіл бөліп, оның заттарын жинастырып жүруініңөзі, оның археология ғылымымен де айналысқандығын көрсетеді. Ендеше біз Шоқанды халқымыздың тұңғыш археологы деп айтуға құқымыз бар.

Сонымен ғалым өзінің көргендерімен қытай жазба деректеріне сүйене отырып, Жетісу жеріндегі жер шаруашылығыныңсонау Үйсін дәуірінен басталып, соңғы орта ғасырда кең түрде етек жая бастады дейді (Валиханов, 1961, 399 б.).

ҒалымБасқан өзенімен қайтқан жолында пісіп оруға дайын болып тұрған егістікті көрген. Бұл кез тамыз айының аяғы қазақтардың таудан түсіп астық жинайтын кезі. Олар ауыл-ауылдарымен жайлаудан түсіп егіндерін орып Іле бойындағы қыстауларына

көшуге дайындық жасап көріп жатқандығын жаза келіп, түні бойы өз егіндіктеріне қарай көшкендердің у-шуы маза бермегендігін жазады (Валиханов, 1961, 287 б.).

Ал жазба деректерде егін егудің дәл осындай түрінің ертедегі қыпшақтарда да болғандығын «после весенних полевых работ на месте посева возвращаются для жатвы когда хлеб созреют»деп хабарлайды (Федоров-Давыдов, 1966, 199 б.). Бұл дәлелдіңөзі халқымыздыңмалшаруашылығыменқатарегіншілікті қатар жүргізгендерін бұрыннан-ақ жалғасып келе жатқандығын байқатса керек. Сондықтан да Жетісу аймағындағы шаруашылықтың мұндай түрін жартылай отырықшы мал шаруашылығы деп атаймыз. Ал мұндай шаруашылықпен айналысқандардың белгілі жайлауы, тұрақты қыстауы болатындығыертеден-ақ белгілі(Курылев, 1980). Шоқанның жазып отырған, егін салудың түрі көп жағдайда қыстаудың жанына, не егіндік жердің қолайлылығына қарай, олар егінді жайлауға көшер алдында салатын болған. Оны біз зерттеген қыстауларымыздың жанында кездесетін егістік жерлерден толық байқаған едік. Мәселен, 1981–1983 жж. Шолақжиде, Малайсары, Хантау жерлеріндегі жұмыс кезінде қыстаулар жанында егістік жерлерге тартылған арық-тоғандар мен бастау суын жинайтын тоспалар мен көлдердің орындарының табылуы.

Жазда жайлауға көшер алдында қыстауларының жанына егін салып кету, оны мезгіл еткен сайын келіп, суғарып не кезекпен оны күзету сияқты жұмыстар өте ерте кездерден бастап күні бүгінге дейін сол баяғы бәз қалпында сақталып келе жатқан егін егудің тәсілі десек қателеспейміз. Талдықорған облысы Кербұлақ ауданына қарасты Қарашоқы совхозының Шолақжиде сайының ішіндегі көне қыстаулардың орындарын зерттегенімізде, совхоздың қойшысы Әділ Құрманбаев (55 жаста) өзінің қыстауының жанынан картоп айдағанын көрдік. Ал, өзі жайлауға көшкелі жатыр екен. Онымен әңгімелескенімізде өзінің ата-бабаларының осы арада бұрыннан өмір кешкендерін өзінің де бұл жерден ешқайда енді кете қоймайтындығын айтады. Әңгімесіне қарағанда картоп айдаған жерге бұрын жас кезінде әкесімен бірге тары, бидай егетін болған. Оны жайлауға барып жайғасқан соң қайта келіп арық-тоғандарын жөндеп суғарып қайтамыз дейді. Өзінің жас кезінде қанша рет келіп егін суғарғандарын есіне түсірді. Бидайды Ш.Ш.Уәлихановтың жазғанындай шілденің аяғында не тамыздың басында оратын болған. Шолақжиде сайының ішіне зерттеу жұмысы жүргізген кезімізде басынан аяғына дейін 15–20 км жердің аралығында он жерден егін салып арық-тоған тартылғандығы табылды.





Іле өзенінің орталық аймағымен Балқаш көлінің аралығындағы қазақтардың егін шаруашылығымен шұғылданғандарын көрсететіндей ел аузында мынандай аңыз сақталған:

«Келіп едің Ақбұйым,
Су аяғы теңізден.

Балық аулап жүруші ең,

Қара шолақ өгізбен» (Автордың жинаған өз материалдарынан).

Қариялардың айтуы бойынша Ақбұйым, Жалайыр тайпасының бір бұтағы. Осы рудың биі Құлжабай мен қаңлы тайпасының бір руының биі Бадырақ екеуінің Майтөбе деген жердегі егін салуға қолайлы жерге таласып қалғандағы айтылған шумақ екен. Бадырақ бидің елі Майтөбеге бұрын барып қоныстап егіндерін егіп алса керек. Мұны білген Құлжабай келіп Бадырақты қарғыстай бастайды. Сонда тұрып Бадырақ би, қарғасаң қарғай бер, мен өзім де өлер жасымда отырмын, өзім өлсемде ұрпақтарымың нанға тойып отырғанын көріп өлсем арманым жоқ деп жоғарыдағы шумақты Бадырақ би Құлжабай биге айтса керек. Шумақтың мағанасына қарағанда Жалайырлар Балқаш көлі жағында өмір сүріп балық аулауменде айналысқан тәрізді. Ал аңыздың өзі жақсы егістік жері үшін қашанда талас болғандығын көрсетеді.

Ш.Уәлихановтың жазуына қарағанда Тезек төренің ағасы Көшен Күреңбелде егін салуменде айналысқан. Оның атымен аталатын атақты Көшен тоған сақталған (Марков, 1982, 63 б.). Бұл хабардың бір қызық жері, жер айдаумен тек кедейлер ғана айналысып қоймай, үстем тап өкілдерінің де шұғылданғандығын көрсететін сияқты. Ғалым Балқашқа Іленің құяр сағасының егін егуге өте қолайлы жер екендігін, онда Сары үйсіндердің тұратындығын, олардың егіншілікпен басым айналысатындығын жазады. Ол туралы Шоқан география қоғамының алдында арнайы есеп берген сияқты (Валиханов, 1961, 399 б.). Алайда ол материалдар табылмаған.

Сонымен бірге, ғалым өзінің «Алатау өлкесінің жағрафиялық очеркі» атты еңбегінде қазақтардың егістікті суғарудың «қамау» деген тәсілді қолданатындарын келтірген (Валиханов, 1961, Т. 3., 9–10 бб.). Ол тәсіл Іленің Балқашқа құяр сағасында судың тарамдалған кезінде оған тоспалар жасап суды қамалап ұстап, тоспаларға толтырып одан арық арқылы егістіктерін суғарған. Сондықтан да дейді, ғалым бұл жердегі қазақтардың егіндерінің өнімділігі өте жоғары. Шындығында бұл аймақта суармалы жер өңдеу орта ғасырдан бері қарай белгілі. Археологиялық зерттеулер кезінде көптеген қалалар мен елді-мекендердің орындары

және олардың аймағында арық-тоғандардың орындары табылған (Акишев, Байпаков, 1969, 81–96 бб.). Археолог ғалымдарымыздың пікірлеріне қарағанда соңғы орта ғасырға жататын яғни, қазақтар қазып шығарған «Жаранды» деген үлкен канал қазылған. Канал екі саладан тұрған, оның біріншісі шығыс жағындағы Ортасу өзенінен, ал екіншісі батыс жағындағы Меңгелші өзенінен тартылып, олар 5-6 шақырым кейін бір-бірімен қосылып үлкен оман болып, Балқаштың солтүстік-батыс жағына дейін 35–40 шақырымға созылған. Сол кездің өзінде мұндай канал салудың өзі қазақтардың жер өңдеумен айналысқандарын және дәлелдей түсетін тәрізді. Алайда археологтардың зерттеуі бойынша Оман аймағында елді мекендердің орны байқалмайды. Мүмкін қазақтар бірігіп канал шығарып егін егіп тұрақ жай салмай киіз үймен ғана отырып, астықты алып болған соң қыстауларына, не жайлауларына көшіп отырған болар. Егер бұлай болмаса, сондай үлкен тоғанды кім салуы мүмкін. Жоғарыда, Шоқан айтқан Басқан өзенінің бойына түнегенде, түнімен өздерінің Іле-Балқаш бойындағы егістіктеріне қарай көшкен қазақтардың маза бермеді дегені, мүмкін сол «Жаранды» каналына қарай өздерінің егістік жеріне көшкен қазақтар шығар. Каналдың «Жаранды» аталуының өзі де халқымызға бір жақын жерін сездіріп тұрғандай. Осындай алып құрылыс салынып оның не басында, не аяғында ешбір елді мекеннің болмағандығын басқаша қалай түсіндіруге болар. Мүмкін «Жаранды» Оманы жоңғарлар шапқыншылығының алдында қазылып, шапқыншылықтың салдарынан оны пайдалануға мүмкіндік болмай мүлде іске де қосылмай қалып қойған деп ойлауға болады. Бұл аймақтан жоңғарлардың бір емес бірнеше рет шабуыл жасағандары белгілі. Алайда бұл ой Шоқан айтып отырған мерзімнен бұрын болған. Қалай да болмасын халықтың табан ақы маңдай терімен жасалған «Жаранды» оманы XVIII ғ. Жоңғарлардың әсерінен бе, жоқ әлде патша өкіметінің әсерінен бе, халықтың игілікті қажетін өтей алмаған.

Бақанас, Малайсары жерлеріне жүргізілген палеоэтнологиялық жұмыс кезінде жергілікті қариялармен болған әңгіме кезінде Іледен олардың ата-бабаларының егіндіктеріне қарай тартқан арық-тоғандарының да іздерін кердік. Қариялардың айтуы бойынша қазіргі кездегі Іледен тартылған тоғандардың көбі сол бұрынғы ескі арық-тоғандардың ізімен тартылған. Мәселен, Алматы обл., Бақанас ауданының «Бақбақты» күріш совхозы «Тасмұрын каналы» суымен пайдаланады. Ал біздің хабар беруші 71 жастағы Шүйіншәлиев Қайыптың айтуына қарағанда «Тасмұрын тоғаны» бұрынғы «Қашқан тоған» деген ескі оманның үстіне салынған. Кейбір

деректерге қарағанда ол «Мырзақанның тоғаны» деп аталса керек. Қайып қарияның айтуына қарағанда, әкелеріміз айтып отыратын «Қашқан тоғанға» шамасы 250-300 ж. болды десе, «Мырзақан тоғанына» 100-150 ж. болды дейді. Мұндай деректерді Бақанас ауданының көнекөз қарияларының әрқайсысы айта алады. Оның басты себебі олардың бәрі ол тоғандардың суын пайдаланып егін екендер. Бұдан шығатын қорытынды Іле аңғарында жер өңдеумен айналысудың өзі ғасырлар бойы жалғасып келе жатқандығы. Сондықтан да Ш.Уәлиханов Іле бойындағы жер өңдеу мәселесіне ерекше көңіл бөліп оған мән берген. Шоқан материалдарын өз кезінде пайдаланған орыс ғалымы П.А.Кельбергте Іле аңғарындағы суармалы жер шаруашылығы туралы жазған (Кельберг, 1861, 183 б.).

Ш.Уәлиханов Алатау бөктерін суреттеп жазғанда таудан ағып жатқан өзендердің қазақтардың жер шаруашылығына қаншалықты пайда келтіріп жатқандығына жазады. Таудың етегінде шамамен оншақты шақырым жерде жазықта «киргиз-кайсақтар» (қазақтар) тары, бидай айдап тастаған дейді. Шоқанның Алатаудың бөктеріндегі егістік жерлер дегенін, Қордай асуынан бастап, Қытай шекарасына дейін кіріп жатқан Алатау бөктерлеріндегі Албан, Дулат, Қаңлы т.б ру-тайпалардың жер шаруашылығымен айналысқандарын айтуға болады. Шоқан Алатау аңғарындағы жер кәсібінің өнімі, Қапал жеріндегі егін өніміне қарағанда жоғары екендігіне де көңіл бөлген (Валиханов, 1961, Т. 3., 13 б.). Бұл хабардың өзі Ш.Уәлихановтың Жетісу жеріндегі жер кәсібі туралы айтқанда жәй ғана хабар беріп қоймай, жер жағдайына байланысты астықтың өнімінің қалай шығатынына мән беруінің өзі, ғалымның өзіне берген патша өкіметінің тапсырмасының ауырлығына қарамай, халқының шаруашылығының барлық жағын қамтып жазуы нағыз ғылыми зерттеулер екендігіне дәлел болмақ.

Сол Шоқан жазып отырған Алатау бөктеріндегі ертедегі егістіктің орны болған Талғар ауд. «Калинин» колхозының IV бөлімшесі «Қызылту» қыстағында жұмыс жүргіздік. (Қызылту қыстағы бұрын Әлмеректің қыстағы аталған). Бұл бөлімше 30 ж. құрылса керек, алғашқы колхоздардың бірі болған. Ол туралы колхоздың алғашқы мүшелерінің бірі болған Нұрлыбай Тұрлыбековтен білдік. (83 жаста Дулат руының ішінде Әлім-Жаныс).

Қария Қазан төңкерісіне дейін осы Талғар бөктерінде, ата-бабаларының егін егіп мал өсіріп тіршілік жасағандарын айтады. Оның айтуы бойынша Қызылту бөлімшесінің тау жағында Әлмеректің арығы деген арықтың болғандығын, сол арықпен бүгінде су жүргізіп ұжымшардың астығына нәр

беріп отырғандығын әңгімелейді. Орыс деректеріне қарағанда қыстау немесе қыстақтар маңындағы адам атымен аталып жүрген арықтардың сол адамның үрім-бұтағының немесе, арықты шығаруға қатынасқан адамдардың ұрпақтарының пайдалануына құқы болған (Мот., Т. 4., 1913). Әлмеректің арығы сондай арықтардың бірі.

Әлмерек, XIX ғ. алғашқы кезінде өмір сүрген. Ал оның баласы Жантөре ағайындар арасындағы жер мәселесіне байланысты келіспеушіліктің әсерінен XIX ғ. аяғында Әулиеата уезінің Мерке қыстағына көшіп кетсе керек. Ол онда барған соңда әкесінің жолын қуып жер айдап, егін салумен айналысып арық-тоған қазса керек. Сондықтан да оның атыменде аталатын «Жантөренің арығы» деген арық бар сияқты. Нұрлыбай қарияның айтуы бойынша Дулат тайпасының ішінде Жаныстар егін егумен басым айналысқан тәрізді. Біз мұндай деректі Ш.Уәлихановтың еңбектерінен де кездестіреміз. Ол туралы төменде тоқталамыз.

Шоқан еңбектерінде Жетісу қазақтарының егін айдауы туралы Г.Н.Потанинменде бірге мақала жазуға әрекет жасаған (Валиханов, 1961, Т. 3., 22 б.).

Сол мақаласында Шоқан қазақтардың егін айдауға қолайлы жер болса, оған қандай қиын жерден болса да су шығаруды керек деп тапса, ешбір қиындыққа қарамай арық-тоған қазып шығаратындықтарын жазады. Ғалымның ойын өз көзімен көріп қандай шеберлікпен жазғандығын оқып көрелік. «С первого раза трудно поверить иногда не удостоверюсь лично, на какую высоту выводятся арыки просеченные по уступам больших увалов, сопки и возвышенностей. Сметливая на этот раз рука киргиз-кайсака очень хорошо проведут арык из речки, текущей в чрезвычайно глубоком рву и трудно поверить, когда даже убедишься, что на одной вересте вода своим принужденным и свободным течением выведена вверх сажней на тридцать. Вывести ее из рва, какой бы он глубины ни был, для кайсака ничего не значит» (Валиханов, 1961, Т. 3., 23 б.). Бұл хабардан қазақтардың егін салуға келгенде еңбекқорлығын байқатса, екіншіден ешбір ғылым-білімсіз-ақ кеңістіктің түзу-қисықтығын көрсететін ешқандай аппараттың көмегінсіз-ақ, су технигі сияқты білімсіз-ақ тереңсайдан қырқағасу шығаруға келгенде қазақ халқындай тума қабілеттің кез-келген халықта бола бермейтініне ешбір күмән келтіруге болмас. Оны біз Бартоғай және Сартау жеріне жүргізілген палеоэтнографиялық экспедиция кезіндегі жинаған материалдардан жақсы білеміз. Қазіргі салынған үлкен Алматы оманының, Бартоғай су қоймасының іші Сақ, Үйсін, Түркі тайпаларының кезінен шаруаға жәйлі жер болған. Тіпті, бұл арада жер кәсібімен ай-





налысу солардың алғашқысы сақтардан белгілі болды десек артық айтқан болмаймыз. Өйткені олардың зираттары мен обалары Бартоғайдың ішінде және оның солтүстік-шығыс жағында Торыайғыр тауының етегімен, Оңтүстік жағындағы Сартау сайларының ішінде жүздеп кездеседі. Ал, ол жерлерде дәл сол бұрынғы обалардың жанында бүгінгі қазақтардың молалары бірге салынған. Мұныңөзі бұл жердегі өмірдің бірден-екіншіге беріліп жалғасып келе жатқандығының белгісі емес пе деген ой туғызады.

Бартоғай ішінде, Шелек өзенінен екі жерден егістік жерге су шығарылған. Соның бірі Бартоғайдың оңтүстік жағында өзеннен салынған көпірден 200-300 м. жерде арық қазылған. Арық астық айдаған жерге жеткенше 500 м жерде өте қиын жерлерден өтеді. Арықтың жолында бірнеше жерде жартастар кездеседі, кейбір жерлерде ол тасты арық айналып өтсе ал, кейбір жерлерде тасты қашап жарып өткен. Міне, Ш.Уәлиханов айтып отырған арық-тоғандар шамасы дәл осындай қиын жерлерден өткізілген. Ал, екінші көңіл бөлетін жағдай суды қанша тереңдікте жатса да оны жоғары көтеру. Шелек өзенінен шығарылған арық шамамен алғанда 20-30 м биіктікке көтерілген. Суды бұлайша шығару қазақша айтқанда көлбеу шығару. Мұндай арықтар Жетісу аймағында егін салған жерлердің көпшілігінде кездеседі.

Нұрлыбай Тұрлыбековтың еңгімесі бойынша біз жоғарыда жазған едік., Жетісуда дулат тайпасының ішінде жаныстар жер шаруашылығымен басым айналысқандығын. Ол туралы кейбір дәлелдерде келтірілген. Бұл пікірдің негізінің шындығын Ш.Уәлихановтың еңбектеріндегі хабарлар және дәлелдеп отыр. Ғалымның өзінің жазғанына жүгінілсек: «Вообще хлебопашество появилось в Большой Орде со времени «Байқабыла» одного из главнейших родоначальников в роде «джаные» в начале XVII столетия. Он первый начал пахать среди киргиз (қазақ). Род джаныс и по настоящее время признает себя первым по открытию хлебопашества и более других родов занимается этой промышленностью» (Валиханов, 1961, Т. 3., 23 б.).

Бұл екі деректің бірін-бірі қуаттап, шындықтың көзін аша түсуі біздің де зерттеу кезімізде жаныстар өмір сүрген жерлерде олардың қыстауларының маңында жер өңдеумен айналысқан егістіктердің орындары дәлелдей түседі. Керек десеңіз егін еуге Хантау аймағы жарамсыз деп жүрген жеріміздің өзінде олардың егістік жерлері болған (Тарақбайдың қыстауы). Ал, Талғар және Алматы аймағындағы жаныстардың көпшілігі Мерке, Шу аймағына ауып кетуінің өзі олардың егін салуға қолайлы тыныш жер іздеп кеткендері. Өйткені Шоқан жазып отырған кез 1855–1856 жж. дейтін болсақ, бұл мезгіл, ол

аймаққа әлі де болса орысқоныстанушыларының жетіп үлгірмеген кезі. Патша өкіметі бұл кезде «Верный» (адал), яғни патша отарлаушылығына адал қызмет ететін бекінісін (Алматы. Энциклопедиялық анықтама, 1983, 19 б.) салдырып жатқан кез. Ал бекініс біткен уақыттан бастап казак-орыстардың бұл аймаққа көбеюі оның аймағындағы қазақ халқына қырғидай тиісе бастаған. Міне осындай зомагерлікке шыдамаған жаныстар басқа жаққа көше бастайды. Олай болса жаныстардың т.б ру-тайпалардың Алматы-Түрген сияқты ғасырлар бойы отырысты қыстақтары болып келген ата-мекендерінен біржола айрылып бұл жерлерге казак-орыстар ие болған. Соның салдары жүз жылдан астам уақыт өтсе де әзір де байқалады. Біз жоғарыда атап өткен сол казактардың ұрпақтары бүгінгі күні де өздерінің өктемдігін көрсетіп қоқан-лоқы жасағысы келеді.

Міне сол патша өкіметінің қазақ халқына жасаған озбырлығының нәтижесінде Іле Алатауы мен Жоңғар Алатауларының етегіндегі, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі жартылай отырықшы жер шаруашылығының сиқы бұзылып (Галузо, 1963, 121–136 бб.), қазақтар ел боп отырған Қаскелең, Алматы, Талғар, Есік, Түрген, Кемер, Қаратұрық, Шелек сияқты т.б қыстақтарынан шұрайлы жерлерінен біржола айрылып онда казак-орыстар ие болған еді. П.Г. Галузоның пікіріне қарағанда қазақтың жер шаруашылығына қажетті ең жақсы шұрайлы жерлерін патша өкіметі тартып алғанға қарамастан қазақтардың егістік өнімдері жақсы нәтижеге жетіп өсіп-өрлеумен болды дейді (Галузо, 1965, 59 б.). Ал, ол жерлер қандай жерлер еді. Жердің сұлтаны емес пе еді. Қазіргі күннің өзінде сол жақсы жерлердің көбінде сол казак-орыстардың ұрпақтары отырған жоқ па?

Ш.Уәлихановтың еңбектерінен халқымыздың астықтың қандай түрлерін айдағандары туралы да деректерді кездестіреміз. Сонымен қатар, егін салғандары және оны қалай жинастырғандары, астық бастыратын қырмандықалай жасағандары туралы алуан түрлі хабар аласыз (Валиханов, 1961, Т. 3., 24–25 бб.). Қазақтардың тарыны қалай айдайтындықтарын және қалай сақтайтындықтарына дейін жазған. Бұл хабарлардан байқалатыны, ғалымның Жетісу қазақтарының өмір тұрмысымен де жақсы таныс болғандығын көреміз. Шоқан Жетісу жеріндегі қазақтардың көк егістіктері туралы да, жеміс-жидек ағаштары туралы, олардың сапасына және қай жерде қандай түрлерінің өсетіндігіне де көңіл бөлген. Біз мұндай хабарлардан кейін қазақ халқын қалай көшпелі халық деп айта аламыз. Бұл көріністер Шоқан жүрген жол бойындағы көргендері

ғана, ал басқа жерлердегі көрмегендері қанша. Кейбір көне қыстаулардың жанындағы арық-тоғанды қарияларға айтып, олардан жер өңдеудің болғандығы туралы әңгімелескенде ол бұрыннан келе жатқан арық-тоғандар екендігін, ата-бабаларының егістіктің не екендігін оны айдау үшін өздерінің қалай жұмыс істегендерін айтып, солай істеуші едік деп риза болып отырады.

Сондықтан да, жоғарыдағы келтірілген деректерден шығатын қорытынды, қазақтарға жер шаруашылығын үйреткен орыс қоныстанушылары еді деген пікірдің бекер екендігін көреміз. Мұндай көзқарасты орыс зиялыларының өздері де жазған. Ойымыз дәлелді болу үшін XIX ғ. аяғында XX ғ. басында Жетісуда болған қазақтардың суармалы жер шаруашылығын өз көзімен көрген И.Н. Сыпковскийдің жазғанына жүгінілсек: «Некоторые из отечественных патриотов, говоря «о великой просветительной» культурной миссии русского народа по отношению к киргизам (қазақ С.Ж.) доходят до преувеличений. Они говорят например, что знакомством с хлебопашеством киргизы (казахи С.Ж.) всецело обязаны русскому человеку, который будто бы впервые познакомил беспечного номада с возделыванием земли. Нам кажется, что это ошибка и очень грубая ошибка... Следовательно, о том, что русские впервые принесли с собою искусство земледелия, не может быть и речи... Когда мы присоединили своим владениям, то мы нашли уже существовавшее у киргизов (казахов С.Ж.) хлебопашество. В настоящее время многие из киргизских хозяйств поставлены гораздо шире и лучше нежели русские, показатели чего является то обстоятельство, что казаки и некоторые из крестьян берут у киргизов (казахов С.Ж.) взаймы хлеба и семена» (Сыпковский, 1904, 282 б.). Одан ары И.Н. Сыпковский қазақтардың егіндікті суғару үшін үштүрлі суармалы тәсілді қолданғандарын жазады.


Мұндай хабарды бір Сыпковскийден ғана емес, қазақ жерінде болған басқа да орысшенеуініктері мен ғалымдарының еңбектерінен кездестіруге болады.

Сонымен біз зерттеп отырған Жетісу аймағындағы археологиялық, этнологиялық жазба және халық ауыз әдебиетіндегі деректер мен XIX ғ. екінші жартысындағы хабарларды салыстыра келіп байқайтынымыз, қарастырып отырған жеріміздегі жартылай отырықшы егіншіліктің болғандығына ешбір күмән жоқ. Бұл жер өңдеу тек қазақ халқы құрылғаннан кейін пайда болған жоқ, оның құрамына кірген үлкенді-кішілі ру-тайпалардың егін егіп, жер өңдеумен айналысқандардың тікелей жалғасы. Ол жай ғана жалғасы болмай, азды-көпті болса да дамыған ғасырлар жемісі болып табылады.

Бүгінгі таңдағы біздің халқымыздың алдында тұрған басты міндет, сол бұрыннан тіршіліктің көзі болып келе жатқан жартылай көшпелі, жартылай отырықшы екі шаруашылығын жаңа түрде, жаңа мағынада дамыту, оған қоса үшінші өндірісін дамыту. Өндірісті дамытқанда басты көңіл бөлетін мәселе жергілікті жағдайда ұлттық кадрларды қалыптастырып жер жағдайына, ел жағдайына мән беретін ұлттық экономиканың дамуына жаны ашитын кадрларды өсіру өте қажет. Міне осы мәселелер өркендегенде ғана біз өркениетті елдердің дәрежесіне жетеміз. Егер мұндай әрекет жасалмаса тістегеннің аузында, ұстағанның қолында, кез-келген басқа ұлттардың этникалық топтарының жемі болып қала береміз.

